2. Вербалды информация (анкета, тұлғалылық шкалалар, басқалардың бағалауы әдісі).

3. Проективті әдістер (тематикалық апперцепция ТАТ, Роршахтың кара дақтар тесті, Розенцвейгтің суреттік тесті арқылы фрустрацияны зерттеу).

*Сұрақтама әдісі* арқылы алдымен зерттеуші сыңалушының өзінен немесе оның таныстары арқылы агрессиялық жағдайды сұрау арқылы зерттей алады. Сонымен бірге архивтік мәліметтерге сүйене отырып зерттейді. Архивтік мәліметтерге сүйеніп асоциалды мінез-құлықтың бірнеше аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

*Вербалды информация әдісінде* психологтар адамның жауаптарынан керекті информацияны алады. Агрессиялықты зертеу үшін психологтар көптеген сұрақтамаларды өндеп шығарды. Олардың біразы жалпы агрессиялықты зерттеуге ғана арналса, кейбіреулері нақты жағдайдағы агрессиялық мінез-құлықты зерттеу мақсатына қолданылады. Зерттеушілерге зерттеу барысында "тура" сұрақтарды қоймай, жанама сұрақтарды пайдаланған жөн. Себебі кейбір сыңалушылар өзінің агрессиялы іс-әрекеттерге қатысқанын мойындамай қою мүмкін. Сондай-ақ вербалды информациялық зерттеуде анкета әдістемесі көп қолданылады. Анкетада адамның агрессиялылығы немесе басқалардың агрессиялық мінез-құлқымен тікелей қатыстылығын зерттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Әрбір сыңалушы ата-аналары мен өздерінің арасындағы жеткіншектердің өзара қарым-қатынасындағы, ата-аналардың жеткіншектерге қатынасы және ата-аналар мен жеткіншектердің сыңалушыға деген қатынасында байқаған зорлық-зомбылық әрекеттерін жазу арқылы психологтар жеткіншектегі агрессиялық мінез-құлық негізгі салдары - ересектердің жеткіншектің бала кезінде агрессиялық өзара әрекеттестігі қарым-қатынасынан болатындығын анықтаған. Зерттеу жұмысының қорытындысы отбасындағы зорлық-зомбылықты бастан кешіру жеткіншектің болашақтағы агрессиялық мінез-құлыққа бейім болатындығымен аяқталады.

Жоғарыда айтылғандай көптеген анкеталар агрессиялықтың деңгейін өлшеуге бағытталған. Бұл сұрақтамалар түрлілігіне және мазмұнына байланысты *тұлғалық тесттерді* құрайды. Бұл агрессия мен жауыздықты көп қолданылуының өлшемін анықтау – Басса Даркидің жауыздық тесті арқылы жүргізіледі. Бұл өлшеу шкаласы клиникалық зерттеулер мақсатында (экспертизада қылмысқырлер типін анықтау) қолданылады. Басс агрессияны басқаға залал келтіруге бейім стимулдар мазмұны ретінде анықтайды. Ол агрессия мен жауыздықтың тура немесе жанама және белсенді немесе енжар түрлерін жіктеді. Сондай-ақ Басса - Даркидің жауыздық тесті жауыздықтың екі түрін (наразылықты және күдікті) агрессияның бес түрін (шабуылды, жанамалы, қозушы агрессия, негавитизм және вербалды агрессия) ажырата білді [14].

Вербалды информацияның келесі бір түрі – *басқалардың бағалауы* әдісін көбіне балардың агрессиясын зерттеуде көп қолданылады. Мәселен, бұл әдісте сыңалушының мінез-құлқын жақсы білетін адамдар (ата-аналары, достары, сыныптастары, сибстері) бағалау арқылы жүргізіледі. Сыңалушының өзінен гөрі жеткіншектің айналасындағылар объективті баға бере алумен ерекшеленеді. Себебі, сыңалушы мен бағалаушының өзара қатынасы бағалауға әсер етеді.

*Проективті әдістің* көп қолданылатын екі түрі бар: 1) тематикалық апперцепция тесті (ТАТ), 2) Роршахтың бес кара дақты тесті - клиникалық контекстінде мінез-құлық түрі мен мотивін зерттеу мақсатында қолданылады. ТАТ әдісі картиналар сериясынан тұрады, сыңалушы картинада болып жатқан жағдайды суреттеуі керек. Ал Роршах тесті бойынша зерттеуші сыңалушыға кара дақты карточкалар сериясын беріп неге ұқсайтынын және еске түсіретінін айтуын сұрайды.

Розенцвейгтің суретті тесті арқылы фрустрацияны зерттеу барысында алынған жауаптар арқылы агрессияның бағыттылығы мен типіне қарай жіктеледі. Бұл зерттеулер тізіміндегі сұрақтар әдісі басқа адамдардан жауап алу арқылы агрессиялы мінез-құлықпен оның мотивтерін тура немесе жанама түрде анықтай алады. Ал архивтік зерттеулер бойынша алынған мәліметтер басқа адамның көмегінсіз-ақ жинақталады. Проективті әдістер сыңалушылар мен басқа адамдардың өзара әрекеттері арқылы агрессиялық мінез-құлықты зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші күнделікті мінез-құлықты бақылауын – *натуралистік бақылау әдісі арқылы* жүргізеді. Бұл техника негізінен балалар мен жануалардың мінез-құлқын зерттеу барысында қолданылады. Бақылаудың көп тараған типі – Дайана Фоссидің африка тауындағы горрилалардың күнделікті өмір тіршілігін зерттеу арқылы белгілі. Бұл қарапайым бақылау әдісінің өзінше ішкі күрделілігі бар, ғалымдар мәселелі мінез-құлықты зерттеу мақсатында балалардың жанұялық жағдайындағы, әсіресе кешкі тамақтану уақытысында отбасының өзара қатынас стиліндегі мінез-құлықты айқын көрсетеді.

Ал *автомобилді сигнал* әдісі ересектердің көліктегі мінез-құлқын зерттеу барысында қолданылады. Көптеген зерттеушілердің мәліметтері бойынша көліктегі жүргізуші сигнал беру барысында агрессиялық мінез-құлықты көп көрсететіні байқалады. Американ психологы Харрис пен оның әріптестері агрессиялық мінез-құлықты зерттеудің ерекше түрі - *тұлғааралық конфронтация* әдісін өндеп шығарды. Бұл эксперимент сыналушылардың дүкендерде, мейрамханаларда, әуежайда т.б. жердерде тура немесе күшті агрессияға араңдатушылыққа ұшырау жағдайындағы мінез-құлқын зерттеу мақсатында жүргізіледі. Сыналушыны осындай жағдайға жеткізу мақсатында экспериментатор ассистенттері қолданылады. Олар дүкендегі кезекте тұрған адамның алдына өтіп, кешірім сұрауы арқылы сыналушының вербалды немесе вербалды емес реакциясын бақылау барысында агрессиялықты анықтайды. Вербалды реакциялар сыпайы, парықсыздық, біршама агрессиялы және аса агрессиялы болып жіктеледі. Вербалды емес реакциялар достықтық, парықсыздық, дұшпандық тіпті кейде қорқытушы іс қимылдар, соққы немесе итеріп жіберу мінез құлықтары бйынша жіктеледі. Харрис бұл процедураларды әртүрлі факторлар, соның ішінде фрустрация, агрессиялықтың бастамасын зерттеу мақсатында қолданады.

*Агрессияны лабораториялық бақылау* әдісі адамның агрессиялық мінез-құлқын лабораториялық шарттар негізінде жүргізіледі. Лабораториялық зерттеулер өте тиімді, сондай-ақ сыналушылар бақылауға арнайы келсімдер арқылы қатысып, агрессиялық мінез-құлықтың сипаттамасымен танысады және т.б. Агрессияны лабораториялық жағдайда зерттеу бірнеше әртүрлі әдістер, соның ішінде төрт әдістемелер арқылы жүзеге асырылады. Олар: 1) "ойындық" өлшеу, 2) басқаға вербалды шабуыл жасау, 3) "қауіпсіз" шабуыл, 4) "залал келтіру" сияқты шабуыл.

Агрессияның *"ойындық өлшемі"* әдісі лабораториядағы агрессиялы мінез құлықты индивидтердің (әсіресе жеткіншектердің) әртүрлі тірі емес объектілерге "ойыншықтар" шабуылын бақылау арқылы зерттеледі. Бұл зерттеу келесі этаптардан тұрады: 1) сыналушыларды қандайда болсын бір әрекеттер арқылы агрессиялыққа итермелеу, 2) сосын оларға тірі емес заттарға (ойыншықтар) шабуыл жасау, үру соққылау т.б. мүмкіншілігін тудыру, 3) агрессия "құрбанына" қарсы әрекеттер істеу барысында бағаланады. Бұл зерттеу процедурасы адамның агрессиялық мінез-құлықты қандай жағдайда игеретінін зерттеу үшін қолданылады. Осы зерттеуде американ зерттеушілері Бандура мен оның әріптестерінің ұсынған "қуыршақ Бобомен эксперимент" атты әдістемесі кішкентай балаларға көп қолданылады. Бұл эксперимент агрессиялы мінез-құлықтың пайда болуын түсіну үшін қолайлы. Әсіресе "қуыршақ Бобомен эксперимент" әдісі агрессияның формаларын игеру жағдайын тудырып, тіпті осы әрекеттер адамдарға бағатталу мүмкіндігін анықтайды.

Ал вербалды агрессияны өлшеу әдісі агрессия деңгейі туралы айтылған мәліметтер санын алауға мүмкіндік береді. Агрессиялы мінез-құлықтың вербалды шабуыл түрі кең тараған, бірақ вербалды мінез-құлықты зерттеу өте күрделі сондықтан да агрессияның вербалды өлшемдері лабораториялық жағдайда агрессиялық мінез-құлықтың табиғатын зерттеу үшін пайдалы икемді, әрі эффективті болып келеді.

Қорыта айтқанда, жеткіншектердің агрессиялық мінез-құлқын түзетуде Б. Дарки және А.Бассаның агрессияның түріне және көрсеткішіне арналған диагностикалық әдістемесі, «Дүниеде жоқ жануар» атты проективті әдісі, «Ыза қайда жасырынған?» атты тренинг, «Мен - жақсымын, мен - жаманмын» атты жазу техникасы және «үлкендердің балаларға деген көзқарасы» атты сұхбат алу жұмыстарын жүргізіліп, зерттеу жұмысымыз сапала нәтижелер көрсетті.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. ҚР білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
2. Выготский Л.С. Вопросы детской возрастной психологии. // Собрание сочинений. – М., 1982. - Т.6. - С.115.
3. Рубинштейн С.Я. Экспериментальные методики патопсихологии. – М., 1999

4. Лебединская С.Я. *Подростки с нарушениями в аффективной сфере*. – М.: Педагогика, 1988.
5. Дюркгейм Э. *Социология и теория познания // Новые идеи в социологии*. Вып. 2, СПб. 1914.
6. Мертон Р. К. *Социальная структура и аномия // Социология преступности (Современные буржуазные теории)*. – М.: Прогресс, 1966. – С. 299-3
7. Фромм Э. *Анатомия человеческой деструктивности*. М., 2008.
8. Фрейд З. *Психология бессознательного*. – М., 1989. –223с.
9. Лоренц К. *Агрессия (так называемое «зло»)*. -М.: «Прогресс», «Универс», 1994. - Гл.1
10. Дусманбетов Г.А., Шерьязданова Х.Т. *Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков*. –Алматы, 2003.
11. Акажанова А.Т., Ельшибаева К.Г. *Практикум по Девантологии Учебно-методическое пособие*. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008.- 64 с.
12. Беличева С.А. *Основы превентивной психологии*. – М.: Социальное здоровье России, 1994. - 224 с
13. Арзуманян С.Д. *Микросреда и отклонения социального поведения детей и подростков*. – Ереван, 1980
14. Намазбаева Ж.И., Жигитбекова Б.Д. *Психологическая наука как основа успешности компетентного подхода в образовании // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(61), 2019. – С.7-12*

МРНТИ: 15.81.99

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.09>

*Баймуратова А.Т.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики,  
Казахстан, г.Алматы*

## **ОРГАНИЗАЦИОННО-СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СЛУЖБЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

### *Аннотация*

В статье актуализируется необходимость модернизации деятельности специалистов детского сада в условиях инклюзивного образования. Дается определение службы психолого-педагогического сопровождения, представлены ее цель, задачи, принципы, направления и содержание. Автором рассматриваются три основные составляющие деятельности службы сопровождения: выявление и оценка особых образовательных потребностей, создание специальных образовательных условий и профессиональная компетентность специалистов.

**Ключевые слова:** дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, специальные образовательные условия, служба психолого-педагогического сопровождения, индивидуальные образовательные программы.

*Баймұратқызы А.Т.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,  
Қазақстан, Алматы қ.*



## АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада инклюзивті білім берудегі балабақша мамандарының қызметін жетілдіру қажеттілігі туралы айтылған. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің анықтамасы берілген, оның мақсаты, міндеттері, принциптері, бағыттары мен мазмұны келтірілген. Автор қолдау қызметінің негізгі үш компонентін қарастырады: арнайы білім қажеттіліктерін анықтау және бағалау, арнайы білім беру жағдайларын жасау және мамандардың кәсіби құзіреттілігі.

**Түйінді сөздер:** арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар, инклюзивті білім, арнайы білім беру шарттары, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, жеке білім беру бағдарламалары.

*Baimuratova A.T<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>National Scientific and Practical Center for Correctional Pedagogy  
Almaty, Kazakhstan*

## ORGANIZATIONAL AND SUBSTANTIVE ASPECTS OF PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT SERVICE ACTIVITY FOR PRESCHOOL CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

*Abstract*

The article actualizes the need to modernize the activities of kindergarten specialists in the context of inclusive education. The psychological and pedagogical support service definition is given, its purpose, objectives, principles, directions, and content are presented. The author considers three main components of the activities for support service: the identification and assessment of special educational needs, the creation of special educational conditions and the professional competence of specialists.

**Keywords:** children with special educational needs, inclusive education, special educational conditions, psychological and pedagogical support service, individual educational programs.

По данным республиканской психолого-медико-педагогической консультации, на 1 января 2020 г. в Казахстане зарегистрировано более 49 тысяч детей с особыми образовательными потребностями (далее – ООП) дошкольного возраста. Из них более 18 тысяч интегрированы в общеобразовательные детские сады, что составило 37%. За последние пять лет данный показатель вырос на 6%. Однако доля интегрированных дошкольников с ООП, получавших коррекционную поддержку на местах, уменьшилась на 5%. Такая картина свидетельствует о том, что инклюзивные процессы в дошкольном образовании развиваются недостаточно интенсивно, как ожидалось бы.

В Казахстане внедрение практики инклюзивного образования в детских садах общего типа обуславливает необходимость оказания качественной психолого-педагогической помощи детям с ООП. В этой связи значительно возрастает актуальность психолого-педагогического сопровождения детей данной категории.

Согласно «Методическим рекомендациям по организации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями», утвержденным Приказом МОН РК от 12 декабря 2011 года №524, психолого-педагогическое сопровождение осуществляется на разных уровнях образования [1]. Основной задачей сопровождения на уровне дошкольного образования является ранняя диагностика и коррекция нарушений в развитии, обеспечение готовности к школе. Эта задача распространяется на всех видах дошкольных организаций образования и не учитывает специфику их деятельности. Если условия организации кабинетов психолого-педагогической коррекции и реабилитационных центров системы МОН РК позволяют осуществлять психолого-педагогическое сопровождение дошкольников с ООП с соблюдением требований, предписанных в данных методических рекомендациях, то в детских садах общего типа такие условия не предусмотрены.

В соответствии с Типовыми правилами деятельности дошкольных организаций (утв. Приказом МОН РК от 30 октября 2018 г. №595) в возрастных группах общеразвивающих дошкольных

организаций предусматривается воспитание и обучение детей с ООП в количестве не более 3 человек [2]. В качестве одного из направлений дошкольного воспитания и обучения государственный общеобязательный стандарт образования определяет создание условий для инклюзивного образования детей с особыми потребностями (утв. Приказом МОН РК от 31 октября 2018 г. №604) [3]. Оказать посильную помощь дошкольным педагогам (воспитателям) в реализации данного направления призваны логопеды и психологи, работающие в детских садах общего типа. Ранее эти специалисты осуществляли свою деятельность самостоятельно друг от друга. Они целенаправленно занимались с детьми, имеющими незначительные нарушения в речевом и эмоционально-волевом развитии, а также в потребностно-мотивационной сфере.

Но практика инклюзивного образования привносит свои коррективы в деятельности специалистов детского сада. Эти коррективы отражаются на качественном изменении:

- состава детей, нуждающихся в специальной психолого-педагогической помощи;
- содержания деятельности специалистов;
- состава специалистов, оказывающих психолого-педагогическую помощь детям с ООП.

Круг воспитанников детского сада, нуждающихся в специальной помощи, расширяется после выявления у них особых образовательных потребностей. В научно-педагогической литературе существует разное понимание особых образовательных потребностей. Последние определяются как:

- спектр образовательных и реабилитационных средств и условий, необходимых для реализации права на образование [4];
- социальное отношение субъектами образовательного процесса [5];
- особые условия организации обучения и воспитания [6].

Независимо от контекста методологической базой анализа особых образовательных потребностей выступает теория потребностей, разработанная и представленная в трудах Б. Г. Ананьева, С.Л. Рубинштейна, Л.И. Божович, В.Н. Мясищева, А.Г. Здравомыслова, Н.В. Иванчук, Н.С. Кузнецова, Н.Н. Михайлова, А.В. Маргулис, А. Маслоу и др. Использование этой теории позволяет рассматривать особые образовательные потребности как потребности в психолого-педагогической, социальной и иной помощи, без которой ребенку в силу определенных обстоятельств невозможно получить качественное образование [7,8].

Надо сказать, что понятие «дети с ООП» включает в себя:

- детей с нарушениями психофизического развития: нарушениями слуха, зрения, интеллекта, речи, опорно-двигательного аппарата, задержкой психического развития и эмоционально-волевыми расстройствами (выраженным аутизмом);
- детей со специфическими трудностями в обучении (дисграфия, дислексия, дискалькулия и др.), поведенческими и эмоциональными проблемами (синдром гиперактивности и дефицита внимания, легкие расстройства аутистического спектра и пр.), а также неблагоприятных психологических факторов;
- детей, у которых в силу социально-психологических, экономических, языковых, культурных причин возникают особые образовательные потребности (малообеспеченные и многодетные семьи, семей социального риска (родителей с алкоголизмом, наркоманией), беженцы, мигранты, оралманы).

Деление детей с ООП на группы носит условный характер и позволяет учитывать их специфику при организации обучения.

Удовлетворение особых образовательных потребностей является основным условием развития инклюзивного образования. Оно подразумевает создание специальных образовательных условий, представляющих собой набор требований, обеспечивающих доступность детей с ООП к получению качественного образования. На основании теоретического анализа и обобщения научно-педагогической литературы [7,8,9] можно перечислить следующие специальные образовательные условия:

- изменение учебного плана и учебных программ;
- изменение способов оценивания результатов обучения (достижений ребенка);
- использование вариативных, специальных и альтернативных методов обучения;
- подбор учебников, учебных пособий, подготовка индивидуальных учебных материалов;
- выбор формы обучения;

- создание безбарьерной среды и адаптация места обучения;
- обеспечение компенсаторными и техническими средствами;
- специальная психолого-педагогическая помощь (психолога, логопеда, специального педагога и других специалистов);
- помощь педагога-ассистента;
- социально-педагогическая помощь.

Для обеспечения специальных образовательных условий необходимо модернизировать деятельность специалистов, оказывающих целенаправленную психолого-педагогическую помощь воспитанникам детского сада. В этом плане наиболее эффективным вариантом является создание службы психолого-педагогического сопровождения (далее – служба ППС). Под службой ППС понимают организационную структуру, определяющую совместную деятельность специалистов по сопровождению детей с ООП в образовательном процессе [7,9,10].

Целью деятельности службы ППС является организация психолого-педагогического сопровождения всех участников образовательного процесса путем реализации комплекса диагностических и коррекционных мероприятий, направленных на создание адекватных условий развития детей с ООП. Из этой цели вытекают следующие задачи службы ППС:

- 1) защита прав и интересов личности детей, обеспечение безопасных условий их психологического и физического развития и обучения, поддержка и содействие в решении психолого-педагогических проблем;
- 2) комплексная диагностика возможностей и особенностей развития детей для коррекции, развития и предупреждения возникновения проблем обучения;
- 3) разработка и реализация индивидуальных программ, коррекционно-развивающей работы с детьми, а также адаптация образовательных программ к возможностям воспитанников;
- 4) взаимодействие между всеми субъектами образовательного процесса;
- 5) консультативно-просветительская работа среди педагогов и родителей;
- 6) аналитическая и методическая поддержка образовательного процесса детей с ООП.

Принципами службы ППС являются:

- комплексный, междисциплинарный подход к решению любой проблемы развития ребенка;
- непрерывность сопровождения развития ребенка в образовательном процессе;
- информационно-методическое обеспечение процесса сопровождения;
- психолого-педагогическое проектирование (прогнозирование) сопровождающей деятельности;
- активное привлечение родителей, педагогического и детского коллектива в мероприятия по психолого-педагогическому сопровождению детей с ООП.

Для реализации цели и задач служба ППС строит свою деятельность по следующим направлениям:

- психолого-педагогическая диагностика развития дошкольников, выявление особых образовательных потребностей, а также отклонений в развитии, причин трудностей в обучении, социальной адаптации;
- психолого-педагогическая работа педагога-психолога, учителя-логопеда, учителя-дефектолога, социального педагога по составлению и реализации индивидуальных программ сопровождения детей с ООП в образовательном процессе;
- психолого-педагогическое консультирование педагогов и родителей по вопросам развития, воспитания и обучения дошкольников с ООП;
- психолого-педагогическое просвещение педагогов и родителей с целью повышения компетентности в вопросах развития, воспитания и обучения детей с ООП;
- организационно-методическая и координационная деятельность: обсуждение, анализ и обобщение результатов сопровождения, разработка рекомендаций по его совершенствованию; участие в методических объединениях, семинарах-практикумах, конференциях по проблемам воспитания и обучения детей с ООП дошкольного возраста.

Содержание деятельности службы ППС определяют стратегия и тактика психолого-педагогического сопровождения, которые разрабатываются для каждого ребенка с ООП на психолого-педагогическом консилиуме детского сада. Речь идет о междисциплинарном подходе к выявлению и оценке особых образовательных потребностей воспитанников разных возрастных

групп, разработке и реализации индивидуальных программ сопровождения, адаптации образовательной программы, созданию безбарьерной среды и т.д.

На эффективность деятельности службы ППС влияет качественный состав специалистов детского сада. Это значит, что усилиями только логопеда и психолога, как происходит во многих детских садах, невозможно осуществлять психолого-педагогическое сопровождение детей с ООП.

В службу психолого-педагогического сопровождения входят все педагоги, которые в учебно-воспитательном процессе взаимодействуют с детьми с ООП. К числу таких педагогов входят: логопед, дефектолог, психолог, социальный педагог, воспитатели, музыкальный руководитель, инструктор по физической культуре, а также врач (медсестра).

Состав специалистов службы сопровождения и содержание их деятельности варьируется в зависимости от потребностей воспитанников детского сада на каждом возрастном этапе. Специальные образовательные потребности детей распределяются в соответствии с услугами специалистов. Оказываются услуги:

- логопеда по проблемам, связанным с нарушением речи и речевой деятельности;
- дефектолога по проблемам, связанным с нарушением познавательной деятельности, трудностями освоения учебной программы;
- психолога по проблемам, связанным с расстройствами эмоционально-волевой сферы, отклонениями поведения, трудностями общения и адаптации;
- социального педагога по проблемам взаимодействия родителей с педагогами детского сада и т.д.

При отсутствии ставки дефектолога и социального педагога их функции выполняет психолог, т.к. он более ярко выражает личность ребенка, но при этом его педагогическая нагрузка удваивается. Услуги сурдопедагога и тифлопедагога могут предоставляться логопедом на основании заключения психолого-медико-педагогической консультации и рекомендаций психолого-педагогического консилиума.

С профессиональной компетентностью специалистов во многом связана эффективность работы воспитателей по освоению детьми с ООП пяти образовательных областей (Здоровье, Коммуникация, Познание, Творчество, Социум), предусмотренных образовательной программой. В этой связи конструктивное взаимодействие между специалистами и воспитателями проходит красной нитью во всем процессе психолого-педагогического сопровождения детей с ООП [11].

За руководство и контроль за деятельностью службы ППС отвечает специалист, имеющий большой опыт работы с детьми с ООП в условиях инклюзивного образования. Руководитель службы ППС периодически отчитывается перед заведующим детского сада о работе с воспитанниками с ООП в рамках рекомендаций психолого-педагогического консилиума.

Таким образом, рассмотрев организационно-содержательные аспекты деятельности службы психолого-педагогического сопровождения детей с ООП дошкольного возраста, можно сделать вывод о том, что инклюзивное образование реализуется в любом детском саду, если имеющиеся и создаваемые в нем условия соответствуют специальным образовательным потребностям детей, а также отражают высокий уровень профессиональной компетентности педагогов детского сада.

#### *Список использованной литературы:*

1. *Методические рекомендации по организации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями* // [http://www.satp.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=169&Itemid=89&lang=ru](http://www.satp.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=169&Itemid=89&lang=ru)
2. *Типовые правила деятельности дошкольных организаций* [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/obpazovanie/id-V1800017657/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/obpazovanie/id-V1800017657/)
3. *Государственный общеобязательный дошкольный воспитания и обучения* // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>
4. *Денискина В.З. Особые образовательные потребности детей с нарушением зрения* // *Дефектология*. – 2012. – №6. – С.17-24.
5. *Фуряева Т.В. Интеграция особых детей в общество* // *Педагогика*. – 2006. – №7. – С.29-37.
6. *Фатихова, Л.Ф. Принципы организации обучения детей с особыми образовательными потребностями* // *Социально-педагогические, психологические и философские аспекты формирования личности в культуре современной России*. – Бирск, 2006. – 220 с.

7. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: Метод. рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы, 2019. – 118 с.

8. Баймуратова А.Т. Педагогическая поддержка как проблема образования дошкольников с особыми образовательными потребностями //Инклюзивное образование: теория, практика, опыт: Сб.материалов науч.практ.конф. – Нур-Султан, 2019. – С.181-185.

9. Психолого-педагогическое сопровождение образовательной деятельности обучающихся /Под ред. Л.В. Байбородовой, Л.Н. Серебренникова. – Ярославль: Канцлер, 2008. – 168 с.

10. Кушнарера И.В. Деятельность службы психолого-педагогического сопровождения образовательной организации по обеспечению специальных образовательных условий для дошкольников с ограниченными возможностями здоровья //<https://nsportal.ru/detskii-sad/korreksionnaya-pedagogika/2018/01/06/deyatelnost-sluzhby-psihologo-pedagogicheskogo>

11. Баймуратова А.Т. Психологический анализ личности педагога в условиях инклюзивного дошкольного образования //Актуальные проблемы теоретической и практической психологии: Сб.материалов междунар. науч.-практ.конф. Т.1. – Алматы, 2020. – С.252-255.

МРНТИ:15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.10>

М.П. Оспанбаева <sup>1</sup>

<sup>1</sup> ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының  
Жамбыл облысы бойынша филиалы,  
Тараз қ., Қазақстан

## САЛЫСТЫРМАЛЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫН ПСИХОЛОГИЯДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада салыстырмалылық теориясын физикалық кеңістіктен психологиялық жазықтыққа трансформациялау мәселесі қарастырылды. Кванттық талдаулар мен метафизикалық модель негізінде жүргізілген зерттеу, А.Эйнштейн теориясындағы кеңістік-уақыттық континуум өлшемін психологияда қолдану мүмкіндігіне талдау жасады. Мәселен, қалыптасқан ахуалды талдау барысында ақпарат, субъективті ойлау, оқиғаның өзі және оған кеңістік пен уақыттың қатынасы қарастырылады. Жағдайды кешенді түрде, кеңінен талдау нәтижесінде біржақтылықтан арылып, тұлға көзқарасы, ой өрісі, жалпы дүниетанымның кеңеюі орнығады. Демек, кісінің бастапқы көзқарасы мен қорытынды көзқарасы өзара байланысты бола отырып, жағдайды таразылауға қатысты, салыстырмалы сипатқа ие. Сондай-ақ, кеңістік-уақыттық континуумға қатысты дәлдік тап

қазір және осы жердегі оқиғаға орай, таным мен мінез-құлық арасында өзара байланыс орнату үшін аса маңызды.

Зерттеу ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Жамбыл облысы бойынша филиалында жүргізілді. Мақаланы әзірлеу барысында ғылыми айналымға “Психологиялық қатынас теориясы” термині жасалып, ұсынылды.

**Түйін сөздер:** салыстырмалылық, теория, байланыс, қатынас, кеңістік, уақыт, тұлғааралық, құрал, таным, қозғалыс, қабылдау.

*M.P. Ospanbaeva*<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>Zhambyl branch of the Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Taraz, Kazakhstan*

## APPLICATION FEATURES OF THE THEORY OF RELATIVITY IN PSYCHOLOGY

### *Abstract*

The article considers the problem of the transformation theory of relativity from the physical space to the psychological plane. Explored possibility of application in the psychology space-time continuum - a measurement from Einstein's theory. The basis of exploration was the quantum paradigm and the metaphysical aspect of reality. For example, when analyzing the current situation, considered such parameters as information, subject thinking, the event itself and time-space effect. As a result of such a comprehensive analysis, one-sidedness is eliminated, a broader perspective of the vision of the overall picture is established, which leads to awareness. Consequently, the initial position and the end result is closely related to mutual and have a relative character to situations. In addition, the accuracy of the Spatio-temporal continuum is crucial for establishing the relationship between cognition and behavior in the present and in the context of what is happening.

The study was conducted at the Taraz branch (Zhambyl region) Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. During the preparation of the publication, a special term was created - an analog of the “theory of psychological relativity” for the Kazakh-speaking scientific community.

**Keywords:** relativity, theory, connection, attitude, space, time, interpersonal, means, cognition, movement, perception.

*M.П. Оспанбаева*<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>Жамбылский филиал Академии государственного управления при Президенте РК, г.Тараз, Казахстан*

## ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕОРИИ ОТНОСИТЕЛЬНОСТИ В ПСИХОЛОГИИ

### *Аннотация*

В статье рассматривается проблема трансформации теории относительности с физического пространства на психологическую плоскость. Исследована возможность применения в психологии пространственно-временного континуума - измерения из теории А.Эйнштейна. За основу исследования были взяты квантовая парадигма и метафизический аспект действительности. К примеру, при анализе текущей ситуации учитываются такие параметры, как информация, мышление субъекта, само событие и эффект пространства и времени. В результате такого комплексного анализа устраняется односторонность, устанавливается более широкая перспектива видения общей картины, что приводит к осознанности. Следовательно, исходное положение и конечный результат тесно связаны между собой, и имеют относительный характер к ситуации. Кроме того, точность пространственно-временного континуума имеет решающее значение для установления взаимосвязи между познанием и поведением в настоящем и в контексте того, что происходит.

Исследование проводилось в Таразском филиале (Жамбылская область) Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан. В ходе подготовки публикации был создан специальный термин - аналог “теории психологической относительности” для казахскоязычного научного круга.

**Ключевые слова:** относительность, теория, связь, отношение, пространство, время, межличностное, средство, познание, движение, восприятие.

Болмыс - біреу, ал оған деген қатынас, дәлірек айтқанда, оны қабылдау мүмкіндіктері әрқалай. Себебі ақиқатты әр адам өз шындығының шеңберінде таниды. Жеке дүниетаным тұрғысынан алғанда, бұл нақты бір адамның өзіндік тәжірибесіне негізделген, субъективті қабылдау болғандықтан да, сол жанға ғана тиесілі ақиқат әлемі. Демек, болмысқа деген әр әлемнің қатынасы салыстырмалы сипатқа ие. Бұл - оқиғаның психологиялық жағы болып табылады. Бұдан өзге, мызғымас берік абсолют ақиқат бар емес пе? Үрдісті бақылау, яғни жалпы жағдайды көре білу, бұл - болмыстың субъективті санадан тысқары жағы. Осы тұрғыдан алғанда, барлығы да салыстырмалы...

Кеңістіктің «бумеранг» заңының мәні де жаратылыста барлығының өзара байланысты екенін, демек қатынастардың салыстырмалылығын көрсетеді. Осы ұғымның мағынасын анықтау үшін кванттық механиканың метафизикалық талдауларына сүйенеміз. Себебі, кеңістік табиғатының жалпы бірлігі мен тұтастық заңын философиялық тұжырымдар мен қазіргі ғылыми-жаратылыстық білімдердің өзара сәйкестігіне құрылған метафизикалық модельдің түсіндіру тиімділігі жоғары [1].

"Байланыс" ұғымы Әл-Фарабидің метафизикалық трактаттарында ең жалпы түрдегі қатынас, ал қатынас - қандай да бір байланыс, деп анықтала отырып, “әр екі заттың қандай да бір бөліктің арқасында бір-бірімен байланысуы” ретінде түсіндіріледі. Демек, бастапқы заттың бір бөлшегінің, екінші заттың кез-келген бір бөлшегімен ұқсастығының арқасында орнығатын қатынас, байланыс болып табылады. Ал енді осы тұжырымды материялық (заттық) жазықтықтан логикалық (құбылыстық) кеңістікке трансформациялайтын болсақ, байланыстырушы және біріктіруші бөлшектер салдарынан туындаған қатынасты анықтаймыз. Олай болса, тіршіліктің қайнар көзін ауа, су, жер, адам, т.б. деп тану арқылы, Әл-Фараби тұжырымдаған “қатынас дегеніміз, категориялардан басқаның бәріне тиесілі” екенін көреміз [2].

Бұл туралы физикалық дүниетанымның ұлы бетбұрысы болып танылатын, болмыстың біздің қабылдауымыздағы шындықтан анағұрлым нәзік екендігі жөніндегі Коперник болжамына да сүйенуге болады [3].

XX-ғасырда физикадағы түйіспеген тұстар мен қарама-қайшылықтардың жойылып, кеңістік-уақыт құрылымы туралы ұғымның түбегейлі өзгеруіне салыстырмалылық теориясы (СТ) ықпал етті және көптеген тәжірибелер мен зерттеулер арқылы сыналып, расталды. Осылайша, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы барлық заманауи іргелі физикалық теориялардың негізіне қаланды. Ал XXI-ғасырда СТ жаратылыстану ғылымдарынан тыс, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе философия мен психологияның зерттеу нысанына айнала бастады. Оның негізгі себебі - біз өмір сүріп отырған ақпараттық ғасырдың басты белгісі болып саналатын жаһандану үрдісіне байланысты. XXI-ғасыр ғылымына тән ерекшелік - негізі синтездік қатынасқа бағытталған интеграциялық даму: адамның ғаламмен байланысы оның болмысына тәуелді; адам әлемнен өзінің танымына сай, түсінуіне лайық, яғни қабылдауға дайын ақпаратты алады. Егер осы постулатты кең көлемде қарастырар болсақ, адам ғаламнан өзінде жетіспейтінді алып, оған өзінің бөлшегін береді. Сондықтан да, адам болмысына барынша тереңірек үңілу, ортаға сәйкес келуі үшін, оның қандай болу керектігін түсінуде аса қажетті алғышарт.

Жекелеген мінез-құлық немесе оқиға, оны кімнің және қалай сезінуіне байланысты, әрқалай қабылданып, өңделеді. Біздің мінез-құлқымызға көп ретте әсер ететін және оны анықтайтын дерек - өзімізді басқаларға қатысты қалай қабылдайтынымыз; әрі біз оны өз көзқарасымыз тұрғысынан және қарама-қарсы, яғни өз ойымыздан шығарылған көзқарас тұрғысынан бағалаймыз. Р.Дилтс анықтауынша, Эйнштейннің қозғалыстағы дене мен қимылсыз дененің арақатынасы туралы бақылаулары қарама-қарсы көзқарастардың классикалық мысалы болып табылады. Ғылым мен философияның қай саласында болмасын, мұндай қостағандар көптеп кездесетінін айта келе, Р.Дилтс біршама мысалдар келтіреді: материя - энергия, бөлшек - толқын, тұрақты - өзгермелі, тән - рух, ескі - жаңа т.б. Мұндай іргелі өлшемдер өңделетін ақпаратты нақтырақ тануға негіз болады: біріншіден, жаратылыс және осы дүниетаным үлгісін ұсынған бақылаушы болмысы туралы; екіншіден - сол әлемнің нақты табиғатынан хабар береді. Ал енді осы болжамды нейролингвистикалық бағдарлама

(НЛБ) тұрғысынан қарастырар болсақ, онда оны қабылдаудың іргелі екі бағыты бойынша талдауға мүмкіндік алынады:

1) бірінші бағыт - орын алған жағдайды тұлғаның 1-жақтан, яғни өзіне тән субъективті таным шеңберінде қабылдауы;

2) екінші бағыт - басқа адамның көзқарасы тұрғысында талдауы.

Жоғарыда келтірілген қостағандар деңгейінде, бұл екі бағытты қарама-қарсы көзқарас деп болжауға болады. Ол - жағдайдың біржақты баяндалуымен салыстырғанда, анағұрлым толығырақ әрі маңызды ақпарат алуға ықпал етеді. Болмысты осылайша тану “екі жақты баяндау тәсілі” деп аталып, қазіргі уақытта тәжірибелі психологияда, НЛБ-да және коучингте кеңінен қолданылады. “Екі жақты баяндау тәсілі” мәселеге 2 түрлі көзқарасты құрайтын болса, оны түйіндеу немесе шешімін тарқату, яғни жағдайды салмақтап, төрелігін шығару үшін, бұлардан тысқары тұрған үшінші жаққа жүгіну қажеттілігі туындайды. Метабағыт атауымен белгілі болған үшінші бағыттың міндеті қарама-қарсы көзқарастарды жақындастырып, өзара байланыстыру; туындаған қайшылықтарды шешу [4].

А.Эйнштейн қозғалыстағы дене мен қимылсыз бақылаушы жөніндегі әйгілі қабылдауын (мысалын) нақ осы бағыт деңгейінде қарастыру нәтижесінде, олардың шын мәнінде, жарық жылдамдығымен анықталған бір қатынас көрінісі екенін тапты [5].

Эйнштейн мысалындағы қимылсыз бақылаушы - дәстүрлі болмыс; яғни сызықтық өлшемге таңылған логикалық тұрақты құрылым, қозғалмайтын нысандарды білдіреді. Ал қозғалыстағы бақылаушы - бұл шығармашылық қиял, еркін ой, икемді болмыс, өзгерісті құрайды. Атақты физик ашқан осы жаңалықтар болмысқа әсер етпегенімен, ғалам туралы түсініктің өзгеруіне ықпал етті. Кейіннен ол жаңа көзқарасты болмысты қабылдаудың дәстүрлі формасымен үйлестіруге талпынды. Осы тұста назар аударуға тұрарлық тағы бір жайт бар: ол - қарастырылып отырған теорияның атауына байланысты. Нақтылап айтар болсақ, түпнұсқада “relevant” сөзімен беріліп, орыс тілінде “относительность” терминін еншілеген ұғым, қазақ тілінде “салыстырмалылық” деген атауда қолданылып жүр. Физиктер арасында бұл әбден сіңісті болған термин. Ал енді, оны психологиялық жазықтыққа ауыстырғанда, негізгі нысан - адам болғандықтан, “салыстырмалылыққа” қарағанда “қатынастылық” ұғымы мәселені дәл ашатыны сөзсіз. Бұл туралы Әл-Фараби трактаттарында, әр пән шеңберінде егжей-тегжейлі талданылған және “қатыстылық”, “қатынас” ұғымдарының арақатынасы терең түсіндірілген [6].

Сондықтан, объективті мен субъективті арасындағы байланысты қатынас деп, ал осы теорияны қазақ тілді ғылыми айналымға “психологиялық қатынас теориясы” атауымен енгізген жөн деп есептеймін.

Салыстырмалылық теориясын бір жазықтықтан екінші жазықтыққа ауыстыруды жалғастырған тағы бір зерттеу - Маттиас Дж. Коорнстраның “Таңдауды өзгерту: психологиялық салыстырмалылық теориясы” [7].

Берілген монографияда автор психологиялық кеңістіктерді жазық және шексіз деп анықтай отырып, оларды көпөлшемді талдау геометриясын ұсынды: “Психологиялық кеңістіктің геометриялық табиғатының проблемасын шеше отырып, біз маршрутты таңдадық”. Сезім, реакция және валенттік сынды психологиялық шкалалардың әмбебап қасиеттері, кеңістіктің өзара байланысын эксперименттік зерттеу барысында, нөлдік есептеу нүктесі ретінде қарастырылды және нөлдік тірек нүктелері жеке бейімделу нүктелері деп тұжырымдалды. Маттиас Дж. Коорнстраның осы атауы қазіргі тәжірибелік психологияда кеңінен қолданылып жүрген “бастапқы қалып” ұғымына саяды. Автордың түпкі идеясы - таңдауды өзгерту арқылы болмысқа оң ықпал ету болатын болса, “нөлдік нүкте” психологиялық мәселені шешу тетігі ретінде қарастырылып отыр. Мәселен, қандай да бір психоэмоциялық ауытқу жағдайын, тура соған бағытталған, мақсатты әсер көмегімен, бастапқы қалыпқа түсіру арқылы, оң нәтиже алу, яғни сауықтыру болып табылады. Тиімділігі аса жоғары осы психотерапиялық әсер “кері шегініс” техникасының көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен, бұл мысалдан өткен шақтағы шындықтың ағымдағы шындыққа (немесе керісінше) ықпалын көреміз және олардың арақатынасынан салыстырмалылықтың психологиялық сипатын аңғарамыз. Демек, клиенттің қазіргі - мәселелі психика жағдайындағы сезімдерінің көрінісі мен әуел бастағы - бұрмаланбаған психика жағдайындағы сезімдер көрінісінің арақатынасы; сондай-ақ олардың әрқайсысының әлдебір нысанаға байланысты жекелеген қатынасы *таңдауды*, ал түптеп келгенде *өзгерісті* көрсетеді. Бұл туралы Құран-Кәрімнің Әнфал сүресінің 53-аятында “олар өздерін өзгертпейінше, өзгертпейді” делінген [8].



“Өздерін өзгерту” тұлға таңдауы негізінде іске қосылса, осы өзгерісті болдыратын ұлы күш - абсолют екендігі анық. Міне, бұл мысалдан да, таңдау адамға тиесілі екендігін, өзгеруге ниеттенген жанның қалауы кванттық механика ережелеріне сәйкес, бүкіл ғалам, кеңістіктік қолдауға ие болатынын, сондықтан да, кезекті рет, адам баласы аса құдыретті әрі ерекше сыйлы тіршілік көзі екендігінің куәсі боламыз. Демек, “Адам - еркін таңдау иесі” постулатының қолданбалы құндылығы сонда - тұлға өзінің болмыс ерекшелігін тағдырға сілтеп, қарекетсіздікке бойсұнбай, ғұмырын қалауынша сүруге жауапкершілік алып, өз өмірінің қожасы ретінде, толыққанды иелік ететіндігінде. Нәтижесінде, әр бір жекелеген санадан құрылған ұжымдық сананың, кеңістіктік санамен арақатынасы, салыстырмалы сипатқа ие болып табылады. Ал, егер оны кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуум аясында қарастыратын болсақ, “жеке сана - ұжымдық сана - кеңістіктік сана - таңдау (ниет)” формуласын аламыз.

М.Коорнстра монографиясында ұсынылған көптеген психологиялық деректердің ішінде ерекше назар аударуға тұрарлық тұс - ұқсастық категориясы (7-тарау). Автор өз зерттеуінде ұқсастық пен жеке ұқсастықты таңдау дилеммасы ретінде салыстыра отырып, таңдаудың мән-жайларға байланыстылығын негіздеді. Дәл осындай дуализмдерді жеке немесе жалпы қатынас тұрғысынан салыстыру мысалдары Р.Дилте еңбектерінде де көптеп кездеседі.

Жалпы салыстырмалылық теориясының басты жетістіктерінің бірі - уақыт пен кеңістіктің бірлігі, яғни кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуумның қалыптасуы. Таратып айтар болсақ ені, ұзындығы, биіктігі деп аталатын кеңістіктің 3 өлшемі және уақыт қосындысы. Біз оны өз зерттеуімізде “3 + 1” тізбегімен бейнеледік. Ғылыми айналымға Эйнштейн енгізген бұл бірліктің қазіргі психологияда қолданысын айғақтайтын еңбектер баршылық. Мысал ретінде солардың бірінен үзінді келтірейік: Чарльз Бейлидің “Психологиялық салыстырмалылық және когнитивті эволюцияның жалпы теориясы” зерттеуі. Автор бұл еңбегінде кеңістік-уақыттық континуумды тұлғаның танымдық ойлау үрдісінің құрамында қарастырады: “когнитивті ойлау процестері - ақпараттың дәлдігін, ойлау процесінің дәлдігін және кеңістік-уақыттық континуум дәлдігін қоса алғандағы когнитивті дәлдікке байланысты...” [9].

Тұлғаның нақты, ұтымды ойлауы мен мінез-құлығына тиісті өлшемді қамтамасыз ету үшін, жоғарыда көрсетілгендей, ақпараттың дәлдігі, ойлау дәлдігі, оқиға дәлдігі және кеңістік-уақыттық дәлдік қажет. Бұлардың барлығы және әрқайсысы болған, орын алған жағдайда тура және ақылға қонымды талдауды қамтамасыз етеді. Кеңістік-уақыттық континуумға қатысты дәлдік тап қазір және осы жердегі оқиғаға орай, таным мен мінез-құлық арасында өзара байланыс орнату үшін аса маңызды. Автордың ескертуі бойынша "оқиға дәлдігі" кей жағдайда кеңістік-уақыттық континуумды белгілеу үшін пайдаланылуы мүмкін, өйткені ол уақытпен шартталған болмыс табиғатын жақсы көрсете біледі.

Сондықтан да, қазіргі қолданыстағы заманауи психо-коучингтік техникалардың мазмұны уақыт өлшемімен шартталған. Оған мысал ретінде SMART техникасын қарастырайық. Нақты, маңызды, қолжетімді, өлшенетін әрі белгілі бір уақыт аясын қамтитын осы тәсіл, керексіз ақпараттарды жою арқылы, қарастырылатын мазмұн көлемін барынша тарылтып, тек аса қажеттілерін ғана қалдыру негізінде, зейіннің шоғырлану нысанын нақтылайды; нәтижесінде танымдық дәлдік (Ч.Бейли бойынша - когнитивтік) орнығады. Бұл, салыстырмалы тұрғыдан алғанда, “ауқымдылық - нақтылық” қостағаны немесе “фон және фигура” баяны; яғни жаратылыстың сансыз нығметтерінің арасынан өз қалауынды тану немесе таңдау. Ал, егер оның психологиялық құндылығына тоқталар болсақ, тікелей әсер ету арқылы, ойлау әрекетіндегі индукция және дедукция құбылыстарының қолданбалылығын арттыратындығын анықтаймыз; демек, жалпылаудан жалқылауға (және керісінше) жылдам ауысудың оңтайлы тетігі алынады. Ол, өз кезегінде, субъективтік танымды күшейтеді; тұлғаның танымдық ұтқырлығын арттырады; өзара қарым-қатынастар жүйесінде түсінісу үрдісін жеңілдетеді және т.б.

Ч.Бейли теориясындағы кеңістік-уақыттық дәлдіктің тағы бір қолданбалы маңызы - жағдайды біртұтас, кешенді қарастыруға көмектесетіні. Мәселен, психологиялық өнім ретіндегі іс-әрекет сипатын, оның жүзеге асырылған мерзімін нақтылау нәтижесінде, сол кезеңде (уақытта) орын алған оқиғалар аясында талдау арқылы, кең көлемді ақпарат жинау мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл - оқиғаның болмысқа (кейде керісінше) қатыстылығын көрсетеді.

Ал енді, психологиялық салыстырмалықтың жалпы теориясы шеңберінде, ақпараттың дәлдігі, жорамалдар санын азайту нәтижесінде, уақыт ресурсын үнемдеуге қол жеткізеді; сондай-ақ иланым деңгейінің артуы арқылы, оң қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Ч.Бейли ұсынған ойлау дәлдігі қатыстылық шеңберін тарылтып, керісінше, байланыс аясын арттырады. Мысалы, сұлулық туралы

ой, нақты адамның талғамына қатысты деңгейге дейін тарыла отырып, оны қамту аясын кеңейте түсетіні сияқты.

Ч.Бейли мен М.Коорнстра зерттеулеріне тән ортақтық - олар психологиялық салыстырмалылық теориясының негізіне когнитивизмді қою арқылы, адам құдыреттілігін паш етті.

Сонымен, Чарльз Бейлидің когнитивтік дәлдік ұғымымен байланысты психологиялық салыстырмалылық теориясын талдау барысында, оның мәселені семантикалық жағынан баса сипаттағанын және А.Эйнштейннің “кеңістік-уақыттық төртөлшемдік континуум” формасының негізін қолданғанын көреміз. Демек, автордың сөзімен айтқанда, “Түр ретінде біз, әуел бастан, ойларымыз бен мінез-құлықтарымыздың тиімділігін өлшеуге сәйкес емес құралдарды пайдалануға бейімбіз. Ойлау және сөйлеу үшін сөздерді қалай пайдаланатынымызды сезінбестен, әрі жетістіктерімізді өзіміздің білместіктеріміздің жиынтық стандарттары аясында бағалай отырып, біз жиі дағдарып, түсініспеушілік пен эмоциялық шарасыздық құрбаны боламыз. Психологиялық салыстырмалықтың жалпы теориясы адам денсаулығын бағалау компоненттерін сипаттайды және осы компоненттер неғұрлым табысты психикалық процестер бағасын адам миының қалыпты қызметімен қалай байланыстыратынын түсіндіреді” [9].

Енді осы төрттік өлшемді заманауи коучинг үрдісінде қолдану ерекшелігіне тоқталайық. Ол үшін орын алған ахуалды нақты анықтауға ықпал ететін “Болмысты баяндаудың 4 тәсілі” классикалық техникасын талдау ұсынылады. Жағдайды 4 бағытта - “менің көзіммен”, “оның көзіммен”, “басқаның көзіммен” және жалпы өріс тұрғысынан қарастыру барысы да “3 + 1” тізбегіне сәйкес. Мұндағы алғашқы 3 позиция оқиғаға қатысты жандардың субъективті көзқарасын құраса, соңғы - өріс позициясы ой қуаты мен орта ахуалының әсерлесуінен туындайтын қуаттық-кеңістіктік шама. Бұл мысал төртөлшемдік континуумның практикалық психологияда және коучинг үрдісінде тұлғааралық қатынастар мен адами болмысты талдау *temigi* ретінде қолданылу ерекшелігін тұжырымдайды.

Осы техниканы салыстырмалылық теориясы шеңберінде талдауды одан әрі жалғастырар болсақ, оның психологиялық мазмұны туралы маңызды дерек аламыз. Болмыс 4 түрлі тәсілмен баяндалғаннан кейін, коуч клиенттің назарын қабылдау айырмашылығына аударуы тиіс: 2-, 3-, 4-жақтан кейін өз позициясына (1-жақ) қайта оралу - жағдайды жаңа қырынан тануға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, орын алған ахуалды талдау барысында біржақтылықтан арылып, кеңінен қарастыру нәтижесінде, тұлғаның ой өрісінің, көзқарасы, жалпы дүниетанымының кеңеюіне әкеледі. Бұл - оқиғаға қатынастың *таңдамалылығын*, яғни тәуелді айнымалылықты көрсетеді. Демек, клиенттің бастапқы сәттегі алғашқы көзқарасы мен қорытынды кезеңдегі түйінді көзқарасы өзара байланысты бола отырып (себебі екеуі де оның өз ойы, жағдайды жан-жақты таразылау салдарында пайда болған жаңа қатынас, өзінің дербес бағалауы), оқиғаға қатысты салыстырмалы сипатқа ие. Негіздеменің дәлелділігін жеңілдету үшін осы араға А.Эйнштейннің баласымен диалогын мысалға келтірейік. 1919ж. Эйнштейннің тоғыз жасар баласы Эдуард әкесінен сұрады: «Әке, сен неге осындай атақтысың?». Эйнштейн күлді, кейін шынымен түсіндірді: «Қоңыз шардың үстімен жорғалап бара жатқанда өз жолының дөңес, қисық екенін білмейді, мен соны байқау бақытына ие болдым» [10].

Салыстырмалылық теориясының негізін құрайтын осы концепция Эйнштейннің болмыстың салыстырмалы табиғатын нәзік сезінуімен бірге, тұлға танымындағы әлемнің психологиялық үлгісі мен иланымдар жүйесін қайта қарауға итермеледі. Қабылдаулар мен иланымдар сырттан әсер ететін ықпалдарға бейім болғандықтан, өзгерістерге ұшырайды, сондықтан да олар салыстырмалы сипатқа ие.

Салыстырмалылық теориясының психологиялық астарын талдау барысында айрықша назар аударуды қажет ететін келесі маңызды аспект “кеңістік-уақыт қатынастарының материалдық үрдістерге қатысының жаңа жақтарының ашылуы”. Атап айтқанда, кеңістіктің ауырлық күшінің әсерінен майысатындығы; уақыт барысының күшті гравитациялық өрістерде баяулайтыны және өте күшті тартылыс өрісінде уақыттың толық тоқтайтындығы туралы фантастикалық болжамдарды кеңістік әлемінен адами әлемге трансформациялау; жарық жылдамдығы мен ой шапшаңдығын қостаған ретінде қарастыру. Бұл мәселелердің барлығы алдағы уақыттағы зерттеулер еншісінде.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Соловьёв Н.А., Посадский С.В. *Панентеистическая метафизика и квантовая парадигма*. - СПб.: ИП-Принт, 2014. - 376 с. <https://azbyka.ru/otechnik/bogoslovie/panenteisticheskaja-metafizika-i-kvantovaja-paradigma>

2. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы: Метафизика, II том. Астана: “Лотос-Астана”, 2007, - 336б. (8-тарау: Байланыс. 63-66бб., 9-тарау: Қатынас. 66-69бб., 10-тарау: Қарым-қатынас пен байланыс. 69-72бб., 11-тарау: Категориялардың саны мен байланысы. 72-76бб.)
3. Тензин Гьяцо. Вселенная в одном атоме: Наука и духовность на служении миру. - Элиста., 2010. - 41 стр.
4. Роберт Дилтс. Стратегии гениев. Том 2. Альберт Эйнштейн: Некоторые психологические аспекты ТО [http://www.libma.ru/psihologija/strategii\\_geniev\\_tom\\_2](http://www.libma.ru/psihologija/strategii_geniev_tom_2)
5. Альберт Эйнштейн. Собрание научных трудов: РЕЛИГИЯ И НАУКА, М.: «Наука», 1967, т. IV, ст. 39, с. 126 <https://psibook.com/library/1021/27.html>
6. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы: Метафизика, II том. – Астана: “Лотос-Астана”, 2007., - 336 б. (“Катагурийас” кітабы. 4-бөлім: Қатынас және ара қатысты туралы пайымдау. 237-242бб., 5-бөлім: “Қаиан?” категориясы туралы пайымдау. 242-243бб., 6-бөлім: “Қайда?” категориясы туралы пайымдау. 243-244бб., 7-бөлім: Жай туралы пайымдау. 244-246бб., т.б. 237-264бб.)
7. Matthijs J. Koornstra Changing Choices Psychological Relativity Theory. ISBN 978 90 8728 018 5 NUR 770, Leiden University Press, 2007. Page 301-398.
8. Құран-Кәрім. Халифа Алтай аудармасы. Әнфал сүресі: 53-аят. - 184 б.
9. Bailey, Charles. A general theory of psychological relativity and cognitive evolution. 2006. - Page 63. <https://www.researchgate.net/>
10. Теория относительности Эйнштейна <http://wikinauka.ru/fizika/>

МРНТИ:15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.11>

М.П. Оспанбаева<sup>1</sup>, Н.Т. Дүйсенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының  
Жамбыл облысы бойынша филиалы,  
Тараз қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Тараз қ., Қазақстан

**СТУДЕНТТІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ  
ОҚЫТУШЫ ЭМПАТИЯСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ**

Аңдатпа

Мақалада жоғары оқу орны оқытушысының эмпатия деңгейінің студенттің академиялық жетістіктеріне ықпалы қарастырылды. Осы саладағы соңғы зерттеулерге талдау жасау барысында, ғылыми мәселе анықталып, болжам құрылды. Эмпатия педагогқа тән кәсіби сапа деңгейінде қарастырылып, оның мазмұны өзара әрекеттесу жағдайында студенттің жан дүниесін сезіну, ойын ұғу, жанашырлық таныту және оқу жетістігіне мүдделі болу деп анықталды. Зерттеу болжамын тексеру үшін жүргізілген экспериментке Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы және 2-курс студенттері қатысты. Лонгитюдті әдіс аясында түлектің оқуға қабылдану кезіндегі нәтижесі, яғни Ұлттық бірыңғай тестілеу баллынан бастап, 4 семестр бойындағы оқу жетістігінің орташа баллын сараптау арқылы сыналушының оқу үлгерімінің үрдісі анықталды. Қосымша сауалнама жүргізіліп, студенттің оқу көрсеткішіне ЖОО-ның білім беру кеңістігінде қалыптасқан ахуал, оқытушымен қарым-қатынас, ПОҚ эмпатиясының әсері зерттелді. Осындай сауалнама оқытушылар арасында да өткізіліп, оның нәтижесіне салыстырмалы талдау жасалды. Эмпатия деңгейі жоғары оқытушылар аса сезімтал, студенттердің мәселелеріне бей-жай қарамайды, білім алушылардың жоғары оқу жетістіктеріне мүдделі. Ал, эмпатия деңгейі орташа оқытушылар үшін “не тындырды?” сұрағы “қалай жасады?” сауалынан жоғары тұрады; дабылды жағдайда болмаса, студенттің жеке ахуалынан хабарсыз, сондықтан да қолдау, көмектесу жағы кемшін. Эмпатия деңгейі төмен оқытушылардың педагогикалық техникасы “бір жақты монологты” көрсетеді; интеракция болмауы салдарынан студенттердің академиялық көрсеткіштері төменірек. Эксперимент қорытындысы студенттің оқу жетістігіне оқытушы эмпатиясының қатыстылық ықтималдылығы жоғары деп белгіленген зерттеу болжамын растады.

**Түйін сөздер:** оқу жетістігі, эмпатия, академиялық көрсеткіш, үлгерім, студент, оқытушы, білім кеңістігі.

*M.P. Ospanbaeva<sup>1</sup>, N.T. Duisenova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Zhambyl branch of the Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan,  
Taraz, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Taraz state pedagogical University,  
Taraz, Kazakhstan*

## **THE IMPACT OF A TEACHER'S EMPATHY ON A STUDENT'S ACADEMIC PERFORMANCE**

### *Abstract*

The article deals with the influence of the level of empathy of a university lecturer on academic performance of a student. During the analysis of recent research in this field, a scientific problem was identified and a forecast was made. Empathy was seen as a professional quality specific to the teacher, and it was found to be about identifying a student's psychological state and feeling empathy and interest in academic performance. To test the research hypothesis the teachers of Taraz State Pedagogical University and 2nd year students were involved in the experiment. According to the Longitude method, the results of enrollment of the graduate, i.e. the process of the examinee's performance, were determined by GPA analysis of the for 4 semesters, starting with the Unified National Testing (UNT). An additional survey was conducted to study the impact of the current situation in the educational space (area) of the university, the relationship with the teacher, the teachers' empathy on the student performance. A similar survey was conducted among teachers and a comparative analysis of its results was made. Teachers with a high level of empathy are receptive, not indifferent to the problems of students, interested in the learning achievements of students. And for teachers with average level of empathy, the question "what did you do?" is above the question "how did you do?"; and the process of interaction, support, assistance is poorly expressed. For teachers with a low level of empathy, the technique of "one-sided monologue" prevails, and as a result, students' academic performance is lower than in other disciplines. The results of the experiment confirmed the hypothesis of the research, which establishes the probability of involving the teacher's empathy in the academic achievements of a student as high.

**Keywords:** learning achievement, empathy, academic performance, student, teacher, educational space (area).

М.П. Оспанбаева<sup>1</sup>, Н.Т. Дуйсенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Жамбылский филиал Академии государственного управления при Президенте РК,  
г.Тараз, Казахстан

<sup>2</sup>Таразский государственный педагогический университет,  
г.Тараз, Казахстан

## ВЛИЯНИЕ ЭМПАТИИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ НА АКАДЕМИЧЕСКИЕ ДОСТИЖЕНИЯ СТУДЕНТА

### Аннотация

В статье рассматривается влияние уровня эмпатии преподавателя вуза на академические достижения студента. В ходе анализа последних исследований в этой области, была определена проблема изучения и сформирована научная гипотеза. Эмпатия рассматривалась как профессиональное качество, присущее педагогу, и было установлено, что оно состоит в распознавании психологического состояния студента, сопереживании, и заинтересованности в учебных достижениях. В эксперименте, по проверке гипотезы исследования, приняли участие студенты 2-курса и профессорско-преподавательский состав Таразского государственного педагогического университета. На основе лонгитюдного метода исследования, было выявлено качество обучения испытуемого: сопоставлены результаты Единого национального тестирования при зачислении в вуз и средний балла успеваемости (GPA) за каждый семестр. В результате анкетирования было установлено влияние условия образовательного пространства университета и отношении профессорско-преподавательского состава, на успеваемость студента. Аналогичный опрос был проведен и среди ППС. Преподаватели с высоким уровнем эмпатии восприимчивы, не равнодушны к проблемам студентов, заинтересованы в учебных достижениях обучающихся. А для преподавателей, со средним уровнем эмпатии, вопрос “что сделал?”, относительно действия студента, стоит выше вопроса “как сделал?”; и слабо выражается процесс взаимодействия, поддержки, помощи. У преподавателей, с низким уровнем эмпатии, преобладает техника “одностороннего монолога”, и как следствие того, академические показатели студентов ниже, чем по другим дисциплинам. Результаты эксперимента подтвердили гипотезу исследования, в которой установлено, что высока вероятность влияния эмпатии преподавателя в академические достижения студента.

**Ключевые слова:** учебное достижение, эмпатия, академический показатель, успеваемость, студент, преподаватель, образовательное пространство.

Қазіргі Қазақстан қоғамында жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер легі жоғары мектепке тың серпін беріп, ондағы академиялық үрдістің жаңғыруы мен дамуына айтарлықтай әсерін тигізу үстінде. Елдегі қалыптасқан ахуал - қашықтықтан оқытуға көшірілу жағдайында, жоғары білім беру саласында бірқатар маңызды мәселелер туындап отыр. Солардың бір парасы - болашақ маманның гуманистік бағдары мен моральдық жауапкершілігін дамыту қаншалықты оңтайлы жүзеге асырылмақ? «Бетпе-бет» оқыту аясында аса елене бермейтін, оқытушы мен студент арасындағы энергия алмасу құбылысы, қай кезеңде де, білім беру тиімділігін арттыратын қуатты психологиялық құрылым. Осы саладағы соңғы зерттеулер оқытушы бойындағы болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды қасиеттердің бірі жанашырлық, яғни эмпатия деп тұжырымдайды.

Эмпатия тұлғааралық қатынастардың үйлесіміне, өзара түсіністік пен адамгершілік қасиеттерінің дамуына, кісілік келбеттің көркеюіне ықпал етеді. Педагогикалық психологияда эмпатия қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу жағдайларында көрінетін оқытушының жеке қасиеті ретінде түсіндіріледі. Ю.В. Гиппенрейтер, С. Роджерс, В.И. Долгова, А.В. Козина, Кондратьев, Г.Ф. Михалченко, Н.Ю. Синягина, М.Ю. Тюлин, Е.А.Хрусталева және т.б. зерттеулерінде эмпатияның гуманистік әлеуетіне баса назар аударылады. Ал М.А. Абалакина, В.С. Агеев, Х.Т. Шериазданова, Г.М. Андреева, В.В. Знаков, Д.Майерс, Р.Х.Шакуров, Т.Шибутани, Р.Б. Қарамуратова және т.б. зерттеулерінде эмпатия қарым-қатынас үрдісінде өзара түсінудің әлеуметтік-психологиялық тетігі ретінде қарастырылады. Үшінші бір зерттеушілер тобы - В.Дильтли, К.Юнг, С.Шем, Х.Хекхаузен,

У.Е.Мелибруда, В. Мегуль эмпатияны психотерапевтік ресурс ретінде негіздейді. Жалпы алғанда, эмпатия жеке тұлғаға тән сапа, даралық қасиет, кісілік келбетті нақыштай түсетін көп қырлы феномен [1].

Ал біз, өз зерттеуімізде, эмпатияны педагогқа тән кәсіби сапа деңгейінде қарастыра отырып, оның мазмұнын өзара әрекеттесу жағдайында студенттің жан дүниесін сезіну, ойын ұғу, жанашырлық таныту және оқу жетістігіне мүдделі болу деп анықтадық. Осы саладағы соңғы зерттеулерге ғылыми-теориялық талдау жасау барысында, ғылыми мәселе анықталып, жұмыс болжамы құрылды: ЖОО оқытушысының эмпатия деңгейі студенттің академиялық жетістіктеріне ықпал етуі ықтимал. Эксперимент Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде жүргізілді. Мақсатты аудитория ретінде 2-курс студенттері және оларға сабақ берген профессор-оқытушылар құрамы іріктелді.

Эксперименттік зерттеу үш бағытта жүргізілді:

- сыналушылардың академиялық үлгерімін сараптау;
- оқытушылардың эмпатия деңгейін онлайн-диагностикалау;
- студенттер арасында сауалнама өткізу.

Экспериментке қатысуға ерік білдірген 105 студенттің академиялық үлгерімі лонгитюдті әдіс бойынша зерттелді: түлектің оқуға қабылдану кезіндегі нәтижесі, яғни Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) баллы анықталды; әр оқу семестрі (4) аясындағы оқу жетістігінің орташа баллы (GPA) алынды; сызықтық өлшем бойынша, бірыңғай сараптау арқылы әр сыналушының оқу үлгерімінің үрдісі анықталды. Олар шартты түрде 3 топқа топтастырылды.

Оқу жетістігінің жоғары деңгейі: 89 - 100%.

Орташа үлгерім: 77 - 88%.

Төмен деңгей: 51 - 76%.

Сыналушылардың 21 пайызының академиялық үлгерімі жоғары; 68 пайызының үлгерімі орташа; 11 пайызының көрсеткіші төмен болып шықты.

Келесі кезекте оқытушылардың эмпатия деңгейі диагностикаланды. Онлайн режимінде жүргізілген сынаққа 48 адам қатысты, оның 70% - әйел, 30% ер адамдар. Зерттеу құралы ретінде тұлғаның эмоционалдық эмпатия деңгейін анықтауға арналған Альберт Мехрабиан пен Норман Эпстайн құрастырып, ал орыс тіліндегі нұсқасын Ю.Орлов пен Ю.Емельянов дайындаған тест қолданылды [2]. Сынақ қорытындысы бойынша оқытушылардың эмпатия деңгейінің ең төменгі шегі 13 балл, ең жоғары шегі 29 баллды құрап, оның 3 түрлі даму деңгейін көрсетті: жоғары, орташа, төмен. Сыналушыларды жынысына қарай саралау нәтижесі бойынша ер адамдардың арасында эмпатияның жоғары деңгейі 21%, орташа - 64%, төмен - 15% болса, әйел адамдардың көрсеткіші келесі деректі құрады: жоғары - 21%, орташа - 59%, төмен - 20%. Демек, жынысына қарай саралап талдау айырмашылығы - 5%. Жалпы нәтиже бойынша сыналушылардың эмпатия көрінісінің жоғары деңгейі 21 пайыз, орташа деңгейі 61 пайыз, төменгі деңгейі 18 пайыз екенін анықталды. Эмпатия дамуының жоғары көрсеткішін респонденттің педагогикалық қызметтегі табыстылық факторы ретінде қарастыруға толық негіз бар. Себебі, адами ресурс жоғары бағаланған ортада өндіріс тиімділігі арта түседі [3].

Эмпатия деңгейі жоғары оқытушылар студенттерге жанашырлық танытады; эмоционалдық тұрғыдан сезімтал, көкірек көзі ашық, құлағы түрік; студенттердің мәселелеріне бей-жай қарамайды, сәйкесінше мұндай педагогтардың студенттермен аудиториядағы арақатынасы тек білім берумен ғана шектелмейді; олар білім алушылардың жоғары оқу жетістіктеріне мүдделі. Эмпатия деңгейі орташа оқытушыларға тән ерекшелік - тұлғааралық қарым-қатынаста олар адамдарды іс-әрекетіне қарай бағалауға бейім; нәтижені бірінші орынға қояды. Олар үшін “не тындырды?” сұрағы “қалай жасады?” сауалынан жоғары тұрады. Аудиториядағы қарым-қатынас стилі ресми сипатта болады. Дағдарысты жағдайларда болмаса, студенттің ахуалын, тығырыққа тірелу оқиғаларынан аса хабарсыз, сондықтан да жеке мәселелерді түсіну және көмек қолын созуға өте сирек тырысады.

Эмпатия деңгейі төмен оқытушылар студенттердің мәселелерін түсінуге ықылас білдірмейді, олардың сабақ үстіндегі тосын қылықтарына мән бермейді, тек өз пәні бойынша бағдарлама шеңберіндегі білім көлемін тасымалдаумен болады. Студентпен қарым-қатынасқа аса құлықты емес; олардың қызығушылықтарына ден қоймайды. Оқу аудиториясында интерактивті сұхбат орнамағандықтан, оқытушы әдістемесі “бір жақты монологты” көрсетеді. Нәтижесінде студенттердің академиялық оқу жетістіктерінің көрсеткіштері өзге пәндермен салыстырғанда төменірек болады. Мұндай оқытушылар заманауи-элеуметтік құзыреттіліктерді (soft-skills) жетілдіруге күш жұмсауы тиіс [4].

Сонымен, оқытушы эмпатиясы студенттердің оқу үлгеріміне әсер ететін маңызды факторлардың бірі екені анықталды. Тұжырым біржақты болмас үшін, зерттеуге студенттерді де қатыстырып, олардың көзқарасын талдау, пікірлерін білу жөн деп ұғындық. Студенттер арасында өткізілген сауалнама 11 сұрақтан құралып, 3 түрлі пікір бойынша бағалау ұсынылды. Сыналушылардың **59%** (жартысынан астамы) академиялық жетістігін оқытушының жанашырлық қатынасымен байланыстырды. Ол келесі жауаптардан көрінді: “Профессор-оқытушылар құрамы студенттердің жоғары оқу үлгеріміне ынталы” (88%), “Студенттің көңіл-күйімен санасады” (74%), “Сабақ үстінде көңіл хошы болмай отырған студентке әрдайым жеке қатынас жасайды” (43%). Бұдан шығатын қорытынды - студенттер ЖОО оқытушыларының қамқорлығы мен жанашырлығын ұдайы сезінеді және басым бөлігі өздерінің оқу көрсеткіштерін оқытушының эмпатия жағдайымен байланыстырады. Сыналушылардың **22%** бұл пікірмен келісуге дайын: “Студент қиналысын сезген оқытушы оған жанашырлық танытып, көмек қолын созуға дайын” (37%), “Өз жұмысының нәтижелілігін студенттің жоғары оқу жетістігімен байланыстырады” (23%), “Оқытушы жанашырлығы оқу үлгерімінің жоғары болуына тікелей ықпал етеді” (22%), т.б. Респонденттердің **19%** берілген мәселені қабылдамайтындықтарын көрсетті: “Оқытушы жанашырлығы оқу үлгерімінің жоғары болуына тікелей ықпал етпейді” (19%), “Сабақ үстінде көңіл хошы болмай отырған студентке әрдайым жеке қатынас жасала бермейді” (19%), “Қиналған студентке оқытушы жанашырлық танытпайды” (14%). Олардың пікірінше, оқытушының эмпатиялық қасиеті студенттің академиялық жетістіктеріне айтарлықтай ықпалын тигізбейді; бұл оқу мазмұнының күрделілігі, оқытушының әдістемелік шеберлігі, студенттің интеллектуалдық мүмкіндіктері сынды маңызды құрамдас бөліктерден тұрады.

Эксперименттік зерттеу нысандарының арасындағы байланыс және қорытынды нәтиже 1-кестеде бейнеленді.

1-кесте: Оқытушының эмпатия деңгейінің студенттің академиялық жетістіктеріне ықпалын эксперименттік зерттеу нәтижесі

Көрсеткіш (%)	Зерттеу нысандары			Орташа мәні
	Академиялық үлгерім	Профессор-оқытушылар құрамының эмпатия деңгейі	Студенттер пікірі	
жоғары	21	21	59	34
орташа	68	61	22	50
төмен	11	18	19	16

Болашақ маманның психологиялық портреті ЖОО-да қаланатынын ескерер болсақ, студентті “Педагогтың кәсіби стандартына” барынша сәйкестендіру үшін арнайы құзыреттіліктерді жетілдіру ләзім. Халық арасында кеңінен тараған “Адам жанының инженері”, “Бала бағбаны” деген теңеулер оны иеленушіге жоғары эмпатиялық қасиетті меңгеруді міндеттейді. Оны жетілдірудің бірден бір құралы - рефлексия. Рефлексия студенттерді оқу сапасы туралы, ал оқытушыларды оқу нәтижелерінің жетістік деңгейі және ілгерілеуі туралы объективті, үздіксіз және нақты деректермен қамтамасыз етеді. Сондықтан, әр педагог өз жұмысында ұдайы рефлексия жасап отыруға әдеттенгені жөн. Академиялық жетістіктің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін кәсіби рефлексияның 3 түрі ұсынылады: сабаққа дейін, сабақ үстінде, сабақтан кейін. Рефлексияның негізгі құралы - сауал, яғни жағдайға сәйкес, өзіне өзінің орынды сұрақ қоя білуің. Олай болса, аса маңызды деп танылатын басты сауалдар қатарын оқытушы өзі ғана біліп қоймай, болашақ педагогикалық әрекетінде қолдануы үшін студенттің де меңгеруіне күш жұмсауы қажет. Сонымен, *сабаққа дейін*, яғни жоспарлау үрдісінде “Сабақ жоспары оқу мақсаттары және күтілетін нәтижелерден тұрады”; “Студенттердің қабілеттері мен қажеттіліктерін анықтай аламын, мұны қалай жүзеге асыруға болатыны туралы жоспарым бар” міндеттерін пысықтауы шарт. *Сабақ үстінде* “Студенттердің бір-бірінен үйренуіне, өз білімдеріне жауапкершілікпен қарауларына және өз нәтижелерін бағалауларына мүмкіндік беремін”; “Студенттердің жұмысына сындарлы кері байланыс беремін”; “Студенттердің тапсырманы орындау нәтижелерін осы сабақта және келесі сабақты жоспарлау кезінде пайдаланамын” ұйғарымдарын үнемі назарда ұстауы тиіс. *Сабақтан соң* “Оқу мақсатына жетті ме?”; “Не орындалды, нені орындау керек еді? Не орындалмады?”; “Келесі жолы басқаша қалай жасауға болады?” сауалдарына талдау жасауы қажет [5].

Оқытушы үшін рефлексия эмпатияға жетелер жол, дегенмен, жанашырлық шекарасы, жағдайға бойлау терендігін сақтау маңызды. Межеден асып кету студент, немесе оның айналасындағылар тарапынан жағымсыз реакция тудыруы және теріс нәтиже беруі мүмкін. Педагогикалық практикада оқытушы өзін “кәсіби күй” синдромынан сақтай білуі үшін “топтық эмпатияны” ұстанғаны жөн [6]. Бұл жағдайда академиялық топ студенттерінің жалпыпсихологиялық ахуалы, интеллектуалды даму деңгейлері ескеріледі. Эмпатия - бұл даналықтың аумағы, ол өз кезегінде әрбір адамның рухани деңгейін құрайды. Шын мәнінде табысты, әрі бақытты болатындар - рухани бай адамдар [7].

Қорыта келе, ЖОО білім беру үрдісіне заманауи көзқарас «студент-оқытушы» жүйесін жетілдіруді талап етеді. Эмпатияны дамыту үшін оқытушы тарапынан шынайылық, жанашырлық, тыңдау және түсіну сынды негізгі ережелер сақталған жағдайда, студенттің оқу жетістігі айтарлықтай артатыны сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Долгова В.И., Мельник Е.В. Эмпатия и коммуникативная компетентность. – Челябинск: Изд-во «АТОКСО», 2007 – 253 с.
2. Опросник эмоциональной эмпатии: в книге Психодиагностика толерантности личности. Под ред. Солдатовой Г.У., Шайгеровой Л.А., - М.: Смысл, 2008. – 172 с.
3. Суворова Н.А. Влияние педагогической эмпатии на академическую успеваемость студентов. Жарияланған мерзімі: 27.02.2017, уақыты: 19:03. <https://docviewer.yandex.ru/view/995930167/>
4. Дмитриенко Л.С. Развитие эмпатии у преподавателей Алданского политехникума как фактор повышения профессиональной компетентности. Жариялану мерзімі: 19.06.2019. <https://nsportal.ru/npo-spo/>
5. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау туралы мұғалімнің рефлексияға қатысты сұрақтары: Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулықта. О.И.Можсаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. - 54 б.
6. Никулина А.А. Эмпатия как достижение учителем оптимального состояния ученика в процессе обучаемости. <https://infourok.ru/statya>
7. Жулай А. Влияние уровня эмпатии на успех. <http://www.5starsplus.com/>
8. Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

SRSTI: 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.12>

Z.K. Kulsharipova<sup>1</sup>, T.B. Kenzhebayeva<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Pavlodar State Pedagogical University,  
Kazakhstan, Pavlodar

**TEACHER'S PROFILE MOBILITY:  
ACTIVITY METHODOLOGY OR EDUCATIONAL-PROFILE COMMUNICATIVE LANGUAGE**



*Abstract*

The problem of early profiling the children at primary school occupies one of the first places among other social and psychological problems. The modern schoolchild lives in the world that is complex in its content and ability to socialize. Even considering that to assess the problems of early profiling is very difficult we can say that the scale of this phenomenon is growing by many criteria. As we know the modern world allows children at an early age to access to a huge flow of various information, which can influence not positively sometimes because in the stages of primary school age a clear position in life is not developed, life ideals are not formed, children have no purpose to the identity of their future especially through their future profession. Modern technologies of early students' profiling are possible through the integration of informative communication technologies and technologies which are used in work with children's negativity, which leads to the elimination of attention deficit and children' hyperactivity. The characteristic features of the child are low organization and unregulated, excessive activity. Primary school teachers and school psychologists note that children at primary school age are most sensitive to social and psychological stress. It occurs there is a sharp increase in conflicted, undisciplined, unmanageable schoolchildren at this age that. It is caused by many reasons.

This article discusses the relevance and potential of student profiling systems in elementary schools. Some difficulties that may arise when constructing a profile are identified, and the question of the validity of profiles is considered. Although there is still not enough experience in this area to draw conclusions for the development of specialized education in primary school.

**Key word:** methodology of activity, language of educational and profile communication, development of early profiling, goal-setting and goal-realization.

*З.К. Кульшарипова<sup>1</sup>, Т.Б. Кенжебаева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Павлодар қ.*

**ПЕДАГОГТЫҢ БЕЙІНДІК ҰТҚЫРЛЫҒЫ:  
ІС-ӘРЕКЕТ ӘДІСНАМАСЫ НЕМЕСЕ ОҚЫТУ-БЕЙІНДІК КОММУНИКАЦИЯ ТІЛІ**

*Аңдатпа*

Бастауыш мектепте оқушыларды ерте бейіндеу мәселесі басқа әлеуметтік және психологиялық проблемалардың ішінде бастапқы орын алады. Қазіргі мектеп оқушысы мазмұны мен әлеуметтену қабілеті жағынан күрделі әлемде өмір сүреді. Ерте бейіндеу мәселелерін бағалау өте қиын екенін ескерсек де, бұл құбылыстың ауқымы көптеген критерийлерге сәйкес өсуде деп айтуға болады.

Біздің білетініміздей, қазіргі әлем балаларға ерте жастан бастап, кейде кері әсер етуі мүмкін түрлі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені бастауыш мектепте өмірдің нақты анықтамасы, өмір мұраттарының нақты анықтамасы жоқ. Балалар әсіресе болашақ мамандықтары бағытында, өздерінің болашақтарын анықтауға тырыспайды.

Оқушыларды ерте бейіндеудің заманауи технологиялары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциялануының арқасында мүмкін болып табылады, олар балалардың бойындағы сенімсіздікті, балалардағы көңіл бөлудің жетіспеушілігі мен гиперактивтілік мәселелерін шешуге қабілетті.

Біріншіден, ертерек бейіндеу - бұл бір реттік іс-шара емес, барлық оқу кезеңдеріндегі және іс-әрекеттің барлық нысандарындағы білім беру процесінің барлық қатысушыларын қамтитын жұмыс жүйесі. Бастауыш сынып мұғалімдері мен мектеп психологтары бастауыш мектеп жасындағы балалар әлеуметтік және психологиялық күйзелістерге өте сезімтал екенін айтады. Бұл жаста қарама-қайшы, тәртіпсіз, бақылаусыз оқушылар санының күрт өсуі байқалады. Бұған көптеген себептер бар.

Бастауыш мектепте ерте бейіндік оқыту - арнайы білім берудің дайындық кезеңі. Оқушылардың іс-әрекетін біріктіру және мектептегі мамандандырылған білім беру процесінің тиімділігі ерте профилактика бойынша тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** іс-әрекет әдіснамасы, білім беру және бейінді қарым-қатынас тілі, ерте бейіндеуді дамыту, мақсат қою және оларды жүзеге асыру.

З.К. Кульшарипова<sup>1</sup>, Т.Б. Кенжебаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Павлодарский государственный педагогический университет,  
Казахстан, г. Павлодар

## ПРОФИЛЬНАЯ МОБИЛЬНОСТЬ ПЕДАГОГА: МЕТОДОЛОГИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИЛИ ЯЗЫК УЧЕБНО-ПРОФИЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ

### *Аннотация*

Проблема ранней профилизации детей в начальной школе занимает одно из первых мест среди других социальных и психологических проблем. Современный школьник живет в мире, который сложен по своему содержанию и способности к гармоничному взаимодействию в общении. Даже учитывая, что оценить проблемы ранней профилизации очень сложно, можно сказать, что масштабы этого явления растут по многим критериям.

Как мы знаем, современный мир позволяет детям иметь доступ к разнообразной информации с раннего возраста, которая иногда может быть контрпродуктивной, поскольку в начальной школе нет четкого определения жизни, нет четкого определения жизненных идеалов. Дети не стремятся определить свое будущее, особенно в направлении своей будущей профессии.

Как мы знаем, что современный мир позволяет детям с раннего возраста иметь большой доступ к разнообразной информации, которая иногда может быть контрпродуктивной, потому что в период начальной школы не сформирована его реальная жизненная позиция, нет четкого определения жизненных идеалов. Дети не стремятся определить свое будущее, особенно в направлении будущей профессии.

Современные технологии ранней профилизации учащихся возможны благодаря интеграции информационно-коммуникативных технологий, которые безопасны и способны решать проблемы детских комплексов, дефицита внимания и гиперактивности детей.

Прежде всего, ранняя профилизация – это не разовое мероприятие, а стройная система работы, охватывающая практически всех участников образовательного процесса на протяжении всех образовательных периодов и всех направлений деятельности в различных формах. Учителя начальных классов и школьные психологи отмечают, что дети младшего школьного возраста наиболее чувствительны к социальному и психологическому стрессу. Оказывается, что в этом возрасте наблюдается резкое увеличение числа конфликтующих, недисциплинированных, неуправляемых школьников. Это вызвано многими причинами.

Ранняя профилизация в начальной школе является подготовительным этапом в профильном обучении.

Интеграция деятельности учащихся и эффективность процесса профильного обучения в школе позволит эффективно вести работу по ранней профилизации.

**Ключевые слова:** методология деятельности, язык образовательного и профильного общения, развитие раннего профилирования, постановка целей и их реализация.

### *Introduction*

The determining factor in the informative school community is the formation and development the early professional culture of the individual. When we speak about the formation of early profile culture of an individual it is necessary to realize the basis of early profiling as a rule and law of continuity the developing of elevating value Outlook to the future profession.

Early profiling is also a process of elevating a person. The formation of an individual significantly depends on the totality of conditions which are peculiar for a certain socio-economic situation and thus the learning process considers it as a component of the student's socialization. The essence of early profiling as a component of socialization is that students are formed as members of the society in which they will be implemented as future professionals. At school the early profiling should be implemented through the technology of modeling IPOT (individual profile trajectory of learning) of each member of the school community individually in order to master the basic social values, norms, patterns of behavior in the group.

At the same time the socialization factor at a certain stage of training begins to have a significant impact on the success of training in the system of the child early profiling. To study the quality features of early

education profiling in network profile training it is necessary to determine such characteristics of network projects in the profile direction of primary education which mainly determine its change. First of all, these characteristics include the conditions for the teacher to design an individual profile learning path.

Principles and guidelines for implementing the idea of scientific research.

Activation of early profiling as specialized creative abilities directs the General activity of students to increase the level of specialized cognitive and creative activity. Quality of education in online specialized classes [1,2].

To analyze various options of completing specialized classes for younger students we firstly conducted a survey of high school students (8th grade of school No. 7, Pavlodar city) on the necessity of early profiling in school. This mini-study was done during the period of professional practice. Students suppose that one year of pre-professional training in the ninth grade is a very short period for choosing a professional training. They point out that early profiling will help students to build their profile educational trajectory more clearly, more firmly and earlier. According to their opinion the formation of initial interest in professions is the main necessary at the initial stage of training and will lead to the solution of certain tasks; instilling respect for working people; forming a conscientious, positive attitude to job; understanding the role of labor in human life and society; forming labor skills and abilities; encouraging a conscious choice of profession and gaining initial knowledge about a variety of professions through the educational work.

This research enabled to reveal the following *principles and settings for early profiling*:

- analysis of the most effective and optimally satisfying interests and needs of students and the design of IPOT as options for recruiting a contingent of student's profile classes;

- choose of the technology for modeling conditions of high reliability and efficiency of control and diagnostic methods for enrollment in specialized classes the students who demonstrate high motivation to the concept of " quality of knowledge»;

-competitive selection shouldn't be used because the marks do not always show the real knowledge of students.

The advantage of these recommendations for primary school teachers is cost-effectiveness and morality.

First of all the main factor for early profiling at its stages is recommendation to develop not only educational and cognitive activities by teachers. Primary school students learn phonetics and increase their vocabulary which allows them to master complex forms of speech activity. Visual-imaginative thinking dominates, there is a gradual transition to the abstract-logical level of mental activity and it is important to be able to manage the processes of perception. It is characterized by the formation of perceptual-intellectual actions as a system of thinking in the beginning and forms children' bright positive emotions in the process of their creative interaction and communication.

#### *Methods*

The technology of early specialization as we said before require thorough planning teacher's activities and the logic of learning as the results of knowledge and successful completion of an individual profile learning path. Teacher's task is to take into account student's personal motivation, future self-determination, value-semantic choice providing the unity of the design stages of goal setting and its realization. They promote student's value-target awareness and acceptance of a personal-significant goals of specialized training [3,4,5].

#### **1. System of indicators and scientific research criteria.**

The system of indicators and criteria for scientific research of profile development at the initial stage of primary school education is one of the main issues of our research.

We should not forget the fact that there is no specific system for allocating indicators, criteria and levels of the early profiling process.

Using the "Profile-educational tracks" at the stages of early profiling we have defined a system of indicators and criteria for scientific research.

The technology of designing IPTE in early profiling is the basis for choosing criteria and levels of the process of cognitive development and as a level of preserving psychological and mental health.

The planned results of training in IPTE are a system of direct vision the results by the student and the teacher which give an idea of the student's and the teacher's status actions: personal, regulatory, communicative, cognitive, refracted through the specifics of technological actions of a particular subject. The teacher is the arbiter in relationship regulation.

The teacher tracking the results of monitoring the development of specialized abilities at the stages of profiling makes it possible to draw conclusions about how and in what direction it is necessary to build the stages of early profiling as a process where the level of achievement increases for each student.

We selected a monitoring map for determining the criteria for accelerated development of specialized abilities (Tab.1)

Table 1 -Indicators and parameters of the process' formation the cognitive activity of specialized abilities development at the stages of early profiling.

	№	Indicators and parameters of the formation of the process of cognitive activity
I	<b>Personal criteria</b>	
	1.1	The formation of the internal position
	1.2	Obeying orders
	1.3	Participation in the environment
	1.4	Compliance with basic standards
II	<b>Communication criteria</b>	
	2.1	Compliance with standards and rules of behavior
	2.2	Ability to speak your own opinion
	2.3	Ability to perform joint activities in a coordinated manner
	2.4	Showing leadership
III	<b>Regulatory criteria</b>	
	3.1	Ability to organize your activities
	3.2	Ability to evaluate your success
	3.7	Attending events
	3.8	Achievements (certificates, diplomas, letters of thanks, etc.)
IV	<b>Educational UDS</b>	
	4.1	Final academic performance (for a certain period)
	4.2	Ability to analyze and classify training tasks
	4.3	Ability to solve problems or tasks
	4.4	Achievements (certificates, diplomas, letters of thanks, etc.)
V	<b>Information and communication skills</b>	
	5.1	Using the rules of the game
	5.2	Participation in various competitions
	5.3	Achievements (diplomas, letters of honor, etc.)

As a result, students do not acquire traits that are undesirable to the school community. In addition, the student himself even if the external conditions are not positive enough for him to be on the line of socially approved behavior.

Socialization as a component of primary school children early profiling almost always has a deviation. Deviant failed socialization is one of the reasons for not forming a clear idea of their abilities and right choice of profession in the future.

Timing and successful student's socialization and the built-in IPTE model prevents the development of deviant behavior, contributes to the prevention of offenses among children and adolescents, solution of psychological problems in communication and in the family. The social status of the family can be also an important reference point in the child early profile and can also lead to the cause of deviant behavior. The weakening or even breaking of family ties between children and parents and parents' over-employment, conflict situations in the family, cases of child abuse, the lack of a favorable emotional atmosphere in the family and typical parents' mistakes in upbringing children affect the children behavior. Thus, we can't say that the early profiling program does not depend on other conditions.

As negative reasons that affect the development of the child it is possible to consider the number of children in the family, the presence of one parent - the so-called incomplete families, and the situation when children are brought up by their grandmothers or guardians. Of course, the well-being of the family is also affected by factors such as parents' alcoholism, unemployment and psychological abnormalities. Family problems should be considered as an independent socio-psychological factor which the teacher can not discard and say that everything is in the master teacher's hands.

Children find it difficult to master positive social experiences in families where the relationship between children and parents is characterized by indifference and hypocrisy. A child in such a family loses the need to communicate with their parents early. The tendency to deviant behavior is observed in children who do not recognize the authority of their parents, do not respect them. This attitude develops if they notice a discrepancy when comparing their parents' words and actions with social norms. What should we do about this? Family well-being is a complex of actions of various types related to educating parents to perform the educational functions of the family which cause positive changes, both for parents and for the child's personality. Schoolchildren socialization at the initial stage is not always successful. Moreover, the result is not successful and never reaches the ideal, both on the social and personal level, and the society itself, its social institutions and organizations do not fully realize their functions. But nevertheless, the choice is up to the teacher, his experience and the experience of the teaching staff.

Choosing a certain psychological and pedagogical training technology teacher evaluated the real possibility of achieving the learning goals. They are not limited to a single technology but combine various types of educational activities, using their own techniques which are developed on the basis of personal creative pedagogical experience. A competitive future graduate depends on the degree of the learning process specialization and it should be independent, mobile but the most important idea, perhaps, proactive and creative with flexible thinking, the ability to choose the best solutions in non-standard situations, to develop new directions of their own independent profile route. Profile direction at an early stage of training is the formation and development of an individual, the main indicators of which are: profile independence, mobility, the ability to act in a team. Have a look in the pedagogical dictionary [4,5].

#### *Results and Discussion*

Independence is the ability of student's personality to perform activities without additional interference from the outside. Independence of thinking is the ability to independently analyze the phenomena of life and nature and give them a correct assessment, to be able to maintain their own opinion.

Self-learning in the IPTE model is the process of directly obtaining specialized skills through their own aspirations and the chosen means themselves. The structural elements of this model are self-knowledge, self-regulation, self-organization, self-realization, self-education, self-education, self-determination. Individual self-development is the ability to become and be a true subject of their own actions for the practical transformation of the future profession.

#### **1. Profile mobility of a teacher – the methodology of activity or language of educational and profile communication.**

And here the issue concerns the methodology of early profiling-profile mobility. And the integration breadth of intellectual and productive forces and resources into action as a set of profile potential in a competitive school environment is on the first place.

Evaluation of the term "methodology of profile mobility" refers to the process of functioning, reproduction and development of the school and pedagogical community in an integrative form, which requires the development of a **special conceptual communication apparatus**.

So, communicative mobility acquires variety and versatility in the use of the IPTE model as an individual student's route. But, future professionals in the conditions of technologization turned out to be outside, which led to misunderstanding, because the communication process is no longer identical and universal, so it is impossible to find matches in the target positions of communication subjects.

It is customary to understand under communicative mobility the ability of communication subjects in the educational process, the speed of orientation in a collaborative environment, finding the right forms of communication, generalization of educational material, the ability to quickly change the content in a professional direction [6].

And this specific activity in the learning process needs to be corrected through the communication apparatus which helps to generalize common target positions in a group of peers, which leads to qualitative transformations of the overall group activity and as the ability of everyone to adapt to competition in the group [7].

**In the system of early profiling we distinguish several types of communicative mobility:**

- *profile mobility* as an effective way to develop profile opportunities not only at the individual level but also the possibility of integration in the sphere of school society;

- *psychological mobility* (plasticity, flexibility, adaptability, high energy resource) as a property that characterizes the speed of children adaptation in the form of necessary independence, openness to new specialized experience:

- *communicative mobility*- readiness to use the communication language;

- *neuro-linguistic mobility* in socio-economic conditions as *an active readiness* and ability of students to adapt to the speed of understanding decisions in changing educational work conditions.

**2. Profile mobility as a combination of successful development of bio-psycho-neuro-lingua technology in the framework of its future focus.**

So, the language of educational-profile communication is a profile thesaurus of communication. Profile methodology is the science of rules, methods and means to ensure unity and ways to achieve the desired goal but we need an accurate measure of the innovation ideas design and their meaning - both product and process.

Some components of the ideas definition in terms, concepts and categories seem to us very controversial for the main features of the definition the word and therefore subjective speculation is possible in the process of reading and understanding ideas in verbal expression.

In the conditions of early profiling is necessary to learn how to interpret these scientific meanings of different topics and profiles and signate them with special words – keywords, terms, concepts and categories that form the basis of scientific understanding.

*Term* is a word or stable phrase which has a specific scientific or *special concept* assigned to it. The term *category* is used at different levels and comparison. Term is *a word* or stable phrase that has a specific scientific or *special concept* assigned to it.

Scientific *concepts* are signified by special words-terms.

*Category* is a general form of various relationships which we can establish between beings or ideas. Categories are characterized only by relativity, variability and fluidity.

**3. The profile communication thesaurus mechanisms.**

First of all, students need to learn the rules for using keywords, terms, concepts or categories as a thinking capacity. Keyword-level thinking is an elementary form of thinking. At the level of terms these words fix the results of knowledge in a material form. A concept is a form of thinking that reflects objects and their attributes and properties. Concepts in a language are represented by separate elements or components. The content of the concept is the features of objects reflected in this concept. The signs are taken in a certain unity of connection and relationship. Thinking at the level of categories is the universal thought form.

Such refinements in early profiling make easier formal logic to perceive various aspects of the entity in key words, terms, concepts and categories that form the basis of scientific understanding.

And in our opinion, it is necessary to define this phenomenon in accordance with the law of the inverse relationship between volume and content and the transition from the concept with a smaller volume to the concept with a larger scope. It indicates that the less or more information about items contained in terms, concepts, and categories the narrower or wider are the class of occurrence of the item. The profile thesaurus of communication or information search thesaurus allows us to find relevant projective fragments and disciplines the search for truth, allows to save time and effort, and move to the goal in the shortest way. The main function of the method is to regulate cognitive and other forms of activity [8].

Usually the information search thesaurus is called a metalanguage of functional communication: "teacher-teacher", "teacher-educator", "teacher - mentor" and "teacher - master". It is important for achieving the goal of educational communication and this process is considered as a professional and communicative competence for a teacher in the field of their specialty.

The essence of an information retrieval thesaurus as a meta-language is that it is a system of specific definite signs in which the main role is played by relations of terms meaning formation the, concepts and categories in the hierarchical structure of the iconic product, i.e., the presence of symbolic units of varying degrees of complexity in the understanding of the object and things phenomena.

The schematic signs of the metalanguage are composite elements of signs with a stable combination of the sign-symbol system, which are inextricably linked and form a single whole understanding.

Metalanguage as a single system has units of circuit signs that form different levels of organization of the keywords semantic system.

Certain structures of metalanguage at the level of concept formation can be divided into their features and properties, elements and components, connections and relationships. Thus, the system should be considered as a system.

In particular, the nature of the relationship of the meaning formation level between these technical structures of metalanguage and their dependence on the system is determined by the extent to which they are associated with the concept expression and other phenomena of human consciousness.

Бұл қасиеттерді қалыптастыру Бастауыш мектепте басталады және оқытудың барлық деңгейлерінде білім беру мазмұнын табысты меңгеру үшін базалық болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының өз бетінше, мұғалімсіз білім алу ниеті мен қабілетін қалыптастыру-мектепте

оқу үдерісін ұйымдастырушылардың басым міндеті. Білім алу ниеті білім сапасын арттырудың маңызды факторы бола отырып, оқушылардың қызмет стилін өзгертетін танымға деген қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді[5]. Оқушылардың танымдық қызығушылығын іске асыру белсенділігінде, дербестігінде, тапсырмаларды орындауға шығармашылық тұрғыдан және қызметке үнемі ұмтылуында көрінеді. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыру-педагогикалық теория мен практиканы дамытудың қазіргі заманғы деңгейіндегі өзекті мәселелердің бірі [3]. Педагогикалық ғылым және мектеп тәжірибесі оқушылардың танымдық күшін ынталандыратын әдістер мен ұйымдастырушылық формаларды қолдану тәжірибесін жинақтады. Оқытудың осы жағына деген қызығушылық соңғы жылдары күшейе түсті. Оқыту процесін жандандыруда қоғамның бастауыш білім беру талаптары мен оқытудың жаппай тәжірибесі арасындағы, педагогикалық теория мен мектеп тәжірибесі арасындағы шиеленіскен қайшылықтарды еңсеру мүмкіндіктері туындайды[5]. Сондықтан кіші оқушының танымдық қызығушылығын, белсенділігін оның қызметінің түрлі түрлерінде дамыту қажет, өйткені бастауыш сынып оқушыларының таным процесі әрқашан мақсатты емес, негізінен айыпсыз, эпизодтық. Танымдық іс-әрекетті жандандыру мәселесі әрдайым педагогтар алдында тұрды. Сократ өз тыңдаушыларын логикалық ойлау, шындықты іздеу, ойлай білуге үйретті. Ж.-Ж. Руссо, оқушы жаңа білім тауып, білгісі келсе, ол үшін танымдық іздеуге мәжбүр ететін арнайы жағдайлар туғызуы үшін. Песталоцци және басқа да педагогтар оқушы тек қана білім алып қана қоймай, өз бетінше білім алуын үйретеді. Алайда, бұл мәселе ХХ ғасырдың педагогикасында толық көлемде дамыды. Оқушылардың танымдық қызығушылығын тудыруға негізделген білім беру мен тәрбиелеудің біртұтас жүйесін педагогпен бірлесе жұмыс істеуді ұйымдастыруға Ш.А. Амонашвили әзірледі. Оқуға танымдық қызығушылықты қалыптастыру – оқыту сапасын арттырудың маңызды құралы екенін атап өту қажет [2]. Бұл әсіресе бастауыш мектепте қандай да бір пәнге тұрақты қызығушылықтар қалыптасқанда және анықталғанда өте маңызды. Оқушылардың өз білімдерін өз бетімен толықтыра білуін қалыптастыру үшін олардың оқуға деген қызығушылығын, білімге деген қажеттілігін тәрбиелеу қажет. Оқуға деген қызығушылықты дамытудың маңызды факторларының бірі балалардың қандай да бір зерттелетін материалдың қажеттілігін түсінуі болып табылады. Оқылатын материалға танымдық қызығушылықты дамыту үшін осы пәнді оқыту әдістемесі үлкен маңызға ие[4]. Сондықтан қандай да бір тақырыпты оқуға кірісер алдында мұғалім оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін іздестіруге көп уақыт бөлуі тиіс. Оқуға мәжбүрлеуге болмайды. Мұғалім мен оқушының нақты ынтымақтастығы оқушы мұғалім қалайтын нәрсені істегісі келген жағдайда ғана мүмкін болады. Балалардың танымдық қызметін жандандыру үшін, жұмыс мазмұнына да, формасына да қызықты элементті енгізу қажет. Танымдық іс-әрекет логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қиялды дамытады, оқуға деген қызығушылықты қолдайды[4]. Бұл үдерістердің барлығы өзара байланысты. Көптеген педагогтар оқу үдерісінде түрлі әдістемелік тәсілдерді қолданады: дидактикалық ойындар, сөздіктер мен схемалармен жұмыс істеу, интеграцияны енгізу және т. б. Ойын-бұл "еңбек атасы". Бала ересектердің қызметін бақылай отырып, оны ойынға ауыстырады. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын-сүйікті іс-әрекет түрі[2]. Ойын рөлдерін игере отырып, балалар өздерінің әлеуметтік тәжірибесін байытады, бейтаныс жағдайларда бейімделуге үйренеді. Балалардың дидактикалық ойынға деген қызығушылығы ойын әрекеттерінен ақыл-ой міндетіне ауысады. Дидактикалық ойын балалардың ақыл-ой белсенділігін тәрбиелеудің құнды құралы болып табылады, ол психикалық үрдістерді белсендіреді, оқушылардың таным үдерісіне деген қызығушылығын тудырады [5]. Онда балалар елеулі қиындықтарды жеңіп, өз күштерін жаттықтырады, қабілеттері мен іскерліктерін дамытады. Ол кез-келген оқу материалын қызықты етуге көмектеседі, оқушылардың көңіл-күйін көтереді, білімді меңгеру процесін жеңілдетеді. Ойынның мәнін жоғары бағалай отырып, В. А. Сухомлинский былай деп жазды: "ойынсыз жоқ және толыққанды ақыл-ой дамуы мүмкін емес. Ойын-бұл үлкен жарқын терезе, ол арқылы баланың рухани әлеміне қоршаған әлем туралы түсініктердің, түсініктердің жанды ағыны құйылады [3]. Ойын-бұл құмарлық пен білім алушылықтың шырқын тұтатын ұшқын". Дидактикалық ойындарда бала заттарды салыстырады, бақылайды, салыстырады, сол немесе басқа белгілер бойынша жіктейді, оған қол жетімді талдау мен синтездеу жүргізеді, жалпылама жасайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Демченкова Н., Моисеева Е. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.- М.: Білім, 2009
2. Пономарева С. Ф. Математикаға танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Қазіргі мектепте Пәнаралық байланыс. – М.: Педагогика, 1981 – 160с.
3. Бахарева Л. Н. Өлкетану негізінде бастауыш мектепте оқу сабақтарын біріктіру/ / бастауыш мектеп. – 1991 - №8-Б. 48-52.
4. Демченкова Н., Моисеева Е. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.- М.: Білім, 2009
5. Пономарева С.Ф. Бастауыш мектепте математикаға танымдық қызығушылықты қалыптастыру.- М.: Нова, 2010

МРНТИ 15.21.69

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.15>

Дүйсенбай Г.<sup>1</sup>, Жубаназарова Н.С.<sup>2</sup>, Садыкова Н.М.<sup>3</sup>, Сайлинова К.К.<sup>4</sup>, Кайратова И.К.<sup>5</sup>

<sup>1, 2, 3, 4, 5</sup> *Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби  
(Алматы, Казахстан)*

## **РОЛЬ, ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И МЕТОДЫ МЕНТАЛЬНОЙ АРИФМЕТИКИ В РАЗВИТИИ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ**

### *Аннотация*

В данной статье проведен содержательный анализ феномена одаренности, определены различные пути выявления признаков одаренности и важность развития логического мышления у детей. Также в процессе анализа данных речь идет об эффективности использования японского горизонтального арифметического метода расчета, так называемого «ментальная арифметика» в развитии логического мышления одаренных детей. В целях решения вышеуказанных задач проводится анализ истории, основных направлений и возможностей ментальной арифметики.

**Ключевые слова:** талант, одаренный ребенок, логическое мышление, ментальная арифметика.

Дүйсенбай Г.<sup>1</sup>, Жубаназарова Н.С.<sup>2</sup>, Садыкова Н.М.<sup>3</sup>, Сайлинова К.К.<sup>4</sup>, Кайратова И.К.<sup>5</sup>

<sup>1, 2, 3, 4, 5</sup> *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## **ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДА МЕНТАЛДЫ АРИФМЕТИКАНЫҢ РӨЛІ, НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Аталған мақалада дарындылық феноменіне мазмұндық талдау жүргізіліп, дарындылық белгілерін анықтаудың түрлі жолдары мен балалардың логикалық ойлауын дамытудың маңыздылығы айқындалады. Сондай-ақ мәліметтерді саралау барысында дарынды балалардың логикалық ойлауын дамытуда «менталды арифметика» деп аталатын жапондық көлденең арифметикалық есептеу әдісін қолданудың тиімділігі туралы сөз қозғалады. Жоғарыдағы міндеттерді шешу мақсатында менталды арифметиканың тарихына, негізгі бағыттары мен мүмкіндіктеріне анализдік талдау жүргізіледі.

**Түйінді сөздер:** дарындылық, дарынды бала, логикалық ойлау, менталды арифметика.

Duisenbay G.<sup>1</sup>, Zhubanazarova N.S.,<sup>2</sup> Sadykova N.M.,<sup>3</sup> Sailinova K.K.<sup>4</sup>, Kairatova I.K.<sup>5</sup>

<sup>1, 2, 3, 4, 5</sup> al-Farabi Kazakh national University  
(Almaty, Kazakhstan)

## THE ROLE, MAIN DIRECTIONS AND METHODS OF MENTAL ARITHMETIC IN THE DEVELOPMENT OF LOGICAL THINKING OF GIFTED CHILDREN

### Abstract

This article provides a meaningful analysis of the phenomenon of giftedness, defines various ways to identify signs of giftedness and the importance of developing children's logical thinking. Also in the process of data analysis, we are talking about the effectiveness of using the Japanese horizontal arithmetic method of calculation, the so-called "mental arithmetic" in the development of logical thinking of gifted children. In order to solve the above problems, the analysis of the history, main directions and possibilities of mental arithmetic is carried out.

**Keywords:** talent, gifted child, logical thinking, mental arithmetic.

Дарындылық – адам бойындағы тума қасиет деп есептеледі. Адам қабілеттілігінің жан жақтылығы дарындылық терминінің көп мағыналылығын білдіреді. Сондықтан адам дарындылығының қасиетін кешенді зерттеу бүгінгі күннің басты талабы. Дарындылық туралы зерттеулерге назар аударсақ, ғалымдардың ойы екі тарапқа бөлінеді: • табиғаттан (тұқым қуалаушылық) беріледі; • тәрбиеден (қоршаған ортадан) туындайды.

Ерте дәуірдегі грек философтары (Платон, Сократ) дарындылықты құдай берген қабілет ретінде қарастырды [1, 2]. XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Ағартушы Б. Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», – дейді [3].

Қазақ ағартушылары дарындылықтың туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбектің іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: “Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады” [4].

Дарындылық теориясының негізі Ресей педагогтары мен психологтарының еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, В.А. Крутецкий, Н.Лейтес, В.Тепловтың психо-педагогикалық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбиесі ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттілігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді [5, 786.].

Дарындылық психологиясы саласындағы жетекші отандық сарапшылар (Д.Б. Богоявленская, В.Д. Шадриков, Ю.Д. Бабаева. Н.С. Лейтес және басқалар) «дарынды бала» түсінігін «... жарқын, айқын, тамаша жетістіктерімен көзге түсетін бала» деп қарастырады [6, 16 б.]. Осылайша психикалық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау балалардың дарындылығын зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

С.В. Кузнецова төмендегідей анықтама береді: бала дарындылығы – берілген білімді кез-келген жағдайға қолдана алатын, білімнің кеңдігі, жас ерекшелігіне сәйкес жоғары белсенділігі, психикалық процестерінің дамуының жоғары деңгейлігі, дұрыс ой-түйіндерге сүйене отырып, жұмысты жемісті орындауды қамтамасыз ететін психикалық қасиеттерінің жиынтығы [7, 276.].

Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С. Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория – ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған балалар.

Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен балалар.

Үшінші категория – дарындылық күш-қажырымен ерекшеленетін балалар[8,103б.]. Сонымен қатар дарынды балалар әртүрлі салада дарынды бола алады, олар:

- ауызша / тілдік (мысалы, жазу, сөйлеу немесе оқу қабілеті),
- логикалық және математикалық (мысалы, сан және менталды арифметика),
- бейнелеу және орындау өнері (сурет, кескіндеме, музыкалық қабілет),
- Дене / қозғалыс / психомоторлық қабілет (мысалы, би),
- Тұлғааралық (мысалы, қарым-қатынас, көшбасшылық қабілет),
- тұлғаишілік (мысалы, рефлексивті, қабілеті жеткіліксіз).

Дарынды бала – бала бойында бұл қасиеттердің бірде-бірі, әсіресе, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасып үлгермейді. Сондықтан баланың дарындылық қасиеті барынша орнықсыз қасиет. Оның басқа түрге енуі немесе сөніп қалуы көзқарастың өзгеруіне байланысты кез келген сәтте орын алуы мүмкін. Осындай жағдайлар орын алмас үшін дарынды баланы қабілетіне байланысты үнемі жетілдіріп, дамытып отыру керек.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерде дарындылықтың әртүрлі түрлері ерекшеленеді: көшбасшы дарындылығы, әлеуметтік дарындылық, академиялық дарындылық және басқалары.

Біздің зерттеуіміз академиялық дарындылықпен тікелей байланысты. Себебі, дарындылық түрлері арасында білім алушылардың оқуға деген қабілеттілігінде байқалатын академиялық дарындылық (А.И.Савенков) шешуші мәнге ие және академиялық дарындылық математикалық дарындылықты да қамтиды. Соның ішінде соңғы уақытта әлемде көп қолданылып жүрген менталды арифметикаға тоқталатын боламыз. Яғни дарынды балалардың логикалық ойлауын менталды арифметиканы пайдалану арқылы дамыту жолдарын қарастырамыз [6, 18б.].

Зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін зерттеу мен оқу-танымдық іс-әрекеттің өзара байланысын ескерген жөн. «Оқу-танымдық іс-әрекет білім алушылармен арнайы ұйымдастырылған немесе адамзат жинақталған мәдениет байлығына ие болу мақсатымен ұйымдастырылған сыртқы таным» ұстанамын ескере отырып біз, зерттеу іс-әрекеті таным үдерісінің бір жолы болып табылатынын атап өткіміз келеді. Мұның өзі зерттеу іс-әрекеті оқу-танымдық іс-әрекеттің құраушысы болып табылатындығына көз жеткізе түседі.

Қазақстанның көрнекі ғалымы, профессор С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ. Ал оның дамуындағы жоғарғы деңгей қатысушы субъектілердің бірлескен ойлау іс-әрекетке ие болуы. С.М.Жақыповтың осы «макро» деңгейден «микро» деңгейге көшу жеке адамның іс-әрекет жүйесін анықтайды. Танымдық белсенділік – оқушылардың негізгі іс-әрекеті, күрделі құбылыс. Ол оқу міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап күрделі шығармашылық процестің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен және т.б. сипатталады [9, 73б.].

Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

«Логика» деген сөз грек тілінен аударғанда келесі екі мағынасы бар сөзді білдіреді:

- қисын. Мысалы істің қисыны, қисынның жоқтығы.
- ойлау туралы ғылым.

Ал, логикалық деген сөз қисындылық, қонымдылық дегенді білдіреді. Логика (грек. logike), дәлелдеу мен теріске шығару әдістері жөніндегі ғылым, белгілі бір әдіс қарастырылатын ғылыми теориялар жиынтығы.

Логиканың алғашқы тарихи нұсқасын б.з.б. 4 ғасырда ежелгі грек философы Аристотель жасаған. Ол дедуктивтік ой қорытулар теориясын (яғни силлогистиканы) қалыптастырып, логика қателердің алғашқы жіктелімін жасап берді және логикалық дәлелдеу туралы ілімнің негізін қалады [10, 642 б.].

Барлық ғылым салалары сияқты логикалық ойлауды дамыту өмір мұқтаждықтарынан шыққан. Кейінен бүлдіеялар Соркаттың еңбектерінен бастау алып, Рим философтарының еңбегінен көрініс тапқан. Сонан кейін Я.А. Коменскийдің, И.Г. Пестолоццидің, А. Дистерверттің т.б. еңбектерінде одан ары дамытылды [10, 271 б.].

Математикадағы логикалық ойлаудың аспектілері біздің отандастарымыздың еңбектерінде де айқындалған.

Психолог Н.С. Жубаназарованың еңбектерінде –бастауыш сыныпта арифметикаға кіріспені оқушыларда шама түсінігін қалыптастырудан бастайды. Арифметиканы оқытуды ұйымдастыруға қатысты, шама түсінігі негізінде бірлік бірлік түсінігін енгіземіз. Шама мен өлшеуді енгізгеннен кейін, кез келген сан өлшеу операциясының нәтижесі ретінде шығады. Бұл сандық қатынастарды бағалаудың эмпирикалық ықпалы. Сандық қатынастарды бағалауда көкарастың және оқушы позициясының өзгеруі математикалық ойлаудың дамуына, оқуы ойлауының өзгеруіне алып келеді, ал бұл математикалық білімнің мақсаты *логикалық ойлау* болып, бала өзінің көзқарастарын білуге қол жеткізе алады [11, 17 б.].

. Барлық шығыс ғалымдары Аристотельден кейінгі екіншіұстаз деп атаған Ұлы ойшылдардың бірі Әбу Насыр Эль-Фараби педагогикалық мәні бар көптеген еңбектер қалдырды. Оның өлеңдер жинағы, логикалық, музыкалық, шешендік, математикалық, физикалық ж.б. трактаттарының үлкен ғылыми мәндері болған. Ол өзінің «Логикаға кіріспе бөлімдері» деп аталатын трактатында біліммен логикалық ойлау негіздерінің талдауына тоқталады. Эль-Фараби логикалық, математикалық, музыкалық, эстетикалық дамуды және дүниені геометриялық қабылдауды насихаттады.

«Студенттердің зерттеушілік іс-әрекеті» терминін анықтаудағы авторлар көзқарастарының айырмашылықтарына қарамастан ғалымдар зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты оны қолдану саласына қарай өзгеретіндігін бір ауыздан мойындайды. Осыдан шығарып, оқу үдерісінде орындалған зерттеушілік іс-әрекеттің оқыту сипатында болатындығына көз жеткізе түсеміз және студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін білім беру үдерісіндегі субъектілердің өзара әрекетіне негізделген мақсатты бағытталып, құрылымдалған үдеріс ретінде қарастыруға болады. Нәтижесінде олар жаңа білімге ие болады, зерттеудің функционалды икемделіктері мен дағдыларын меңгереді, болашақ кәсіби қызметі мен өмірінде өзін-өзі шындау мақсатымен тұлғалық және кәсіби мәнді сапаларын дамытады.

Профессор С.М. Жақыповтың тұжырымдамасында - жеке даму мәселесі оқыту мен даму арасындағы қарым-қатынас туралы ойлармен тығыз байланысты. Оқу үрдісінде мұғалімнің тұлғасы, оның тәуелсіз қызметі, когнитивтік қызметте жеке қатысуы маңызды рөл атқарады. Оқу үдерісі екі жақты болып табылады, себебі бұл үдерісте мұғалімнің жетекші қызметі және оқушының танымдық белсенділігі ерекшеленеді [12, 15б.].

Ұлы ақын, философ, педагог Абай Құнанбайұлы балалардың логикалық ойлауын дамыту мен адамгершілік тәрбиесін бір-бірінен ажыратпаған. Табиғатпен байланыста оқытуды жақтаған Ш. Құдайбердиев, еңбектерінде табиғат аясында бала күшті, ақылды болып өсетіні жөнінде жазып, баланы логикалық ойлауға тәрбиелеу қажеттігін насихаттады. Логикалық ойлауды дамыту – ең әуелі математикалық оқу үрдісінде, есептер шығару барысында қамтамасыз етіледі. Жеке адамның логикалық ойлауы қалыптастыру математикалық және басқа оқытулардың негізгі мақсаты болуы тиіс. Себебі, логикалық ойлау адам (қоғам) мен табиғат қатынасының реттеушісі болып табылады.

Қазақтың Ұлы ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев өз кезінде осы көзқарасты қолдаған және өз еңбектерінде халықтың санасын ояту жолдарын іздеген. Логикалық ойлау қабілеті дамыған бала, өмірдің қиын ситуацияларында жол тауып шығатынын Ыбырай Алтынсарин қызықты әңгіме жанрында баяндайды.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Біздің зерттеуіміз академиялық дарындылықпен тікелей байланысты. Себебі, дарындылық түрлері арасында білім алушылардың оқуға деген қабілеттілігінде байқалатын академиялық дарындылық (А. И. Савенков) шешуші мәнге ие және академиялық дарындылық математикалық дарындылықты да қамтиды. Соның ішінде соңғы уақытта әлемде көп қолданылып жүрген менталды арифметикаға тоқталатын боламыз. Яғни дарынды балалардың логикалық ойлауын менталды арифметиканы пайдалану арқылы дамыту жолдарын қарастырамыз.

Психолог – ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі [13, 61б.].

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В. Запорожец, Л.Н. Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді. И.С. Якиманская еңбектерінде жеке тұлғаға бағытталған білім берудің мазмұны, оның құралдары мен әдістері оқушының пәндік материалға, оның түрі мен формасына таңдауын көрсетуге мүмкіндік береді, осы мақсатта зерттеушілік ойлауды модельдейтін



жеке оқыту бағдарламалары әзірленеді. Барлық оқыту, шын мәнінде, жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау, демек, ол дамытушы, жеке тұлғаға бағытталған болып табылады [14, 49б.].

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз: барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру, ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту.

Білім берудің тактильді және көрнекі әдістемелерін, оның ішінде ментальды арифметиканы пайдалану балалардың логикалық ойлауын дамытуға көмектесіп, тез шешім қабылдауға үйретеді. Негізгі ментальды арифметикалық модельдерге баланың санасында бұрынғы бар модельдің шеңберіне сәйкес келмейтін ақпаратты қосу, көбейту немесе жою және бөлу процестерін жатқызуға болады. Бір нәрсені жинау немесе қосу, пайдалану, бөлу немесе жалпылау, саралау, ақыл-ойдағы қарым-қатынас бейнесін, ересектер мен балалардың, өз құрдастарының мінез-құлқын салыстыру, талдау қабілетін дамытады. Мұндай «математикалық тәсілдер» өсіп келе жатқан адамға кедергілерден немесе пайда болған түсінбеушіліктерден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Ментальды арифметиканың шығу тарихы мен қолданылуына мән берер болсақ:

Ментальды арифметика дегеніміз - 4 жас пен 14 жас аралығындағы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған ойша есеп жүйесіне негізделген бірегей бағдарлама. Әлемде ментальды арифметиканың алғашқы бағдарламасы 1993 жылы Малайзияда пайда болған UCMAS (Universal Concept of Mental Arithmetic System) бағдарламасы. Ал жалпы ментальды арифметиканың тарихы тереңде, б.д.д. 2000 жыл бұрын ежелгі Қытай елінде абакус (суань-пань) есептеу құрылғысының пайда болуымен тығыз байланысты. Уақыт өте келе аталған есептеу құрылғысы модификациядан өтіп, қазіргі күні жапондық үлгісі – абакус (соробан) әлемдік деңгейде кең қолданысқа енді. Абакустың адам миын шынықтыру қасиетін байқаған малайзиялық профессор Дино Вонг 1993 жылы UCMAS ментальды арифметика бағдарламасын ойлап тауып ұсынды. Бүгінгі таңда бұл бағдарлама әлемнің 75 елінде сұранысқа ие болып отыр. Біздің елге UCMAS ментальды арифметика бағдарламасы 2011 жылы келген. 2015-2016 жылдардан бастап облыс орталықтарында ментальды арифметиканы оқытатын курстар көптеп ашыла бастаған [15].

Арифметика дегеніміз - сандар (бүтін және бөлшек) және оларға қолданылатын амалдар туралы ғылым. Ал ментальды арифметиканы - аталған арифметика амалдарын ойша есептеу деп түсіну керек. Осы орайда біздің ментальды арифметика «Математика» ғылымының бір саласы ғана екендігін түсінеміз. Дегенмен, ментальды арифметиканы математика, есептерді ойша шығару деп қана түсінбеу керек. Себебі, ментальды арифметика бағдарламасының негізі «абакус» құрылғысын қолданумен сипатталады. Абакуспен жұмыс істеу балалардың ұсақ моторикасын дамытып, миының екі жақ жарты шарының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Ментальды арифметика дарынды балалардың болашақ академиялық жетістіктері мен шығармашылық дамуына әсер етеді. Мәселен, балалардың назар топтау, фотографиялық есте сақтау, нақтылық және жылдамдық, өз-өзіне сенімділік, шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, есту және байқампаздық сияқты қасиеттері дамиды [16].

Ментальды арифметика мидың екі жарты бөлігінің жұмысын дамытатын қарапайым құрылғы болып табылады. Бұл әдіс арқылы интеллект, потенциал, концентрация және ұшқырлық секілді қасиеттерді дамыта аламыз. Педагогтар бұл балалардың ойлау дағдысын, ақпаратты жылдам қабылдау мүмкіндігін арттырады дейді. Яғни, бала бір уақытта бірнеше істі (есту, көру, сөйлеу, қозғалыс, т.б.) қатар атқара береді. Бұл, әсіресе, баланың назарын шоғырландыруға септігін тигізеді.

Абакуспен жұмыс жасау кезеңдері:

1 – кезең. Саусақтарды қою

Абакуспен жұмыс істеуге кіріспес бұрын қолды дұрыс ұстауды үйрену керек. Жұмыста тек үлкен және сілтегіш саусақтар қолданылады. Келесі ережелер бар:

№1 ЕРЕЖЕ


Қол жұдырыққа, екі саусақпен жұмыс істейді. Үлкен саусақты солдан оңға бір сүйектен қатардың соңына дейін көтереді. Көрсеткіш саусағы солдан оңға қарай түсіріледі.

№2 ЕРЕЖЕ

Егер бала бір қолмен терсе, онда екінші қолмен абакустың сүйектерін жаппай, шетінен ұстап тұру керек.

№3 ЕРЕЖЕ

"5" сүйекпен жұмыс істегенде тек сұқ саусағы ғана жұмыс істейді. Ол төмен түсіреді және көтереді.



1 – сурет. Абакуспен жұмыс істеу ережелері

Бірнеше рет қайталаулар арқылы барлық қозғалыстар автоматизмге жеткізіледі. Көрсетілген дағдыларды пысықтауға бірнеше тренажер көмектеседі.

№ 1 ТРЕНАЖЕР. Паровозик жүріп өтті, бәрі орнына қойды. Абакус оқу алдында тұруы керек. Үлкен саусақпен сүйекті көтеріңіз (алдымен 1, содан кейін 2, содан кейін 3 және 4), ал көрсеткіш-түсіріңіз. Ауыстырамыз қолын, әуелі оң, содан соң сол. Содан кейін екі қолмен, солдан оңға 4 сүйекке дейін жасай аласыз.

№ 2 ТРЕНАЖЕР. Бірліктері бар бағанада. Тек оң қол жұмыс істейді, сол жақ абакус сақтайды. 1-шығару, 2-шығару, 3-шығару, 4 – шығару.


№ 3 ТРЕНАЖЕР. 1-9-дан бір бағанада немесе барлық абакуста. Бір, екінші қолмен, екі қолмен. Ментальдық шот музыкамен жүзеге асырылады, өлеңдер, скакалкалар, маракастар және т.б. қосамыз.

№ 4 ТРЕНАЖЕР. А) сандарды сол қолмен тереміз. Б) екі қолмен ондаған және бірліктерді тереміз. Басты міндет-абакуста 1-ден 99-ға дейін тез теруді үйрену.

2 – кезең. Тікелей ондықпен жұмыс жасау және есеп шығарып үйрену.

Әдістеме ауызша шотты игеруге бағытталған. Бірінші сабақтарда балаларды қарапайым есептеулер негізінде абакуспен жұмыс істеуге үйретеді. Есеп солдан оңға қарай жүргізіледі, дәрежелер дәстүрлі математикада: бірліктер, ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар және т.б. сияқты [17].

Қытайлық шоттардың ерекшелігі-олар реттік санау жүйесіне негізделген. 5 санының құрамын қайталаймыз. Абакустағы жоғарғы сүйек – басты. Және жеке жоғарғы үйшікте орналасқан. Оның есімі-бес. Оны тек сұқ саусақ ғана тарта алады. Қалған саусақтарға тыйым салынады. Бұл ереже! Содан кейін 6, 7, 8, 9 саусақтардың бір қозғалысымен, бір уақытта 5 және төменгі сүйектерін көтере отырып, санауға үйренеміз. Біз 6, 7, 8, 9-ды бір саусақпен алып, бір уақытта 5 және төменгі сүйектерін көтереміз.



2 – сурет. Абакуспен есеп шығару үлгісі

Арифметикалық әрекет сияқты, абакуста бірден болмайды. Алдымен 10 және 20 сандар құрамын зерттейді. Алдымен сүйектерді санаймыз. Соңғы бағанадан бастап жұмыс істейміз. Біз сүйектерді жоғары жылжытамыз. Барлығы 4 шығады. Енді оларды төмен түсіріңіз, бесінші жоғарғы сүйек болады. Содан кейін тағы бір төменнен есептейміз. Нәтижесінде 9 саны. Жауабын оқу Алдымен моншақты бірлік разрядына түсіріңіз және тек үлкен разрядқа көшеміз – ондаған, екінші төменгі бағанада бір сүйекті кейінге қалдырыңыз. Енді ондаған санаймыз және жүздеген көшеміз.

Егер сандар екі таңбалы, үш таңбалы және т.б. болса, онда сандарды соробанда үлкен дәрежеден бастап қояды. Бұл маңызды ескерту, өйткені дәстүрлі математикада қосу мен азайту кіші дәрежеден басталады.

Есептеулерді орындау кезінде балалар менталдық карталарға қарайды. Картаны есептеу дағдыларын игергеннен кейін жасайды, балалар сананы ақылға салып, тиісті операцияларды орындау керек.

Жұмысқа екі қол қосылады, бұл оқу-жаттығу жасаушылардың пікірінше, ми жарты шарының да дамуына мүмкіндік береді. Есептеу техникасын меңгеру барысында материал қиындайды. Соробанда тек қана қосу, азайту, көбейту, бөлу ғана емес, сонымен қатар санды әртүрлі дәрежеге салуға, теңдеулерді, есептерді шешуге болады[18].

3 - кезең. Менталдық шот. Қиялмен жұмыс істеу.

Ауызша шотты игеру екі кезеңнен құрылған. Олардың біріншісінде бір уақытта екі қол әрекет ететін сүйектерді пайдалана отырып, арифметикалық әрекеттерді орындау техникасын меңгеру және танысу жүреді. Осының арқасында процеске сол және оң жарты шар қатысады. Бұл арифметикалық әрекеттерді барынша жылдам меңгеруге және орындауға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өз жұмысында бала абакусты пайдаланады. Бұл пән оған квадрат және текше түбірін есептеп, көбейту, жинау және бөлу, еркін алуға мүмкіндік береді.

Содан кейін біртіндеп шоттардан "менталдық картаға" - оларды бейнелейтін суретке ауысады. Оқытудың осы кезеңінде олар абакусты қолдануды тоқтатады және олар оған сүйектерді қалай жылжытатынын ақылмен кө алдында елестетеді. Содан кейін, балалар абакус толығымен бас тартып, менталь картасын пайдалануды тоқтатады.

Екінші кезеңнен өту кезінде балалар ақыл - ойда жүргізілетін менталдық есеп оқиды. Бала абакусты үнемі қолдануын тоқтатады, бұл оның қиялын да ынталандырады. Ми қиялды абакуспен жұмыс істей бастайды, бұл жағдайда сандарды суреттер түрінде қабылдайды. Есеп әдістемесін меңгергеннен кейін балалар абакусты пайдалануды тоқтатады, өйткені олар кейіннен елестететін есептеу жабдығын ұсынады және ақылдағы кез келген сандардың есебін орындайды. Бұл ретте, әдетте, екі қолдың саусақтарымен жұмыс жасайды.

Жылдам шоттың ментальды арифметикасын оқыту өте қызықты және тапқырлықты қажет ететін процесс болып табылады.

Қорыта келе, аталған жұмыс нәтижесінде ментальды арифметика нені дамытады?

1) Брокка аймағы. Ұпайларды манипуляциялау - ұсақ моториканың көрінісі, саусақтың ұштарындағы нерв ұштары тітіркенеді, бұл мидың тиісті аймағын (мотор кортексіні) қоздыруға әкеледі, ол сөйлеу артикуляциясы үшін жауап беретін мидың аймағына жақын орналасқан (тілдің

ауданы, тіл бұлшықетінің мотор орталығы). Бір орталықтағы қозудың фокустары жақынырақ болады. Осыған байланысты ұсақ моториканың сөйлеу артикуляциясын жақсартуға әсері түсіндіріледі. Кіші мектеп оқушылары үшін: бұл ұсақ моториканы дамыту арқылы жазуды меңгеруде, қағазбен және қайшылармен жұмыс жасаудағы табиғи қиындықтарды шешуге көмектеседі [19].

2) Интериоризация. Л.С. Выготскийдің пікірінше, кез келген психикалық іс-әрекет "ішке кіргенге" дейін, алдымен қызметте, сырт жерде дамиды. Бұл процесс интериоризация деп аталады. Психикалық арифметика бұл әрекеттің бастапқыда сырттан, есептік жазба көмегімен жүретіндігіне байланысты ойдағыдай сәтті есепті қамтамасыз етеді.

3) Мектеп жасына дейінгі балалар үшін бейнелі ойлау емес, нақты объективті әрекет: Эльконин Д.Б. Ол мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті - бұл субъектілік іс-әрекет (кескінді емес, объектілерді басқару), дәл осы абакуста шотты оқыту болып табылады. Зат арқылы, бейнелерді пайдаланып, бірден ақыл-ойда санауға қарағанда, үйрену оңай (сондықтан есептеу таяқшаларын пайдаланады).

4) Неліктен дәл осы жас? 12 жасқа дейін мидың белгілі бір жеткілікті жоғары пластикасы, мидың өсу қарқындылығы, жүйке жасушаларының көбеюі және сол және оң жарты шардың арасында нервтік байланыстардың қалыптасуы байқалады.

5) Екі жарты шар. Санау үшін бала екі қолын, сәйкесінше, екі жарты шарды қолданады, абакус сүйектерін екі қолымен жылжытады; ұсақ моториканы қолдану оның жарты шарларының біреуін ғана емес, тұтастай алғанда мидың белсенді болуына ықпал етеді; суреттерді пайдалану мидың жұмысын солдан оң жақ жарты шарға ауыстырады.

6) Көптеген әрекеттер біреуінде. Тактильді (ұпайлар үшін), моторлы (бисермен қозғалатын) және есептеу (ұпайлар, кескін) әрекеттерін біріктіреді.

7) Жұмысқа мидың префронтальды қабығы (назар тұрақтылығы, табандылық, бағалау, импульсті басқару, ұйымшылдық, өзін-өзі бақылау, міндеттерді шешу, сын тұрғысынан ойлау, болашаққа жоспарлау, болжау қабілеті, қорытынды жасау, тәжірибе үйрену, эмоцияларды сезіну және білдіру қабілеті, эмпатия) қосылады – бұл іс-қимылдарды қадағалайтын, бақылайтын, бағыттайтын, басқаратын және фокустайтын мидың ең дамыған бөлігі.

8) не дамиды? (логикалық ойлау қабілеті):

- қиял: кейіннен шоттарға байланыстыру әлсірейді, бұл ақылға есеп жүргізуге мүмкіндік береді, елестететін шоттармен жұмыс;

- санның көрінісі пәндік емес, бейнелі түрде қабылданады, сүйектердің комбинациясы түрінде санның бейнесі қалыптасады;

- жады;

- бақылаушылық;

- есту, белсенді тыңдау әдісі есту дағдыларын жақсартады;

- зейінді шоғырландыру, сондай-ақ зейінді бөлу артады: ойлау процестерінің бірнеше түріне бір мезгілде тарту.

Бала менталды арифметика арқылы санау, логикалық ойлау қабілеті, зейінін, бақылаушылық, түсінік, қиял, есту және есте сақтау дағдыларын дамытуда жетістіктерге қол жеткізеді.

Жалпы, ментальды арифметика ол тек есептеу ғана емес, ол – баланың миын шынықтыру бойынша қосымша білім беру бағдарламасы. Бәрімізге мәлім, адам ағзасының кез келген бөлігінде бұлшық еттер бар және оларды әрдайым шынықтырып отыру керек. Адам миы да бұлшық еттерден құралған және олар өзара нейрондар арқылы байланысқан. Адам миын шынықтырмасаң, ол ми ауруына, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне, кей жағдайда қартайған шақта Альцгеймер ауруына әкеліп соғуы ықтимал. Сол себепті миды жастайынан шынықтырған жөн. Бұл орайда ментальды арифметиканың негізгі құрылғысы абакусты кейде миды шынықтыру гантели деп те атайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сократ. *История философии в кратком изложении. /Пер. с чеш. Н.Н. Богута. – М.: Мысль, 1991. – 590 б.*

2. Платон. *Государство: Сочинения. – М., 1971. – Т. 3, ч. 1. – 315 б.*

3. Алтынсарин Б. *Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. – 285 б.*

4. Құнанбаев А. *Қарасөздер. – Алматы: Өнер, 2006. – 118 б.*

5. Крутецкий В.А. *Психология математических способностей школьников. - Москва - Воронеж, 1998.-203с.*

6. Аманжолова С.Х. Дарындылық ұғымының психо-педагогикалық негіздері. – Молодой учёный. Ежемесячный научный журнал № 7.1 (87.1). Апрель, 2015г. 80б.
7. Кузнецова С.В. Формирование умственных действий. Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В. Петухова. – М., 1981. – 86 с
8. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия: избранные труды. М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2003. - 268с.
9. Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 216 б.
10. Ян АмósКомёнский. Великая дидактика / Ян Амós Комёнский – М.: Книга по Требованию, 2012. – 321 с.
11. Жубаназарова Н.С. Бастауыш мектеп оқушыларының математикалық ойлау іс-ірекетін дамыту: Автореф. канд. дис. – А., 2005. - 30с.
12. Джакупов С.М. Эффективность процесса обучения как дидактической системы // Вестник КазГУ - 2001. - №1(6). - С.10-17.
13. Поспелов Н.Н. Формирование мыслительных операций у старшеклассников / Н. Н. Поспелов, И. Н. Поспелов. - М. : Педагогика, 1989. - 151 с.
14. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе - М., 1996 - 96 с.
15. Stankovska Gordana, Svetlana Pandilovska, Aleksandra Taneska, Psychological aspects of gifted children.-(IJCRSEE) International Journal of Cognitive Research in science, engineering and education. Vol. 1, No.2, 2013. Page | 129 www.ijcrsee.com. 129-134 p
16. Dalinger V.A. Non-standard mathematical tasks as a facility of development of the gifted children's creative thinking. - The work is submitted to the Scientific International. Proceedings of EDULEARN19 Conference 1st-3rd July 2019, Palma, Mallorca, Spain. 4154-4161 p
17. Frank Michael C., Barner D. Representing exact number visually using mental abacus [Электронный ресурс]. URL: <http://www.ictasgujarat.org/files/documents/Frank-&-Barner---May-2011.pdf>. - 1-16 p.
18. Б.Артур, Ш.Майкл. «Магия чисел. Ментальные вычисления в уме и другие математические фокусы». – М.: «Манн, Иванов и Фербер», 2017 г. –307с
19. Р.Багаутдинов, Р.Ганиев. «Ментальная арифметика. Знакомство». – М.: изд-во «Траст», 2016 г. – 112 с

**МРНТИ 15.01.79**

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.16>

Жубаназарова Н. С.<sup>1</sup>, Мадалиева З.Б.<sup>2</sup>, Умирзакова Г. К.<sup>3</sup>, Баймолдина Л.О.<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби  
(Алматы, Казахстан)

## **КАЧЕСТВО ПОДГОТОВКИ МЕНЕДЖЕРОВ ОБРАЗОВАНИЯ**

### *Аннотация*

В этой статье рассматривается вхождение Республики Казахстан в мировое экономическое сообщество, развитие рыночных отношений способствуют изменению во всех сферах нашей страны. Появляются новые сферы деятельности, возникает потребность качественной подготовки менеджеров образования, способных эффективно работать в новых условиях.

В настоящее время одним из основных направлений развития образования страны является личностно-ориентированное обучение, гуманизация образования. Основной ценностью образования является человеческий капитал, способный реализовать творческий уровень, направленный на самообразование и самообразование. А руководство этим средним звеном, ответственность за принятие решений и подведение итогов, сложность решения новых задач возлагается на менеджеров

образования. Менеджеры образования как организатор, способный творчески осуществлять профессиональную управленческо-педагогическую деятельность, требуют особой подготовки.

В статье представлен сравнительный анализ зарубежного опыта качественной подготовки менеджеров образования, сведения об известных школах менеджмента. Представлены предпосылки для качественной подготовки менеджеров образования в стране, современное состояние и пути дальнейшего улучшения, проекты, основные направления.

**Ключевые слова:** менеджмент, менеджер образования, управление.

*Жубаназарова Н. С.<sup>1</sup>, Мадалиева З.Б.<sup>2</sup>, Умирзакова Г. К.<sup>3</sup>, Баймолдина Л.О.<sup>4</sup>*

*<sup>1,2,3,4</sup> ал-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ САПАСЫ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық қоғамдастыққа енуі, нарықтық қатынастардың дамуы еліміздің барлық саласында өзгерістердің орын алуына ықпал етуі қарастырылған. Іс-әрекеттердің жаңа салалары пайда болып, жаңа жағдайда тиімді жұмыс жасауға қабілетті білім менеджерлерін сапалы дайындау қажеттілігі туындауда.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының бірі тұлғалық-бағдарлық оқыту, білім берудің гуманизациялануы болып отыр. Білім берудің негізгі құндылығы шығармашылық деңгейін жүзеге асыруға қабілетті, өзін дамытуға және өз бетінше білім алуға бағытталған тұлға капиталы екендігі анық. Ал, осы орта деңгейді басқарып, шешім қабылдау мен қорытынды шығару жауапкершілігі, жаңа міндеттерді шешу күрделілігі білім менеджерлеріне жүктеледі. Білім менеджерлері кәсіби басқарушылық-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық тұрғыда жүзеге асыра алатын ұйымдастырушы ретінде ерекше дайындықты талап ететін мамандық.

Мақалада білім менеджерлерін сапалы даярлаудың шетелдік тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасалып, атақты менеджмент мектептері туралы мәлімет берілген. Еліміздегі білім менеджерлерін сапалы дайындаудың алғышарты, қазіргі жай-күйі мен одан ары жақсартудың жолдары, жобалары, негігі бағыттары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** менеджмент, білім менеджері, басқару.

*Zhubanazarova N.S.<sup>1</sup>, Madaliyeva Z.B.<sup>2</sup>, Umirzakova G.K.<sup>3</sup>, Baimoldina L.O.<sup>4</sup>*

*<sup>1,2,3,4</sup> al-Farabi Kazakh national University  
(Almaty, Kazakhstan)*

## QUALITY OF TRAINING FOR EDUCATION MANAGERS

### *Abstract*

The entry of the Republic of Kazakhstan into the world economic community, the development of market relations contribute to changes in all spheres of our country. There are new areas of activity, there is a need for quality training of education managers who are able to work effectively in new conditions.

Currently, one of the main directions of the country's education development is personality-oriented education, humanization of education. The main value of education is human capital, which is able to realize the creative level aimed at self-education and self-education. And the management of this middle link, responsibility for decision-making and summing up, the complexity of solving new problems is assigned to education managers. Managers of education as an organizer who is able to creatively carry out professional managerial and pedagogical activities require special training.

The article presents a comparative analysis of foreign experience of quality training of education managers, information about famous schools of management. The prerequisites for high-quality training of education managers in the country, the current state and ways of further improvement, projects, main directions are presented.

**Keywords:** management, education manager, management.

Қазіргі қоғамда кез келген ұйымның жетекші звеносы менеджерлер болып табылады. Білім беру ұйымдарының нарығы кәсіби деңгейі жоғары басқарушылар - менеджерлерді талап етеді [1]. Ал, оларды дайындаумен елімізде көптеген Жоғары оқу орны мен салалық колледжер айналысады.

Қазіргі таңдағы білім менеджерлерінің кәсіби мәртебесі негізгі екі құрамнан тұрады: алған теориялық білімі мен соған сәйкес дипломы және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу технологияларын, білік, дағдысының жиынтығын қамтитын кәсібилігі. Көптеген зерттеушілер білім берудегі менеджмент кәсібилікпен және ұлттық басқару қағидаларын қалыптастырумен байланысты деген пікірді ұстанады [2]. Өкінішке орай, білім менеджерлерін дайындау мен кәсіби сапасын арттыру жүйесі білім беру менеджменті саласынан жеткілікті деңгейде жеке құрылым ретінде әлі бөлініп қарастырылмаған. Сәйкесінше, оқытудың арнайы бағдарламалары мен әдістері анықталмаған, оқу жоспарлары мен менеджерлерді оқыту тәсілдері болашақ кәсіби іс-әрекеттің талаптары мен мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сай келмей жататын жағдайлар да орын алуда [3, 436.].

Кәсіби оқытудың шетелдік теориясы мен тәжірибесінде бизнес-білім беру бағдарламалары кең қолданысқа ие. Мұндай бағдарламалар бізде де бар, алайда олар арнайы тәжірибесі бар менеджерлерді дайындау мен қайта дайындауға бағытталған. Дегенмен де, білім берудегі менеджмент менеджерлерді кәсіби дайындаудың жүйесі болып қала беру керек, ал бизнес-білім берулер осы жүйенің белгілі бір дейгейіне айналуы керек.

Г.Х. Поповтың «Басқару теориясының мәселелері» (1977) кітабында басқарушыларға арналған мектептердің кең көлемді жүйесін құру ұсынылған болатын. Оның пікірінше, «басқарушы - бұл қызмет емес, ерекше білімдер жүйесін қамтитын мамандық» делінген [4, 776]. Демек, біз бұл мамандық иелерін тек дайындап қана қоймай, оның сапасын арттырып, кәсіби тұрғыда үнемі дамып отыруын қамтамасыз етуіміз керек.

Қазіргі таңда еліміздегі көптеген зерттеушілер білім менеджерлерін дайындауда ұлттық басқару қағидасын ұстануды ұсынып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, басқаруда нарыққа көшу үрдісі білім менеджерлерін дайындаудың жаңа тұрғыларын анықтайды.

Қазақстандық психология ғылымын ілгері жылжитқан профессор С.М. Жақыповтың еңбегіне тоқталмай кетуге ешбір болмайды. Мұнда кейбір психологиялық мазмұнды нақтылау қажет, біз білім сөзімен нені белгілейміз. Білім бұл сөз арқылы бекітілген түсінік жүйесі. Әр түрлі түсініктің екі жағы бар: объективті – мәні және субъективті – мағынасы болады. Демек, ішкі білімді беру психологиялық тұрғыдан бірлескен екі өзара байланысқан процесс, яғни білім беру және мағына беру деген ойдан оқу процесіндегі білімнің мағынасына терең мән берудің жөні бар екені белгілі болып отыр [5, 92 б.].

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді [6].

Қазіргі уақытта сапа менеджменті - бұл өндірістік процестің шеңберімен шектелмеген тар мағынадағы спецификалық (ерекше) іс-әрекет, ал барлық ұйымды, оның тіршілік әрекетінің барлық аспектілерін басқару болып табылады. Қоғам сұраныстары мен өндіріс талаптарын қанағаттандыру мақсатында болашақ педагог-психологтарды дайындауда жаңа бағыттар айқындалып келеді. Болашақ педагог-психологтың кәсіби-тұлғалық дамуының алғышарттарының бірі өзіндік таным дамуы және өзіндік жетілдіру тілегінің деңгейі болып табылады. Жалпы алғанда болашақ маманның өзін-өзі тану әрекетін жоғары деңгейде меңгеруі өзіндік жетілу мен кәсіби даму іс-әрекетіне белсенді қосылуға мүмкіндік береді. Әсіресе, адамның үйлесімділігін қамтамасыз етуде үлес қосатын болашақ педагог-психологтардың тұлғалық қасиеттері мен кәсіби дағдыларының дамуы ерекше маңызға ие.

Кеңес одағы кезінде менеджерлердің кәсіби өсу динамикасы өз заңдылықтарына сәйкес белгілі бір жүйе бойынша жүзеге асып отырған (мәселен, 3 жылға дейін мұғалім, директордың орынбасары және ары қарай директор дегендей). Алайда, қазіргі нарық заманында ұйым менеджерлерінің

бойыннан талдау, жоспарлау, басқару, бәсекеге қабілетті болу секілді сапалар талап етіледі. Яғни, осы категориядағы мамандарды дайындау сапасын арттыруға деген қызығушылық басымдық танытып отыр. Бұл сұрақтар білім менеджерлерін дайындаудың ұлттық үлгісін құрумен шешімін табады.

Білім беру жүйесіндегі ұлттық моделдің қалыптасуы мен бекітілу процесі белсенді жүруде, оның негізгі идеясы – ұлттық-мәдени негізде тұлға мен қоғам талабына сай өзін-өзі дамытуға қабілетті білім беру мен тәрбие жүйесін құру. Бұл алдымен, мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет ететін тәрбиешілерден, жалпы білім беретін мектептерде тәрбие мен оқу процесін ұйымдастыратын мұғалімдерден, педагогикалық процесс пен педагогикалық ұжымды басқаратын басқарушыдан, білім беру жүйесін басқару мекемелерінде жұмыс атқаратын қызметкерлерден, ең бастысы – осы аталған мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарынан басталуы керек деп есептейміз. Ескі кеңестік білім беру жүйесі біртекті, еш вариативсіз, оқыту мазмұны орталықтандырылған жоспарланумен ерекшеленетін тұлғаны дамытуға емес, білім-білік-дағдыны қалыптастыруға бағытталған жүйе болса, ал бүгінгі таңда оқу-тәрбие процесінің негізінде – тұлға, тұлғаның қызығушылықтары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері тұр. Қазіргі кезеңдегі ұйымдастырушылық-басқарушылық – мектептің дамуына кедергі келтіретін жаңа проблемелер ретінде саналады [7].

В.Г. Афанасьевтің пайымдауынша: «Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады» [8,436.].


В.И.Кочетковтың тұжырымдамасында, әлемдік менеджменттің теориясы мен практикасының талдауы бойынша, классикалық менеджменттің жетекші принципі болып адам факторын ескеру принципі болып табылады [9]. Ғылыми менеджмент саласындағы қазіргі жұмыстарда менеджер – ұйымның ортақ мақсатына жетуде адамдардың біріккен іс-әрекеті табысты болуын анықтау үшін кәсіби білім керек деген пікірді ерекше атап көрсеткен. Білім менеджерлерін дайындау саласында білім берудегі менеджменттің екі негізгі базалық үлгісі қолданылады: еуропалық (германиялық) және америкалық [10].

Еуропалық үлгі жоғары кәсіби білімді экономикалық, инженерлік, гуманитарлық бағыттар бойынша бөлуге бағытталған және менеджерлер білім алып, өз кәсіби біліктілігін үнемі дамытып отыруы тиіс. Яғни, менеджерлер қысқа мерзімді бағдарламалар арқылы басқаруға қатысты маңызды мәселелер төңірегінде өз білімі мен білігін ұдайы арттырып отырады. Бұл үлгі «тәжірибеден кейінгі білім беру» - post-experience деп аталады.

Ал, «кәсіби менеджерлер» деп аталатын америкалық үлгі білім менеджерлерін дайындауда негізгі орталық ретінде бизнес-мектептерді құруға бағытталған.

Отандық және шетелдік авторлардың экономикалық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттеріне талдау жасай отырып, білім менеджерлерінің кәсіби сапаларының қалыптасуы мен құрылуына бағытталған көптеген зерттеулердің жеткілікті екендігіне көз жеткізуге болады.

Шет елдердегі менеджерлерді дайындау ерекшеліктерін талдай отырып, менеджменттің 3 үлкен мектебін бөліп көрсетуге болады (1 сызба):







1 сызба - шетелдік тәжірибелердегі менеджерлерді оқыту тұрғылары

АҚШ-тағы менеджмент кәсіби біліктілік пен ұйымдастырушылық қабілеттерді қалыптастыруға негізделеді. Жапония білім менеджерлерін дайындауда «ұжымдық» теорияны қолданады. Жұмысқа қабілеттілік, үнемі өз-өзін дамытуды жүзеге асыру, тәртіп және ұжымдық жұмыс - білім менеджерлерінің кәсіби маңызды сапасы болып табылады. Еуропалық менеджмент көптеген елдердің теориясы мен тәжірибесінің бірлігін негізге алғанымен, америкалық жүйеге сүйенеді. Сәйкесінше, білім менеджерлерін дайындайтын атақты білім беру ұйымдарын төмендегідей сызбаға салып көрсетуге болады (2 сызба):




2 сызба - менеджерлерді дайындайтын атақты мектептер

Шет елдердегі менеджерлерді дайындау сапасына салыстырмалы талдау жасау арқылы біз елімізде бұл мәселе қалай шешімін табуға деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Елімізде білім менеджерлерінің кәсіби сапаларына теориялық білімінің болуы және экономикалық, басқарушылық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы кәсіби міндеттерді шеше алу қабілеті жатады (3 сызба).



3 сызба - Қазақстанда менеджерлерді дайындаудағы негізгі басты кәсіби сапалар

Біздің елде «менеджер» ұғымы ең алдымен кәсіби басқарушылық базалық білімі бар, жаңа типтегі басшы ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік білім беру мекемесінің басқарушысына тікелей қатысты. Себебі, қазір білім беру мекемелерін басқару - кез келген адамның жинақтай алатын тәжірибесі ғана емес, ол терең меңгеруді қажет ететін ғылыми білімдер жүйесі және туа біткен қабілетті, ерекше дарындылықты, көшбасшылық қасиеттерді талап ететін өнер түрі. Осындай психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеуді жүзеге асыратын білім менеджерлерін дайындауды елімізде төмендегідей білім ошақтары қамтамасыз етеді (4 сызба):



4 сызба - Қазақстанда менеджерлерді дайындаудың негізгі мектептері

Менеджменттің қазіргі құралдары мен технологияларын ескере отырып, білім менеджерлерін дайындау үш бағыт бойынша жобалануы керек [11]:

- деңгейлік және үздіксіз кәсіби дайындық және тәжірибені арттыру;
- ұйымдарда және сыртқы ортада әлеуметтік қатынастың технологияларын игеру;
- технологиялық және әлеуметтік басқару процесі ретінде білім беру менеджменті саласында білім алу;

Осы орайда, білім менеджерінің іс-әрекеті әлеуметтік құбылыс ретінде бірнеше талаптарды қажет ететіндігін айта кеткен жөн:

- білім менеджері көрсететін көмек пен қызметті бағалауды;
- білім беруді дамытуға бағытталған білім менеджері іс-әрекетінің әмбебаптылығын мойындауды;
- білім беру құрылымдарының ұйымдастырушылық-мәдени ортасын өзгертуді;
- білім беру мекемесінің мәдени құндылығы үшін білім менеджерінің тұлғалық маңыздылығын мойындауды және т.б.

Менеджментке тән белгі, оның өзегі «адамға» бағытталғандығы, ал осы «адам капиталын» табысты басқарып, мақсатқа жетуде кәсіби құзыреттілігін тиімді пайдаланатын білім менеджерлерін сапалы даярлаудың маңыздылығы осында. Бұған ҚР тұңғыш президенті, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы: «Білімді дамыта білмейтін ел ХХІ ғасырда

сәтсіздікке ұшырайды [12]. Біз келешектің ғылыми өндірісі үшін жоғары технологиялы кадрлық қор қалыптастыруымыз керек. Біз заманауи білім беру жүйесі мен кең масштабты, жаңаша ойлайтын менеджерлерсіз инновациялық экономиканы құра алмаймыз» деген сөзі дәлел. Жоғарыдағы мәлеметтерге сүйене отырып, еліміздегі білім менеджерлерін дайындау сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше іс-шараларды атап айтуға болады:

1. Қазіргі заманғы білім беру менеджерлерінің құзыреттілігін айқындау;
  2. Білім беру менеджерлерін дайындау мен кәсіби дамыту концепциясын, жүйелік үлгісін ұсыну;
  3. Түрлі салалардағы менеджерлерді дайындау нарығының қажеттіліктеріне үнемі мониторинг жасалуы керек. Осы қажеттіліктерге сәйкес білім берудегі менеджменттің ұлттық жүйесін құру;
  4. Менеджердің тұлғалық және кәсіби сапаларының дамуы үшін білім маршрутын қалыптастыруға бағытталған кәсіби білім берудің үздіксіз үлгісін енгізу;
  5. Менеджерлерді дайындаудың халықаралық бағдарламаларына қатысу [123].
- Қорыта келгенде, менеджментте адам - құрал емес, мақсат. Ақылды жапондықтар автомобильден адамды - автомобиль жасаушыны жоғары қойып отыр. Табыстың сыры да осында.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Коротков Э. *Итоги, приоритеты и перспективы работы УМО вузов России по образованию в области менеджмента в 2005 году*// Вестник университета. -2005. -№15. -С.5-19.
2. Попов Г.Х. *Проблемы теории управления*. -М.: Экономика, 1977. -178с.
3. Абрамов Р.Н. *Российские менеджеры: социологический анализ становления профессии*. -М.: Комкнига, 2005. -108с.
4. Попов Г.Х. *Проблемы теории управления*. -М.: Экономика, 2005. -217с.
5. Джакупов С.М. *Психологическая структура процесса обучения*: - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 312 с.
6. Сергеева В.П. *Управление образовательными системами программно-методическое пособие*. - М.: ГРАФ-ПРЕСС, 2001. – 160 с.
7. Исаева З.А. *Подготовка менеджеров образования как фактор повышения качества педагогического образования*. - // *Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития: Материалы Международной научно-практической конференции. 18-19 мая 2004 г.* - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2004.
8. Афанасьев В.Г. *Общество: системность, эволюция и управление*. - М: Политиздат, 1986. - 98 с.
9. Кочетков В.И. *Педагогический менеджмент как основа реализации иного уровня образования в профессиональном лицее: дис. ... канд. пед. наук.* -СПб., 2002. -234 с.
10. *Бизнес-образование в России: аналит.справочник*. М.: Консэко, 1998. С.240.
11. Бавина П.А. *Структурирование содержания уровневых образовательных программ*//*Высшее образование в России*. - 2012. - №2. - С.3-8;
13. Назарбаев Н.Ә. *«Қазақстан-2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты* Қазақстан халқына Жолдауы -Егемен Қазақстан, 2012 жыл 17 қаңтар.
12. Шемятихина Л.Ю. *Национальные модели формирования менеджеров // Бизнес: экономика, управление и право: Сб.материалов междунар.науч.-практ.конф./ Под ред. проф. И.В. Скопиной: Киров: ООО «МЦНИП», 2006. - С.60-65.*

МРНТИ:15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.17>

А.М.Байкулова<sup>1</sup>, М.И.Минайдарова<sup>2</sup>, Л.И. Шалабаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан

<sup>2</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан  
<sup>3</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы,  
Алматы қ. Қазақстан

## ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

*Андатпа*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың ойын арқылы коммуникативтік дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Мектепке дейінгі білім беруде дамытуға қажетті дағдылар түсіндіріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білу дағдыларын дамыту қажеттілігіне басты назар аударылады. Баланың сөйлеу тілін дамыту үшін қарым-қатынас арқылы сөйлеу икемділігін жетілдіру қажеттілігі айтылып, қарым-қатынастың атқаратын функциялары көрсетіледі. Мектепке дейінгі ерте жас кезеңінен бастап, балаларды тәрбиелеу мен білім беру мақсатында ойын элементтерін пайдалана отырып дұрыс сөйлеу, қарым-қатынасқа еркін түсу, логикалық тапсырмаларды шешу арқылы коммуникативтілік дағдыларын дамыту жолдары айтылады. Мектепке дейінгі кезеңнің жетекші іс-әрекеті ойын туралы ғалымдардың ой-пікірлері талданып, қорытыланады.

**Кілтті сөздер:** бала, ойын, тіл, қарым-қатынас, тәрбие, білім беру, дағды, коммуникативтілік дағды.

*A.M.Baikulova<sup>1</sup>, M.I.Minaidarova<sup>2</sup>, L.I.Shalabayeva<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Taraz Innovative-Humanitarian University,  
Taraz, Kazakhstan  
<sup>2</sup>Taraz state pedagogical university,  
Taraz, Kazakhstan  
<sup>3</sup>Kazakh academy sport and tourism

## DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS OF PRESCHOOL CHILDREN THROUGH PLAY

*Abstract*

The article deals with the problem of developing communication skills of preschool children through games. It explains the skills necessary for the development of preschool education. Special attention is paid to the need for preschool children to develop creativity, critical thinking, communication skills and the ability to work in a team. We are talking about the need to improve the child's speech ability to develop speech through communication, as well as the functions of communication. For the purpose of education and training of children, starting from early preschool age, the ways of developing communication skills using game elements, free communication, and solving logical problems are considered. The article analyzes and summarizes the opinion of scientists about the game in the leading activity of the preschool period.

**Keywords:** child, game, language, communication, upbringing, education, skills, communication skills.

*A.M. Байкулова<sup>1</sup>, M.I. Минайдарова<sup>2</sup>, Л.И. Шалабаева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Таразский инновационно-гуманитарный университет,  
г. Тараз, Казахстан  
<sup>2</sup>Таразский государственный педагогический университет,  
г. Тараз, Казахстан  
<sup>3</sup>Казахская академия спорта и туризма,  
г. Алматы, Казахстан

## РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ

## ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ ИГРУ

### Аннотация

В статье рассматривается проблема развития коммуникативных навыков детей дошкольного возраста через игры. Объясняются навыки, необходимые для развития дошкольного образования. Особое внимание уделяется необходимости развития у детей дошкольного возраста навыков креативности, критического мышления, коммуникативности и умение работать в команде. Речь идет о необходимости совершенствования речевой способности ребенка к развитию речи через общение, а также о функциях общения. В целях воспитания и обучения детей, начиная с раннего дошкольного возраста, рассматриваются пути развития коммуникативных навыков с использованием игровых элементов, свободного общения, решения логических задач. Анализируется и обобщается мнение ученых об игре в ведущей деятельности дошкольного периода.

**Ключевые слова:** ребенок, игра, язык, общение, воспитание, образование, навыки, коммуникативные навыки.

Қазіргі уақытта жалпы білім берудің мектепке дейінгі саласы бойынша жасалынған өзгерістер болашақ мектеп оқушыларының заманға сай жан-жақты дамуын қамтамасыз етудегі басымдықтарға негізделеді.

Осы орайда бұл мәселенің көкейкестілігін тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 5-ші қазанында Қазақстан халқына жолдауында, мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту керектігіне жан-жақты тоқталып өткендігін білеміз. Аталмыш жолдауда балалардың бойында ерте жастан бастап қалыптастыруға тиісті дағдыларға: ойлау негіздері, ақыл-ой, шығармашылық қабілеттерге ерекше көңіл бөлінініп, креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білу сынды қажетті дағдыларды дамыту мәселесіне тоқталған [1].

Себебі қазіргі жаңа заман балалары коммуникациялық технологияларды қарқынды меңгерген. Мәселен кішкентай 5-6 айлық балалардың қолдарына ұялы телефон немесе планшеттерді ұстата салатын болсаңыз, майда-майда саусақтарымен бірден интернет желісі арқылы өзіне қажетті мәліметті, түрлі мультфильмдер мен ойындарды алып көріп, отыра беретін жағдайға жеткен. Яғни бұл жаңа заман балаларының қарқынды түрде жедел дамығандығын аңғартады. Демек, ерте жас кезеңінен бастап баланы тәрбиелеу мен оқытуда 4К моделінің ұсынылуы, жаңа заман адамына жан-жақты біліммен қаруландырып, креативті түрде ойлай білетін, өз іс-әрекетіне сын тұрғысынан қарай алатын, кез келген туындаған мәселеде жылдам шешім қабылдайтын, командада бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, ұжымда жұмыс жасай білудің негізгі бағыт-бағдарларын қамтиды. Ал осы тұста мектепке дейінгі мекемелерде қандай жұмыстар жасалып жатыр деген сұрақ туындайды. Жалпы бұл салада айта кетер болсақ, 1-ден, мектепке дейінгі білім берудің стандарты мен типтік оқу бағдарламалары жарық көріп жылда жаңартылуда. Сондай-ақ жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі оқытудың жаңартылған мазмұны енгізілуде. Әрине бұл жолда көп кемшіліктерде бар, алайда санмен қатар сапада өсіп келе жатқаны бізге мәлім. Өйткені жаңа заман балаларына тек жаңа әдіс-тәсілмен келтірілген мәліметтерді, яғни оларды қызықтаратындай мәліметтер, инновацияларды енгізу, түрлі ойындардың түрлерін ендіру, оқытудың жаңа технологиялары арқылы көрініс табуы қажет.

Сондықтан да мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесінің өзектілігінің қоғамдық әлеуметтік тапсырысы - баланың әлеуметтік дамыған тұлғасының қалыптасуымен анықталады деп тұжырымдаймыз. Ол баланың болашақта білім алуға дайындығының құрамдас бөліктерінің бірі бола отырып, оған мектеп бағдарламасын табысты меңгеру мүмкіндігін қамтамасыздандырады. Бұл мектепке дейінгі балалардың ойын арқылы коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы өзекті мәселесі.

Дейтұрғанмен мектепке дейінгі балаларды оқытуда – диалог арқылы қарым-қатынас жасауға, драматизация арқылы байланыстырып сөйлеуге баули отырып, сөйлеу әрекетінің дағдысын қалыптастырып, сөйлеу икемділігін жетілдіруде тілдік жаттығуларды тиімді қолданғанымыз жөн. Сол себепті *мұнда қарым-қатынас мынадай:*

1-ден, сөйлесу.

2-ден, пікір алысу.

3-ден, түсіну.

4-ден, қабылдау.

5-ден мойындау сынды функциялар атқарады.

Осы тұста қысқаша «қарым-қатынас» ұғымына тоқталып өтуді жөн санадық. Жалпы «қарым-қатынас» ұғымының психологиялық аспектісіне: Андреева Г., Леонтьев А., Петровская Л., Намазбаева Ж. және т.б. зерттеушілер өз еңбектерін арнаған. Солардың бірі, Г.Андреева [2] атамаш ұғым туралы өз көзқарасында оны адамдармен байланыс орнатудың, қажетті ақпаратқа қол жеткізудің басты құралы ретінде пікірін білдіріп, қарым-қатынастың адам баласы үшін қажеттілігін түсіндіреді. Демек біз адамдар арасында өмір сүргендіктен, өз қажеттілігімізге қарай, кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде кез келген адаммен қарым-қатынасқа түсуге мәжбүрміз.

Олай болса, баланың өз бейнесі өмірлік тәжірибенің әр түрлі түрінде пайда болады. Бала өмірге келген күнінен бастап ересектермен, құрбы-құрдастарымен, және т.б. қарым-қатынасқа түсе бастайды. Осының нәтижесінде адам болу қабілетін іске асырады. Сондықтан да қарым-қатынас - баланың психикалық дамуының негізгі факторы бола отырып, өзін-өзі және басқаларды тану қажеттілігін қанағаттандыру деп түсінеміз.

Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – тіл екенін естен шығармауымыз қажет. Себебі тіл – адам баласының ойын, пікірін, сезімін жеткізуші құрал екені анық. Осы тұрғысынан А.Байтұрсынов тілге қатысты өз пікірін бере отырып оны, тек адамдарға тән құбылыс екендігін айтады. Ал Х.Досмұхамедов тілсіз білім болмайтындығын түсіндірсе, Ә.Садуақасовта осы пікірге жақын өз ойын білдірген. Ол білім алу - тілге байланысты деп, балалардың білімді болуы сөз тыңдай білуінен, дұрыс сөйлей алуынан басталады деп өз ойын топшылайды [3]. Жоғарыда аталған ғалымдардың ішінде Ә.Садуақасовтың тілге қатысты тауып айтылған пікірі, біздің ойымызды аша түседі. Сол себепті ғалымдар еңбектерінде қарастырылған тілге қатысты ой-пікірлер бірін бірі толықтыра отырып, бірінің ойын бірі жоққа шығармайды, керісінше сабақтай түсетіндігін аңғардық.

Демек мектепке дейінгі баланың сөздік қоры бірден байып, дамып кетпейтіндігін естен шығармағанымыз жөн. Ал мақсатқа қол жеткізу үшін балаларды ерте жастан бастап, сөздік қорын барынша молайтып, өзара байланыстырып сөйлеуге үйретіп, сауатты сөйлеуге дағдыландыруымыз қажет. Сонда ғана балалардың ойлау қабілеттері жоғары дәрежеде жетіліп, күнделікті сөздік қоры мол болса, онда бала білімді сапалы, әрі тез меңгереді деп ойлаймыз.

Білім берудің сапасын арттыруда 4К моделі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту ерте жастан бастап балаларды сөйлеу әрекетіне баули отырып, тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асырып, оны шағын адамдар тобынан құралған топпен жұмыс істей білу қабілетін шыңдап, кез келген іс-әрекетте тез шешім ойлап тауып, табылған шешімді қолдана білуде интеллектуалдық ойлауы мен ұшқыр ойлылығын аша білуіміз керек.

Біз мұнда балалардың коммуникативтілік дағдыларын ойын арқылы дамытуға назар аудардық. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекетін арттыратын жетеші іс-әрекетінің бір түрі. Мәселен бала өмірге келе саласымен кез келген іс-әрекетті танып-білуге дайын қабілетпен туылмайтынды. Абай атамаш айтпақшы, бала есті болып туылмайды. Ол көріп, ұстап, дәмін татып көріп қана өзін қоршаған ортамен танысады. Сол үшін де балаға ерте жастан бастап тәрбиелеу мен білім беруде, қарым-қатынасқа еркін түсуіне, кез келген ойлауды қажет ететін тапсырмалады орындауда ойын әрекетінің элементтерін қолданып, ойыннан оқуға өту арқылы коммуникативтілік дағдыларын дамытуды көздедік.

Жалпы мектепке дейінгі білім берудің нәтижелігі - ойынның алуан түрлілігіне, оқу-тәрбие мақсатында үйлесімді қолдануға тікелей байланысты екендігі дәлелденген. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалар ойындарының мазмұны: заттық іс-әрекет; кез келген адамдар арасындағы қарым-қатынас пен қоғамдық тәртіптің ережелерін орындаудан тұратындығы анық [4].

Дұрыс ұйымдастырылған ойын балаға тәрбие мен білім бере отырып, миын жаттықтырып, әрі тынықтыратын негізгі жаттығу ретінде қоршаған ортасымен тереңірек таныстырып, болып жатқан түрлі құбылыстар мен заттарды жеңіл түсіндіреді. Демек ойын - баланың жаңа білім алуына, оның ойын, қиялын, есін, зейінін және де шығармашылық қабілеттерін дамытуға таптырмас құрал ретінде маңызы зор.

Осыған байланысты біз қазақтың белгілі ғалым ағартушыларының бала психикасының дамуына ойын әрекетінің шешуші рөл атқаратындығы туралы ой пікірлеріне мән бердік. Мәселен М.Жұмабаев «...ойын - ойлау қабілетінің өсу қажеттілігін, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі» - деп пікірін айтса, М.Әуезов: «... ойын деген – бала үшін тек көңіл көтеру мен көзін қуану немесе көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп өз пікірін білдірді. Ал

педагогикалық процесті жетілдірудегі ойынның рөлі жөнінде Н.Құлжанова: «...ойын бала үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс-әрекет және өмірі» - деп өзінің құнды пікірін білдірген [5-6].

Жоғарыда аталған ғалымдар М.Жұмабаев, М.Әуезов, Н.Құлжанованың ойын туралы ой-пікірлерін қарастыра отырып біз мынадай тұжырымға келдік. Бала өміріндегі ойынның маңызы туралы пікір білдірген ғалымдардың еңбектері бірін-бірі жоққа шығармай, керісінше баланы дамыту құралы ретінде - ойынның маңыздылығын ашып тұр.

Мәселен, оқу үрдісінде оқу қызметінің тақырыбы мен мазмұнына сәйкес ойын элементтері пайдаланылып, оның танымдық, тәрбиелік маңызы артады. Мектеп жасына дейінгі балаларды әсіресе «Сиқырлы қоржын», «Асық», «Көрісісін тап», «Сөйлемді жалғастыр» сынды ойындарға қатыстыру өте тиімді. Аталмыш ойындар балалардың ұсынылған жаңа материалды немесе тақырыпты қаншалықты меңгергендігін анықтауымызға көмегін тигізеді. Демек, мектепке дейінгі баланың ақыл-ойын дамуына көмегін тигізіп, қызығушылығын арттыруға, оны қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелеп қиялын өрістететін, қабылдау жүйесін дамытатын, ғажап дүние – ойын.

Сондықтан да мектепке дейінгі баланың дамуы мен мектепте табысты оқуының негізгі шарттарының бірі – ол мектепке дейінгі балалық шақта коммуникативтік дағдыларын уақытында дұрыс дамытудан бастау алады. Сол себепті бақша мен отбасының өзара тығыз әрекеттесіп жұмыс жасауының нәтижесі - балалардың толыққанды сөйлеуін дамытудан тұрады.

Бөбекжай-бақшадағы бала үшін сөйлеу әрекеті - оған қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді және ойлау қабілеті мен мінез-құлқын реттеуде қарым-қатынас жасау арқылы білімді меңгертеді. Сондықтан тіл сөздің әсерінен баланың қабылдауы, ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуында маңызды рөл атқаратындықтан, бала мектепке жақсы тілдік дайындықпен қаруланып баруы тиіс. Бұл ретте мектепке дейінгі мекеме педагогы тиісті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыс қолдануда жиі ұшырасатын кемшіліктер – сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпауы, сөз ішінде дыбыс қалдыруы немесе дыбыс алмастыруын жүйелі бақылап отыруы қажет. Мұны мектеп жасына дейінгі балағаөзі білетін өлеңін, тақпағын, таныс ертегісін қайталап айтып беруін өтіне отырып, балалардың айтуға қиналатын р-дан бастап, -л, -с, -ш, -ж, -з, -б, -п, -ф дыбыстарының айтылуына сонымен қатар мұнда, баланың сөйлеу қарқынына, екпініне, мәнеріне де мән беру қажет. Олай дейтініміз мәселен, ортаңғы топтарда: «Қазір сыртта қатты жел соғып тұр», «Далада жел тұрып тұр» сынды сөйлемдерді мысал ретінде келтіруімізге болады. Мұндағы байланыстырып сөйлеу қабілетін тексеруде, оның ақыл-ой мен эмоционалдық даму деңгейін байқауымызға болады. Оны біріншіден әңгімелеу, яғни кез келген өзі білетін ертегіні немесе әңгіме мазмұнын айтып беруін сұрау арқылы; екіншіден, берілген суретке өз бетінше әңгіме құрастыру тәсілімен жасауға болады.

Қорыта айтқанда, балалармен ұйымдастырылатын тәрбие, оқу, демалыс, серуен және т.б. қызмет түрлерінде, осы дағдыларды қалыптастыруда білім беру салаларының жұмыстары көбіне коммуникативтік бағытқа негізделіп отыруы қажет. Мұнда бала тілін дамыту үшін түрлі логикалық тапсырмалар, балалар фольклоры құралдарының элементтері негізінде, ұсақ қол моторикасын дамытуда тілдік жаттығулар жиі жүргізу арқылы жеңіл сөйлемдер құратуда, баланың тілін дамытуда ойын технологиясы элементтерін кіріктіру арқылы іске асады. Аталмыш әрекеттің орындалу мәселесін зерттеп, зерделеп қана қоймай, балалардың коммуникативтік дағдыларын ойын арқылы жағымды қарым-қатынас жасау барысында тәжірибеге ендіру кезек күттірмейтін мәселе. Осы тұрғыдағы зерттеулерде қазақ ойшылдарының ой-пікірлері мен тұжырымдарының негізге алынуы сөзсіз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.
2. Андреева Г.М. Общение и межличностные отношения / Социальная психология. Учебник для высших учебных заведений. – М.: Аспект Пресс, 2001.
3. Ибраева М.Е. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың алғы шарттары // Абай атындағы ҚазҰПУ ХАБАРШЫСЫ. Психология сериясы. - Алматы, 2016. - №1 (46) -Б.146-152.
4. Арзанбаева Б.О. Болашақ мұғалімдердің мектепке дейінгі балалардың ойын іс-әрекеттеріне кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру (қазақ халқының ойындары негізінде): пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001.

5. Құлжанова Н. Шығармалары: мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар. - Алматы: Ана тілі, 2014. - 384 б.

6. Атыманова К.Ж. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010.

7. Жигитбекова Б.Д., Акжолова А.Т – Психологтардың тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(61), 2019. – С.25-29.

МРНТИ: 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.18>

S.A.Aubakirova<sup>1</sup>, A.M.Baikulova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Taraz state pedagogical university,  
Taraz, Kazakhstan

<sup>2</sup>Taraz Innovative-Humanitarian University,  
Taraz, Kazakhstan

## WAYS TO DEVELOP THE CREATIVE POTENTIAL OF A FUTURE TEACHER

### *Abstract*

The article deals with the problem of developing the creative potential of students.

The analysis of the development of the problem showed that the problem of developing the creative potential of the future teacher remains poorly understood. It is necessary to clarify scientific ideas about the content and structure of the teacher's creative potential, create psychological and pedagogical conditions, and draw up a model for the development of creative potential among students.

**Keywords:** creativity, competence, creative potential of the teacher, divergent thinking, creativity, reflection, creative abilities

S.A.Аубакирова<sup>1</sup>, А.М.Байкулова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан

<sup>2</sup>Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**



*Аңдатпа*

Бұл мақалада студенттердің шығармашылық әлеуетін даму мәселесі қарастырылған. Бұл мәселенің психологиялық-педагогикалық талдауы көптеген зерттеулерде қарастырылған, Бірақ оған қарамастан шығармашылық оқытудың болашақ мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытуға және кәсіби қызмет мәселесі аз зерттелген құбылыс болып қалады. Ол педагогикалық шарттарын, диагностика әзірлеу және студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту моделін жобалау анықтау, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін мазмұны мен құрылымы туралы ғылыми тұжырымдамалар түсіндіруді талап етеді.

**Түйін сөздер:** шығармашылық, құзыреттілік, мұғалімнің шығармашылық әлеуеті, дивергентті ойлау, шығармашылық қабілеттер

С.А.Аубакирова<sup>1</sup>, А.М.Байкулова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Таразский государственный педагогический университет,  
г.Тараз

<sup>2</sup>Таразский инновационно-гуманитарный университет,  
г.Тараз, Казахстан

## ПУТИ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

*Аннотация*

В статье рассматривается проблема развития креативного потенциала студентов.

Проведенный анализ разработанности проблемы показал, что, проблема развития креативного потенциала будущего учителя остается недостаточно изученной. Необходимо уточнить научные представления о содержании и структуре креативного потенциала учителя, создать психолого-педагогические условия, составить модель развития креативного потенциала у студентов.

**Ключевые слова:** креативность, компетентность, креативный потенциал учителя, дивергентное мышление, творчество, рефлексия, креативные способности

At the present stage of development of society, increased demands are placed on the quality of teacher training.

“One of the goals of education is the training of highly educated people and highly qualified specialists, capable of professional growth and professional mobility in the conditions of informatization of society and the development of new high technology, that a graduate should have professional competencies: ... the ability to organize students 'cooperation, maintain activity and initiative, students' independence , their creativity; ... the ability to develop modern educational technology, taking into account the characteristics of the educational process, the tasks of education and personal development; ...”[1]

A modern teacher has to work in rapidly changing conditions, which requires him to display such qualities as erudition, mobility, creativity, success, the ability to creatively solve professional problems, and rationally act in various situations. In this regard, questions on the development of an optimal educational model, teaching resources, effective technologies that contribute to the development of the creative potential of students of the pedagogical direction of training are of particular importance.

Description and results of the study. The concept of "creative" from lat. creation - creation. In many definitions, creativity is understood as ability. So, “creativity is defined as the ability to be creative” (J.P. Guilford); “The ability to abandon stereotypical ways of thinking” (R.M. Simpson, J.P. Guilford, E. Torrens); “The ability to bring something new to experience” (F.Barron); “The ability to generate original ideas in the context of resolving or posing new problems” (M.A. Wollach); “The ability to express one’s creative essence through the problematization of familiar, well-known situations” (C. Rogers); “The ability to productively change and create a qualitatively new one” (V.N. Kozlenko); “The ability not only to the highest level of performance of any activity, but to its transformation and development” (DB Epiphany); “An integrative ability that incorporates entire systems of interconnected abilities - elements” (A. V. Khutorskoy) and others. However, to a greater extent creativity is considered as a capacity for creativity and is called “creative ability”. To create creativity, the following conditions are necessary:

1. The lack of a pattern of regulated behavior.
2. The presence of a positive sample of creative behavior.
3. Creating the conditions for imitation of creative behavior.
4. Social reinforcement of creative behavior.

We will reveal the content of the characteristics of creative potential. These characteristics are presented as constituting the structure of a teacher's creative potential.

In the explanatory dictionary, structure is defined as "systematic, relative position and connection of the main parts of something" [3]. Structural components can be distinguished for various reasons. Paying attention to pedagogical activity, V.A. Slastenin argued that "the framework around which the main professionally significant qualities of a teacher's personality are built is considered to be a pedagogical orientation (a system of dominant motives that encourage professional activity)" [4]. Along with this, the presence of pedagogical abilities is an important requirement for a teacher. Of course, "a necessary condition for the manifestation of the teacher's creative professional activity is a certain amount of knowledge and the ability to apply it"

Based on these provisions, we combine in four groups the characteristics of the teacher's creative potential: creative orientation, creative literacy, creative skills, creative abilities.

We reveal the contents of these concepts.

Under the "creative orientation of the teacher we mean the personality trait, which is based on a combination of motives, professional-value orientations, teacher attitudes to a professional position, encouraging creative professional activity."

Using the meaning of the word "literacy" as "possession of the necessary knowledge and information in any field", we define that "creative literacy is an awareness of the essence of creative potential, its structure and development process".

The ability to reflect and self-evaluate the creativity of pedagogical activity; ability to adjust activities based on the results of self-esteem.

The teacher's creative abilities are characterized by forecasting, fluency, flexibility (the ability to apply a variety of strategies to solve problems), originality and sophistication. We give a brief description of each of these elements. "Fluency is the ability to produce a large number of ideas, to switch from one task to another. Flexibility - the ability to apply a variety of strategies to solve problems.

Originality - the ability to produce unusual, non-standard ideas. Development - the ability to elaborate on emerging ideas in detail. Prediction is a phenomenon of the highest form of anticipatory reflection in the process of thinking as a prediction of the expected future based on the dynamics of the predicted phenomenon. "

Thus, the creative potential of a teacher integrates such characteristics that are the basis for further successful creative professional activity, so they need to be developed with students studying at the university.

Theoretical basis for the development model of the creative potential of the future teacher. A model (from Latin - "measure, measure, sample, norm") in the broad sense - an image (including conditions or thoughts); image, diagram, schedule, plan, map, etc. or the prototype (sample) of an object or a system of objects (the "original" of this model) used under certain conditions as their "deputy" or "representative".

The model for developing the creative potential of a future teacher implements three main functions: descriptive, prognostic, and normative.

The descriptive function is that due to the abstraction of the model, the observed phenomena and processes are quite simply described.

The prognostic function of the model consists in predicting and forecasting the results of introducing the technology for developing the creative potential of a future teacher.

The normative function of the model allows you to build it as a normative image.

The constructed model is based on a functional-activity approach that ensures the development of creative potential through the functions of a teacher in educational activities and a personality-oriented approach, orienting a person to build an individual educational route.

Characteristic of the conditions:

1. When organizing creative activities in the implementation of functional-activity and personality-oriented approaches, it is necessary to build the interaction of the teacher with students in the system of "subject-subject" relations based on cooperation and co-creation.

According to I.A.Zimnyaa, "subject-subject relations are valuable in that they are a condition for personal actualization and personal growth of the student. In a general sense, a subject is a person who has a higher level of activity, integrity, independence, autonomy, specific for himself, "[5].

2. Creating a creative environment.

3. During the experiment, we revealed that differentiation of creative educational tasks is necessary.

4. According to A.S. Sharova, "a creative person is not only the one who invents or does something new and original, but most of all the one who seeks to master his own behavior and his own mental activity." This process involves mechanisms of self-regulation and self-control.

In a large psychological dictionary, "reflection (from reflexio - turning back, reflection) means" a thought (rational) process aimed at analyzing, understanding, self-awareness: own actions, behavior, speech, experience, feelings, states, abilities, character -ter, others's relations to themselves, their tasks, purpose "[6].

Reflection of creative educational activities was organized individually and in a group. It helps to identify the personal level of "growth"; organization of joint activities of students creative and more productive.

The adaptive-orienting stage - the student gets acquainted with the specifics of future professional activity, determines the significance of pedagogical activity for the person himself. However, in the first year, the student has difficulties with the choice of his preferences and he needs the help of a teacher in order to determine his abilities in the chosen professional field.

At this stage, students adapt to studying at a university: relationships with fellow students, a new organization of classes, an assessment system, an increase in the workload.

The second stage in the development of creative potential is the "basic self."

At this stage, the formation of a future teacher takes place, that is, the development of a creative orientation, creative literacy, creative skills and creative abilities (2-4 year). Students get acquainted with pedagogical activity during the passage of psychological and pedagogical practice at school. At this stage, it is important not to repulse a positive attitude towards future professional activities. It is necessary to create conditions for self-realization and creative self-development of students to study and extracurricular activities, for example, participation in scientific and practical conferences, seminars, participation in the annual intra-university, republican Olympiad in pedagogy, participation in the annual intra-university competitions for example, "Zhas Talap", etc.

The third stage - creatively productive (4 year) is a relatively final stage in the development of creative potential during the period of study at a university, which is characterized by the comprehension of one's own experience, and one becomes aware of oneself as a professional. The importance of the teaching profession is supported by the longest state practice at school, as well as the completion of the thesis. At this stage, self-realization, self-development. This will help the novice teacher to easily go through the period of adaptation in professional activities and realize their creative potential.

Criteria-evaluation component of the model. To identify the dynamics of the development of creative potential, it is necessary to conduct a diagnosis. For the diagnosis, we have chosen the following methods: questionnaire, observation, conversation, survey, testing. The indicators of teacher's creative potential (creative orientation; creative literacy; creative skills; creative abilities) and levels (high, medium, low) that we highlighted allow us to state the level of development of students' creative potential.

The final link in the structural-functional model is the productive component. The result of the designed model is a transition to a higher level of development of creative potential.

Conclusions and conclusion.

1. A comparative analysis of the psychological categories and concepts used in the study allowed us to define the concept "teacher's creative potential" as an "integrative property of a person characterized by the ability to generate new pedagogical ideas, search for ways to practical solutions to original, non-standard psychological tasks, and choose the most productive creative strategies pedagogical activity."

2. We found that the teacher's creative potential includes creative orientation, creative literacy, creative skills and creative abilities.

3. The study identified 3 stages of development of the creative potential of the future teacher: adaptive-orientating, basic, creative-productive. Each of the selected stages is characterized by the presence of certain indicators of the teacher's creative potential.

4. In order to develop the creative potential of the future teacher in the creative educational activity, a structural-functional model of the development of the creative potential of the future teacher was constructed. The theoretical justification for this model is the functional-activity and personality-oriented approaches, as well as the principles of goal-setting, creative actualization, diagnosability, and a differentiated approach.

The model contains the following structural components: target, methodological, diagnostic, substantive-procedural, organizational and pedagogical conditions, criteria-evaluative, effective.

*References:*

1. *The concept of support for the development of teacher education, 2018.*
2. *Ermolaev-Tomina LB Psychology of Art: A Textbook for High Schools. - 2nd ed. - M.: Academic Project: Culture, 2005. - p.304*
3. *Ozhegov S.I. Explanatory Dictionary of the Russian Language: About 80,000 words and phraseological expressions. Ed. Corr. USSR Academy of Sciences N.Yu. Swede. Russian Academy of Sciences, Russian Cultural Foundation. - 2nd ed., Rev. and add. - M.: 1994.-- p.928*
4. *Slastenin V.A. Pedagogy. Textbook allowance for students. higher ped textbook. institutions / V. A. Slastenin, I. F. Isaev, E. N. Shiyanov; Ed. V.A. Slenin. - M.: Publishing Center "Academy", 2002. - p.576*
5. *Zimnyaya I.A. Pedagogical psychology. - Rostov-on-Don: Phoenix, 1997.-- p.480*
6. *Large psychological dictionary / comp. and commonly. ed. B. Meshcheryakov, V.P. Zinchenko. - St. Petersburg: Prime-Euroznak, 2003. – 672*

**МРНТИ:15.31.31**

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.19>

*Ж.А.Ускенбаева<sup>1</sup>, А.М.Байкулова<sup>2</sup>, М.И.Минайдарова<sup>3</sup>*

*<sup>1/2</sup>Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан*

*<sup>3</sup>Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Тараз қ. Қазақстан*

**СУИЦИАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖЕТКІНШЕКТЕР МӘСЕЛЕСІН  
ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ**

*Андатпа*

Мақалада суициалды мінез-құлықты жеткіншектер мәселесін теориялық тұрғыдан зерттеу мәселесі қарастырылады. Суициалды мінез-құлықтың құрамдас бөліктері: суициалды көріністер (ойлар, тұспалдар, пікірлер, ниеттер, сезімдер) және суициалды әрекеттерге мән беріледі. Ғалымдар еңбектеріндегі өзіне-өзі қол жұмсау, суициалды мінез-құлық мәселесіне қатысты ой-пікірлер талданады. Девиацияның пайда болуын түсіндіретін психопатологиялық, социологиялық және әлеуметтік-психологиялық тәсілдер қарастырылады. Қазіргі заманғы суицидологиядағы жіктемеге сәйкес суициалды тәуекелдің келесі факторлары: биологиялық, әлеуметтік-орталықтық және психологиялық-психиатриялық ажыратылады. Жеткіншектің психикасында өзіне-өзі қол жұмсауға бейімдейтін қасиеттер көрсетіледі. Жеткіншектердің өзіне-өзі қол жұмсауының маңызды себептері айтылады. Суициалды мінез-құлыққа бейім балалардың «тәуекел тобы» көрсетіледі.

**Кілтті сөздер:** жеткіншек, мінез-құлық, девиация, суициалды мінез-құлық, инстинкт, суицидалды әрекеттер.

*D.A.Uskenbayeva<sup>1</sup>, A.M.Baikulova<sup>2</sup>, M.I.Minaidarova<sup>3</sup>*

*<sup>1/2</sup>Taraz Innovative-Humanitarian University,  
Taraz, Kazakhstan*

*<sup>3</sup>Taraz State Pedagogical University,  
Taraz, Kazakhstan*

## **THEORETICAL RESEARCH OF PROBLEMS OF TEENAGERS WITH SUICIDAL BEHAVIOR**

### *Abstract*

The article deals with the problem of theoretical research of problems of teenagers with suicidal behavior. Components of suicidal behavior: suicidal manifestations (thoughts, approaches, opinions, intentions, feelings) and suicidal actions. The works of scientists analyze opinions concerning suicidal behavior. Psychopathological, sociological, and socio-psychological approaches that explain the occurrence of deviation are considered. According to the classification of modern suicidology, the following factors of suicidal risk are distinguished: biological, socio-central and psychological-psychiatric. In the psyche of a teenager, properties that contribute to suicidal behavior are shown. In particular, we are talking about serious causes of adolescent suicide. The "risk group" of children who are prone to suicidal behavior is indicated.

**Keywords:** adolescent, behavior, deviation, suicidal behavior, instinct, suicide.

*Д.А.Ускенбаева<sup>1</sup>, А.М.Байкулова<sup>2</sup>, М.И.Минайдарова<sup>3</sup>*

*<sup>1/2</sup>Таразский инновационно-гуманитарный университет,  
г.Тараз, Казахстан*

*<sup>3</sup>Таразский государственный педагогический университет,  
г.Тараз, Казахстан*

## **ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМ ПОДРОСТКОВ С СУИЦИДАЛЬНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ**

### *Аннотация*

В статье рассматривается проблема теоретического исследования проблем подростков с суицидальным поведением. Составные части суицидального поведения: суицидальные проявления (мысли, подходы, мнения, намерения, чувства) и суицидальные действия. В трудах ученых анализируются мнения, касающиеся суицидального поведения. Рассматриваются психопатологические, социологические и социально-психологические подходы, объясняющие возникновение девиации. Согласно классификации современной суицидологии различаются следующие факторы суицидального риска: биологические, социально-центральные и психолого-психиатрические. В психике подростка показываются свойства, способствующие суицидальному поведению. В частности, речь идет о серьезных причинах суицида подростков. Указывается «группа риска» детей, склонных к суицидальному поведению.

**Ключевые слова:** подросток, поведение, девиация, суицидальное поведение, инстинкт, суицид.

Суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептеледі. Суицидалды мінез-құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Суицидалды мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының ерекшелігі де әсер етеді.

Мәселен өзіне-өзі қол жұмсау әрекет ретінде суицидалды мінез-құлықтың түпкілікті көрінісі болып табылмайды. Ол келесі құрамдас бөліктерден тұрады: суицидалды көріністер (ойлар, тұспалдар, пікірлер, ниеттер, сезімдер) және суицидалды әрекеттер. Бұдан шығатыны – аталған мінез-құлық ішкі де, сыртқы да жоспарларда орын алады [1].

В.А.Руженков, В.В.Руженкова өздері әзірлеген жіктемеде суицидалды мінез-құлықты парасуицидтер мен тура және жанама аутодеструкциялармен қатар аутоагрессиялы мінез-құлықтың құрылымына жатқызады [2].

Қазіргі таңда осы феноменді зерделеумен айналысатын көптеген авторлардың мінез-құлықтың осы түрі туралы прогрессиенттік (жағымсыз өткен кезде) үрдіс ретінде пікірлері басым. Біздің ұстанымымыз – суицидалды мінез-құлық дәл осылай, жағымсыз өте алады. Егер қазіргі сәтте жеке тұлғада суицидалды мінез-құлықтың ішкі формалары болса, ол сыртқы белсенділікке өтудің қуатты алғышарты болып табылады.

Когнитивтік, эмоциялық-еріктік-жігерлік, тұлғалық, уәждемелік-қажеттілік салалары тарапынан белгілі бір ерекшеліктер болған жағдайда суицидті жүзеге асыру анағұрлым ықтимал болады. Осыған байланысты суицидалды мінез-құлықты диагностикалау, суицидалды мінез-құлықты болдырмауға септігін тигізетін дер кезінде және барабар психокоррекциялық-психотерапиялық, дәрі-дәрмекті іс-шаралар маңызды міндет болып табылады.

Қарастырылып отырған мінез-құлықтың өз құрылымында бірқатар кезеңдер бар: суицидалды, суицидалды ниеттерді іске асыру, постсуицидалды (егер әрекет өлімге алып келмесе). Осы кезеңдердің өтуі өте ұзақ және қысқа болуы мүмкін.

Мысалы, мазасыздық-күмәнданғыш қасиеттері бар акцентуацияланған тұлғаларда бұл кезең ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, ал қоздырғыш-импульстік белгілері бар адамдарда бұл кезең қысқа болады.

Сол себепті суицидке қарсы мотивация маңызды қорғаныс механизмі болып табылады. Оның үстемдігі суицидалды ойлардан, сезімдерден белсенді іс-қимылдарға көшуді тежеуі мүмкін. Нәтижесінде суицидалды себептер кейінге ығыстырылады [3].

Диагностикалық және алдын алу іс-шараларында суицидалды және өзін-өзі зақымдайтын мінез-құлықты саралау түйінді сәт болып табылады. Нақты акт жоспарланған суицидалды әрекет немесе бұл өзін-өзі зақымдайтын мінез-құлықтың айқын көрсеткіші екенін айту қиын. Мысалы, өзін-өзі буындыру әрекеті өзін-өзі зақымдауға да, сондай-ақ аяқталмаған өзіне-өзі қол жұмсауға да жатқызыла алады.

Тұжырымдамалық жоспарда девиацияның бұл түрі кеңінен қарастырылады, бірақ оның шығу тегін түсіндіретін бірыңғай тұжырымдама жоқ. Оның пайда болуын түсіндіретін негізгі тұжырымдамаларды 3 тәсілге: психопатологиялық, социологиялық және әлеуметтік-психологиялық тәсілдерге келтіруге болады. *Психопатологиялық тәсілге* сәйкес суицидалды мінез-құлық – психикалық аурудың симптомы; *социологиялық тәсілге* сәйкес – бұл мінез-құлық қоғамдағы әлеуметтік ахуалдың нәтижесі; *әлеуметтік-психологиялық тәсілге* сәйкес – жеке факторларға негізделген.

Тифоаналитикалық тұжырымдаманың авторы Ю.Р.Вагин мінез-құлықтың осы түрін авиталдық белсенділік феномендерінің бірі ретінде қарастырады. Оның ұстанымынан «суицидалды белсенділік» термині ең лайықтысы болып табылады [4].

Бүгінгі күні суицидалды мінез-құлық тек патологиялық тұрғыдан бағаланбайды. Бұл мінез-құлық психикасы сау адамдарға да тән. Алайда, жеке тұлғада психикалық, сондай-ақ ауыр соматикалық патологияның болуы суицидалды мінез-құлықтың қалыптасуының тәуекел факторы болып табылады. И.Неелман суицидалды мінез-құлықты басқа аурулардың симптомы ретінде ғана емес, өз этиопатогенезі, терапиясы бар жеке ауру ретінде қарастырады [5].

Ары қарай суицидалды мінез-құлық құрамындағы факторларды, атап айтқанда, суицидалды мінез-құлық нақты адамда қандай факторлардың болуына байланысты дамитынын анықтау қажет. Қазіргі заманғы суицидологияда жіктеме бар, соған сәйкес суицидалды тәуекелдің келесі факторларын ажыратады: *биологиялық, әлеуметтік-орталықтық және психологиялық-психиатриялық.*

*Биологиялық факторларға:* биологиялық туысқандардың өзіне-өзі қол жұмсаулары, мидың серотонинергетикалық құрылымының ақаулары жатқызылса; *психологиялық-психиатриялық факторларға:* психикалық аурудың болуы, тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, суицидалды әрекеттер, сондай-ақ өзін-өзі зақымдайтын әрекеттер жатқызылады; *алеуметтік-орталықтық факторларды:* бастан өткен өте жағымсыз оқиғалар, кәсіби, отбасылық салалардағы проблемалар, өзіне-өзі қол жұмсаулары құралдарының жеңіл қолжетімділігі құрайды [6].

З.Фрейд суицидалды мінез-құлықты объектінің жоғалуына байланысты агрессияны өз тұлғасына қарсы айналдырудың нәтижесі ретінде түсіндірді. З.Фрейд өзінің «Печаль и меланхолия» кітабында өзінің нысанын жоғалтқан «Мен»-нің бөлігіне агрессия жасау және осылайша «жаман» ішкі объектілердің жазасын тартқызу арқылы өзіне-өзі қол жұмсаудың динамикасын сипаттайды. Бұл теория суицидалды мінез-құлықтың динамикасында жақын адамның жетекші рөлін мойындайды.

The article deals with the issue of tolerance formation in the development of special abilities of the teacher. The article describes the inconsistencies in this concept when interpreted on the basis of different Sciences, as well as the ambiguity of the attitude to it in contemporary society. Also explains the

consequences of tolerance for socio-cultural differences in the development of special abilities of the teacher. The level of tolerance formation among teachers reflects the results of the study, its manifestations at the level of different categories of persons, and also characterizes the experience of tolerance formation among these teachers.

**Keywords:** teacher, abilities, development, tolerance formation; tolerant society; tolerance formation; levels of tolerance formation, social and cultural environment, qualitative analysis of tolerance aspects, tolerance as personal qualities.

*Ботабаев Ф.Е.<sup>1</sup>, Токсанбаева Н.Қ.<sup>2</sup>, Унгарбаева Ш. У<sup>3</sup>, Токарбаева Б.Т.<sup>4</sup>, Абдыбаева Г.М.<sup>5</sup>*

<sup>1</sup> *SILK WAY Международный университет.*

*(Казахстан, г.Шымкент)*

<sup>2</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби,*

*(Казахстан, г.Алматы)*

<sup>3,4</sup> *Жетысуского Государственного Университета имени И. Жансугурова*

*(Казахстан, г.Талдыкурган қаласы)*

<sup>5</sup> *Таразского государственного университета имени М.Х.Дулати,*

*(Тараз, Казахстан)*

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ И ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ НА РАЗВИТИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧИТЕЛЯ

### *Аннотация*

В статье рассматривается вопрос формирования педагогической толерантности в развитии специальных способностей преподавателя. В статье описываются несовпадения в данной концепции при толковании на основе различных наук, а также неясности отношения к ней в современном обществе. Также объясняет последствия толерантности для социально-культурных различий в развитии специальных способностей преподавателя. Уровень формирования толерантности среди преподавателей отражает результаты исследования, ее проявления на уровне различных категорий лиц, а также характеризует опыт формирования толерантности среди этих преподавателей.

**Ключевые слова:** преподаватель, способности, развитие, формирование толерантности; толерантное общество; формирование толерантности; уровни формирования толерантности, социально-культурная среда, качественный анализ аспектов толерантности, толерантность как личностные качества.

Оқытушының арнайы қабілеті – адамның өз бейімділігі арқылы, творчестволықпен іс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Педагогикалық қабілетті адам творчестволықпен іс атқармаса, тіпті талантты деген кісінің өзі қабілетінен айырылады. Адам қандай жұмыспен айналыспасын, күнбе-күнгі істі тыңғылықты тындыру арқылы, өз қабілетін дамытып, қалыптастырып отырады. Қабілеттердің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жинағы дарындылық деп аталады. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке саласының туа біткен қасиетімен тығыз байланысты. Белгілі бір қабілеттіліктің дамуына арнаулы педагогикалық шара қолдануды тілемей-ақ өз бетімен ерте көзге түсуі. Кей баланың оқуға түспей тұрып, сурет, музыкаға қабілетті екендігі байқалатыны әркімге мәлім.

Индивид пен қоғамның мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелерімен үйлесімді қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе – толеранттылық болып табылады. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты [1].

Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды.

Б.Г. Ананьевтің тұжырымдауынша адам даму көптеген факторлардың өзара әрекетімен шартталады: тұқымқуалаушылық, қоршаған орта (әлеуметтік, табиғи), тәрбие және оның өзінің іс-әрекеті [2].

Кеңестік психологтар мен ғалымдар Лейтес Н.С.[3], Дружинин В.Н.[4], А.Г.Ананьев[2], А.Н.Леонтьев[5], В.И.Панов[6], В.И.Карикаш [7], В.А.Крутецкий [8], Б.М.Тепловтың [9] өз республикамыздағы көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев [10], М.М.Жанпейісова [11], Қ.Б.Жарықбаев[12], С.М.Жақыпов[13], Н.Қ.Тоқсанбаеваның [14], еңбектерін жеке тұлғаны дамыту мәселелесінің теориясы және тәжірибесінің алтын қоры деп білеміз.

Кеңестік психологияда қабілеттер жайлы ілім біркелкі дамып отырған жоқ. Мысалы, 1930-40 жылдардың арасында тұлғаға деген тұрпайы- кеңестік көзқарас қалыптасқан кезде қабілеттер жайлы мәліметтер психологиядан да, педагогикалық практикадан да алынып тасталған болатын. Тек, 1950 жылдардың ортасынан бастап, бұл мәселе қайта көтеріле бастады. Бұдан кейін нақты қабілеттер жайлы іргелі зерттеулер жасалды. Олар: музыкалық қабілеттер (Б.М.Теплов), бейнелеу өнеріне деген қабілеттер (В.И.Киреенко), әдеби қабілеттер (В.П.Ягункова), математикалық қабілеттер (В.А.Крутецкий), педагогикалық қабілеттер (Н.В.Кузьмина) сияқты зерттеулер. Оқыта отырып баланың қабілеттерін дамыту мәселесі көрнекті педагогтар Ш.А.Амонашвили, И.В.Волков, О.С.Газман еңбектерінде қарастырылады.

Бұл жағдайда төзімділік басқа адамдармен адам қарым-қатынасында ғана емес, билікпен, қоғаммен, табиғатпен және т.б. қарым-қатынастарымен күрделі жүйелерде пайда болады. Мұнда төзімділік азаматтық қоғамның қалыпты жұмыс істеуі үшін және тіпті адамзаттың тіршілік ету шарты ретінде әрекет етеді. Дәл осы тұрғыда жасөспірім ұрпаққа төзімділікке, күрделі, қайшы келетін әлемде бағдарлаудың әмбебап әдістері болуына жол беру қажеттілігі туындайды. Жеке тұлғаны тәрбиелеудің психологиялық және әлеуметтік міндеті педагогикалық жоспарға ауысады және толеранттылық санасын өсіруде маңызды болып табылады. Шын мәнінде, бұл қоғам мен білім берушілердің шешуі тиіс әлемдік көзқарас.

Оқу үдерісі оқушының пәндік тәжірибесі мен объективті мәдени құндылықтардың байланыстарын үздіксіз «жабу» және «ашу» сияқты семантикалық шындық ретінде әрекет етеді, сана-сезімнің жеке-семантикалық құрылымдарын беретін көзі ретінде. Оқу мен білім беру барысында алынған сезімдер оқушылардың өмірлік бағдарларының матрицасын қалыптастыратын сананың «ұяшықтары» болып табылады.

#### Эксперименттік бөлім және әдістемелер.

Әрине толеранттылық адамның тұлғалық қасиеті мен қоғамдық тұрмыстың феномені ретінде мәдениеттің, жоғарғы, ең басты құндылықтарының бірі болып табылады. Өмірдің мағыналық бөлшектерінің бір бөлігі болып табылады және маңыздылығы жағынан бұл процестің қатысушыларының толеранттық қатынастарының пәндік тәжірибесіне негізделген толерантты мәдениеттің өмірлік практикасына негізделетін тәрбие процесінің модельдерін жасауды белгілейді. Мұғалімнің өнері оқушылардың сана-сезімінің мағыналық құрылымын өзектендіру болып табылады, олардың мазмұны "басқа ойлайтын" ұстанымдарын қабылдауға болмайтын болса, кем дегенде олардың мағынасын түсіну ниетіне негізделеді.

#### Кесте 1. Педагогикалық толеранттылықтың өзіндік ерекшеліктері:

Педагогикалық толеранттылық критерийлері		Нақты мазмұн ерекшеліктері
Негізгі	Просоциалдық-асоциалдық	Педагогикалық тыныштықты әлеуметтік құндылық ретінде, оқушылармен бейбітшілік мәдениетінің немесе зорлық-зомбылық әлемінің бөлігі ретінде көрсету
	Конструктивтік-деструктивтік	Педагогикалық толеранттылықтың жеке және субъективті құндылығы «осы және қазіргі» кездегі жағдай, болашақта оқушылармен өзара әрекеттесу субъектілері арасындағы қатынастардың динамикасы, жағдайлық және перспективалық тиімділік, мәселені немесе жанжалды жағдайды шешудің тәсілі.
	Активті- пассивті	Педагог пен оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынас пен диалогтық қатынастарды құруға қатысуды қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы әрекеттерде көрінетін белсенділік деңгейі.

	Тұрақтылық-өзгерушілік	Педагог жүйелерді сақтау немесе өзгерту тенденциялары: жеке, тұлғааралық, әлеуметтік-мәдени, даму, тоқырау немесе деградация векторын белгілеу.
Қосымша	Диалогтық-монологтық	Педагог пен оқушы арасындағы тұлғааралық толеранттылық жүзеге асырылатын байланыс түрі және әсер ету нысаны.
	Децентрация-эго-центрация	Педагогтың басым назары: оқушы мен сұхбаттасушыға немесе өзіне.

Жеке - мағыналық негізде толерантты сананы тәрбиелеу полимәдениетті білім беру кеңістігінің моделінде тиімді жүзеге асырылуы мүмкін. Полимәдениетті білім беру кеңістігінің мұндай нұсқасы диалог, таңдаудың вазимдік бейімделу механизмдері және оқушылардың толерантты санасын дамыту міндеттері арқылы технологиялық түрде іске асырылады. Сонымен қатар, басқа білім беру үлгілерімен салыстырғанда полимәдениеттік білім беру кеңістігі осы міндеттерді шешу үшін үлкен әлеуетке ие деп санауға негіз бар.

**Нәтижелері мен талқылануы** Педагогикалық толеранттық кәсіби деңгейде болғандықтан біз мұғалімнің жұмысының тиімділігін, ең алдымен мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысын талдауды қажет деп таптық. Педагогикалық қызметтің тиімділігін бағалау үшін Н.Б.Авалуеваның «Білім беру қызметінің тиімділігі коэффициенті» әдістемесі пайдаланылды. Бұл әдіс мұғалімнің білім беру қызметін бағалауға ғана емес, сондай-ақ оқытуға да қолданылады, өйткені сыныпта оқитын оқушының қызметі сыныптан тыс іс-әрекеттер сияқты бірдей критерийлерге сәйкес бағалануы мүмкін: қызметке деген жеке үлесі, бастамасы, белсенділік. Нұсқаулық: «Сабақ кезінде әр оқушының іс-әрекеттіне әдеттегі қатысу дәрежесін бағалаңыз. 0 – өзін-өзі айтарлықтай емес көрсетуі, 1 – өзін-өзі толық көрсете алмайды, 2 – өзін толық көрсетеді».

Толерантты және интолерантность қарым-қатынас баланстың, ашушаңдықтың, эмоциялық төзімділіктің, экстраверсияның, алаңдаушылықтың және тағы да басқа сипаттамалармен байланысты болуы мүмкін. Осы қасиеттерді анықтауға және оларды толеранттық пен теңестіруге мүмкіндік беретін әдісті пайдалану маңызды. Осы мақсатта біз 16PF Кэттелла сауалнамасын қолдануға мүмкіндік алдық. Бұл зерттеуде 187 сұрағы бар сауалнама пайдаланылды. Тақырып бойынша нұсқаулық: «Бұл зерттеуде сіз әр сұраққа бір-бірілеп және үш ықтимал жауаптар ұсынасыз. Сізге былай жауап беру керек: алдымен сұрақты және оның нұсқаларын оқып шығыңыз, содан кейін қалған екеуіне қарағанда пікіріңізді білдіретін үш ұсынылған жауап нұсқаларының біреуін тандап, оны хаттамаға белгілейсіз.

Жиі «сенімді емес», «орташа» сияқты жауапқа бармауға тырысыңыз. Оны басқаша жауап бере алмаған кезде ғана таңдаңыз. Әр сұраққа жауап беріңіз».

Оқытушының оқушылардың жеке қасиеттерін бағалау үшін әріптестер Ю.Н. Кулюткина мен Г.С. Сухобская ұсынған тұлғалық жұптардың қарсы сипаттамалары қолданды. Оқу процедурасы Р.Осгуда симантикалық дифференциалдық әдісіне сәйкес келеді. Зерттеу барысында мұғалімдердің бағалауы: идеал оқушыны бағалау, нақты және анти идеал, сондықтан субъектіге сауалнаманың қарсы жұптары бар 3 сауалнама ұсынылды. Әрбір жауап парағында жұмыс істеу технологиясы бірдей, ол нұсқаулықтың мазмұны бойынша ғана ерекшеленеді.

1-параққа арналған нұсқаулық: «Өзіңізге ұнайтын және қарама-қарсы эмоциялық-бағалайтын сипаттамаларды пайдаланып, оқушымен сабаққа дайындалатын жерді дайындап және оған деген көзқарасыңызды крест арқылы белгілеп, бағалаңыз. Егер бұл адамға деген көзқарасыңыз оң болса, онда жұлдызша ортаңғы, нөлдік сызықтың оң жағына орналасады; егер оған деген көзқарасыңыз теріс болса, онда сол жаққа орналасады. Кез-келген жағдайда қарым-қатынастың күші, тиісінше, 0-ден 3-ге дейін қажетті оң немесе теріс жауапты таңдау арқылы көрсетіледі.

2-параққа арналған нұсқаулар: «Сізбен жұмыс жұмыс жасайтын оқушыны келесі бірнеше қарсы жұптарды пайдалану арқылы бағалаңыз».

3-параққа арналған нұсқаулар: «Келесі бірнеше қарсы жұптардың көмегімен жұмыс істегіңіз келмейтін оқушыны бағалаңыз ...».

Ю.Н. Кулюткина, Г.С. Сухобская барлық сапа жұптарын бес бағаға топтастыруды ұсынады:

1. Адамның жалпы айырмашылығы.
2. Адамның моральдық қасиеттерінің сипаттамасы.
3. Адамның интеллектуалдық қасиеттерінің сипаттамасы.
4. Адамның ерікті қасиеттерінің сипаттамасы.



5. Жеке дара ерекшеліктердің сипаттамасы.

Қоғамдық қашықтық Богарду әдісі. Респонденттерге төмендегі нұсқаулар ұсынылды: «Төменде ұсынылған жеті критерийдің біреуінде олардың қолайлылығы дәрежесін ғана көрсете отырып, төмендегі мәлімдемелерді бағалаңыз. Бұл қағидаға жауап беріңіз: мен жеке өзім қарым-қатынас жасайтын адамдар, соның ішінде жақын араласатын адамдар болуы мүмкін».

Нақты элеуметтік қашықтық мына формула бойынша есептеледі:

мұнда  $\Sigma$  - оң нәтиже беретін баллдардың арифметикалық сомасы,

$\Sigma$  - теріс нүктелердің арифметикалық сомасы.

Осылайша, жоғарыда келтірілген әдістер мен әдістердің негізінде біз зерттелген мәселе бойынша сандық және сапалық ақпаратты таңдадық. Енді эксперименталды зерттеулердің нәтижелерін тікелей талдау жасаймыз.

**Білім беру қызметінің тиімділігін бағалау**

Оқытушының кәсіби қызметінің негізгі түрі ретінде оқу-тәрбиелік іс-шаралар, әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқарушылық тәрбие жұмыстарының басқа түрлерін де қамтиды.

Егер педагогикалық толеранттық кәсіби деңгейде болса, онда ол оқыту мен білім беру қызметінің тиімділігіне әсер етуі керек.

Педагогикалық қызметтің тиімділігін бағалау әдістемесінің тиімділігін 0-ден 100% -ға дейін өлшеуге мүмкіндік береді. Оқу және тәрбиелеу іс-әрекетінің тиімділігінің орташа мәндері бірдей, бұл олардың тең дәрежеде дамитынын білдіреді. Деректердің шашырауы білім беру қызметінің тиімділігінің 42% -дан 48% -ға дейінгі мәнін береді. Оқытушының орташа кәсіби тәжірибе стажы - 12 жыл, ең төменгі тәжірибе - 1 жыл, максимум - 40.

2-кесте. Оқытушылық қызметтің тиімділігі мен мұғалімнің тәжірибесі

	мін	мақ	орташа	стандартты ауытқу	вариация коэффициенті
Жұмыс тәжірибесі	1	40	12,03	9,98	±0,82
Оқу жұмысының тиімділігі	12	78	45,15	15,84	±0,35
Білім беру қызметінің тиімділігі	14	84	45,56	15,35	±0,33
Оқыту тиімділігі	13	81	45,22	15,30	±0,33

Пайыз әдісі бойынша тәжірибе өтілімі мәндері келесі рет бойынша анықталады: 1-ден 3 жылға дейін, 4-тен 7 жылға дейін, 8-ден 12 жылға дейін, 13-тен 20 жылға дейін, 21-ден 40-қа дейін. Әрбір еңбек өтілі бойынша шамамен бірдей субъект саны бар: 66 адам, 53 адам - 55 адам - 55 адам - 57 адам - Жиліктік бөлу кестесіне сәйкес, бұл үлгідегі мұғалімдердің көпшілігі 15 жылға дейін жұмыс тәжірибесі бар екенін, ал ең жоғарғысы - бес жылдық жұмыс тәжірибесі бар екенін көреміз. Бірнеше оқытушының кәсіби тәжірибесі 30 жылдан асады. Алынған деректерге сүйенсек, мектепте жұмыс істеп жүрген көптеген жас мамандар бес жылдай ғана жұмыс істейді, соның нәтижесінде бүкіл педагогикалық қызметкерлердің жұмыс тиімділігі төмендейді, себебі мектепте көбінесе үлкен өтілі бар адамдар жұмыс істейді. Тәжірибесі жоқ мамандар істеген кезде, жұмыс тиімділігі төмендемейді, оған педагогикалық толеранттылық жетіспейді. 3-кестеге сүйене отырып, оқытудың және білім беру қызметінің тиімділігінің орташа көрсеткіші орташа және ортадан төмен интервал бойынша байқалады. Педагогикалық қызметтің тиімділігі орташа деңгейінен төмен интервалда, педагогикалық іс-әрекетте байқалады, бұл жағдайда мұғалімдер сабақтан тыс іс-шараларға қарағанда сыныптағы оқушылардың жұмысына көбірек көңіл бөледі. Бұл деректер, егер мұғалім балаларды тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмесе, білім беру сапасы төмендейтінін көрсетеді. Бұл оқытушылар оқушының өзара қарым-қатынасына емес, тек нәтижеге назар аударады. Педагогикалық қызмет тиімділігі орташа деңгейден жоғары интервалда көрсетілгендей, керісінше білім беру қызметі бірінші орынды иеленеді, бұл мұғалімдер сыныптан тыс іс-шараларда оқушылармен бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруға қабілетті. Мұндай оқытушылар оқушының жеке басына назар аударады, диалог процесі және білім беру процесінің субъектілерімен ынтымақтастық маңызды және қызықты. Демек, білім беру қызметінің тиімділігі көбінесе мұғалімнің жұмысына әсер етеді.

3-кесте. Білім беру қызметінің тиімділігінің кестесі

Педагогикалық қызметтің деңгейі	$M_{ЭОД}$	$M_{ЭВД}$	$M_{ЭПД}$
---------------------------------	-----------	-----------	-----------

Төменгі деңгей	26,6	26,9	26,6
Орташадан төмен деңгей	38,1	36,1	35,5
Орташа деңгей	45,5	44,1	43,8
Орташадан жоғары	54,3	54,2	54,1
Жоғары деңгей	65,9	68,3	67,1

Қорытынды: 4-7 жыл аралығындағы кәсіби тәжірибе кезеңінде және 21-40 жыл аралығындағы білім беру қызметінің тиімділігінің нәтижелері бойынша, айтарлықтай статистикалық айырмашылықтар байқалады. Яғни педагогикалық қызметтің тиімділігі мен нәтижесі арасындағы максималды және минималды айырмашылық білім беру үшін де, тәрбие беру үшін де маңызды. Педагогикалық қызмет нәтижесінің біршама өсуі 13-20 жыл аралығындағы еңбек өтілі кезінде байқалады, 4-7 жыл ішінде педагогикалық қызметтің тиімділігі 13-20 жыл ішінде тиімділігіне карағанда айтарлықтай ерекшеленеді.

Сонымен қатар, басқа білім беру үлгілерімен салыстырғанда полимәдениеттік білім беру кеңістігі осы міндеттерді шешу үшін үлкен әлеуетке ие деп санауға негіз бар.

Толеранттылық мәселесін елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында ерекше атап өтті: «Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз», - деді. Және осы бағытта Қазақстан халықтарының ассамблеясында біршама игі істер атқару үстінде. Бұл істердің негізінде елбасымыздың ұлтаралық мәселелер жөніндегі ішкі және сыртқы саяси бағдарламалары негіз болып отыр. Бұл бағдарламалар біздің болашақ ғылыми зерттеулерімізде негізгі ұстанымы болмақ.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Гершунский Б.С. Толерантность в системе ценотно-целевых приоритетов образования // Педагогика. – 2002. – №7. – С.3-10.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М.: Изд-во «Наука», 1977. – 380 с.
3. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия: избранные труды. – М.: Изд-во Московского психолого-социального института; - Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2003. – 464 с.
4. Дружинин В.Н. Психология общих способностей – СПб.: Издательство «Питер», 1999. - 368.: (серия «Мастера психология»)
5. Леонтьев. А.А. Психология общения. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: Смысл, 1997. – 365 с. ,
6. Панов В.И. Проблема одаренности и одаренные дети как проблема // Дарын. – Алматы. - 2006. - № 5-6. – С. 103-104.
7. Джакупов С.М. Развитие одаренности в онтогенезе // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. - 2007. - № 1 (20). - С. 7-8.
8. В.А.Крутецкий. Коммуникативная способность и ее совершенствование: автореф. дис. на канд. психол. наук: 19.00.05. - Л., 1981- 19 с.,
9. Теплов М.Б. Избранные труды, в 2-х т., т.1. - М.: Прос., 1971.
10. Н.Қ.Тоқсанбаева. Қарым-қатынастың адам өміріндегі маңыздылығы және этнопсихологиялық сипаты // Қазақстан жоғары мектебі. - 2008. - №4. - 134-135 бб.

МРНТИ:15. 81.29

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.23>

У.К.Кыякбаева<sup>1</sup>, А.И.Булишекбаева<sup>2</sup>, М.К.Суранишева<sup>3</sup>

<sup>1, 2, 3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ**

### *Аңдатпа*

Қазіргі қазақстандық қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларындағы өзгерістер отбасы және мектепке дейінгі ұйымдар жағдайында мектепке дейінгі баланың әлеуметтенуіне назар аударуды күшейтуді талап етеді.

Педагогикалық процесстің тұтастығы мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтенуі мен даралануы, баланың табиғатын сақтау және оның мәдениетінің дамуы, әлеуметтік-мәдени тәжірибеге енгізу процесінде жеке мәдени тәжірибені байыту, даму және білім беру бірлігі процестерінің тұтастығы ретінде түсініледі.

Қазіргі педагогикалық процесс әрбір балаға жеке қажеттіліктерді жүзеге асыруға және сонымен бірге балалар қауымдастығымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін жағдайлар жүйесі ретінде жобаланады. Балалар қызметін ұйымдастыру балалар бірлестігін құруға бастамашылық жасайды, онда әрбір бала ұнаған іс-әрекетті орындайды және сонымен бірге басқа балалармен ынтымақтасады. Мұндай білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі жастағы жетекші әлеуметтендіру және дараландыру процестері бір-бірін үйлесімді толықтырады.

Мақалада әлеуметтендіру ұғымының мәні қарастырылады, отандық педагогикалық ғылымда мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру мәселесін әзірлеу жағдайы талданады, ғалымдардың ғылыми жетістіктері анықталып, балабақшаның әртүрлі жастағы топтарында балалардың өзара қарым-қатынас мәселелері ашылады.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, мектепке дейінгі ұйымдар, әлеуметтендіру, дараландыру, педагогикалық процесс.

*Кыякбайева У.К.<sup>1</sup>, Булшекбайева А.И.<sup>2</sup>, Сураншиева М.К.<sup>3</sup>*

*<sup>1, 2, 3</sup> Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## **WAYS TO IMPROVE WORK WITH TEENAGERS ON PREVENTION OF AGGRESSIVE BEHAVIOR**

### *Abstract*

Changes in the political, social and economic spheres of modern Kazakhstan society dictate the need to increase attention to the socialization of preschool children in the family and preschool organizations.

The integrity of the pedagogical process is understood as the integrity of the processes of socialization and individualization of the preschool child, preservation of the child's nature and its development in culture, enrichment of individual cultural experience in the process of inclusion in the socio-cultural experience, unity of development and education.

The modern pedagogical process is designed as a system of conditions that allow each child to realize individual needs and at the same time interact with the children's community. The organization of children's activities initiates the creation of children's associations in which each child performs a favorite function and simultaneously cooperates with other children. In such an educational space, the processes of socialization and individualization leading to preschool age harmoniously complement each other.

The article deals with the essence of the concept of socialization, analyzes the state of development of the problem of socialization of preschool children in the national pedagogical science, determines the scientific achievements of scientists and reveals the problems of interaction of children in different age groups of kindergarten.

**Keyword:** preschool education, preschooler, preschool organizations, socialization, individualization, pedagogical process.

*У.К.Кыякбаева<sup>1</sup>, А.И.Булшекбаева<sup>2</sup>, М.К.Сураншиева<sup>3</sup>*

*<sup>1, 2, 3</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ РАБОТЫ С ПОДРОСТКАМИ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ

### *Аннотация*

В настоящее время агрессия является предметом активных научно-практических исследований. Стрессы повседневной жизни, распад традиционной структуры семьи, информационная усталость, обилие насилия на телеэкранах - эти и другие причины ведут к усилению тревожности и агрессивности. В данных условиях становится актуальным анализ проблемы проявлений и уровня агрессии.

В статье авторы раскрывают агрессивное поведение и предлагают направления педагогической деятельности по профилактике негативных явлений в подростковом возрасте. Эффективность педагогических приемов и методов профилактики агрессивного поведения заключается в понимании не только сути духовного развития личности, рефлексии, установок на сознательные сферы жизни, но и зависит от половой принадлежности.

**Ключевые слова:** агрессивное поведение, профилактика, подросток, саморегуляция, педагогический процесс, социализация.

### *Кіріспе*

Заманның өзгерісі деп қоғамдағы, табиғаттағы, атмосферадағы, техникадағы, мәдениеттегі, т.б. барлық өзгерістер адамзатқа түсетін күш те ерекше болмақ.

Жасөспірімдердің өмірі бір орында тоқтап тұрмайтын, үнемі өзгерісте болатын динамикалық құбылыс, яғни олардың тұлғалық қалыптасуы да өзгеріп отыратындығы анық.

Жалпы білім беру ортасында жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдірудің жолдарын және әлеуметтік-педагогикалық технологияларын пайдалану керектігін, себебі жас адамның тұлғалық және эмоциялық проблемаларын шешу басқа жас кезеңдерінен күрделірек екендігіне тоқталып өтеді. Жасөспірімдер шешілмеген проблемалардан шыға алмай қалса, оқуының да сапасы мен деңгейі соның төңірегінде қалады.

Тұлғалық дамуы арқылы адам эмоциялық қылықтарын саналы мінез көріністеріне ауыстыруға бейімделеді. Бұл ретте, адамға әлеуметтік психологиялық көмек түрлері пайдалы. Соңғы уақыттағы ақпараттық танымның кеңеюіне байланысты адамға қажет болатын психологиялық көмек түрлері де, оның таралу мүмкіндіктері де көбейе түсуде. Әлеуметтік қолдау көрсетудің негізгі мақсаты жасөспірімдердің өмір сүруі барысында кездесетін қиындықтардың алдын алу болғандықтан, олардың арасында кездесетін моббингтің алдын алудың жолдары арқылы тұлғаға әсер ету [1].

К.Роджерс былай деп жазды: «Әрбір тірі организм өз өмірін қорғайды, әрі оны жақсартып отыруға тырысады. Оған жететін қабілеті де бар. Сол арқылы қоршаған ортадағы қиындықтарды жеңе отырып, мінезін де сол ортаға сәйкес өзгерте алуға қабілетті болады» [2]. Сол себепті, кез-келген адамның өзіне-өзінің сенімділігін қалыптастыра отырып, түрлі қиындықтардан шығуына мүмкіндік беретін әлеуметтік қолдау әрекетінің орны бөлек.

Адамдардың көпшілігі қандай психологиялық, әлеуметтік қиындыққа ұшыраса да уақытында көмекке жүгіне бермейді. Мұның себептері көп: психологиялық сауатсыздығы, кәсіби көмек алу дәстүрінің қалыптаспауы, басқалар біліп қоймасын деп қорқу, өзінің тұлғасы мен әрекетін теріс бағалаудан қорқу, маманға баруды өзінің «жетіспеушіліктерін» сезінумен, зиян шегумен байланыстыру, т.с.с. Бұл себептердің пайда болуының да жолы бар. Кәсіби психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету біздің елімізде әлі де болса басқа да көрсетілетін тұрмыстық қызмет түрлері деңгейіне жеткен жоқ. Тұрмыстық зат, машина не техникамыз бүлінсе, оны жедел жөндетуге ұмтылатын халық, санасы мен психикасына түскен күшті дер кезінде жоюды мақсат ете бермейді.

Психикалық денсаулығы жақсы адам әлеуметтік педагогтардан, дәрігерлерден, тұрмыспен қамту орталығы мамандарынан ұялмай-ақ көмек сұрай алады. Себебі бұл мамандардың арнайы білімдері бар. Әлеуметтік педагогқа алғаш барған жасөспірім психологиялық жайсыздықты сезінеді. Мұның себебі адам өзіне және өзгелерге (жақындарына) қатысты мәселелерді шеше алмағандығын мойындаумен, яғни өзінің қолынан келмегеніне ыңғайсыздануымен байланысты болады.

Психологиялық көмек тек арнайы әлеуметтік педагог маманның ғана қолынан келетін іс емес. Адамның денсаулығына қатысты кейбір ауруларды жеңуде (бас ауруы, іш ауруы, т.б.) адамдар қандай дәрілерді пайдалануға болатындығы жөнінде бір-біріне қалай кеңес беретін болса,

психологиялық қиындықтардан шығу үшін де өзінің жеке тәжірибесі аясында тура солай көмек көрсетуге болады.

Жалпы мектептің білім беру ортасында мұғалімдер белгілі мәселелерді шешудің жолдарын білетін сияқты көрінуі мүмкін. Кәсіптік ерекшелігі жағынан педагог, дәрігер, заңгер тәріздес маман иелері де «тұрмыстық психологтар» рөліне ие бола алады.

Әлеуметтік қолдау көрсету педагогтың арнайы дайындығына, оның адаммен әңгімелесу, тыңдауға үйрену, сұрақтар қоя білу мен сұрақтарға жауап беру және басқа адамға жаны аши білу дағдыларын дамыту кіреді.

Әлеуметтік көмек беру жүйесіне кіретін қызметтердің жиынтығы айтарлықтай мәнге ие. Қысқаша түрде олардың төрт түрін көрсетуге болады:

- балаларға тікелей қызмет көрсету – медициналық (хирургия, дәрі-дәрмектермен емдеу, физиотерапия), еңбек терапиясы, логопедия және құрылымдық білім беру бағдарламалары.

- Ата-аналарға арналған қызметтер – «ата-ана ата-ана үшін» деген өз-өзіне көмек беретін ата-аналар топтарының бағдарламалары, ата-аналардың білімі мен дағдыларын дамытатын бағдарламалар, дербес және топтық кеңес беру.

- Отбасыларға арналған қызметтер – бауырлар мен апай-қарындастарға, апалар мен аталарға арналған топтық бағдарламалар; шағын демалыс беру, ата-аналарға мүмкіндік беру, үйде көмек беру және қаржылық қолдау көрсету.

- Шағын аудандарға арналған қызметтер – ерте интервенцияның агенттігі дамуында жетіспеушілігі бар балалардың кәдімгі балабақшалар мен мектептерге орналасуына, балалар мен олардың отбасыларының құқықтарын қорғауға, қоғамның мүгедек-балаларының проблемалары мен мұқтаждықтарын сезінуіне жәрдем береді.

Сондықтан зерттеу жұмысымызда психологиялық көмек пен педагогикалық қолдау технологиясын дайындау қажеттігі де анықталды. Тәрбие үрдісіндегі психологиялық көмек пен педагогикалық қолдау технологиясы тұлғалық-бағдарлық тәрбие стратегиясына негізделеді.

Кәсіби психологиялық, әлеуметтік көмектің мәні көмек сұраушының жағдайын уақытша ғана жеңілдетумен шектелмейді, сонымен бірге адамның өміріндегі күрделі жағдайларды бағалай отырып, психологиялық қиындықтарды шешу стратегиясын белгілеуге, өзін-өзі және басқалардың оны құрметтеуі мен қабылдауын арттырудың психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастырумен сипатталады. Егер адам психологиялық жағынан дайын болса, әлеуметтік педагог оған проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын белгілеуге көмектеседі.

Әлеуметтік көмектің соның ішінде, жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын кездесуі мүмкін қиындықтардың алдын алуға негізделген профилактикалық көмек көрсету түрінің маңызы ерекше. Бұл көмек түрінің көкейкестілігі адамның өзіне, отбасына, тұлғааралық қатынастар сапасына, өзінің және жақындарының психикалық денсаулығына деген көңілі мен ынтасының артуымен, сонымен қатар, адамның айналасындағылар туралы, олардың өзіндік ішкі жан дүниесі мен өзінше қажеттіліктері бар екендігін ескере бермейтіндігімен, өзгелерді қойып өзін-өзі нашар білетіндігімен түсіндіріледі. Бұл кәсіби психологиялық көмек түрін ұйымдастыру барысында бірнеше тұлғалық тесттердің көмегімен адамның жан-жақты психологиялық портретін құрастырады. Психологиялық ерекшеліктері нақтыланған адам психологпен бірлесе отырып, өзін-өзі жетілдірудің стратегиясы мен тактикасын белгілейді, психологтан қанша және қандай, қай уақытта көмек ала алатынын анықтайды. Алдын алу жұмыстарын сауатты ұйымдастырылуы жасөспірімдердің өзін және өзгелерді дұрыс түсінуіне, арнайы білім мен тәжірибені қажет ететін сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік береді.

Жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдіруде эмпирикалық, концептуалдық, клиникалық, сонымен бірге, психологиялық, әлеуметтік, медициналық, емдік тұрғыдағы әсер етеді.

Бұл үрдістердегі психологиялық көмек пен педагогикалық қолдау әлеуметтік педагогтың тәрбиедегі ізгілік ұстанымын көрсетеді. Педагогика ғылымының алдында адам, қоғам, мәдениет туралы ғылымдар және қазіргі заманның шынайылығын сипаттайтын педагогикалық ұғымдардың қатарының жетістігіне негізделген ізгілікті тәрбиенің тұлғалық-бағдарлық теориясын құру міндеті туындайды.

Тәрбие әдісі – тәрбиелеу мақсаттарын жүзеге асыру тәсілі. Тәрбие әдістері тәрбие үрдісі компоненттерінің табыстылығын қамтамасыз ететін басты құралдар болып табылады. Дәстүрлі түрде тәрбие әдістерін адамның мәнді салаларына оларда берілген сапаларға дағдыландыру мақсатында

әсер ету тәсілдері ретінде қарастыру орын алған. Тәрбие әдістері деп біз педагогтар мен оқушылардың өзара қарым-қатынас жасау тәсілдерін ұғынамыз. Аталған үдерісте тәрбиеленушілердің жеке тұлғасы қасиеттерінің даму деңгейінде өзгерістер жүреді.

Тәрбие мақсаттарына, әдетте әдістердің жиынтығын іске асыру үдерісінде қол жеткізіледі. Бұл әдістердің үйлесімі әрбір жағдайда қойылған мақсат пен балалардың тәрбиелік деңгейіне тең. Мұндай жиынтықты таңдау және тәрбиелеу әдістерін дұрыс қолдану – педагогикалық кәсібиліктің шыңы.

Әрбір әдіс түрліше іске асады, ол мұғалімнің тәжірибесі мен жеке стиліне байланысты. Әдісті жүзеге асырудағы алуан түрлілік жалпы әдістің бөлігі болып табылатын және мұғалімнің нақты әрекеті арқылы көрінетін тәрбие тәсілдерімен сипатталады.

Карл Роджерс жасөспірімдерге әлеуметтік, психологиялық көмек беруді жеке жұмыс әдістерінің біріне жатқызуға болатынын айтады. Білім беру мен кәсіптік бағдар саласында психотехникалық түрлі әдістер көп қолданылғанымен, оның басым бөлігін психологиялық кеңес беру алады [2; Б12-13].

Л.С. Выготский «Психологиялық дағдарыстың тарихи мәні» атты еңбегінде былай деп жазды: «Кейбір жеке психологиялық пәндердің ғылыми зерттеу мен нақты материалдарды жинақтау, негізгі жағдайлар мен заңдарды анықтау мен жүйелеу жағынан бір бетбұрысқа келіп тірелгені анық. Сондықтан, осы тіке жолмен тағы да дәл осылай зерттеуді жалғастыру ешбір нәтиже де бермейді, және ол мүмкін де емес» [3; Б.292]. Бұдан соң, елу жылдан кейін А.Н. Леонтьев те осы жағдайды атап көрсетеді: «Психологиялық фактілерді біріктіре салу оңай емес. Ол үшін психологияның құрылымын ары қарай талдай отырып, жаңа ғылыми концепцияларды іздестіру қажет» [4; Б.124].

Кез-келген ғылыми мәлімет тәжірибенің деректеріне сүйенгенде ғана шындыққа жанасатыны анық. педагогика ғылымының теориялық дәйектемелері адам туралы ақпараттар арқылы құрылады. Адам туралы ақпарат дегеніміз – адам жайлы нақты білім, оның әлеуметтік және экономикалық жағдайы, оның қоршаған ортасы, биологиялық сипаты жайлы білім. Осы әсер ету адамның өзі туралы, «Мен» бейнесінің, ниеттерінің, құндылықтарының, ойлау тәсілдерінің, яғни, адамның ішкі бейнесі туралы психологиялық білімді қалыптастырады.

Басқа адам туралы білімді алу тәсілдерін талдау қазіргі уақытта мынадай төрт мәселені қамтиды: біріншіден, адамның өзінің өмір сүруі барысында жинақтаған адамдар туралы білімі;

екіншіден, адамның белгілі бір тұйықталған топтар (жанұя, ұжым, т.б.) көлеміндегі адамдар туралы жалпы білімі;

үшіншіден, адамдар туралы маман-ғалымдардың (физиолог, психолог, т.б.) теориялық-практикалық мәліметтері;

төртіншіден, психолог маманның жоспарлы әрекеті арқылы жинақталатын мәліметтер.

Байқағанымыздай, адамның өзін тануы, өзіне-өзінің сенімі нығаюы үшін біз қарастырып отырған зерттеу тақырыбымызға сай әлеуметтік педагогтардың қосар үлесі мол болуға тиісті.

Жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдіруде, білім мен ептіліктерді қабылдау ерекшелігіне қарай оқыту әдістері мынадай топтарға бөлінеді:

сөздік әдістер (білім мен ептіліктерді қабылдаудың көзі - ауызша сөйлеу немесе баспасөз болып табылады);

көрнекілік әдістері (білім мен ептілікті қабылдау көзі – бақыланатын заттар, құбылыстар, көрнекі құралдар);

практикалық әдістер (білім мен ептілікті қабылдау көзі – оқушылар орындайтын тәжірибелік әрекеттер) [5].

Әдістердің ішінде жетекші орынды алатын әдіс – сөздік әдістер. Олардың басты жетістігі – аз уақыт ішінде көп көлемдегі ақпаратты қарастыруға мүмкіндік береді.

Сөздік әдістердің түрлері: әңгімелеу, түсіндіру, айтып беру, дискуссия, кітаппен жұмыс. Бұл әдістер дәрістер мен семинарларда, жасөспірімдер мен оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарында (кітаппен, оқулықпен, оқу құралдарымен, ғылыми және анықтамалық әдебиетпен) және психологиялық кеңес беру кезінде жиі қолданылады.

Сөздік әдістерді ауызша және жазбаша деп бөлеміз. Ауызша әдістер оқытушыға оқу материалын түсіндіруде көп көмектеседі:

тілсіз құралдарды қолдана алады;

жасөспірімдермен оқу материалын түсінгендігі туралы кері байланыс қамтамасыз етіледі (сұрақтар, сөздік қолдаулар, жасөспірімдердің мимикасы, т.б.);

жасөспірімдердің білімді қабылдауы мен түсінуін арттыру іске асырылады [6].

Ал, жазбаша сөйлеудің мұндай артықшылықтары жоқ. Бірақ біздің зерттеу мәселеміз бойынша жасөспірімдердің өздік жұмыстарын орындауы үшін жазбаша жұмыстардың маңызы зор екендігін атап өткеніміз дұрыс. Ауызша сөйлеу арқылы ақпаратты беру жылдамдығы жазба материалды оқу жылдамдығына жетпейді.

Жасөспірімдерге арналған тапсырмалар мынадай тәсілдердің көмегімен іске асады: конспектілеу, мәтіннің жоспарын құру, тезистер құрастыру, аннотациялау, рецензиялау, глоссарий құрастыру, идеялар матрицасын құрастыру, студенттің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау мен дамыту бағытындағы тәжірибелік жұмыс түрлері, әлеуметтік қолдауды қажет ететін әлеуметтік мәселелерін анықтап белгілеу, қорытындылары бойынша кемшіліктермен жұмыс жасау, т.с.с.

1. жасөспірімдердің әрекеттеріне, оқу жұмысына қатысты сұрақтар (оқу материалын меңгерудің қандай тәсілін таңдап алар едіңіз және қалай қолданасыз?):

2. жасөспірімдердің тұлғалық дамуына қатысты сұрақтар.

Классикалық түрі – эвристикалық әңгіме. Бұл әңгіме барысында әлеуметтік педагог алдын-ала ойластырылған сұрақтар жүйесінің көмегімен, түсінуге, қорытындылауға жетелейді. Мұндай бірлескен іс-әрекеттің көмегімен жасөспірімдер білімді жеке өзіндік пайымдауларына сүйене отырып қабылдайды. «Сократтық әңгіме» - осыған дәлел.

Диалогтық әдістің тағы бір түрі – топтық дискуссия. Дискуссия кезінде жасөспірім белгілі бір мәселеге қатысты өз пікірі мен көзқарасын білдірумен бірге, оны дәлелдейді, басқалардың пікірімен де санасуға үйренеді. Мұнда жасөспірімдерден қажетті білімдік қор талап етіледі. Олар өз ойларын дәл жеткізуге үйренеді. Әдетте топтың барлық мүшесі бірдей дискуссияға қатыса бермейді, тыңдаушылар да орын алады. Сондықтан, жасөспірімдердің белсенділігі арта түсуі үшін оларды бірнеше топқа бөліп қоюға болады. Содан кейін топтар арасында пікір алмасу ұйымдастырылады [7].

Сөздік ықпал етумен бірге әлеуметтік педагог тілсіз әсер ету құралдарын да қолданады:

қарым-қатынастағы ара-қашықтық,

көз арқылы байланыс,

мимика,

жүріс-тұрыс,

ым-ишара белгілері,

тілдің фонациялық сипаты (темп, тон, күш, ырғақ, қысым, үзіліс, интонация).

Педагогикалық іс-әрекет пен педагог тұлғасы жайлы зерттеулерге сүйенсек, әрі жасөспірімдердің пікірлеріне құлақ ассақ, педагог қандай болуы керектігі жайлы ортақ пікірлерді аңғарамыз:

біріншіден, педагог ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы керек.

екіншіден, педагогтың ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын студент-шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

үшіншіден, педагог өз жасөспірімдеріне беделді, ұжым арасында сыйлы болуы, әрдайым жасөспірімдермен әдепті қарым-қатынаста болуы шарт.

төртіншіден, педагог теорияны өмірмен байланыстырып, ғылым мен тәжірибені әр уақытта үйлестіріп отыруы тиіс.

бесіншіден, педагог үнемі өз бетімен оқып-үйреніп, кәсібіне қажетті жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыру керек [8].

Жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдіруде білім беру ортасында қойылатын мақсаттармен бірге, әлеуметтік педагогтың кәсіби мүмкіндіктеріне байланысты бірқатар мақсаттарды белгілеуге болады:

жастардың психикалық денсаулығын сақтау, түрлі эмоциялық нашар өзгерістердің алдын алу, психикалық қысымнан босату, білім беру ортасына бейімделуіне көмектесу;

әр жасөспірімнің өзін көрсетуіне, шығармашылық күшін шыңдауына, танымдық белсенділігін арттыруына, дербес ойлауын дамытуына жағдай жасау;

жасөспірімдердің өзін түсінуіне, өзіндік «Менін» сезінуіне, өзіне өзінің сенімділігін қалыптастыруына мүмкіндік беру;

өзін психикалық реттеуі мен өзін бақылауын ырықты түрде қалыптастыруына ықпал ету;

қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыра отырып, адамдармен ортақтасуға үйрету;

жасөспірімдердің психологиялық құзыреттілігін (компетенттілігін) дамыту: мінез құлықтың қолдануға болатын әлеуметтік нормаларын меңгерту, ортақтасу субъектісі ретіндегі «басқамен» санасуға, түрлі өмір жағдайларына байланысты дұрыс шешімдер жасауға үйрету.

Демек, жалпы білім беру жүйесінде жасөспірімдермен жүргізілетін агрессивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жетілдіру барысында, жүйелі ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар, олардың тұлғасының, оның мінез-құлық ерекшеліктерінің, дағдыларының, біліктіліктерінің, әдеттерінің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету деп тұжырымдаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Джаманбалаева Ш. *Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения.* – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 278 с.
2. Роджерс К.Р. *Консультирование и психотерапия. Новейшие подходы в области практической работы: Монография.* / Пер. с англ. О.Кондрашовой, Р.Кучкаровой. Редакторы И.Гришпун, С.Бобко, В.Ряшина. - М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000. – 464 с.
3. Выготский Л.С. *Психология развития как феномен культуры.* - М., 1986. – 420 с.
4. Леонтьев А.Н. *Философия психологии.* – М.: Наука, 1994. – 452 с.
5. Сарыбаева И.С. *Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары: Оқу құралы.* – Алматы: қазақ университеті / И.С.сарыбаева. 2018 ж.-204б.
6. Бала құқықтары туралы конвенция //www.edugov.kz
7. Толковый словарь Ефремовой. Т.Ф. – URL: <http://dic.academic.ru>.
8. Национальная юридическая энциклопедия. – URL: <http://determiner.ru>

МРНТИ:15.81.70

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.24>

*А.Г. Мурзакулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби  
(Алматы, Казахстан)*

**ИССЛЕДОВАНИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ ОБ ИДЕАЛЬНОЙ И РЕАЛЬНОЙ МАТЕРИ  
СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН**

*Аннотация*

В статье представлены результаты исследования структуры представлений современных казахстанских женщин об образе «я-мать». Исследование позволило определить собирательный образ идеальной и реальной матери, а также выявило существенное различие в представлениях в поведенческом компоненте представлений.

**Ключевые слова:** представления об идеальном родителе, образ «я-мать», идеальная мать, реальная мать

*А.Г. Мурзакулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.  
(Алматы, Қазақстан)*



## ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ИДЕАЛДЫ ЖӘНЕ НАҒЫЗ АНА ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ

*Аңдатпа*

Мақалада заманауи қазақстандық әйелдердің «Мен-ана» бейнесі туралы идеяларының құрылымын зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу идеалды және шынайы ананың ұжымдық бейнесін анықтауға мүмкіндік берді, сонымен бірге қабылдаудың мінез-құлық компонентіндегі қабылдаудың айтарлықтай айырмашылығын анықтады.

**Түйін сөздер:** мінсіз ата-ана туралы идеялар, «мен-ана» бейнесі, идеалды ана, нағыз ана

*A.G. Murzakulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(Almaty, Kazakhstan)*

### STUDY OF REPRESENTATIONS ABOUT PERFECT AND REAL MOTHER OF MODERN KAZAKHSTAN WOMEN

*Abstract*

The article presents the results of a study of the structure of ideas of modern Kazakhstani women about the image of “I am mother”. The study allowed to determine the collective image of the ideal and real mother. It also revealed a significant difference in perceptions in the behavioral component of perceptions.

**Key words:** ideas about the ideal parent, the image of “I-mother”, ideal mother, real mother

Материнство является темой, количество издаваемой литературы по которой стремительно растет. В зарубежной психологии феномен материнства изучается в рамках разных подходов: психоаналитического (Дж. Боулби, М. Малер, Д. Виникотт, Д. Пайнз); этнологического (Р. Докинз, Р. Триверс, Т. Карлайл); концепции социального научения (Р. Сирс, Дж. Гервиц, У. Бронфенбренер). В разработку психологии материнства большой вклад внесли такие психологи и психиатры, как В.И. Брутман, Д. А. Медведев, И. В. Добряков, Г. Г. Филиппова, И. Ю. Хамитова, Овчарова, Эйдемиллер и др. Отдельные аспекты психологии материнства в рамках перинатальной психологии так же изучают Г.И. Брехман, Ж.В. Колесова, Л.В. Наумова, О.В. Баженова, Т.М. Зенкова, Л.Л. Баз. Проблемы бесплодия, абортов, суррогатного материнства изучают Н.В. Шабалин, В.Т. Волков, А.А. Пестрикова. О психологической готовности к материнству пишут такие авторы как В.В. Ивакина, И.А. Аленова, И.П. Каткова, С.Ю. Мещерякова, Ю.Е. Скромная.

Восприятие себя как матери или образа «я-мать» является частью «я-концепции» женщины. «Я-концепция», согласно Джеймсу, имеет три компонента – когнитивный, эмоциональный и поведенческий компонент. Когнитивный компонент включает в себя представления о своем характере, своих способностях, качествах. Эмоциональный компонент состоит из переживаний человеком своих представлений о себе, самооценки, самоуважения, себялюбия или любви к другим и т.д. Поведенческий компонент представляет собой действия, которые предпринимает человек, исходя из системы представлений о себе, социальные установки в отношении себя и окружающих.

Если говорить о восприятии женщиной себя как матери (образа «я-мать»), здесь можно выделить те же компоненты, только с поправкой на их направленность. Это хорошо отразила Мягкова в своей модели идеального материнства. Согласно Мягковой [1] когнитивный компонент материнства состоит из представлений о материнстве, материнских позиций и установок, материнских ценностей и материнского отношения. Эмоциональный компонент материнства состоит из материнских чувств, материнских переживаний и материнской любви. Поведенческий компонент материнства

представляет собой совокупность стиля воспитания, материнской ответственности и материнской роли.

В целях изучения структуры образа «я-мать» современных казахстанских женщин было проведено исследование, которое ставило своей целью выявление представлений об идеальной матери и сравнение с образом реальной матери. Было проведено анкетирование и использован опросник «Представления об идеальном родителе» Овчаровой. Респондентам было предложено заполнить опросник дважды. В первый раз необходимо было отметить те качества, которые присущи идеальной матери, во второй раз нужно было отметить те качества, которые присущи им самим, как матерям. Статистическая обработка данных проводилась с помощью программы СПСС и включала: а) описательную статистику; б) Тест Вилкоксона (Wilcoxon Signed Ranks Test) для сравнения показателей на основе построения ранговой последовательности абсолютных разностей пар значений; в) частотный анализ выделенных качеств идеального и реального родителя

В исследовании приняло участие 100 женщин. Возраст респондентов от 24 до 63 лет. 65% составили женщины в возрасте от 30 до 40 лет. Национальность респондентов: казашки - 8, русские - 8, уйгурки - 6, татарки - 2, 1 кореянка, 1 украинка. Все респонденты проживают в городе. 65 имеют высшее образование, 32 – более одного высшего образования. Супружеский статус респондентов следующий: 74 состоят в зарегистрированном браке, 6 в гражданском браке, у 4 есть постоянный партнер, но проживают раздельно, у 16 респондентов не состоят в отношениях. Полная постоянная занятость (работа или учеба) есть у 25, неполная постоянная занятость (работа на пол ставки) у 6, на временной работе находятся 2, в декретном отпуске -17, не работают 19, 31 работают на себя. Количество детей у респондентов от 1 до 5: 24 имеют 1 ребенка, 47 имеют 2 детей, 21 имеют 3 детей, 4 имеют 4 детей, 4 имеют 5 детей. Возраст детей варьируется от 1,5 месяцев до 38 лет.

Уровень дохода респондентов следующий: 13 имеют доход до 100 000 тенге, 39 от 100 000 до 250 000 тенге, 23 от 250 000 до 450 000, 25 – от 450 000 тенге и выше. Большинство респондентов проживает отдельно со своей семьей, 18 проживают с родителями (своими или супруга), 3 проживают с другими родственниками.

### Результаты исследования.

В образе идеальной матери предпочтение отдается поведенческому компоненту. В образе реальной матери ярче проявляется качества, относящиеся к когнитивному компоненту представлений.

Описательные статистики		Минимум	Максимум	Среднее	Стандартная отклонения
Когнитивный компонент	идеальный родитель	-7,00	45,00	20,06	8,32
	реальный родитель	-10,00	41,00	20,81	9,59
Эмоциональный компонент	идеальный родитель	-7,00	43,00	18,04	8,33
	реальный родитель	-49,00	46,00	18,88	11,40
Поведенческий компонент	идеальный родитель	-2,00	41,00	21,83	9,33
	реальный родитель	-52,00	49,00	17,54	12,59

Тест Вилкоксона не выявил различий между когнитивным и эмоциональным компонентами, но выявил значимые различия в поведенческом компоненте между идеальной и реальной матерью ( $Z = -4,748, p < 0,001$ ).


### тест Вилкоксона

	когн реал - когн идеал	эм реал - эм идеал	повед реал - повед идеал
Z	-1,013(a)	-1,420(a)	-4,748(b)
Asymp. Sig. (2-tailed)	0,311	0,156	0,000

Полученные результаты позволяют сделать вывод, что в имеющейся выборке оценки и суждения, доминирующий эмоциональный фон, представления о различных способах и формах взаимодействия, знания и представления о взаимоотношениях в представлении идеальной матери совпадают с субъективным представлении о себе как реальной матери. Иначе говоря, матери

чувствуют и думают о своем ребенка так же как и субъективная идеальная мать, которая имеется в их представлениях.

Диаграмма 1. Представление об идеальной и реальной матери: поведенческий компонент



Поведенческий компонент восприятия матери включает в себя субъективную оценку таких действий как воспитание, опытность родителя, количество проведенного с ребенком времени, готовность жить для ребенка или предпочтение жить для себя, похвала, опека, потакание капризам ребенка, помощь ребенку, степень возможности влияния на ребенка и др. Ниже представлены частотные таблицы и разбивка качеств идеальной и реальной матери по степени выраженности. Можно наблюдать какие именно качества идеальной и реальной матери проявляются всегда, часто и редко.

**Частотный анализ качеств идеальной матери**

		Частота	Проценты	Валидный	Накопленный
--	--	---------	----------	----------	-------------

				процент	процент
Валидные	Качество не учитывается	7	13,0	13,0	13,0
	Качество проявляется редко	22	40,7	40,7	53,7
	Качество проявляется часто	21	38,9	38,9	92,6
	Качество проявляется всегда	4	7,4	7,4	100,0
	Всего	54	100,0	100,0	

### Частотный анализ качеств реальной матери

		Частота	Проценты	Валидный процент	Накопленный процент
Валидные	Качество не учитывается	10	18,5	18,5	18,5
	Качество проявляется редко	22	40,7	40,7	59,2
	Качество проявляется часто	21	38,9	38,9	98,1
	Качество проявляется всегда	1	1,9	1,9	100,0
	Всего	54	100,0	100,0	

Как видно из частотного анализа, в представлениях об идеальной матери качеств, которые учитываются на три больше, чем в представлениях о реальной матери. Существенное различие можно увидеть в количестве значимых качеств, которые проявляются всегда. У идеальной матери таких качеств 4, у реальной матери – 1.

	Идеальная мать	Реальная мать
<b>Качество проявляется всегда</b>	Прощающая Счастливая Любящая Не боящаяся извиниться перед ребенком	Любящая
<b>Качество заметно, проявляется часто</b>	Сильная Благоразумная Практичная Доверяет ребенку Сотрудничает с детьми Бескорыстная Ответственная Уважающая детей Радостная Добрая Ласковая Теплая Одобряющая Не стыдящаяся за ребенка Готовая к родительству Воспитывающая Отдохнувшая Обучающая ребенка Хвалящая Слушающая ребенка Помогающая ребенку	Благоразумная Доверяющая детям Сотрудничающая с детьми Прощающая Бескорыстная Ответственная Счастливая Радостная Добрая Теплая Одобряющая Жалеющая Не стыдящаяся за ребенка Готовая к родительству Не боящаяся извиниться перед ребенком Воспитывающая Обучающая ребенка Слушающая ребенка Помогающая ребенку
<b>Качество проявляется редко</b>	Может быть несправедливой Должна все знать Альтруист Всегда понимает	Практичная Должна быть справедливой Должна все знать Альтруист

<p>Всегда права                  Решающая за детей                  Должна интересоваться детьми                  Должна быть спокойной                  Должна гордиться детьми                  Жалеющая                  Всегда довольная детьми                  Не обижающаяся на детей                  Может быть неопытным родителем                  Может жить для себя                  Балующая ребенка                  Опекающая                  Просящая                  Иногда командующая                  Не всегда выполняющая капризы ребенка                  Не вмешивающаяся в жизнь ребенка                  Не ограничивающая свободу ребенка                  Не критикующая ребенка</p>	<p>Всегда терпелива                  Всегда права                  Уважающая детей                  Может не интересоваться детьми                  Должна быть спокойна                  Может не гордиться детьми                  Ласковая                  Иногда кричащая на ребенка                  Не обижающаяся на детей                  Отдохнувшая                  Может жить для себя                  Балующая ребенка                  Опекающая                  Просящая                  Иногда командующая                  Не всегда выполняющая капризы ребенка                  Не ограничивающая свободу ребенка                  Не критикующая ребенка.</p>
--	--

Полученные результаты позволили составить собирательные образы идеальной и реальной матери, которые имеют респонденты, принявшие участие в исследовании.

#### **Идеальная мать**

**Всегда:** прощающая, счастливая, любящая, не боящаяся извиниться перед ребенком

**Часто:** сильная, благоразумная, практичная, доверяет ребенку, сотрудничает с детьми, бескорыстная, ответственная, уважающая детей, радостная, добрая, ласковая, теплая, одобряющая, не стыдящаяся за ребенка, готовая к родительству, воспитывающая, отдохнувшая, обучающая ребенка, хвалящая, слушающая ребенка, помогающая ребенку.

**Редко:** может быть несправедливой, должна все знать, альтруист, всегда понимает, всегда права, решающая за детей, должна интересоваться детьми, должна быть спокойной, должна гордиться детьми, жалеющая, всегда довольная детьми, не обижающаяся на детей, может быть неопытным родителем, может жить для себя, балующая ребенка, опекающая, просящая, иногда командующая, не всегда выполняющая капризы ребенка, не вмешивающаяся в жизнь ребенка, не ограничивающая свободу ребенка, не критикующая ребенка

#### **Реальная мать**

**Всегда:** любящая

**Часто:** благоразумная, доверяющая детям, сотрудничающая с детьми, прощающая, бескорыстная, ответственная, счастливая, радостная, добрая, теплая, одобряющая, жалеющая, не стыдящаяся за ребенка, готовая к родительству, не боящаяся извиниться перед ребенком, воспитывающая, обучающая ребенка, слушающая ребенка, помогающая ребенку.

**Редко:** практичная, должна быть справедливой, должна все знать, альтруист, всегда терпелива, всегда права, уважающая детей, может не интересоваться детьми, должна быть спокойной, может не гордиться детьми, ласковая, иногда кричащая на ребенка, не обижающаяся на детей, отдохнувшая, может жить для себя, балующая ребенка, опекающая, просящая, иногда командующая, не всегда выполняющая капризы ребенка, не ограничивающая свободу ребенка, не критикующая ребенка.

**Вывод и заключение.** Образ «я-мать» имеет три компонента – когнитивный, поведенческий, эмоциональный. Исследование представлений женщин относительно образа идеальной и реальной матери дало возможность качественно и количественно оценить каждый компонент. Было выявлено, что существенные различия имеются только в поведенческом компоненте представлений образа идеальной и реальной матери, тогда как существенных различий в эмоциональном и когнитивном компонентах обнаружено не было.

#### *Список использованной литературы:*

1 Мягкова М. А. Психологические особенности одинокого материнства // Вестник Сургутского государственного педагогического университета. 2011. №4. URL:

<https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-odinokogo-materinstva> (дата обращения: 27.01.2020).

2 Ильин Е.П. Психология взрослости. Питер, 2012 – 544 с.

3 Овчарова, Р.В. Психология родительства : учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений [Текст] / Р.В. Овчарова. – М. : Академия, 2005. – 368 с.

4 Радостева А.Г. Влияние семейных отношений на родительские установки. Фундаментальные исследования. – 2013. – № 8 (часть 5) – С. 1238-1242

5 Шутценбергер, А.А. "Синдром предков: Трансгенерационные связи, семейные тайны, синдром годовщины, передача травм и практическое использование геносоциограммы. Изд-во Института Психотерапии, 2019. – 256 с.

6 Филиппова Г. Г. Психология материнства М. : Изд-во Института психотерапии, 2002. 240 с.

7 Ермихина, М.О. Формирование осознанного родительства на основе субъективно психологических факторов [Текст] : дис. ... канд. психол. наук / М.О. Ермихина. – Казань, 2004. – 168 с.

8 Милюкова, Е.В. Формирование когнитивного, эмоционального, поведенческого компонентов родительской любви: автореф. дис. канд. психол. наук / Е.В. Милюкова. – Екатеринбург, 2004. – 27 с.

МРНТИ: 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.25>

Омарова Б.А.<sup>1</sup>, Байбекова М.М.<sup>2</sup>, Камардинова Ү.О.<sup>3</sup>, Ералина Ф.К.<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІЛІМ ОРТАСЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АДАПТАЦИЯЛАНУЛАРЫНДАҒЫ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ РӨЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы білім саласындағы түрлі өзгеріс-жаңалықтарға орай студенттердің оқу процесіне, жалпы жоғары оқу орнының білім беру ортасына адаптациялануындағы рефлексияның алатын рөлінің ерекшеліктері теориялық және әдіснамалық, әрі әдістемелік тұрғыдан да терең талданады.

Рефлексияны заманауи зерттеу жұмыстары оның келесідей аспектіде қарастыруды талап етеді: интеллектуалды, жеке тұлғалық және коммуникативті. Студенттік шақта психологиялық адаптацияланудың табыстылығын қамтамасыз ететін тиімді шара адамға орта мен жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықты қадағалап, талдап және шешіп отыруға мүмкіндік беретін құбылыс-рефлексия болып табылады. Рефлексия әлеуметтік және жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер арқылы «МЕН-социум» жүйесіндегі қарым-қатынас-байланыстардың үйлесімділігін және жеке ресурстарды қолдану арқылы «МЕН-академиялық талаптар» жүйесіндегі де байланыстарды қамтамасыз етеді.

Студенттердің ЖБҰ-дың оқу процесіне психологиялық адаптациялануын үздіксіз процесс деп қарау аса қажетті болып отыр. Рефлексия студенттердің түсініктері бойынша жеке тұлғалық белсенділікті реттеу шарасы екендігі көрсетілді. Ол сыртқы әлемді қайта құруға бағытталуы мүмкін, әрі сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына орай, оның ішінде білім беру жағдайларының да өзгерістеріне қарай жеке өзіндік қайта құрылу да болады, сондықтан да студенттердің адаптациялық белсенділіктерін реттеудің маңызды шарасы болады.

**Кілт сөздері:** рефлексия, адаптация, жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер, белсенділік, дезадаптация, резервтер мен әлеуеттер, рефлексивті, ұғымдар, адекваттылық, тұлғааралық өзара әрекет ситуациялары.

Omarova B.A.<sup>1</sup>, Baibekova M. M.<sup>2</sup>, Kamardinova U.O.<sup>3</sup>, Eralina G.K.<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Peoples' friendship University named after academician A.Kuatbekov, Shymkent

## ROLE FEATURES OF REFLECTION IN THE PSYCHOLOGICAL ADAPTATION OF STUDENTS TO THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT OF THE UNIVERSITY

### *Abstract*

This article analyzes in detail the theoretical and methodological features of reflection in the adaptation of students to the educational process, to the educational environment of the University as a whole. Modern studies of reflection require its consideration in the following aspects: intellectual, personal, and communicative. An effective measure that ensures the success of psychological adaptation in student time is reflection—a phenomenon that allows a person to track, analyze and resolve conflicts between the environment and the individual. Reflection provides interaction in the "I-society" system through social and personal values, meaning, needs, harmony of connections and connections in the "I-society" system using separate resources and in the "I-academic requirements" system. It is extremely necessary to consider the psychological adaptation of students to the educational process of ODO as a continuous process. Reflection was shown as a measure of regulating students' personal activity according to concepts. It can be aimed at restructuring the external world, and depending on changing environmental conditions, including changes in educational conditions, it becomes an important measure for regulating the adaptive activity of students.

**Keywords:** reflection, adaptation, personal values, meaning, needs, activity, maladaptation, reserves and potentials, reflexive, concepts, adequacy, situations of interpersonal interaction.

Омарова Б.А.<sup>1</sup>, Байбекова М.М.<sup>2</sup>, Камардинова У.О.<sup>3</sup>, Ералина Г.К.<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup> Университета Дружбы народов им. академика Куатбекова А.

## РОЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ РЕФЛЕКСИИ В ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ К ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ВУЗА

### *Аннотация*

В данной статье подробно анализируются и теоретические и методологические особенности рефлексии в адаптации студентов к учебному процессу, к образовательной среде вуза в целом. Современные исследования рефлексии требуют его рассмотрения в следующем аспекте: интеллектуальное, личностное и коммуникативное. Эффективной мерой, обеспечивающей успешность психологической адаптации в студенческое время, является рефлексия-явление, позволяющее человеку отслеживать, анализировать и решать конфликты между средой и личностью. Рефлексия обеспечивает взаимодействие в системе «Я-социум» через социальные и личностные ценности, смысл, потребности, гармонию связей и связи в системе «Я-социум» с использованием отдельных ресурсов и в системе «Я-академические требования». Крайне необходимо рассматривать психологическую адаптацию студентов к учебному процессу ОДО как непрерывный процесс. Рефлексия была показана как мера регулирования личностной активности студентов по понятиям. Она может быть направлена на перестройку внешнего мира, и в зависимости от изменяющихся условий внешней среды, в том числе и изменений условий образования, и становится важной мерой регулирования адаптационной активности студентов.

**Ключевые слова:** рефлексия, адаптация, личностные ценности, смысл, потребности, активность, дезадаптация, резервы и потенциалы, рефлексивные, понятия, адекватность, ситуации межличностного взаимодействия.

**Кіріспе. Зерттеудің өзектілігі.** Айнала элем күннен күнге қарқынды да үдемелі даму күйінде әрі қиын да болып отыр, бұл арадан – жақын арада нақты көтерілмеген бірқатар мәселелер де бой көтереді. Біздер А.Г. Асмолов атаған «өзгермелі элемдегі өзгермелі тұлға» деген элеуметтік феноменмен соқтығысып тұрмыз. Тұрақсыздық жағдайындағы экономикалық және саяси шындық адамды аса жоғары талаптар ситуациясындағы адаптациялық мүмкіндіктерге әкеліп тіреп отыр. Өмір мен іс-әре-

кеттің мұндай жағдайларында ең маңызды болатыны әлеуметтік орта мен жеке тұлғалық мүмкіндіктер мен резервтер, яғни әлеуеттер арасындағы тепе-теңдікті анықтау болап табылады [1, 506].

Әсіресе жоғары білім берудің заманауи білім беру ортасы қазіргі таңда аса ерекше үдемелі қарқында болып отыр. Білім берудің түрлері мен мазмұнының реформалануы жағдайында ұзақ уақыт болғандықтан да, жоғары білімді ұйымдастыру заманауи таңдағы студенттерге жаңа құзіреттердің дербес және аса қызу қарқында меңгеруі және оларды дамытудың жаңа түрлері мен тәсілдеріне қатысты, әрі әлеуметтік өзара әрекет пен өзін-өзі реттеудің жаңа тәсілдерін, өзін-өзі дамытудың жаңа тәсіл-шараларын игеруге қатысты аса жоғары деңгейдегі талаптарды қойып отыр. Студенттерге деген талаптар күн санап өсуде, осы талаптарға сай болу үшін студенттерге міндетті түрде жоғары білім беруді ұйымдастырудың (әрі қарай ЖБҰ) жағдайларына адаптациялану қажет болып отыр және ағымдық міндеттерді тиімді де табысты шешуге үйренулері де аса қажет болып отыр. Оқытуға деген тіпті табысты адаптацияның өзі осы нәтиженің оқыту мерзімінің аяғына дейін сақталуына кепіл бола алмайды. Кейбір дезадаптацияландыратын факторлар өзгелерімен ауысып жатады. Әрбір семестрде студенттерге түрлі оқыту стильдері мен тәсілдеріне үйренуге тура келіп отырады. Әр жарты жылда студенттер емтихандар тапсырады. Көптегендері үшін ол жұмыс сәттері, кейбіреулерге ол аса ауыр стресс болады, әрі оған жаңадан қайта адаптациялану қажет болады. Студенттердің ЖБҰ-дың оқу процесіне психологиялық адаптациялануын үздіксіз процесс деп қарау аса қажетті болып отыр [2, 106].

**Негізгі бөлім.** Студенттік шақта психологиялық адаптацияланудың табыстылығын қамтамасыз ететін тиімді шара адамға орта мен жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықты қадағалап, талдап және шешіп отыруға мүмкіндік беретін құбылыс-рефлексия болып табылады. Рефлексия әлеуметтік және жеке-дара құндылықтар, мағына, қажеттіліктер арқылы «МЕН-социум» жүйесіндегі қарым-қатынас-байланыстардың үйлесімділігін және жеке ресурстарды қолдану арқылы «МЕН-академиялық талаптар» жүйесіндегі де байланыстарды қамтамасыз етеді. Рефлексияның дамуы субъектінің өзгелер, өзі жайлы рефлексивті ұғымдарының адекваттылығының артуымен, тұлғааралық өзара әрекет ситуацияларын талдау деңгейінің тереңдеуімен, ішкі және сыртқы кикілжіңдердің стандартты емес шешу тәсілдерінің жаңа түрлерінің пайда болуымен сипатталады да, ақырында психологиялық адаптация нәтижелеріне ықпалын тигізеді. Осыған орай, рефлексияны зерттеу психологиялық адаптацияланудың ішкі ресурстарының бірі ретінде оның ағымдық жағдайы біздерге аса өзекті және ұстанымды түрде маңызды болады. Осылайша, зерттеудің өзектілігі мен оның әлеуметтік маңыздылығы білім беру ортасының талаптарының адаптациялық икемділік пен студенттердің мобильділігі арасындағы талаптары қарама-қайшылықтарының өткірленуі, жаңартылған білім жағдайларына жеңіл бағдарлану мен жоғары білім беруді ұйымдастырудың қоғамдық өмірінің міндеттері бір жағынан, екінші жағынан ЖБҰ білім ортасына студенттердің психологиялық адаптациялануларының рефлексиясы ерекшеліктері жайлы ғылыми ақпараттың жеткіліксіздігі мәселелерінің артуымен шарттасады. Рефлексия кәсіби құзіреттілікті меңгерудің қажетті элементі ретінде, интеллектуалды мәдениеттің мәнді компоненті ретінде және өзін-өзі реттеу мен дамудың маңызды механизмі ретінде (психологиялық адаптацияның маңызды құрамдастары) (Э. Гуссерль, Д.В. Винник, Г.И. Железовская, А.Н. Леонтьев, Ю.П. Поварёнков, М.В. Романова, В.И. Слободчиков және т.б.) қарастырылады. Осыған орай, студенттердің рефлексиясын анықтау және оның ЖБҰ білім ортасына психологиялық адаптациялануының ерекшеліктерін зерттеу аса өзекті мәселеге айналып отыр [3, 1126].

Мәселенің ғылыми зерттелуінің дәрежесі қаншалықты деген сауалға келер болсақ, психологиялық ғылымда рефлексия жайлы феномен ретінде, ойлау тәсілі ретінде, процесс, іс-әрекет, дағды жайлы деген түрлі пікір-ұғымдар қалыптасып кеткен. Қай сала болса соған орай рефлексияның зерттелуіне сай осы құбылыстың түрлі қырлары акценттеліп отыр. Бірақ оның қандай жақтары мен қырлары ерекшеленгенмен де, олар адамның өзінің өзіндік сана-сезімін, өзіндік Менін, жеке күш-қуатын, әрекеттерін, әрі адаптациялық мүмкіндіктерін де таразылап, мағынасын саралауды қажет етеді. Сондықтан да, рефлексияны қарастырудың барлық қырлары мен барлық тәсілдері аса маңызды, әсіресе оны проблемалық ситуацияларға қолдану, оның ішінде білім ортасына психологиялық адаптацияланудағы рөлі аса ерекше маңызды болып отыр [4, 1586].

Рефлексияны заманауи зерттеу жұмыстарына талдау жасау келесіні көрсетеді, ол негізгі аспектіде зерттеледі: интеллектуалды, жеке тұлғалық және коммуникативті. Кейбір зерттеушілер рефлексияны шығармашылық процесс деп қарастырады (О.И. Генисаретский, В.К. Зарецкий, М.М. Кашапов, Я.А. Пономарев). Ғылыми психологиялық әдебиетте рефлексияның интеллектуалды аспектісі жеткілікті түрде жақсы баяндалған. Рефлексияның когнитивті схемалардағы рөлі мен



орнына байланысты көптеген зерттеулер бар (Н.Г. Алексеев, В.Н. Борисов, П.Я. Гальперин, О.И. Генисаретский, Ю.В. Громыко, Н.И. Гуткина, А.З. Зак, В.А. Лефевр, Г.П. Щедровицкий). Элеуметтік психологияда рефлексияны қарастырудың негізгі контексі болып тұлғааралық таным мен өзара әрекет процестері табылады (К.А. Абульханова, Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов, А.А. Бодалев, Л.П. Буева, Ф.Е. Василюк, М.В. Карагачева, С.В. Михайлова, В.И. Панов, Е.В. Рягузова, Р.М. Шамионов.). Бұл рефлексияның элеуметтік психологиялық трактовоккаларын және оны зерттеуге деген бағыт-көзқарастарды да анықтайды. Жекелік рефлексия және оның түрлері жиі жағдайда қолданбалы, психодиагностикалық және психокоррекциялық зерттеулерде қарастырылады, оның ішінде психологиялық-педагогикалық міндеттерді шешетіндерінде де (Е.А. Александрова, Л.И. Анциферова, Т.В. Белых, Л.И. Божович, В.К. Зарецкий, В.В. Знаков, А.В. Капцов, В.И. Моросанова, Ю.М. Орлов, Е.Н. Осин) [5, 886].

Ресейлік психологияда рефлексия мәселесімен барлық авторлар дерлік айналысты. Қазіргі таңда рефлексивті процестерді жекелеген психология салаларында зерттеу дәстүрге айналған. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Щедровицкийлер рефлексияны сана мен іс-әрекет мәселелері шеңберінде қарастырды. Ойлау процестері шеңберінде рефлексияны зерттеу А.В. Брушлинский, С.М. Кашапов, В.А. Лефевр, С.Ю. Степанов мен И.Н. Семеновтерге қатысты болды, олар оны шығармашылық ойлау тұрғысынан зерттеді. Қарым-қатынас процесс ретінде ондағы рефлексия ашыла отырып, оны Г.М. Андреева, А.А. Бодалевтер зерттеді. Педагогикалық психологияның шеңберінде рефлексивті актілерге және процестерге Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, В.Д. Шадриковтер үлкен зейін аударып зерттеді [6, 4716].

Дегенмен рефлексияны теориялық және эмпирикалық зерттеудің орасан үлкен тәжірибесі оқып-білім алушылардың жоғары оқу жағдайларына психологиялық адаптациялану ерекшеліктері тұрғысында жеткіліксіз талданған, әрі бұл жағдай біздерге «жеке тұлға-білім ортасы» жүйесінде динамикалық тепе-теңдікті орнату процесі деп түсініледі. Жинақталған ғылыми материал көзқарастар мен қорытындыларда түрліше болып келіп, жүйелеу мен жалпылауды қажет етеді. Рефлексияның түрлері мен оның студенттерге қатысты субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар ерекшеліктері және жоғары оқу орнында жоғары білімді ұйымдастыруда адаптациялану нәтижелеріне өзара қатысты мәселелері әлі күнге дейін зерттеуді қажет етіп отыр [7, 496].

Біздің зерттеу жұмысымыздың «Студенттердің рефлексия және оның сипаттамасы жайлы ұғым-түсініктерін зерттеу» параграфында авторлық анкета көмегімен жинақталған мәліметтер талданады, студенттердің рефлексия жайлы ұғым-түсініктеріне контент-талдау жасалынды, әрі ол арқылы студенттердің бұл феноменді оқу курстарына қарай дифференциалды, яғни жіктеліп түсінетіндіктері анықталды. Сонымен қатар, студенттердің осы ұғымды түсінулерінің инвариантты және ерекше мағыналық сипаттамалары түрлері болатыны да анықталды. Рефлексия жайлы ұғымның мағыналық категорияларының ядросы, өзегі және ЖБҰ-дың оқу процесіне адаптациялану процесіндегі рөлі өзіне 15 бірлікті қосып алады : ойлану, таразылау өзіндік талдау, өзін-өзі тану, өзіндік қылықтар мен әрекеттерді талдау, өзіне-өзі, өзінің санасына қаратпа сөз, ойлау процесі, психикалық күй-қалыпты өзін-өзі талдау, қайта таразылап, ой елегінен өткізу, өзін-өзі бағалау, өзіндік сана-сезімді сезіну, өзіндік сана, мағыналау. Рефлексия студенттердің түсініктері бойынша жеке тұлғалық белсенділікті реттеу шарасы екендігі көрсетілді. Ол сыртқы әлемді қайта құруға бағытталуы мүмкін, әрі сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына орай, оның ішінде білім беру жағдайларының да өзгерістеріне қарай жеке өзіндік қайта құрылу да болады, сондықтан да студенттердің адаптациялық белсенділіктерін реттеудің маңызды шарасы болады [8, 1896].

**Эксперименттік зерттеу бөлімі.** Сыналушылармен әңгімелесу барысында келесі жайт анықталды, яғни олардың түсінігінде кез-келген рефлексия, тіпті адаптациялық процестегі де кейбір механизмдерге байланысты болады. Көптеген жағдайларда орын алатын рефлексивті процестер олар келесілер, - бұл проблемалық, мәселелік ситуациялар (84,4%), өткен тәжірибеге баға берудің қажеттігі (70,6%), жоспарлау ситуациясы (62,8%) және кінә сезімін бастан кешіру (56,3%). Жиі жағдайда респонденттер келесі жағдайларды да тандады, табыстылықты бастан кешіру (21,3%), борыш сезімі (20,6%), психофизиологиялық күйде көңіл-күйдің түсуі (17,8%) және сырттан түрткі (11,3%).

Рефлексивті іс-әрекет кезіндегі ақпаратты алғашқы қабылдау мен ішкі өңдеудегі басым каналдардың ішінде студенттер көру бейнелерін ерекше бөлді (45,6% респонденттер). Есту және кинестетикалық модальдылықтар онша берілмеген, аталмаған. Бірақ рефлексиядағы логикалық схемалар көру бейнелерімен қатар, бірдей көрініп орын алады (41,9% респонденттер). Осылайша,

рефлексия процесінде студенттер көп жағдайда «картинка, яғни суреттер» және «логиканы» қолданады, яғни пікірлерін визуалды бейнелермен қатар келтіре отырып[9, 1006].

Рефлексияның маңызды нәтижелерінің бірі ретінде студенттер келесілерді атады, яғни әрекетке түрткі (59,1% респонденттер); мақсатты анықтау (47,5% респонденттер); интеллектуалды нәтиже (42,5% респонденттер); жетістіктер бейнелерінің пайда болуы (40% респонденттер). Рефлексия нәтижелерінің жоқтығы жайлы 2,2% сыналұшылар хабарлады. Бұдан келесі қорытынды жасауға болады, студенттердің көпшілігі өздерінің жеке рефлексияларының нәтижелерін өнімді іс-әрекет ретінде жағымды, оң бағалаған және олар ЖБҰ-ң білімдік ортасына психологиялық бейімделуге қолданатын жол табады.

Зерттеу жұмысымыздың «Студенттердің ЖБҰ-дың білім ортасына рефлексия және субъектілі-жеке тұлғалық қасиеттермен психологиялық бейімделуінің өзара байланысы» 2.3 параграфында корреляциялық және факторлық талдаудың нәтижелері келтіріледі. Көптеген түрлермен, параметрлер, механизмдермен, рефлексия нәтижелері, адаптациялану мен субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар арасындағы көптеген байланыстар болатындығы белгіленген. Адаптацияланушылық жүйелі рефлексия мен «оқу үшін рефлексияның пайдасы» көрсеткіштерімен жағымды корреляцияланады. Мәліметтер арқылы рефлексияға қанағаттанушылық рефлексиялай алушылықты қалаумен, бейнелердің нақтылығы және стратегиялардың түрлі болуымен жағымды корреляцияланады. Басқаша айтсақ, рефлексияға неғұрлым қанағаттанушылық жоғары болса, соғұрлым рефлексиялай алу шеберлігі және осы шеберлікті дамыту ниеті дамыған болып келеді[10, 996].

**Қорытынды.** Нәтижесінде қорытынды ретінде осы зерттелетін мәселенің ары қарайғы болашағы анықталып, келесі қорытындылар құрастырылады.

Рефлексия тек қана критикалық қана емес, эвристикалық механизм бола отырып, жеке тұлғаның өзгеруінің бастапқы құралы болады. Рефлексия ойлауды шындықпен байланыстырады, осы екі салаға да қатысты болып келеді, адаптациялық феномендерді детерминациялайтын «субъект-орта» жүйесіндегі динамикалық сыртқы және ішкі процестерде маңызды орын алады. Көптеген психологтар рефлексияның процессуалды жағын қарастырады. Сонымен қатар процестің өзін ғалымдар түрліше сипаттайды, әрі рефлексивті іс-әрекеттің реттелушілігін және саналылық дәрежесін түрліше бағалайды. Рефлексия өзінің ерекшеліктеріне қарай өнімді және өнімсіз болып келеді, әрі адаптивті және дезадаптивті функциялар атқарады. Жүйелі (немесе Д.А. Леонтьев бойынша адаптивті) рефлексия- ерекше талпыныс пен қабілет және оқытуды қажет ететін күрделі іс-әрекет болып табылады [11, 776].

Жоғары білімді ұйымдастыру ортасына студенттердің бейімделуі тек қана пассив-икемді байланыстар емес, жеке адамның қоршаған ортамен белсенді-қайта құрушы байланыстарына да негізделеді. Ол белгілі бір когнитивті, қажеттілікті-мотивациялық, мінез-құлықтық және субъектілі-жеке тұлғалық механизмдер кешеніне негізделіп сүйенеді. Адаптацияның табыстылығы немесе сәтсіздігін көп жағдайда студенттің субъектілі жеке тұлғалық сипатамасы анықтайды, әрі осы мезгілде адаптацияның өзі оның жеке дамуы үшін мықты стимул болады. Жүйелі адаптация жоғары табыстылықты қамтиды, әрі қанағаттанушылықтың субъективті сезімімен қатар жүреді[12, 856].

Оқу және кәсіби іс-әрекет бағытында рефлексия үшін жетекші болып рефлексияның мотивациялық және реттеушілік функциялары табылады. Рефлексияны оқу іс-әрекетіне психологиялық адаптациялау процесінде қолдану топ мүшелерінің өздері және өзгелер жайлы рефлексивті ұғым-түсініктерін арттырады, тұлғааралық өзара әрекеттің ситуацияларын талдау деңгейлері адекваттылығының жоғарылауына, оқу және проблемалық ситуациялардың жаңа, стандартты емес шешу тәсілдерін табуға жеткізеді. Оқып-білім алушының білім алу ортасына психологиялық адаптациясы мен рефлексиясын проблемалық, субъективті немесе жаңа объективті ситуация байланыстырады, әрі ол «жеке тұлға-білім ортасы» жүйесінде тепе-теңдікті қажет етеді[13, 1236].

Авторлық анкета көмегімен студенттердің ұғым-түсініктеріне қарай рефлексия білім ортасындағы түрлі ситуацияларында күй-қалыпты болжау, ойластыру, мүмкін болатын нұсқаларды ойнап көруге мүмкіндік береді, табысқа жеткізетін немесе жеткізбейтін әрекеттер құрылымын талдауға да мүмкіндік береді. Бұл жағдай рефлексияны психологиялық адаптацияның бір бөліктерінің бірі деп санауға және оның ЖБҰ ортасына психологиялық адаптацияланудағы оның орнын анықтауға мүмкіндік береді[14, 996].

Студенттер рефлексияны өздерінің белсенділіктері тұрғысынан процесс және іс-әрекет деп қарастырады. Бұл процесс рефлексивті бейнелер негізінде жүзеге асады, осы бейнелермен шарттасады. Студенттер ұғымында рефлексияны іс-әрекет деп сипаттау байқалады. Рефлексия

процесін жүзеге асыратын механизмдер аталады (проблемалық ситуацияның болуы, өткенді бағалау, болашақ іс-әрекеттерді жоспарлау), рефлексияға деген субъективті қатынас, көзқарас және рефлексия нәтижесінің болуы не жоқтығы аталады. Рефлексияда белгілі бір модальдық бейнелері басым болып келеді (көру бейнелері мен логикалық схемалар), онда іс-әрекет құрылымының базалық элементтері бейнленеді (мотив, мақсат, әрекет жоспары, жетістіктер бейнелері мен әрекетке түрткі қалыптастырылады). Студенттер рефлексияның рөлін оқу міндеттерін шешуде оптимистік деп бағалап, оған ЖОҰБҰ ортасына психологиялық адаптациялау деп саналы қарайды[15, 446].

Студенттердің рефлексия жайлы түсініктерінің контентті талдауы мынаны көрсетті: қай курста оқуына байланысты жеке, дифференциалды түсініледі: кіші курстарда рефлексия және оның адаптациялық процестегі рөлі жайлы ұғым-түсінік біршама нақтырақ және нақты білім ортасындағы адаптация жағдайларына тікелей байлаулы, тәуелді; жоғары курстарда рефлексияны анықтау терминологиялық-абстрактілі сипатта болады. Жоғары курс студенттерінің сөздік реакциялары сөз қорытындыларының нақтылығының мол әрі едәуір болуымен, ғылыми оралымды терең түсініктегі оралымды анықтамалар берумен ерекшеленеді. Кіші курстың студенттері рефлексияны тұлғааралық диалог тұрғысынан қарастырады, ал осы кезде жоғары курс студенттері ішкі диалог пен монологқа басты акцент қояды. Ұғым-түсініктерді талдау барысында студенттер басым түрде когнитивті, жеке тұлғалық және бағалаушы компоненттерді айрықша бөледі, ал рефлексияның эмоционалды, мінез-құлықтық жағына аз, кем дәрежеде көңіл бөледі. Студенттердің түсінігі бойынша рефлексия адамның жеке белсенділігін реттеу шарасы болады және сыртқы әлемді қайта құруға және ортаның өзгермелі талаптарына және білім берудің өзгерістеріне орай жеке басының да өзгерісіне жеткізеді, сондықтан да студенттердің психологиялық адаптациялануының маңызды шарасы болып табылады[16, 1476].

Сыналушылармен әңгімелесу барысында олардың түсінігі бойынша кез-келген рефлексия, оның ішінде адаптациялық процестегісі де кейбір механизмдер арқылы басталады. Студенттердің рефлексивті процестерін байқататын қарапайым жиі кездесетін жағдайлардың бірі, - бұл проблемалық ситуация, өткен тәжірибені бағалаудың қажеттігі, жоспарлау ситуациясы мен кінә сезімін бастан кешіру. Сирек жағдайда рефлексияның пайда болу механизмдері ретінде респонденттер табыстылықты бастан кешіру, жауапкершілік сезімі, психофизиологиялық құлазу мен іштен түрткі дегендерді таңдаған. Рефлексивті әрекет кезінде студенттер ақпаратты алғашқы қабылдау мен ішкі өңдеу каналдарының ішінде басым деп санағандары көру бейнелері болды. Есту және кинестетикалық модальдықтар онша көмескі ұсынылады. Бірақ рефлексиядағы логикалық схемалар (қозғалыс модальдығы) көру бейнелерімен қатар қатысады. Осылайша, рефлексия процесінде студенттер негізінен «картинкалармен» және «логикамен» жұмыс жасайды, яғни өз пікірлерін визуалды бейнелермен қатар түсіндіре қолданады[17, 666].

Рефлексияның әрқилы түрлері, параметрлері, механизмдері, бейнелер, рефлексия нәтижелері, адаптацияланушылық пен субъектілі-жеке тұлғалық сипаттамалар араларындағы көптеген байланыстардың болатындығы аталған. Адаптацияланушылық ой-пікірлердегі қажеттіліктердің жоғары көрсеткіштерімен, жүйелі рефлексиямен және «оқу үшін рефлексияның пайдасы» көрсеткіштерімен дұрыс корреляцияланады. Әрі мәліметтер арқылы рефлексияға қанағаттанушылық рефлексиялай алушылықпен, оқу ісі үшін рефлексияның пайдалылығымен, бейнелердің нақтылығымен және стратегиялардың түрлішелігімен дұрыс корреляцияланады. Жағымды, дұрыс байланыстарды біздер және де рефлексиялай алу шеберлігі мен бұл шеберлікті дамыту ниеті арасында, оқу ісі үшін рефлексияның пайдасы, бейнелердің дәлдігі, стратегиялардың түрлі болуы және ЖБҰ ортасына адаптацияланушылық арасында да болатындығын біздер көреміз. Неғұрлым оқу ісі үшін рефлексияның пайдасы көбірек екендігі айтылса, соғұрлым рефлексия процесінде пайда болатын бейнелер нақтырақ және динамикалы болып келеді және ұсынылатын стратегиялар түрліше болып келеді, ЖББҰ ортасына адаптацияланушылық деңгейі жоғары болып келеді. Рефлексия процесінде бейнелердің пайда болуы неғұрлым нақтырақ және дәлірек болса, соғұрлым ол бейнелер динамикалы, бөлшектелген және күрделі, әрі болжам стратегиялар саны көбірек, өмірге және ЖБҰ ортасына адаптацияланушылық деңгейі жоғары болып келеді. Сонымен қатар ЖБҰО-н проблемалық ситуацияларында рефлексияның қолданылу жиілігі жоғары болса, соғұрлым ЖБҰО адаптацияланушылық жоғары, рефлексия жүйелірек, мінез-құлықтың әртараптандырылған бейімді стратегиясы, рефлексия процесінде пайда болатын бейнелер динамикалы болады[18, 746].

Рефлексияның адаптивті емес формаларына ситуативті және ретроспективті рефлексияны және интроспекция мен квазирефлексия, яғни фантазиялауды жатыстыруға болады. Интроспекция ЖБҚО-на психологиялық адаптацияланудың барлық компоненттері және түрлерінің барлығымен дерлік анағұр-

лым кеңірек әрі күшті кері байланыстар құрайды. Рефлексиядағы бастан кешірулердің күші, жарықтығы мен күші, эмоционалды күйлердің басымдығы адаптациямен теріс байланысты болады [19, 956].

Студенттердің жоғары оқу орнының білім беру ортасына бейімделулерінің көрсеткіштерінің өзара байланысын, рефлексиясы мен субъектілі-жеке-тұлғалық қасиеттерін талдау ЖББҰО-на студенттердің психологиялық адаптациялануына рефлексияның үнемі қосылмайтынын көрсетеді: адаптацияда рефлексияның жеткіліксіз қолданылуы адамның өз әрекетінің салдарын өзгелер үшін неге соқтыратынын түсінбей оқытушылармен және бір курстас достарымен әлеуметтік байланыста өтірікті қолдануға итермелейді. Көптеген жағдайларда рефлексия жоғары оқу орнының білімдік ортасына студенттердің адаптациялануына қосылады, ол жағдай белсенді әлеуметтік-психологиялық адаптациялануды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, немесе күрделі және нақты рефлексивті бейнелер көмегімен әрі Меннің өзгерместігін сақтай отырып, немесе жоғары оқу орнындағы әлеуметтік айналаның талаптарына бағынуға жеткізеді [20, 666].

Регрессивті талдау нәтижесінде оқу іс-әрекетіне адаптацияланушылық жақсы бейімделген студенттер тобының рефлексия көрсеткіштеріне қатысты өзге факторға ие болмайды. Бұл жағдайда оқытудың мазмұнын түсіну, ЖББҰО-ғы оқу іс-әрекетінің ерекшеліктеріне үйрену, оқу тапсырмаларын орындау рефлексивті талдаумен байланысты емес. Демек адаптацияланған студенттер ЖББҰО-ң білім беру талаптарына сөзсіз еш қиындықсыз сәйкес келеді және проблемалық ситуацияларды рефлексивті талдауды қажет етпейді.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей-ақ, сыналатын таңдау тобында адаптивті формаларды игеру деңгейі аса жоғары емес. Соған орай студенттер үшін психологиялық адаптацияланудағы субъективті жаңа және қиын ситуацияларда рефлексивті тәсілдер мен дағдыларды қолдануды жеңілдету мақсатында және ЖББҰО-да түрлі ақпараттық-ағартушылық іс-әрекет жұмыстарын орындауға байланысты кейбір нұсқауларды ұсыну қажеттігі туындайды.

Рефлексияны дамытудың тағы бір түрлерінің бірі психологиялық адаптациядағы рефлексия жайлы, оның орны мен ерекшеліктері туралы, рефлексия жайлы білімдерді қалыптастыру мақсатындағы ағартушылық жұмыстар жасау болуы мүмкін. Бұл мақсаттар үшін біздер рефлексияның өзін-өзі реттеумен, жеке тұлғалық өзгерістермен байланысы жөнінде және адаптацияның өнімді болуы үшін жүйелік рефлексияның рөлі жөніндегі, рефлексиялық дайындық пен оның оны дамыту тәсілдері туралы тұжырымдамалар ұсындық. Әрі алдағы уақытта біздер жүйелі рефлексияны дамытудың авторлық схемасын ұсынатын боламыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Белозерцева, Т. В. Педагогическая технология формирования рефлексии школьников в процессе обучения: дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Белозерцева Татьяна Викторовна. - Челябинск, 2000. - 195 с.

2 Буракова, В. А. Развитие личности студента факультета психологии посредством тренинга личностного роста / В. А. Буракова. - Пенза, 2006. - 89 с.

3 Вульф, Б. З. Профессиональная рефлексия: потребность, сущность, управление / Б. З. Вульф. - М. : Магистр, 1995. - 112 с.

4 Карпов, А. А. Психология рефлексивных механизмов деятельности : моногр. / А. А. Карпов. - М.: Институт психологии РАН, 2004. - 432 с.

5 Карпов, А. В. Психология рефлексии : моногр. / А. В. Карпов, И. М. Скитяева. - М. : ИП РАН, 2002. - 250 с.

6 Голубева, Н.М. Роль рефлексии в адаптационном процессе студентов к условиям обучения в вузе [Текст] / Григорьева М.В., Шамионов Р.М., Н.М. Голубева // Психологическая наука и образование. - 2017. - Т. 22. № 5. - С. 23-30. (1,2 п.л.).

7 Golubeva, N. Interrelation of various parameters of reflection of students / N. Golubeva, M. Tkacheva // International Annual Edition of Applied Psychology: Theory, Research, and Practice. - 2015. - Volume 2, Issue 1. - Режим доступа: <http://interpsy.sgu.ru/en/articles/interrelation-of-various-parameters-of-reflection-at-students/> (0,87 п.л.).

8 Кушеверская, Ю.В. Формирование рефлексивной компетентности студентов в образовательном процессе педагогического колледжа : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 / Кушеверская Юлия Викторовна. - Петрозаводск, 2007. - 190 с.

9 Лушпаева, Е.В. Развитие рефлексии в общении средствами социально-психологического тренинга : автореф. дис. ... канд. психол. наук : 05 / Лушпаева Елена Владимировна. - М., 1989. - 25 с.

10. Металева, В.А. Развитие профессиональной рефлексии в последипломном образовании: методология, теория, практика: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.08 / Металева Валентина Александровна. - Екатеринбург, 2006. - 357 с.

11. Огурцов, А.П. Рефлексия в науке и обучении / А. П. Огурцов // Вопросы философии. - 1986. - №2. - С. 160-163.

12. Рыбалко, Л.А. Социально-психологический тренинг как фактор развития личности студента педагога-психолога / Л. А. Рыбалко - Пенза, 2006. - 78 с.

13. Шаврина, О.Ю. Формирование педагогической рефлексии в подготовке будущего учителя : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 / Шаврина Ольга Юрьевна. - Уфа, 2000. - 196 с.

14. Голубева, Н.М. Рефлексия как адаптивный ресурс личности [Текст] / Н.М. Голубева // Теория и практика общественного развития. - 2015. - № 14. - С. 145-147. (0,33 п.л.).

15. Голубева, Н. М. Представления студентов об эффективности рефлексии в психологической адаптации к образовательной среде организации высшего образования / Н.М. Голубева // Теоретико-прикладные аспекты развития психологии и педагогики в России и за рубежом: Сборник статей по итогам Международной научно-практической конференции (Стерлитамак, 7 июня 2018 г.). - Стерлитамак: АМИ, 2018. - С. 30-32. - Режим доступа: <https://ami.im/sbornik/MNPK-PP-32.pdf> (0,18 п.л.).

16. Щедровицкий, Г. П. Рефлексия в деятельности / Г. П. Щедровицкий // Вопросы методологии. - 1994. - № 4. - С. 76-121.

17. Элементы логики рефлексивных игр / В. А. Лефевр // Проблемы инженерной психологии. - Вып. 4. - Л. : Изд-во ЛГУ, 1966.

18. Сластенин, В.А. Педагогика : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов ; под ред. В.А. Сластенина. - М. : Академия, 2002. - 576 с.

19. Рубинштейн, С. Л. Основы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. - СПб. : Питер, 1999. - 712 с. - (Мастера психологии).

20. Практическая психология образования : учеб. / под ред. И. В. Дубровиной. - М. : Сфера, 2000. - 387 с.

21. Жигитбекова Б.Д., Психологиядағы элеуметтік сәйкестендіру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №3(60), 2019. – С.175-178.

МРНТИ: 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.26>

А.О.Спатай<sup>1</sup>, М.М. Байбекова<sup>2</sup>, К.Н.Қаражгітова<sup>3</sup>, А.Қ.Ералина<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup> Silkway Халықаралық университеті,

<sup>3,4</sup> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

## ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ: КЕШЕ; БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ?

Аңдатпа

Бұл мақалада үздіксіз кәсіби білім берудің қазіргі таңдағы теориялық және әдіснамалық аспектілері терең де аса мағыналы дәрежеде талданады.

Жалпы алғанда, үздіксіз білім беру тұжырымдамасы өткен ғасырдың 80-ші жылдары әлемдік білім беру жүйелерінің қалып, жағдайы мен болашағын зерттейтін халықаралық ұйымдардың құжаттарында (ЮНЕСКО, Римдік клуб және т.б.) орын алып, алғаш рет көрініс берді.

Заманауи тұжырымдамаларда үздіксіз білім адамның ерте жасынан бастап бүкіл өмірінің тұрақты формасы деп қарастырылады. Үздіксіз білім алуда өзін-өзі оқыту ерекше орынға ие, сондықтан да адамның өзі жеке тиісті білімдерге ие болып, ақпарат жинап, қайнар көздермен жұмыс жасауға қажетті шеберліктерін дамыту аса маңызды.

Аталмыш мақалада академик А.М. Новиков ілімі негізінде және оның заманауи білімді дамыту проекциясындағы инновациялық ғылыми-практикалық әлеуеті негізіндегі үздіксіз кәсіби білім беру идеяларын мағыналап саралау қадамдары жасалады.

**Кілт сөздері:** үздіксіз білім, үздіксіз кәсіби білім беру, күздіреттілік, күздіретті білім беру, үздіксіз кәсіби білім стратегиялары, интеграция, ақпаратты-коммуникативті мәдениет.

Spatay A.O.<sup>1</sup>, Baibekova M.M.<sup>2</sup>, Karazhigitova K.N.<sup>3</sup>, Eralina A.K.<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>*SILKWAY International University,  
Shymkent, Kazakhstan*

<sup>3,4</sup>*South-Kazakhstan State Pedagogical University*

## THEORETICAL AND METHODOLOGICAL CONCEPTS OF CONTINUING PROFESSIONAL EDUCATION: YESTERDAY; TODAY AND TOMORROW?

### *Abstract*

This article analyzes the current theoretical and methodological aspects of continuing professional education at a deep and significant level.

In General, the concept of continuing education is reflected for the first time in the documents of international organizations (UNESCO, the Rome club, etc.) that study the state, state and prospects of the world's educational systems in the 80-ies of the last century.

In modern concepts, continuing education is considered as a stable form of a person's entire life from an early age. Self-education occupies a special place in continuing education, so it is important to develop a person's ability to have their own knowledge, collect information, and work with sources.

This article will take steps to understand the ideas of continuing professional education based on the teachings of academician am Novikov and his innovative scientific and practical potential in the projection of the development of modern education.

**Keywords:** continuing education, continuing professional education, competence, competence-based education, strategies for continuing professional education, integration, information and communication culture.

*Спатай А.О.<sup>1</sup>, Байбекова М.М.<sup>2</sup>, Каражигитова К.Н.<sup>3</sup>, Ералина А.Қ.<sup>4</sup>*

<sup>1,2</sup>*Международный университет SILKWAY,  
город Шымкент, Казахстан*

<sup>3,4</sup>*Южно-Казахстанский государственный педагогический университет*

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ВЧЕРА; СЕГОДНЯ И ЗАВТРА?

### *Аннотация*

В данной статье анализируются современные теоретические и методологические аспекты непрерывного профессионального образования в глубоком и значительном уровне.

В целом, концепция непрерывного образования впервые отражена в документах международных организаций (ЮНЕСКО, Римский клуб и др.), изучающих состояние, состояние и перспективы мировых образовательных систем в 80-е годы прошлого века.

В современных концепциях непрерывное образование рассматривается как стабильная форма всей жизни человека с раннего возраста. Особое место в непрерывном образовании занимает самообразование, поэтому важно развивать умение человека обладать собственными знаниями, собирать информацию, работать с источниками.

В данной статье будут предприняты шаги по осмыслению идей непрерывного профессионального образования на основе учения академика А. М. Новикова и его инновационного научно-практического потенциала в проекции развития современного образования.

**Ключевые слова:** непрерывное образование, непрерывное профессиональное образование, компетентность, компетентное образование, стратегии непрерывного профессионального образования, интеграция, информационно-коммуникативная культура.

Кіріспе. Бүкіл өмір бойына бір рет қана білім алуға болады ма деген мәселе – ықылым заманнан бері адамзат баласын толғандырып келген. Үнемі оқу қажеттігі туралы алғашқы ұсыныс-пікірлер

ежелгі жазбаларда: Библия, Құран, Талмудта, Платон, Аристотельдің айтқан пікірлерінде, тіпті «Ғасыр өмір сүр-ғасыр оқы!» деген халық нақылдарында да орын алып келген. Осылайша, үздіксіз білім мәселесі ерте өткенде пайда болды, бірақ оның өзекті қажеттілігін адамзат тек қана ХХ ғ.аяғында сезе бастады. Бұл заманауи қоғам әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының динамикалылығымен анықталады. Аса қарқынды өзгермелі қоғам талаптарына сай келу үшін және өмірде қажетсіз болып қалмас үшін, адам үнемі өзінің білім қорын үнемі толтырып, толықтырып отырып, әрі жалпы және кәсіби мәдениетін арттырып, өзінің шығармашылық әлеуетін дамытып отыруға тиісті [2, 126].

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары әлемдік білім беру жүйелерінің қалып, жағдайы мен болашағын зерттейтін халықаралық ұйымдардың құжаттарында (ЮНЕСКО, Римдік клуб және т.б.) үздіксіз білім беру тұжырымдамасы орын алды. Тұжырымдаманың мәні адамның үздіксіз өзін жетілдіру мен өзін жүзеге асыру қажеттілігін қанағаттандыратын өмірлік білім, «оқытушы қоғам» идеясы болып табылады.

Бастапқыда үздіксіз білім идеясы ересектерді оқыту мәселесі сияқты қарастырылды. Сонымен бірге заманауи психологияның адамның дамуы бір шеңберде шектеліп қалмай, өмір бойына және соған қарай табысты да өнімді жалғамады деген тезистері ескерілді. Үздіксіз білім адамға түрлі өмір кезеңдерінде әлеуметтік рөлдердің ауысуында жеңілдік береді делінген, әрі жеке-дара, топтық өмір сапасын жекелік, әлеуметтік және кәсіби даму арқылы жақсартатындығы айтылған.

Негізгі бөлім. Заманауи тұжырымдамаларда үздіксіз білім адамның ерте жасынан бастап бүкіл өмірінің тұрақты формасы деп қарастырылады. Адамның білім алуы процесіне тек қана арнайы оқу-тәрбие мекемелері ғана қатысып қоймайды, сонымен бірге отбасы, ғылыми орталықтар, ерікті емес қоғамдар, бұқаралық ақпарат құралдары, мешіт-шіркеулер және т.б қатысады. Әрі ересектерді оқыту мен балаларды оқытудың тиімділігі өзара өте тығыз байланысты. Мәдениетті, әлеуметтік белсенді ата-аналар, білімді педагогтар-баланың табысты дамуының қажетті алғышарты екендігін дәлелдеудің аса қажеті шамалы. Керісінше, сауаттылық кемшін ситуациясында бала нағыз тиісті білім дәрежесіне ие бола алмайды [2, 126].

Үздіксіз білім – бұл адамның білім алуға бағытталған, жеке басының барлық қыры мен қабілеттерін дамытуға және оқуға деген ұмтылысын, түрлі әлеуметтік әрі кәсіби міндеттерді орындауға дайындайтын, елдің ғана емес әлемдік дамуға қатысуға арналған іс-әрекеті болып табылады.

Үздіксіз білімнің негізгі ұстанымдарын келесідей етіп құрастыруға болады:

- білім беру жүйесінің адамға және оның кейбір ерекшеліктері мен түпкілікті қажеттіліктеріне бағдарлану;
- білім беру жүйесінің демократизмі кеңдігі, оның қолжетімділігі, кез-келген сатысының ашықтығы және әркімге жынысы, әлеуметтік жағдайына, дене қалпына қарамастан ашық;
- білім беру жүйесінің түрлі сатыдағы жұртшылық категориясының қызығушылығына және оқыту стилі мен қарқынына тез, әрі жылдам реакция білдіруі;
- Әрбір ниеті мен қалауы бар адамға оған ыңғайлы уақыт пен орында білім алу қызметін дамыту;
- түрлі білім алу түрлерінің бірлігі (ақылы курстар, қызығуларына қарай клубтар және т.б.), қоғамды «оқытатын» және «оқитындар» деп қайта құратын «білім алаңын» құрауы;
- электрондық технологияны адамдардың өмірлерінің кез-келген кезеңінде білім алуы мақсатында қолдануы [2, 126].

Қазіргі таңда адамның білімінің барлық факторларының өзара әрекетін қамтамасыз ететін үздіксіз білім жүйесі жасалуда. Бұл жүйеде жетекші рөл адамның жан-жақты дамуының негізін қалайтын, білім алу мен өзін-өзі оқыту базасын қамтитын білімге беріледі. Үздіксіз білім алуда өзін-өзі оқыту ерекше орынға ие, сондықтан да адамның өзі дербес түрде білімдерге ие болып, ақпарат жинап, қайнар көздермен жұмыс жасауға қажетті шеберліктерін дамыту аса маңызды.

Білімнің үздіксіздігіне қамқорлық жасау көптеген мемлекеттердің әлеуметтік саясатының маңыздысы, ал өзін-өзі үздіксіз оқыту бұқаралық қозғалысқа айналды, онда адамдардың еңбегі, оқуы мен сауығы интеграцияланады [2, 126].

Ресейде ғана емес, тіпті шетелдерде де үздіксіз білім берудің принциптерін жасау мен оны жүзеге асыру жөнінде Ресей Академия қоғамының академигі Александр Михайлович Новиков үлкен еңбек сіңірді. Оның шығармашылық ілімі орасан ғылыми еңбектерден тұрады, әрі ол бірқатар ғылыми теориялар мен тұжырымдамалардың негізін қалаушы болып табылады, оның ішінде үздіксіз

кәсіби білім беру теориясының да авторы, әлемде кәсіби педагогика жайлы оқулықтың авторы. Ол ғаламат орасан кеңістікте сілтеме жасалатын ғалым-авторлардың алғашқы бестігінде орын алады.

А.М. Новиков, заманауи таңда білім жүйесінің маңыздылығын анықтай отырып, ең алдымен оның мәнділігін тілге тиек етеді: «Қазір келесі шындық мойындалады, яғни әрбір елдің және адамзаттың прогрессивті дамуының негізі болып АДАМ, оның адамгершілік ұстанымы, көпжоспарлы табиғи жаратылысты іс-әрекеті, оның мәдениеті, білімділігі мен кәсіби күзiреттілігі табылады» [2, 126].

Бүгін білімге жаңа қоғамда өзекті рөл берілетіні айқын болып отыр. Көптеген заманауи зерттеулер ең алдымен не нәрсеге оқыту және қалай оқытуға емес, кімді және кім оқытады дегенге бағдарланады. Адамның жан-жақты дамуы үшін қажетті әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды жасаудың, оның шығармашылық өзін-өзі байқатуы үшін барлық дегенді жасау қажет уақыт келді. Ал негізгі механизм, яғни білім беру процесі оған барлық жақтан себепші болып көмектесуі қажет.

Әлі күнге дейін қолданылатын дидактикалық жүйеде баланы үйрету бұл оқытудың формалары, мақсаты, мазмұны мен әдістемелерді дұрыс таңдауы деген сөз. Егер оқушы ең басты тұтынушы бола отырып, білім беру процесі алаңында қажетті білімді ескеріп саналы түрде сезінбесе, ереже бойынша мұғалім дидактикалық процесс құрай отырып, босқа жұмыс жасайды, себебі осы кезде осы процестің басты құраушылары, яғни оқушылар өз бойларында нені өзгерту керектігін терең және саналы түсінбесе.

А.М. Новиков былай деп жазады: «Білім бүгінде қоғамда экономиканың негізі болып отыр. Әрі білім ерекше экономикалық ресурс, оны қолдану барысында артатын құбылыс. Білімді беруде оны беретін мұғалімде азайып кетпейді, ал оқып-білім алушыда ол білімнің жалпы көлемі артып жоғарылайды. Білімді шырақ деп елестетуге болады: оның жарығы егер де одан басқа шыраққа жағып алатын болса да әлсіз болып қалмайды» [2, 936].

Заманауи білімнің «мәдениет адамына» бағдарлануы педагогикалық қоғамды жаңа міндеттер мен мақсаттарды технологиялық шешудің жолдарын іздеп табуға итермелейді. Олар «білім» мен «шеберлік» категориялар алаңында ашылмай, «интеллектуалды мәдениет», «адамгершілікті мәдениет», «ақпаратты-коммуникативті мәдениет», «техникалық мәдениет», «кәсіби мәдениет» және т.б. түсініктер алаңында ашылулары тиіс [2, 126]. Бұл өз кезегінде өзінің артынан «мазмұн» мен «оқыту процесі» түсініктерінің ауысуы мен тактикалық бөлінуін (форма, әдістемелер) алып келеді, себебі олар оқып-білім алушы мен оқып білім алатындардың өзара бірлескен іс-әрекетінде өзін-өзі анықтау тұрғысынан тікелей ажырағысыз байланысты болып келеді.

Бүгінгі таңда көптеген адамдардың пікірінше білім беру жүйесінің дамуына күзiреттілікті бағыт көп әсер етеді. Берілген бұл бағыт оқып-білім алушылардың маңызды деген практикалық міндеттер мен жеке тұлғасын дамытуға қатысты күзiреттер тұжырымдамасына негізделген. «Күзiреттілік-бұл практикалық іс-әрекетке деген дербес жүзеге асатын қабілет, өмірлік пролемаларды шешуге қабілет, әрі ол қабілет оқып-білім алушылардың оқу мен өмірлік тәжірибелері, оның құндылықтары мен бейімділіктеріне негізделеді» [2, 126].

Осы арада Туркия республикасы Анкара қаласындағы Гази университетінің Педагогикалық факультетінде

2019 ж.ж.аралығында өткен тағылымдама барысында өзіміз куә болған тәжірибені тілге тиек еткізіміз келеді. Педагогикалық факультет профессоры, доктор Южель Гелишли мырзаның басшылық етуімен өткен іс-тәжірибе кезінде осы университеттің « » мамандық студенттерімен зерттеліп отырған тақырып аясы шеңберінде констатациялық эксперименттің батареясы, яғни бірнеше әдістемелер мен сауалнамалар жүргізілді.

**Тәжірибелік-эксперимент бөлімі.** Үздіксіз білім беру жүйесінде жеке тұлғалардың белсенділік танытуы және белсенділікпен эксперимент сынақтарына қатысып үн қосулары аса маңызды. Сондықтан көршілес республика елінің студенттері болашақ педагогтар қаншалықты белсенді екендігін білу біздер үшін аса маңызды, әрі қызықты болды. Сондықтан да, болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамыту деңгейлерін айқындау үшін қолданылатын әдістемеге жүгіндік. Туркия елі студенттерінің белсенділік деңгейін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Енді осы сауалнаманы өзіміздің жоғары оқу орны студенттерімен жүргізе отырып, екі елдің студенттерінің белсенділік дәрежелерін салыстыру сынды ауыр міндет тұр, яғни салыстырмалы корреляциялық талдау жасау керек.

Диагностикалау барысында болашақ педагогтардың көшбасшылық (лидерлік) сапаларын дамыту үшін алдымен жеке тұлғалық лидерлік сапалар туралы түсініктерін білу мақсатында, оның ішінде



белсенділік, субъектілік, жауапкершілік, дербестік деңгейін анықтау міндеті мақсат етіп қойылды. Студенттердің белсенділік деңгейін анықтау үшін сауалнаманы құрдық.

Тәжірибелік-экспериментке қатысушы респонденттермен Гази университеті Педагогикалық факультетінің (бақылау тобы бойынша «Басқару және психологиялық бағдарлама» мамандығы студенттерінен - 48 студент, ал эксперимент тобы бойынша аталмыш университеттің «Әлеуметтік ғылымдарды оқыту» мамандығы студенттерінен - 53 студент) №1сауалнама және таңдап алынған әдістеме бойынша тест-сауалнама жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперимент барысында сауалнама мен тест-сауалнамаға қатысқандардан алынған мәліметтер белсенділік – ұйымдастырушылық әрекетке ұмтылатын тұлғаға өте қажет қасиеттердің бірі екендігін, айналасындағы адамдар арасында көшбасшылық рөлге ие болғысы келетіндерге қажет сапа деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге диагностикалау барысында біздің пікірімізше, көшбасшы өз сипатына (ұйымдастырушы, құлшынбалы, шабыттандырушы, т.б.) қарамастан ұйымдастырушы қызметін атқарады, яғни, оң нәтижелерге қол жеткізу үшін ұйымдастырушылық қабілетке ие болуы керек [2, 126].

Кесте 1 – Анықтаушы, констатациялық эксперименті бойынша 2018-2019 оқу жылындағы 2-ші курс студенттерінің белсенділік деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Деңгейі	Бақылау тобы (48 студент)	Эксперименттік топ (53 студент)
Жоғары	23%	20%
Орта	37%	39%
Төмен	40%	41%

Кесте 2 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі 2019-2020 оқу жылындағы болашақ педагогтардың белсенділік деңгейлерінің даму көрсеткіштері (%)

Деңгейі	Бақылау тобы (48 студент)	Эксперименттік топ (53 студент)
Жоғары	23%	34%
Орта	52 %	76%
Төмен	25%	10 %

Экспериментке дейінгі, яғни 2-курстағы және эксперименттен кейінгі 4-курстағы нәтижелерді салыстыратын болсақ, бақылау тобын құраған «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің белсенділік деңгейлерінің көрсеткіштері шамамен бұрынғы деңгейіне қарағанда, тек 20%-ға артқандығын байқаймыз. Ал эксперимент тобында айқындаушы эксперименті бойынша 2 курс студенттерінің белсенділік деңгейлерінің көрсеткіштерін қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың соңғы бітіретін оқу жылымен салыстырғанда болашақ педагог маман ретінде алынған белсенділік деңгейлерінің көрсеткіштері 28%-ға өскендігін байқадық. Аталмыш сауалнамадан алынған алғашқы эмпирикалық мәліметтерді сандық және сапалық талдау барысында болашақ педагогтардың көшбасшылық сапаларын дамыту үшін ең алдымен жеке тұлғалық лидерлік сапалар туралы ұғымдарын білу мақсатындағы, соның ішінде белсенділік, субъектілік, жауапкершілік, дербестік деңгейін анықтау міндеті жүзеге асырылды. Осының негізінде студент тұлғасының жастық ерекшеліктеріне сәйкес лидерлік сапаларының жиынтығын тереңірек зерттеу қажет деп тұжырымдаймыз.

Ал эксперименттік топтағы, яғни “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығындағы зерттелуші студенттердің белсенділік деңгейлері біршама артқандығын көруге болады. Белсенділік деңгейлерінің орташа көрсеткіштері бар зерттелушілер саны 67 % пайызын құраған. Ал төмен көрсеткіштері бар зерттелушілер саны эксперименттік топтағы зерттелушілер санының тек 20% құрады. Сонымен, эксперименттік топта белсенділік деңгейлерінің 28%-ға жағымды өскендігі

анықталды. Бұл бізбен ұйымдастырылған дамытушы-қалыптастырушы іс-шаралардың болашақ педагогтардың белсенділік деңгейлерін дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.

Жалпы, алдағы уақытта Туркия еліндегі Гази университетінің Педагогикалық факультеті мен Шымкент қаласындағы мемлекеттік және жеке меншік университеттерінің Педагогикалық факультет студенттерінің белсенділік және көшбасшылық қасиеттерінің салыстырмалы эксперименттік талдауын жасау міндеті кезек күттірмей тұр.

Бұдан жасалатын қорытынды: диссертациялық зерттеу жұмысының болжамы, яғни үздіксіз кәсіби білім беру жағдайында білім алушы болашақ педагогтардың, студенттердің белсенділік қасиеттері мен көшбасшылық сапалары үздіксіз кәсіби білім беру жүйелілігіне, білім беру сапасына, педагогикалық шеберлікке тәуелді болып келеді[2, 126]. Жалпы болжам төмендегі міндеттердің шешілуімен тығыз байланысты:

1. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс процесі барысында жеке тұлғаның көшбасшылық қасиеттері әлеуметтік маңызды іс-әрекетте қалыптасады, әрі ол осы іс-әрекетке студенттердің белсенді, қызығушылықты қатынасы байқалатыны дәлелденеді.

2. Студенттік шақ жеке тұлғаның көшбасшылық қасиеттері қалыптасуы үшін сензитивті болмақ, себебі жастық шақ үшін кәсіби және өмірлік жоспарлар құру тән, әрі осы кезде дүниетаным қалыптасып, идеал мен өмірлік құндылықтар анықталады. Шындыққа белсенді қатынас және оны өзгертуге деген ұмтылыс, дербестіктің артуы мен өз іс-әрекетіне жауаптылық студенттерді ішкі және сыртқы социумдағы әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерге тартылуға жеткізеді.

3. Жеке тұлғаның көшбасшылық сипаттары, коммуникативті және ұйымдастырушылық шеберліктері түрлі деңгейлерде байқалады: жоғары, орташа, төменгі. Студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасқандығының көрсеткіштері келесілер болады: белсенділіктің, құлшынбалылықтың, дербестік пен шешімге келгіштіктің жоғары деңгейде байқалуы; дамыған коммуникативті және ұйымдастырушылық шеберліктер; практикалық іс-әрекеттің жағымды тәжірибесінің болуы мен белсендінің беделін ішкі және сыртқы социумда мойындау.

4. Көшбасшылық қадір-қасиеттердің қалыптасу моделі, үлгісі педагог пен студенттің тығыз өзара іс-әрекеті болуын білдіреді[2, 126].

Ағылшын тілі оқытушыларын, мұғалімдерін даярлауды сапалы да үздіксіз жүйелі сабақтастықпен басқарудың заңдылықтарын қарастыру бірқатар себептерге орай туындайды: мұғалімдер даярлауды ғылыми негізде басқарудың қажеттілігі; мұғалімдер даярлауды жүйелі де сапалы басқарудың себеп-салдарлық байланыстарын анықтап, түсінудің қажеттілігі; басқарудың нәтижесі мен оның салдарын алдын-ала болжап, бағалаудың маңыздылығы; үздіксіз білім беру жүйесіндегі мұғалімдер даярлау процесін заманауи талаптарға сай жетілдірудің қажеттілігі[2, 126].

А.М. Новиков, өзі енгізген «құзіретті бағыт, көзқарас» инновациясына теориялық негіздеме береді. Ресейлік педагогика мен психологияда тіпті бұрын шеберліктерді қалыптастыру теориясы жасалынды. Е.А. Милеряның (70-ші жылдар ХХ ғ.), шеберліктер тар технологиялық мағынада қарастырылмай, сезімдік, интеллектуалды, еріктік, шығармашылық, эмоционалды жеке тұлға қасиеттерін қосып алатын күрделі құрылымдық қосылыстарды білдіреді, қарап тұрсақ шеберліктерді түсіну құзіреттерді түсінуден гөрі кеңірек[2, 126]. Бірақ шеберліктердің қалыптасу теориясы аса сұранысты бола қоймады. Ағылшын тілінде «шеберлік» түсінігіне аналог жоқ. Білім беру тәжірибесі білім берудің іс-әрекеттік бағыттылығымен соқтығысқанда ағылшын-американ білім ортасында «competence» термині пайда болды- ал ресейлік авторлар оны дереу қағып алды» [2, 546].

Құзіретті-бағытталған кәсіби білім беру – бұл өмірге заманауи әлеуметтік-экономикалық алғышарттармен келген, нарықтық экономикамен пайда болған өзгерген ситуацияларға кәсіби білімнің реакциясы болады. Нарық заманауи таңдағы маманға мамандарды даярлаудың бағдарламаларында ескерілмеген немесе жеткіліксіз ескерілген жаңа талаптардың тұтас кешенін ұсынады. Бұл талаптар сол не өзге пәнмен байланысты болмайды, олар пән үсті сипатта болады, аса айрықшалығымен дараланады. Олардың қалыптасуы жаңа мазмұнды емес (пәндік), кейбір педагогикалық технологияларды қажет етеді. Осы аталған талаптарды кейбір авторлар базалық, түпкі дағдылар дейді (В.И. Байденко), кейбіреулер – кәсіп үсті, базисті біліктіліктер деп атайды (А.М. Новиков) [2, 126].

Эксперттердің бірқатар бөлігі ХХ ғ.басында әрбір 20-30 жылда білімнің жаңаруы болып отырды дейді, қоғам сөйтіп консервативті білім жүйесін сақтай отырып, заманауи білім жетіспеушілігін аса сезе қоймады. Бүгінгі күні білімдер жыл сайын 15% -ға жаңаруда, әрбір 6 жыл сайын. Көптеген

елдерде орын алған дәстүрлі базалық білім құрылымдары өзінің инерциялық күшіне қарай әлемде болып жатқан өзгерістерге аяқ ілесіп үлгере алмауда[2, 126].

Соңғы екі онжылдықта «өмір бойы білім алу» (ағылш. lifelong learning) әлеуметтік-экономикалық даму жолдарының біріне айналып отыр, білімге құрылған ақпараттық қоғамның қалыптасу құралына да айналып отыр. Еуропалық Саммит кеңесі 2000-ші жылы наурызда Лиссабонда өткен болатын, Еуропаның сөзсіз білімге ғана құрылған қоғамдық эрасына енген деді, әрі келесі пікірді басты деп санады: экономика мен қоғамға табысты өту, ауысу білімге негізделе сүйене отырып, өмір бойы барысында оқып білім алу тұжырымдамасымен қатар жүруі тиіс[2, 126].

А.М. Новиков былай деп пікір білдіреді: «Динамикалық үнемі өзгермелі қоғам тұсында білім де динамикалық сипатта болуы керек. Бұл қасиет үздіксіз білім беру түсінігінен құралады. Егер де индустриализм қоғамында адам 10-15 жыл оқыса, сосын таңдаған орнында өмір бойы жұмыс жасаса, ал енді алған білім тез, әрі жылдам ескіріп қалады, сол үшін үнемі қайта оқып білім шыңдау қажет болып отыр. Қазіргі орын алып отырған білім жүйесі мұндай талаптарға дайын емес. Үздіксіздік-постиндустриалды қоғамға тән жаңа білім сипаты болып отыр.

Білім өмірлік әрі өлмес мәңгі болып барады. Бүгінгі факт ертең жаңылысқа айналып отыр. Бұл әрине фактілерді оқуға деген қарсылық емес, дегенмен ертеңгі мектеп ақпарат беріп қана қоймай, онымен жұмыс жасау тәсілдерін де беру керек. Мектеп оқушылары мен студенттер ескі идеяларды лақтырып тастап, оларды қашан және қалай ауыстыру керектігін білулері тиіс. Қысқасын айтқанда, олар оқи алуға, қайта оқуға және оқуға үйренулері тиіс» [19, 406].

Үздіксіз кәсіби білім халықаралық құжаттар контекстінде білімді, дағдылар мен кәсіби құзіреттілікті арттыру мақсатындағы жан-жақты бағытталған оқу іс-әрекеті болып ұсынылады.

Прагматикалық көзқарас тұрғысынан үздіксіз кәсіби білім еңбек ресурстарының өндірістік қоғамның талаптарына және жаһандық нарықтың жүзеге асуына адаптациялану шаралары ретінде қарастырылады. Жұмыс беруші үшін өзекті білім қоры бар жұмыскері болу ол экономикалық қажеттілік, ал еңбек нарығы талаптарына жауап беретін білімдер, дағды, шеберлік пен құзіреттер қорын, жүгіне ие болу және осы еңбек нарығына сұранысты болып өмір бойы қажет болу-жұмыскердің экономикалық міндеті. Үздіксіз кәсіби білім беру стратегиясы келесі кезеңдерден тұрады: тиісті дағдыларды алу үшін міндетті кәсіби білімнің болуы; білім, дағды, шеберліктердің жаңарып отыруы; тек қана кәсіби дағдыларға ғана оқу емес, сонымен бірге өмірлік маңызды, әрі адамға қажетті, қызықты құзіреттерге оқу.

Үздіксіз кәсіби білім алу әдістеріне келесілер жатады: формальды (кәсіби білімді бірінші рет алу, қосымша кәсіби білім алу, институционалды құрылымдар арқылы адамда бар әрі тән білімдері деңгейіне сай білім, шеберлік пен дағдыларын жаңартып отыру.); формальды емес – институционалды құрылған білім секторларынан тыс оқып білім алу (жұмыс орындарында, мұражай, қоғамдық орталықтарда, клубтар мен кәсіподақтарда және т.б.).

Ең маңыздысы үздіксіз кәсіби білім беру экономикалық нарықтың көптеген субъектілерінің қызығушылығын қамтамасыз етеді, әрі жұмысшының еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін, жұмысшының жеке тұлғалық дамуын да, оның азаматтық ұстанымының да белсенді қалыптасуын және үнемі жеке тұлғасының шығармашылық әлеуетінің байып отыруын да қамтамасыз етіп отырады.

РАҚ-ң академигі А.М. Новиков жаңа постиндустриалды қоғамның еншісіне білім өзекті шешуші тиісті болатындығын меңзеген ғалымдардың қатарынан болды. Бірақ ол сонда да нақты мына пікірді жиі айтады: «енгізгелі білім «инновациялары» керосин шамын жетілдіруге жасалған әрекеттерді елестетеді, бұрыннан электр жарығы бар екендігін ұмытпайық! [2, 56].

Неліктен сонда да керосин шамын жетілдіруді қоймаймыз? Бұл сұраққа жауап-заманауи педагогтың инновациялық іс-әрекетті меңгеруге деген дайындығының түзулігі мен қабілеттілігінде болар.

Қорытынды. Бүгін біздің қоғамда бүкіл білім жүйесін жаңарту үшін шынайы алғышарттардың барлығы жасалған. Сапалы білім- болашақта табысқа жеткізетін нәрсе сол, өзгеше өмір сапасы (өзін - өзі оқытуға үйрететін және өмір бойы сол білімді қолдануға болатын білім), яғни, білімнің үздіксіздік құрылымы басымдық танытып келеді.

«Бүгінгі күні болашақ аса жылдам орнауда. Ол – саясат пен эконмиканың, мәдениет пен әлеуметтік қоғамның, жеке-дара және қоғамдық қарым-қатынастар өзгерістерінде, өмір салтының өзгерісі мен оның стандарттарының өзгерісінде көрініс тауып отыр. Болашақ бұрынғы кезеңдерге қарағанда өте жылдам орнауда.

Оның басты себебі – адамзаттың өз дамуының мүлдем жаңа түріне қоғам өзгеруіне сай ауысуы болып отыр.

Болашақпен кездесуге дайындық қажет. Және ол дайындықты даярлау қажет. Оның ішінде бірінші кезекте осы болашақ үшін білім жүйесін даярлау өте қажет. Себебі «... жаңа постиндустриалды қоғамда білімге өзекті шешуші рөл беріледі» [20, 6 б].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесін сабақтастықпен басқару. Монография.* - Алматы, 2010. - 264 б.
2. Кулюткин Ю.Н, Тарасов С.В. *Образовательная среда и развитие личности // Новые знания.* - М., 2001. - № 1. - С. 6-7.
3. Быкова, В.В. *Непрерывное образование: тенденции и перспективы развития в условиях университета / В.В.Быкова.* – М.: Новые знания, 2002. – № 5. – С. 57 – 61.
4. Байденко, В.И. *Модернизация профессионального образования: современный этап / В.И. Байденко, Джерри ван Зантворт.* – М.: Европейский фонд образования 2003. – 160 с.
5. Белозерцев, Е.П. *Высшая педагогическая школа в системе непрерывного образования: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук / Е.П.Белозерцев.* – Л., 1990. – 40 с.
6. Началдзян А.А. *Психологическая адаптация: механизмы и стратегии.* - М.: Эксмо, 2010.
7. Беляев Г.Ю. *Педагогическая характеристика образовательной среды в различных типах образовательных учреждений: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01.* - М., 2000. - 157 с.
8. *Педагогика профессионального образования: Учеб. пособие для студ. высших пед. учеб. заведений / Е. П. Белозерцев и др. / Под ред. В. А. Сластенина.* – М.: Академия, 2004. – 368 с.
9. Ломакина. Т.Ю. *Концепция непрерывного профессионального образования / Т.Ю.Ломакина.* – М.: ИТИП РАО, 2005. – 45 с.
10. Исламишин, Р.А. *Модель непрерывного образования педагогических работников (Научные основы функционирования): Автореф. ... дис. док. пед. наук.* – Казань, 1996. – 41 с.
11. Поляков О.Г. *Концепция профильно-ориентированного обучения английскому языку в высшей школе: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02.* – Тамбов, 2004. – 308 с
12. *Методика преподавания иностранных языков: общий курс: Учеб. пособие / Отв. ред. А.Н. Шамов.* – М.: АСТ: АСТ-Москва: Восток – Запад, 2008.
13. Олпорт, Г. *Становление личности: избранные труды / Г. Олпорт.* – М.: Смысл, 2002 - 464 с.
14. Буланова М.В. *Педагогика И ПСИХОЛОГИЯ высшей ШКОЛЫ: учеб. пособие для вузов /М.В. Буланова - Топоркова. РОСТОВ - на Дону; Феникс, 2002. - 539С.*
15. Петерсон Л.Г. *Непрерывное образование на основе деятельностного подхода // Педагогика. 2004. № 9. С. 21-27.*
16. Сорочкопуд Ю.В. *Педагогика высшей школы: учеб. пособие. Ростов н/Д: Феникс, 2011.*
17. Владиславлев, А.П. *Непрерывное образование: проблемы и перспективы / А.П.Владиславлев.* – М.: МГУ, 1978. – 168 с.
18. Новиков А.М. *Профессиональная педагогика: монография. М.: Эгвест, 2008.*
19. Новиков А.М. *Постиндустриальное образование: монография. М.: Эгвест, 2008. 151 с.*
20. Прохорова Г.Е. *К вопросу о педагогической инноватике // Педагогические исследования в условиях инновационного развития России (День науки на кафедре технологий и профессионального образования): сборник научных трудов / под ред. В.А. Кальней. М.: АСОУ, 2014.220 с.*

МРНТИ: 15.31.31.

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.27>

Ф.Ә.Сахиева<sup>1</sup>, С.Т.Мамадалиев<sup>2</sup>, А.А.Акимбаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup> PhD, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., Қазақстан,

<sup>2,3</sup> аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,

Шымкент қ., Қазақстан,

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

*Аңдатпа*

Аталған мақалада қоғамның заманауи даму жағдайында жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық дамуы мен психологиялық денсаулығы мәселесі қарастырылған. Психологиялық денсаулық ұғымының мән-мағынасы мен мазмұны теориялық тұрғыда егжей-тегжейлі талданған. Заманауи қоғамда жасөспірімдердің психоәлеуметтік дамуы, психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттері сипатталған. Айналадағы қоршаған әлеуметтік ортаның, заманауи қоғамдағы елеулі өзгерістердің жасөспірімдер мен өскелең ұрпақтың психоәлеуметтік дамуына, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қалыптасуына тікелей ықпалы мен әсері атап көрсетілген. Аталған мақалада ғұлама ғалымдардың көзқарастары мен ой-пікірлері егжей-тегжейлі талданған. Заманауи қоғамда жасөспірім тұлғасының жеке-дара дамуы мен қалыптасуы жан-жақты қарастырылған. Жасөспірімдік шақтағы өзіндік сана сезімнің қалыптасудың факторлары мен сатылары сипатталған.

**Түйін сөздер:** психологиялық денсаулық, жасөспірімдер, өскелең ұрпақ, психоәлеуметтік даму, жасөспірімдік дағдарыс, тұлғаның қалыптасуы, мінез-құлық.

*F.A.Sakhiyeva<sup>1</sup>, S.T.Mamadaliyev<sup>2</sup>, A.A.Akimbaev<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, docent, of M.Auezov South Kazakhstan State University,  
Shymkent, Kazakhstan*

*<sup>2,3</sup>master, lecturer of M.Auezov South Kazakhstan State University,  
Shymkent, Kazakhstan*

## PSYCHOLOGICAL HEALTH AND PSYCHOSOCIAL DEVELOPMENT OF ADOLESCENTS

*Abstract*

This article deals with the issues of psychological health and socio-psychological development of adolescents in the conditions of modern development of society. The essence and content of the concept of psychological health in modern society are theoretically analyzed. Psychosocial development, psychological characteristics and personal qualities of adolescents are described. The author notes the direct influence of the surrounding social environment on the formation of a teenager's personality and on the psychosocial development of adolescents and the younger generation in the context of the globalization of modern society. In this article, the authors analyze in detail the theoretical concepts and scientific views of prominent scientists. The article also discusses the personal development and formation of the personality of a teenager in modern society. Factors and stages of self-awareness formation in adolescence are described.

**Keywords:** psychological health, adolescents, the younger generation, psychosocial development, adolescent crisis, personality formation, behavior

*Ф.А.Сахиева<sup>1</sup>, С.Т.Мамадалиев<sup>2</sup>, А.А.Акимбаев<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, доцент Южно-Казахстанского государственного университета имени М.Ауезова,  
г.Шымкент, Казахстан*

*<sup>2,3</sup>магистр, ст.преподаватель Южно-Казахстанского государственного  
университета имени М.Ауезова,  
г.Шымкент, Казахстан*

## ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ И ПСИХОСОЦИЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПОДРОСТКОВ

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены вопросы психологического здоровья и социально-психологического развития подростков в условиях современного развития общества. Теоретически проанализированы сущность и содержание понятия психологического здоровья в современном

обществе. Описаны психосоциальное развитие, психологические особенности и личностные качества подростков. Отмечена непосредственное влияние окружающей социальной среды на формирование личности подростка и на психосоциальное развитие подростков и подрастающего поколения в условиях глобализации современного общества. В данной статье авторами подробно проанализированы теоретические концепции и научные взгляды выдающихся ученых. Также в статье рассматривается личностное развитие и становление личности подростка в современном обществе. Описаны факторы и стадии формирования самосознания в подростковом возрасте.

**Ключевые слова:** психологическое здоровье, подростки, подрастающее поколение, психосоциальное развитие, подростковый кризис, формирование личности, поведение.

Психологиялық әдебиеттерде «психологиялық денсаулық» кеселді психикалық құбылыстардың болмауымен және айналадағы барлық әрекеттерді реттеудің тепе-тең жағдайын қамсыздандыруымен сипатталатын жан дүниенің саламаттылығы ретінде қарастырылады. Көптеген ғылыми еңбектерде бұл термин психологиялық комфорт немесе психологиялық дискомфортты бастан кешірумен сәйкестендіріледі.

Психологиялық денсаулық «үйлесімділік» ұғымымен тікелей байланысты, яғни тұлғаның «Мен» жағдайының әртүрлі сезімдерімен өзара байланыста болуы (тұлғаның эмоционалды, интеллектуалды, коммуникативті, физиологиялық қырлары). Бұл жағдай тұлғаның айналасындағы қоршаған ортамен үйлесімділігін: табиғат, адамдар және т.б., яғни өмірбойы үздіксіз және қарқынды өзгерістерге тап болады деген мағынаны білдіреді.

Психологиялық және педагогикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, психологиялық денсаулық тікелей тұлғаның рухани байлығымен байланысты, бұл дегеніміз өзіндік өмірдің мәніне көз жеткізуге ұмтылу әрекеті, яғни тұлғаның рухани байлығы – біріншіден, бүкіл әлеммен, айналадағы ортамен үйлесімді өзара әрекет жасауға және оның өзіндік белсендірілуіне байланысты; екіншіден, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылып, өз-өзіне жағымды жағдай жасауы” [1].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымы (ДДСҰ): «психологиялық денсаулық - тұлғаның психикалық денсаулығының бұзылуы соматикалық аурулармен немесе физикалық дамудың ахауларымен байланысты, сонымен қатар әлеуметтік жағдайларға орай, психикаға әсер тигізетін алуан түрлі жағымсыз факторлар мен күйзелістерге тікелей байланысты», - деген қорытынды шығарды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымының сарапшылары көптеген мемлекеттерде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мынадай қорытындылар жасады: балалар мен жасөспірімдер арасында ересек адамдармен, яғни ата-аналармен, мұғалімдермен қарым-қатынастың жетіспеушілігінен, қоршаған ортаның қарқынды өзгеруі, қоғамдық жағдаяттар және тағы басқа да елеулі факторлар психологиялық денсаулықтың бұзылуына жетелейді [2].

Заманауи қоғамда қарқынды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасөспірімдердің психологиялық даму деңгейін және психоәлеуметтік дамуын сапалық бағалаудың әдістерін, яғни түрлі әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайларда қолдануға мүмкін болатын жаңа әдістердің пайда болуын қажет етеді. Бұған қоса, психоәлеуметтік факторлар тұлғаның дамуында елеулі роль атқарады, яғни олардың болашақта қоршаған ортаға бейімделуінің, сонымен қатар одан ары әлеуметтенуін анықтауда маңызды орын атқарады.

Қазіргі таңда, әрбір жас кезеңнің өзіндік даму ерекшеліктері мен қоса түзелетін, қолдауды, түсінушілікті қажет ететін мәселелері де кезегін жатады. Осыған орай ғылыми еңбектер жүйесінде жеткіншектер мәселесіне аса мән беруі кездейсоқтық емес. Жеткіншектік мәселесі әрқашан өзекті мәселе болып қала береді.

Жеткіншектік кезең – адамның қалыптасуындағы ең күрделі кезең. Әсіресе осы жаста адамның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады. Олар: ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; мектептегі қиындық пен сәтсіздік; тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату [3].

Жасөспірімдік шақтағы психологиялық денсаулықтың бұзылуы қалыпты жасөспірімдік дағдарыстың өтуімен қиындатылады. Ұқсастық дағдарысы деп аталатын бұл дағдарыс – жасөспірімнің өзі жайында, өзінің күші, мүмкіндіктері, қоршаған ортадағы орны жайында пікірлер дағдарысы болып табылады. Бұл жағдайда, жасөспірім өзіндік «Мен» бейнесінің тұтастығын сезіне алмауынан мазасызданып, үрей сезімін бастан кешіреді. Белсенді позицияда – бұл жас шағында ең

көп кездесетін позиция – жасөспірім кез-келген әлеуметтендіру әсерлеріне қарсы болады: оқудан, тәртіп сақтаудан, психологқа барудан бас тартады. Ол «менде бәрі жақсы» деген бетперде киіп алып, тереңде жатқан үрей сезімін, ең бірінші, өзінен жасырып жатқандай болады. Күрделі жағдайларда, жасөспірімдер болашаққа деген бағдарын толығымен жоғалтып, бір күндік өмір сүреді. Енжар нұсқасында сырттай тәртіпке бағынсада, болашағынан бас тарту байқалады: өзіндік анықталу қорқынышы, отбасылық және кәсіби ролін таңдау жайында ойланбауы, ата-анасына «жабысу» ұмтылысы, дербес шешім қабылдаудан қорқу [4].

Өтпелі кезеңге байланысты жасөспірімдер белгілі бір деңгейде психикалық өзгерістерді бастан кешіреді. Осыған байланысты жасөспірімде әртүрлі деңгейде, яғни өзін-өзі анықтауда, ата-анасымен, достарымен қарым-қатынас орнатуда, нарық заманына байланысты мамандық таңдау кезінде, болшақта қандай салада жұмыс істеймін деген сияқты сұрақтар пайда болғандықтан әртүрлі мазасызданулар пайда болады. Дегенмен, мазасыздану баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, өзіндік бағалауына орасан зор ықпал етеді. Осыған байланысты жеткіншектің тұлғалық дамуында белгілі бір ерекшеліктер пайда болады.

Жеткіншектік кезеңде балада өзіне, өзінің ішкі жан-дүниесіне, дербес тұлғалық сапаларына және басқа құрбыларымен өзін салыстыруға деген қажеттілік туындайды. Ол өзіне мән беріп, өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға тырысады. Өзіндік санаға деген қажеттілік өмірден, тәжірибелік іс-әрекеттен туындап, ересектер тобының талаптарымен анықталады. Жеткіншектің өз мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігі оның ұжымда өз орнын табуға деген әрекеттің негізінде туындайды.

Жеткіншектің өзіндік санасының ең бастапқы негізін үлкендер (ата-анасы, мұғалімдері) тарапынан берілетін ой-пікірлер құрайды. Жеткіншек алғашында өзіне басқа адамдар тарапынан қарауға бейім келеді. Біртіндеп ол өзіндік тұлғасын дербес талдауға және бағалауға ұмтылады. Алайда, жеткіншек өзін-дік тұлғалық ерекшеліктерін дұрыс талдауға жеткілікті түрде қабілетті болмағандықтан, өзі туралы өз пікірі мен басқа адамдар тарапынан берілетін бағалаудың арасында туындайтын қарама-қайшылықтың негізінде кикілжің пайда болуы мүмкін [5].

Жеткіншектік шақ психикалық дамудың ерекше күрделі кезеңін білдіреді – адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы, бала қызметінің құрылымы мен құрамының сапалық жаңа сипаты негізінде саналы мінез-құлықтың негізі қаланады, жалпы бағыты мен адамгершілік түсініктері мен әлеуметтік ұстанымдарын қалыптастыру көрінеді.

Жас жеткіншектің жетілу мәселесі өзекті болып қала береді, өйткені:

- біріншіден, әлеуметтік жетілу ұғымын түсіндіруге бірыңғай тәсіл жоқ;

- екіншіден, біздің қоғамның саяси, экономикалық, рухани салаларындағы түбегейлі өзгерістер адамдардың құндылық бағдарлары мен іс-әрекеттеріндегі түбегейлі өзгерістерге алып келеді, әсіресе бұл ұлдар мен қыздарда айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда қазіргі жастардың санасында болып жатқан өзгерістерді зерделеу ерекше өткір сипатқа ие болып отыр. Қалыптасқан құлдырау жағдайындағы болмай қоймайтын құндылықтарды қайта бағалау, олардың дағдарысы осы әлеуметтік топтың санасында неғұрлым байқалады [6].

Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктерінің шұғыл көрінген кезі, «жасөспірімдік дағдарыс» деп аталады, қалыптасқан тәртіптің бұзылуы «пубертаттық дағдарыс». Жасөспірімдік дағдарысқа көңіл-күйдің себепсіз ауысып тұруы, және де басқа кезектесіп тұратын қарама-қарсы себептерді жатқызуға болады. Бөтен адамды сырттай сипаттау сезімі, қабілеттілігі, артық көкіректілігін үйлестіре білу және қоршаған ортаны себепсіз сөгуі және т.б. Сезімталдық кейде рақымсыздықпен ұласады, ұялшақтық дәрежелілікпен, қалаулы және басқалармен бағаланушылық-тәуекелшілдікпен көрінуі, беделділермен күрес жалпы қабылданған тәртіп-қиялмен, қажетсіз ақылмен сипатталады.

Қазіргі батыс психологиялық әдебиеттерде кең тараған зерттеулер Э.Эриксонның «дағдарыстың бірегейлігі» тұжырымдамасында жасөспірімдердің ең басты ерекшеліктері ретінде кең өріс алды. Өзін тұлға және жеке адам ретінде анықтау «бірегейлікте» табылады. «Бірегейліктің» қалыптасуы психоаналитикалық тұрғыдан «балалық тұжырымдамасының» нәтижесі ретінде қарастырылады, сонымен қатар Э.Эриксонның эпигенетикалық тұжырымдасана сүйенетін болсақ, адам өмірінде сегіз түрлі психоәлеуметтік дағдарысты басынан өткізеді, оның сәтті немесе сәтсіз өтуі жеке тұлғаның әрі қарай дамуына әсер етеді. Дағдарыстың бесінші түрі–жеткіншектік кезеңге сәйкес келеді. Өзін-өзі идентификациялау мақсатында жеткіншектердің барлығы басынан өткізеді (басқа адамдарға еліктеу, олармен өздерін салыстыру). Өзін-өзі идентификациялай алмау және осыған байланысты барлық

қиындықтары жеткіншектің эмоционалдық, әлеуметтік және кәсіби саладағы өзінің орнын таба алмауына алып келеді. Бірегейліктің өзіне, өзін-өзі тану үрдісіне үлкен өзіндік мәні бар мағына беріледі. Дәл осы үрдіс, қоршаған ортаның факторы емес, дәл осы үрдіс барлық қиындықтың түп нұсқасы және жасөспірімдердің тәртібінің бұзылуы қарастырылады.

Сонымен, жанұяға қажетті ата-аналардың қамқорлығы мен бауырмалдылығының және сүйіспеншілігі мен махаббатының арқасында балада психологиялық денсаулық дұрыс қалыптасып, жағымды нәтиже көрсетеді, яғни ересек адамдар, ата-ана туған балаларының эмоционалдық сұраныстарына мұқият, ұқыпты қарау, онымен бірге ойын ойнау, әңгімелесу, бауырмалдық сезімдер білдіру, көңілінен шығу мақсатымен, жағымды жағдай жасау, сырттай бақылау, қажетті қаржымен қамсыздандыру және т.б. жағымды психоәлеуметтік даму жағдайының негізгі себебі болып табылады. Яғни, жасөспірімдерге қажетті дербес және тәуелсіз болуға, үйден тыс өзінің құрбы-құрдастарымен, сыныптастарымен, ересек адамдармен (мұғалім, аға-тәте) қарым-қатынас жасап, араласуға мүмкіндік беру қажет және де қажетті білім алу жағдайымен жан-жақты қамсыздандыру керек.

Психологиялық денсаулық мәселесі ғылымның барлық саласын бей-жай қалдырмайтыны сөзсіз. Қоғамда әрбір жасөспірімнің психологиялық денсаулығын нығайтуды және дамытуды қажеттілікке, әрі міндеттілікке айналдыру керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Момбиева Г.А., Казахбаева Г.И. Заманауи жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы, «Психология» сериясы, 2018, №3(56), – б. 63-65.

2 Каримова Р.Б., Мусина С.С., Казахбаева Г.И. Психодиагностикалық әдістемелер, әлеуметтік-психологиялық тренингтер. Оқу құралы. – А.: Аруна, 2014. – 104 б.

3 Сейтенова С.С., Абилова С.С. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психологиясы // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы, «Психология» сериясы, 2018, №3(56), – б. 16-19.

4 Баженова Э.Д., Ахаева А.Ш. Оқушылардың психологиялық денсаулығының негізгі мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2015, №1(45), – б. 234-237.

5 Әліпбек А.З., Ташкенбаева С.М. Девиантты жеткіншектер тұлғасының дамуында өзіндік сана сезімдердің маңызы // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2016, №3(51), – б. 262-267.

6 Алмазова О.Н., Керімбай И. Психологический анализ личной и коммуникативной зрелости юношей и девушек 16-20 лет // Научно-методический журнал «Педагогика и психология», 2015, №4(25), – с. 137-141.

7 Жигитбекова Б.Д., Психологиядағы әлеуметтік сәйкестендіру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №3(60), 2019. – С.175-178.

МРНТИ 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7847.28>

Жүнісбекова Ж.А.<sup>1</sup>, Керімбеков М.А.<sup>2</sup>, Мамадалиев С.Т.<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБА институты,  
Шымкент қ., Қазақстан

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа



Мақалада қоғамның жаһандануы жағдайында педагогикалық іс-әрекет мотивациясын қалыптастыруға психологиялық құзіреттіліктің ықпалы мәселесі талқыланған. Сонымен қатар, бұл мақалада «мотивация», «құзіреттілік» «кәсіби іс-әрекет» ұғымының мән-мағынасы мен мазмұны теориялық тұрғыда егжей-тегжейлі талданған. Мотивацияның құрылымы, оның ішінде сыртқы және ішкі мотивацияның негізгі сипаттамалары жан-жақты зерттелген. Психологиялық құзіреттіліктің жекелеген компоненттерінің педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясына әсері қарастырылған. Қазіргі таңда кәсіби мотивацияны зерттеуде негізгі де маңызды орын, тұлғаның кәсіби іс-әрекет жағдайларына деген қатынасын зерттеу мәселесіне беріледі. Мақалада кәсіби іс-әрекеттің сыртқы және ішкі мотивациялары сипатталған. Сонымен қатар, аталған мәселе аясында педагогтардың, психологтардың теориялық тұжырымдамалары мен ғылыми көзқарастары мен ой-пікірлері сипатталған.

**Түйін сөздер:** мотивация, педагогикалық іс-әрекет, психологиялық құзіреттілік, сыртқы және ішкі мотивация, заманауи қоғам, тұлғаның кәсіби іс-әрекеті.

*Zh.A.Zhunisebekova<sup>1</sup>, M.A.Kerimbekov<sup>2</sup>, S.T.Mamadaliyev<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup> M.Auezov South Kazakhstan State University,  
Shimkent, Kazakhstan,*

*<sup>2</sup>Training and monitoring service of the institute for Advanced Studies of  
Teachers of the Turkistan Region and Shimkent city,  
Shimkent, Kazakhstan*

## **IMPORTANCE OF PSYCHOLOGICAL COMPETENCE IN FORMATION OF MOTIVATION OF THE PEDAGOGICAL ACTIVITY**

### *Abstract*

This article discusses the socio-pedagogical aspects of motivation of professional activity of the person in the conditions of modern development of society. The article analyzes in detail the essence and content of the concept of "motivation" in theoretical terms. The structure of motivation, including the main characteristics of external and internal motivation, has been thoroughly studied. The theoretical analysis of social and pedagogical aspects of formation of motivation of professional activity in the conditions of modern social development is carried out. Currently, the main and important place in the study of professional motivation is given to the problem of studying the relationship of the individual to the conditions of professional activity. The article describes the external and internal motives of professional activity. In addition, within the framework of this issue, a theoretical review of the scientific views and concepts of prominent scientists was conducted.

**Keywords:** motivation, professional activity, social and pedagogical aspects, external and internal motivation, modern society, professional activity of the individual.

*Ж.А. Жунисбекова<sup>1</sup>, М.А. Керимбеков<sup>2</sup>, С.Т. Мамадалиев<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup> Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова,  
г.Шымкент, Казахстан,*

*<sup>2</sup>ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Туркестанской области и городу Шымкент,  
г.Шымкент, Казахстан*

## **ЗНАЧИМОСТЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ МОТИВАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

### *Аннотация*

В данной статье рассмотрены социально-педагогические аспекты мотивации профессиональной деятельности личности в условиях современного развития общества. В статье подробно проанализированы сущность и содержание понятия «мотивация» в теоретическом плане. Всесторонне изучена структура мотивации, в том числе основные характеристики внешней и

внутренней мотивации. Проведен теоретический анализ социально-педагогических аспектов формирования мотивации профессиональной деятельности в условиях современного общественного развития. В настоящее время основное и важное место в исследовании профессиональной мотивации отводится проблеме изучения отношения личности к условиям профессиональной деятельности. В статье описаны внешние и внутренние мотивы профессиональной деятельности. Кроме того, в рамках данного вопроса был проведен теоретический обзор научных взглядов и концепций выдающихся ученых.

**Ключевые слова:** мотивация, педагогическая деятельность, психологическая компетенция, внешняя и внутренняя мотивация, современное общество, профессиональная деятельность личности.

Қазіргі қоғамдағы экономикалық және саяси тұрақсыздық кезеңінде, адам тек қана өзінің күшіне ғана сенуге мәжбүр, оңтайлы және икемді, кезкелген мамандықтың жалпы ерекшелігіне тез және дұрыс бағдарлана білуге қабілетті және өзінің оған жарамдылығын анықтай білуі тиіс. Кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын білмегендік және осыған сәйкес алынған мамандықпен қанағаттанбау, кадрлардың тұрақсыздығына, еңбектің төмен өнімділігіне, еңбек іс-әрекетін өзгертудің себептерінің бірі болып табылады. Барлық теориялар адамдардың өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жоғарылату, адамдармен бірігуге талпыну сияқты ерекшеліктерге негізделіп құрылған. Тұлға қажеттіліктерінің ролін, адам өміріндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, еңбек іс-әрекетіндегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды толық түсінбегенше кәсіби іс-әрекет мотивациясының толық теориясын құру мүмкін емес.

Педагогтің кәсіби іс-әрекеті мотивациясының негізгі факторы ретінде психологиялық күзіреттілікті зерттеу оның кәсіби іс-әрекет шеңберіндегі мінез-құлқының тереңдік механизмдерін түсінуге және оның тиімділігін болжауға мүмкіндік береді.

Көптеген атақты ғалымдар педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясы ретінде мәселелерді әзірлеуге өз үлестерін қосты: Е.П.Ильин, А.Н.Леонтьев, М. Ш. Магомед-Эминов, С.Л.Рубинштейн және т.б. педагогтың психологиялық күзіреттілігі: Н.В. Кузьмин, М.И.Лукиянова, А.К.Маркова, Л.М.Митина және т.б. педагогтың психологиялық күзіреттілігі: Н.В.Кузьмин, М.И.Лукиянова, А.К.Маркова, Л.М.Митина. Біздің көзқарасымыз бойынша, осы мәселені шешуді тежейтін басты факторлардың қатарына психология мен педагогиканың дамуы, яғни аталған ғылымдардың салалары бір-бірінен окшауланған, олардың әрқайсысының салаларының бөлінуі, идеологиялық қондырғылардың педагогикалық іс-әрекеттің теориясы мен практикасын дамытуға консервативті әсері жатады. Аталған факторлардың әрекеті нәтижесінде психологиялық күзіреттіліктің педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясына әсер ету проблемасының қазіргі жағдайы проблеманың өзін көруде жүйелілік болмауымен, демек, оны бағалау критерийлерінің пысықталмауымен, оның қалыптасуы мен даму механизмдерінің толық ашылмауымен және заңды нәтиже ретінде, психологиялық күзіреттіліктің қалыптасу деңгейін ескере отырып, педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясын дамытудың тиімді технологияларының болмауымен ерекшеленеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау барысында психологиялық күзіреттіліктің жекелеген компоненттерінің педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясына әсері қарастырылатынын көрсетеді. Психологиялық білім жиынтығын қамтитын психологиялық күзіреттіліктің гносеологиялық компонентінің педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясына әсері В.А.Вельдинаның, В.В.Григорьеваның, А.К.Маркованың, С.Н.Зенованың, М.И.Лукиянованың, Л.Н.Кравченконың, Л.М.Митинаның зерттеулерінде егжей-тегжейлі сипатталған.

А.К.Маркованың пайымдауынша "табысты педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясын қалыптастыру үшін мұғалім психологиялық сауаттылыққа ие болу керек". Ол психологиялық ақпараттандырумен қатар психологиялық білімнің ықпалымен өзгерістерге ұшыраған жеке қасиеттерді да қамтиды. Басқа адамға деген қызығушылық, басқа адамның мүмкіндіктеріне жағымды көзқарас пен сенім, жалпы адамда жоғары төзімділік пайда болады.

Осы орайда, В.А.Вельдина, Л.Н.Кравченко, Ю.Д.Фирсова сияқты психологтар теориялық психологиялық білім біліктер (жалпыланған әлеуметтік-психологиялық тәжірибе) практикалық іс-әрекетке сүйеніп қана қоймай, мұғалімнің жеке тәжірибесінің шекарасын кеңейтеді, бұл тәжірибені тереңдетеді, бағыттайды және ұйымдастырады, оны кәсіби тәжірибе жүйесінде қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Е.В.Маловтың мұғалім меңгеретін психологиялық білімге қатысты көзқарасы, " ол мұғалімнің ішкі игілігіне, оның жеке біліміне, оның нанымына, эмоционалды түрде жинақталған және іс жүзінде

сынақтан өткен кездегі оның практикалық әрекеттерін нақты реттеп отырады". Басқаша айтқанда, мұғалімнің нақты іс-әрекеті жағдайында психологиялық білімдерді қолдану тетігі тек қана жеке тұлғалық үдеріс ретінде түсінілуі мүмкін, сондықтан педагогикалық іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру процесінде оның кәсіби іс-әрекет жағдайларындағы мінез-құлқының маңызды тұлғалық детерминанттары назарға алынады.

М.И.Лукьянова, Т.А.Матис еңбектерінде психологиялық білімнің "...сәйкес ғылым логикасында мұғалім меңгерген бола отырып, тікелей және тікелей "әрекетке басшылық" болмайды, ал оның кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерінің категориялық аппаратына қосылып, түрлендіру, трансформациялаудың күрделі процессіне ұшырайды" деп дәлелденді. М.И.Лукьянованың пікірінше, шешім қабылдау үшін когнитивті негіз ретінде әрекет ете отырып, олар, әдетте, Педагогикалық іс-әрекетті уәждеудің иерархиялық құрылымын қалыптастыру үдерісіне тікелей қатысушы болады.

Бұл көзқарасты Э.Л.Куренков, З.И.Некмарева, Н.В.Скорова жалғастырады, педагогтің ойлауында психологиялық өзгерістер басым болған кезде педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясы сатысындағы жетекші себептердің бірі өзін-өзі дамыту мотиві болып табылады. "Бұл ретте өзін-өзі дамытуға ішкі, өнімді, мотивациясы бар педагогтар да, негитималды кәсіби мотивациясы бар педагогтар да ұмтылады". Осыған байланысты Н.В.Скоровой бұл үшін таңдалған жолдар сипатталған: біреуі аз болуға ұмтылады, басқалары - неғұрлым авторитарлы. Олардың өзін-өзі дамыту бағыттары, өзін-өзі түзету және кәсіби идеалға жақындау тәсілдері туралы түсініктері қарама-қайшы болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру психологиялық білімді нақты педагогтарда тұлғалық мағынамен толтыру үдерістерімен кездеседі.

6. Реан А.А. Психология адаптации личности. Анализ. Теория. Практика/ СПб.: Прайм-еврознак, 2006. - 479с.
7. Зинченко Е.В. Особенности устойчивой и неустойчивой самооценки. / Е.В. Зинченко // Вестник Московского университета.- Сер. 14.- Психология.- 2005.- №3. -С.35-41.
8. Карелин А. Большая энциклопедия психологических тестов. - М.: Эксмо, 2007. - 416 с
9. Методика для диагностики учебной мотивации студентов (А.А.Реан и В.А.Якунин) . <http://gurutestov.ru/test/12><http://gurutestov.ru/test/>
10. Кривошеев В.А Основы этнической психологии, 2010. [https://psihologia.biz/sotsialnaya-psihologiya\\_817/metodika-oprosnik-adaptatsii-lichnosti-novoyu-](https://psihologia.biz/sotsialnaya-psihologiya_817/metodika-oprosnik-adaptatsii-lichnosti-novoyu-)
11. Браун Т.П. Адаптация студентов к условиям в вузе, как фактор активного взаимодействия личности с образовательной средой. [www.adaptatsiya-studentov-k-usloviyam-obucheniya-v-vuze-kak-faktor-aktivnogo-vzaimodeystviya](http://www.adaptatsiya-studentov-k-usloviyam-obucheniya-v-vuze-kak-faktor-aktivnogo-vzaimodeystviya)
12. Айғұмова З. Психология биэтнических семейных отношений .-М,-2016. Эл. библиотека <https://iknigi.net/avtor-zagrat-augumova/>

**МРНТИ: 15.81.21**

*Ш.Сапарбайқызы<sup>1</sup>, А.А.Қуат<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup> Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ-сы

## **БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі заман талабын қанағаттандыратын табысты оқыту мәселесі қозғалады. Осы сұрақты ашу үшін мақала авторы табысты оқытуды білім алушылардың табысты белсенділігін дамытумен байланыстырады. Автор әртүрлі әдебиеттерде белсенді іс-әрекетке берілген анықтамаларды тұжырымдап, өзінің жұмыс анықтамасын жасақтайды.

Ізденуші биология сабақтарында табысты оқыту жолдарын зерттеуге көңіл бөліп, оқушылардың белсенді ойлауын дамытуға мүмкіндік туғызатын оқу іс-әрекетін саралап, белсенді іс-әрекет теориясының даму тарихына шолу жасайды. Сондай-ақ, негізгі көзқарастарды келтіріп, классификациялайды.

Автордың пікірінше, қазіргі мектеп жағдайында білім алушылардың белсенділігін арттыруда шығармашылықпен орындайтын тапсырмалардың рөлі ерекше. Себебі, мұндай тапсырмалар оқушылардың шығармашылығын арттырып қана қоймай, ізденушілік-зерттеушілік жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Осы ойды басшылыққа ала отырып, автор ізденуші-зерттеушілік жұмысты кез-келген жаратылыстану пәнінің құрылымына енгізіп, оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға болады деген қорытындыға келеді.

**Түйінді сөздер:** белсенді ойлау, белсенді іс-әрекет, шығармашылық жұмыс, ізденушілік-зерттеушілік жұмыс

*Sh.Saparbaykyzy<sup>1</sup>, A. Kuat<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup> Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov, Kazakhstan, Aktau

## **ORGANIZATION OF VIGOROUS ACTIVITY OF STUDENTS IN BIOLOGY CLASSES**

*Abstract*

The article considers the problem of successful training that meets modern requirements posed to the education system. The search for answers to this question leads the author of the article to conclusions about the relationship between successful learning and the development of successful activity among students. The

author formulates his own definition of active activity on the basis of the analysis of various points of view of scientists on this problem.

The researcher focuses on the study of successful teaching methods in biology classes, examines the history of the theory of activating educational activities, analyzes educational activities that allow students to develop active thinking, and also classifies the main types of educational activities.

According to the author, a special role in increasing the activity of students in a modern school is performed by creative tasks. This is due to the fact that they not only increase the creative potential of students, but also develop research skills. Guided by this idea, the author comes to the conclusion that research can be included in the structure of any science and contribute to the activation of cognitive activity of students.

**Key words:** active thinking, action, creative work, research

*Ш.Сапарбайқызы<sup>1</sup>, А.Куат<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова*

## ОРГАНИЗАЦИЯ АКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО БИОЛОГИИ

### *Аннотация*

В статье рассматривается проблема успешного обучения, отвечающего современным требованиям, поставленным перед системой образования. Поиск ответов на этот вопрос приводит автора статьи к выводам о связи успешного обучения с развитием у обучающихся успешной активности. Автор формулирует собственное определение активной деятельности на основе анализа различных точек зрения ученых на эту проблему.

Исследователь сосредотачивается на изучении успешных методов обучения на уроках биологии, рассматривает историю развития теории активизации учебной деятельности, анализирует учебную деятельность, которая позволяет студентам развивать активное мышление, а также приводит классификацию основных видов активизации учебной деятельности.

По мнению автора, особую роль в повышении активности учащихся в современной школе выполняют творческие задания. Это связано с тем, что они не только повышают творческий потенциал студентов, но и развивают навыки исследовательской работы. Руководствуясь этой идеей, автор приходит к выводу, что исследовательская работа может быть включена в структуру любой науки и способствовать активизации познавательной деятельности обучающихся.

**Ключевые слова:** активное мышление, активные действия, творческая работа, исследовательская работа

Педагогикалық практикада білім алушының даму деңгейіне байланысты жетістіктерді дер уақытында зерттеп тұру қажеттігі күннен-күнге үлкен маңызға ие болуда. Бұл қажеттік тұлғаның қалыптасу процесін тиімді басқару үшін, ондағы жүріп жатқан өзгерістердің тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білу керектігінен туындаған. Осы орайда, К.Д.Ушинскийдің пайымдауынша, оқыту процесі барысында білім алушыға диагностика жасау, яғни адамды алдымен жан-жақты біліп-тану, педагогиканың алдына қойылатын негізгі шарт болып табылады.

Қазіргі заманғы оқытудың зияткерлікті, теориялық білімді және танымдық іс-әрекеттің логикалық механизмдерін қалыптастыруға бағытталғаны белгілі. Білім мен креативтіліктің ара қатынасы шығармашылық ойлауды дамыту мақсатында өтетін оқу іс-әрекетіне, әртүрлі ойлау типіндегі және танымдық іс-әрекет стиліне, оқушылардың қатысуына байланысты. Көптеген психологтар мен педагогтар табысты оқыту адамның қалыптасқан тәжірибесінің сақталып, көбеюіне, сол тәжірибені түрлендіріп белсенділікке апаратын, –деп есептейді. Табыстылық арнайы қасиеттерге ғана тәуелді емес, сондай-ақ қажеттілігіне, қызығушылық пен себептерге, сипатына, темпераментіне, жеке тұлғаның бағытына, қабілетіне оның санасына да тәуелді. Жақсы әлеуеттік мүмкіншіліктерде мұғалім оқушының жоғары қабылдағыштығы мен когнитивті стилін ескере отырып, табысты белсенділік даму үшін оқу-танымдық іс-әрекетті құрып, ойлауын белсендендіре алады.

Ойлаудың продуктивті және репродуктивті топтарға бөлінуі шартты түрде болса да, шығармашылықтан туындайтын ойлау репродуктивтіге қарама-қарсы қойылады. Кез келген ойлау



актісінде болжамдарды өндіретін тудырушы бөлім белсенділік және оларды жүзеге асырып, тексерумен байланысты орындаушылық бөлімі болады. Бұл екі көрсетілген құраушылар тек қана ойлауда емес, танымдық үдерісте көрінеді. Белсенді іс-әрекет ойлаудың негізгі төмендегі белгілерін қамтиды [1]:

- ойлау амалдарын орындаудың жоғарғы деңгейі (талдау, жіктеу, теңестіру, салыстыру, нақтылау, абстрактілеу);

- іс-әрекет әдістерінде ойлау амалдарын орындауда байқалатын ойлаудың икемділігі, білімді, білікті, дағдыны қайта құру үшін және бір қасиеттен екіншісіне тез өте алатын қабілеттіліктердің өзгеріп отыруы;

- көрнекі – бейнелік, интуициялық, сөздік-логикалық ойлау түрлерін, әрқайсысының жоғары деңгейде дамуы үшін үйлесімді өзара әсерлесу.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардағы негізгі тұжырымдарды қорытындылай отырып, белсенді іс-әрекет – оқушының ойланудың жоғарғы деңгейіне көтеріліп, жаңалыққа ұмтыла отырып, өзінің ішкі қажеттігіне орай, шығармашыл идеяларының логикалық дамыған, тиімді тәсілдері арқылы оң нәтиже туғызуға бағыттанып зерттеушілік құзіреттілікке жеткізетін әрекеті, – деп анықтама беруіге болады.

Педагогикалық теорияларда оқу іс-әрекетінің жоғарғы деңгейі оқушылардың белсенділігі болып табылады. Белсенді іс-әрекет репродуктивті, продуктивті, ізденушілік, эвристикалық деңгейді меңгерудің негізінде және одан да соңғы оқу-танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейі ретінде қарастырылады [2].

Осы қырлары жетілген балалар құзіреттілігі де қалыптасқан оқушылар болып табылады, себебі олар басында айтып кеткендей, кез келен жағдаятта тиімді шешім қабылдай алу мүмкіндіктері басқалармен салыстырғанда жоғары болады.

Сондықтан биология сабақтарында оқушылардың белсенді ойлауын дамытуға мүмкіндік туғызатын оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы – зерттеушілік жағдаяттар мен тапсырмалар және оқу экспериментінің маңызы зор.

Елдің өсіп өркендеуінде техникалық ғылымдардың маңыздылығын Елбасы жолдауында көрсеткендей алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдің қатарына қосылу үшін физика, химия, биология сияқты жаратылыстану ғылымдарының дамуы ауадай қажет. Бұл ғылымдардан алынатын білімнің негізгі мазмұнының жаңалық ретінде тұлғалық бағыт беруі оқу үдерісінде мұғаліммен оқушының өзара әсерлесуі арқылы жүзеге асырылады. Осы мәселеге орай, оқушылардың белсенді іс-әрекетін оқу зерттеушілік тапсырмалар арқылы ұйымдастыру қажеттілігін туындатады.

Белсенді іс-әрекетті дамытудың негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменский: «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өз бетінше тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын. Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және қолдана білу қажет [3]. Оқушылардың білімді өз бетінше меңгеруін дамытуда, сырттан әсер етпей-ақ оқыту барысында олардың белсенділіктері мен бастамаларын көрсете білу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру да маңызды. Ұлы педагогтың ой тұжырымынан оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруда практикалық әрекеттердің мәнін көрсеткенін байқаймыз. Сондай практикалық оқыту әдісі, оқуды ұйымдастырудың формасы ретінде оқу-зерттеу экспериментінің орны ерекше.

Көпшілік ғалымдардың көзқарастары бойынша, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін зерттеушілік тапсырмалар арқылы қалыптастыру жаратылыстану және техникалық ғылымдарында ақиқатты табудың және оны дәлелдеудің жолы ретінде танылған, оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде тұлғаның жаңалық ашу арқылы өзін көрсетуі мақсатында қолданылатын құрал екендігін мойындауға негізделеді.

Философиялық сөздікте «эксперимент – құбылыстарды шығарып, бақылауға мүмкіндік беретін дәлдікпен берілген шарттарда, құбылыстарды зерттеудің әдісі», – делінген. Психологиялық тұрғыдан эксперимент немесе зертеу ғылыми танымның негізгі әдістерінің бірі болып, зерттелетін нысананың өзгерістерін бақылау және тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық түсіндірме сөздігінде «эксперимент – тәжірибе жүзінде бақылауды іске асыру» деп береді. Мұнан «эксперимент» ұғымы зерттеу әдісі тұрғысында қолданғандығын көрсетеді. Дидактика саласында экспериментті практикалық оқыту әдісі, оқушының қандай да заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттерін өздігімен зерттеу, ізденумен, теориялық білімін

практикада ұштастырумен анықтауға мүмкіндік беретін, жаңа білім алуға көмектесетін тәсіл ретінде топтастырылған.

Ендігі бір әдебиеттерде эксперимент оқушының зерттеушілік, ізденушілік әрекетінің ерекше формасы ретінде түсіндіріледі. Зерттеушілік тапсырмалар оқушылардың танымдық, тұлғалық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретінін оқу-танымдық іс-әрекет түрі ретінде және оны ұйымдастыру мәселелеріне (В.И.Матюшкин, М. И. Махмудов, Л. С. Рубинштейн және т.б.) әдіскерлер мен дидактиктердің негізгі еңбектері арналған [4, 5, 6].

Осы және т.б. ғалымдар зерттеулерінде жаратылыстану ғылымында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру түрі ретінде оқу-зерттеушілік тапсырмалары қарастырылған. Оқу экспериментінде оқушылардың жасайтын тәжірибелері мен бақылаулары олардың төмендегідей қасиеттерін ұштайды: теория мен практиканы байланыстырады; физика мен техникаға қызығушылықты туғызады; шығармашылық ойлауды - өнертапқыштықты және жасампаздықты туғызады; оқушыларды өз бетінше ізденуге, зерттеулер жасауға жетелейді; оқушылардың бақылағыштығын, көңіл-күйін арттырып, табандылық пен ұқыптылығын дамытады; оқушыны өз еркімен еңбектенуге баулиды.

Оқу зерттеушілік ұғымын саралай келе, оның оқу үдерісінде алатын орнының ерекшелігіне орай: оқу зерттеушілік – ғылыми қойылған тәжірибелер, зерттеу жүргізу арқылы оқушылардың жобалау, бақылау, өздігінен шешім қабылдау, талдау, тексеру, салыстыру, жаңалық ашу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырудағы оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру формасы, – деген анықтамалар берілген.

Мектептегі оқу-зерттеушіліктің құрылымы мақсат, болжау, құрал-жабдықтарды іріктеу, іс-әрекеттің жобасын құру, іс-әрекетті жүзеге асыру, нәтижелерді талдау және алу, сараптау, өз бетінше тұжырым жасау, қорытындылау тізбегімен іске асады. Бұл құрылымдық элементтер жоғары сынып оқушыларында дербестікпен қатар зерттеушілік біліктіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, шығармашылық іс-әрекетіне негіз болады. Ізденушілік және зерттеушілік жұмыс ғалымдардың берген анықтамаларын саралай келе, оның берілген іс-әрекет түрін ұйымдастыру мен басқару формасы екендігін зерттеу жұмысымыздың негізінде қарастырдық.

Ізденушілік іс-әрекеттің мектептегі оқу экспериментінің жүргізілу тетігі құбылысты зерттеуге мақсат қойылып, болжау құрылады, жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарды іріктеп, оқушылардың іс-әрекетінің жобасы құрылады. Іс-әрекет жүзеге асырыла отырып, тиісті нәтижелерді алып, оларды талдап сараптайды. Оқушы өз бетінше тұжырым жасап, нәтиже қорытындыланады. Мектептегі ізденушілік-зерттеушілік жұмыстың жүргізілу тетігіне сүйене отырып, кез келген жаратылыстану пәнінің құрылымына енгізіліп, оқушылардың белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға негіз бола алады. Биологиядан зерттеушілік жұмыстың оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қиыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, бақылау білігін дамытуға, политехникалық дағдыларын қалыптастыруға күшті әсер ететіндей тәрбиелік маңызы зор [7].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Щукина Г.И. *Актуальные вопросы формирования интереса в обучении.* – Москва, 1984.
- 2 Шамова Т.И. *Активизация учения школьников.* – Москва, 1989.
- 3 Я. А. Коменский. *О развитии природных дарований. Изб. пед. соч. в т-2.* – М., 1982.
- 4 Нағымжанова Қ.М. *Инновациялы-креативті технологиялар/ Қ.М. Нағымжанова.* – Өскемен: «Медиа-Альянс». – 2005. – 191 б.
- 5 Махмутов М.И. *Проблемное обучение: основы вопросы теории.* – Москва, 1975. – 365 с.
- 6 Рубинштейн С.Л. *Основы общей психологии в 2 т.* – Москва, 1989.
- 7 Таубаева Ш.Т. *Оқытудың қазіргі технологиялары / Ш.Т. Таубаева. Б.Т. Барсай.* – Бастауыш мектеп. – Алматы, 1999. – №3. – Б. 3-8.

**МРНТИ:15.21.61**

*Г.С.Турсунгожинова<sup>1</sup>, Г.Ж.Сарбасова<sup>2</sup>, Ж.М.Бейсембаева<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup>Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті  
(Семей, Қазақстан)*

*<sup>2</sup>аль-Фараби атындағы ҚазҰУ*

## БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада болашақ психологтардың кәсіби қызметінің негізгі бағыттары, соның ішінде эмоционалды аймағы қарастырылып отыр. Мұнда эмоцияның ғылыми-теориялық негіздері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне психологиялық талдау жасалды. Эмоция психолог қызметінде маңызды рөлді атқаратындығы туралы сипаттамалар берілді. Психолог қызметінің қазіргі кездегі сұранысы мен ондағы көрсетілетін қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне де шолу жасалды. Мұнда психологиялық қызмет қандай бағытта атқарылса да ондағы психологтың эмоционалды интеллектісі ерекше орын алатындығы туралы теориялық тұжырымдар қарастырыла келіп бұл мәселе аясында бірінші және төртінші курс аралығындағы «Психология» мамандығында оқитын студенттерге зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуге қатысқан студенттердің берген нәтижелері бойынша Крускал-Уоллистің өлшемі бойынша статистикалық талдау жасалып, олардың эмоционалды интеллектілері шкала бойынша анықталып, көрсеткіштері талданды. Болашақ психологтардың жоғары оқу орнында алатын білімдері мен дағдылары олардың кәсіби іс-әрекеттерінде жүзеге асуы туралы болжамдар бұл мақалада эмоционалды интеллектімен байланыс тапты. Мақаламыздағы деректер арқылы болашақ психолог үшін өзінің эмоционалды күйін бағалай білу мен басқара білу ерекшеліктері туралы мағұлыматтар өз маңыздылығын көрсетті.

**Түйін сөздер:** эмоция, эмоционалды интеллект, эмпатия, өзін-өзі басқару, өзіндік мотивация.

## FEATURES OF EMOTIONAL INTELLIGENCE OF FUTURE PSYCHOLOGISTS

*G.S.Tursungozhina<sup>1</sup>, G. Zh. Sarbassova, Z.M.Beisembayeva<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup> State university named after Shakarim  
(Semey, Kazakhstan)*

*<sup>2</sup> Kaznu after named al-farabi  
(Almaty, Kazakhstan)*

### *Abstract*

The article considers the main directions of professional activity of future psychologists, including the emotional sphere. Here is a psychological analysis of the works of domestic and foreign scientists on the scientific and theoretical foundations of emotions. Recommendations were made that emotion has an important role in the activity of the psychologist. A review of the current needs in the work of a psychologist and the features of services provided in it was conducted. Within this direction, a study was conducted for first and fourth-year students of the specialty "Psychology". Based on the results of the study, a statistical analysis was made according to the Kruskal-Wallis criteria, their emotional intelligence was identified on a scale and indicators were analyzed. The knowledge and skills acquired by future psychologists at the University suggest that their professional activities are carried out in this article, in connection with emotional intelligence. According to our article, it is important for a future psychologist to know the specifics of managing and evaluating their emotional state.

**Keywords:** emotions, emotional intelligence, empathy, self-management, self-motivation.

*Г.С.Турсунгожинова<sup>1</sup>, Г.Ж.Сарбасова<sup>2</sup>, ЖМ.Бейсембаева<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup>Государственный Университет имени Шакарима  
(Семей, Казахстан)*

*<sup>2</sup>КазНУ имени аль-Фараби  
(Алматы, Казахстан)*

## ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ ПСИХОЛОГОВ

### *Аннотация*

В статье рассматриваются основные направления профессиональной деятельности будущих психологов, в том числе эмоциональная сфера. Здесь проведен психологический анализ трудов отечественных и зарубежных ученых по научно-теоретическим основам эмоций. Были даны рекомендации о том, что эмоция имеет важную роль в деятельности психолога. Был проведен обзор современных потребностей в деятельности психолога и особенностей оказываемых в ней услуг. В рамках данного направления было проведено исследование, студентов первого и четвертого курсов специальности "Психология". По результатам проведенного исследования был сделан статистический анализ по критериям Крускала-Уоллиса, выявлен их эмоциональный интеллект по шкале и проанализированы показатели. Знания и навыки, приобретаемые будущими психологами в вузе, предполагают, что их профессиональная деятельность осуществляется в данной статье, в связи с эмоциональным интеллектом. По данным нашей статьи, для будущего психолога важно знать особенности управления и оценивания своего эмоционального состояния.

**Ключевые слова:** эмоции, эмоциональный интеллект, эмпатия, самоуправление, собственная мотивация.

Эмоция бұл сезім арқылы ынталандырып, ұймдастыратын және қабылдауды бағыттайтын, адамның ойлауы мен іс-әрекеті. Эмоция ынталандырады. Ол энергияны жұмылдырады және бұл энергия кейбір жағдайларда субъект әрекет жасау үрдісі ретінде сезіледі. Эмоция индивидтің ойлауы мен физикалық белсенділігін басқарады, оны белгілі бір арнаға бағыттайды. Егер сіз ашуланған болсаңыз, оны ашық көрсете аласыз, ал сіз қорқып тұрсаңыз онда агрессияңыздың көрініс бермейтіні белгілі. [1]

"Эмоциялар" ұғымының әр түрлі авторларының көзқарастарын талдайды. У. Джеймс эмоциялар адамның дене өзгерістерінде көрініс тапқан толқушы оқиғаны қабылдауға реакциясы деп санайды. Ғалымның пікірінше, нысан сезім органына әсер еткенде жүйке импульстері тиісті арналар арқылы бірден тарайды және бұлшық ет, тері, қан тамырларының жағдайын өзгертеді. Ми қабығының көптеген ерекше бөліктерінде қабылданатын бұл өзгерістер адам санасына әсер етіп оны жай ғана қабылданатын объектіден эмоциялық күйзеліске ұшырайтын объектіге айналдырады. [2]

Өзінің алғашқы жұмыстарында З Фрейд "аффект, немесе эмоция – психикалық өмірдің жалғыз мықты күші" деп жазады. Өзінің кейінгі еңбектерінде ол "аффект туралы интрапсихикалық факторлар туралы айтады." [3].

Эмоционалды интеллект концепциясына байланысты Дж. Мейера, П. Сэловея, Д. Карузо, эмоционалды интеллект - бұл өз эмоциялары мен басқалардың эмоцияларын сезінуге және түсінуге мүмкіндік беретін ментальдық қабілеттер тобы деген [4].

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, эмоциялар ішкі сигналдардың рөлін атқарады. Олар ішкі сигнал болуына сыртқы объектілер туралы ақпаратты өздігінен алуында есем, бұл субъектінің іс-әрекеті ағымында болып жатқан объективті жағдайлар мен оның байланысы. Эмоцияның ерекшелігі ол ынта мен шындықтың арасындағы байланысты көрсетіп мотивациялық іс-әрекетке жауап береді. Бағытталған субъективті сигналдардың рөлін адам эмоциясында туындаған қорқыныш, қанағаттанбау, жайсыздық т.б. жағдайлар атқарады. [5]

Л.С. Выготскийге қарағанда С. Л. Рубинштейн "аффект пен интеллект" бірлігі идеясының жақтаушысы ретінде өзін ғана емес, ол көбінесе ЭИ идеясын алдын ала болжайды: "шын мәнінде эмоциялар мен интеллект жеке өмірдің бірлігі туралы ғана емес, эмоциялық немесе аффективті, және эмоциялардың ішіндегі интеллект мәселесінің біртұтастығы туралы айту керек". А. Н. Леонтьев оқу іс-әрекетінің "жеке" мағынасы туралы айтқан кезде эмоциялар мен интеллект байланысын атап өтті. Мағынасы дәлелдермен анықталады, А. Н. Леонтьев жаңа мағыналарды қалыптастырып, интеллект саласындағы жаңа мүмкіндіктерді де ашатынын көрсетеді [6]

Эмоцияның мұндай күрделі үдірістерін танып оны реттеуде психологтың қызметі ерекше рөлді атқарады. Себебі психолог қызметінде ол ең алдымен өзгеге көмек бермес бұрын өз эмоцияларымен жұмыс атқара білу дағдылары қалыптасуы қажет. Әрине отандық және шетелдік еңбектерде эмоция мәселесіне байланысты көптеген теориялар мен ғылыми зерттеулер кеңінен тараған және қазіргі уақыттың өзінде бұның көптеген бағыттары мен зерттеулері өз көрнісін беріп отыр. Бұл жерде біздің зерттеуімізде орын алып отырған мәселенің бірі ол болашақ психологтардың эмоциясын зерттеу. Бұр арада біздің зерттеу жұмысымыз болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілерін зерттеумен байланысқан.

Қазіргі қоғамдағы психолог маманның рөлін анықтау үшін осындай маманның орындай білетін мәселелер спектрін ұсыну маңызды. Қазіргі уақытта психологтың кәсіби қызметінің үш түрі бар: психолог-оқытушы, психолог-зерттеуші, психолог-практик.

Психолог-оқытушының кәсіби қызметінің негізгі саласы – білім беру, дәлірек айтқанда – студенттерді психологиялық білім негіздеріне оқыту, олар тек өз бетінше білім беріп қана қоймай, студенттің өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі белсендірудің қозғаушы күші бола алады.

Психолог-зерттеушінің кәсіби қызметінің негізгі саласы-психологияның таңдаған салаларының бірінде ғылыми-зерттеу жұмысы. Психологтың жоғары кәсіби қызығушылығы-тәжірибе қоғам өмірінің түрлі салаларында-денсаулық сақтауда, білім беруде, құқықтануда, өнеркәсіпте, бизнесте, саясатта, саудада, жарнамада, өнерде, әлеуметтік салада және т. б. іске асырылуы мүмкін.[7]

Профессиографиялық тәсіл шеңберінде психологтың жеке тұлғасына және қызметіне қойылатын талаптар әзірленді, оларды қалыптастыру мен дамытуға ЖОО-ның білім беру үдерісі бағдарлануы тиіс.

Мәселе зейін аударудың жоғары деңгейі мен орнықтылығы (ұзақ уақыт бойы басқа объектілерге назар аудармай, бір пәнге көңіл аудару қабілеті); зейін аударудың және бөлудің жоғары деңгейі туралы (бір пәннен екінші пәнге зейін аудару, сондай-ақ зейін аударудың ортасында бір мезгілде бірнеше затты ұстап тұру немесе бір мезгілде бірнеше іс-әрекет жасау қабілеті); бейнелі және ауызша-логикалық жадының жақсы дамуы; бейнелі ойлаудың жоғары деңгейі; логикалық ойлау; мнемикалық қабілеттердің жақсы дамуы; коммуникация; тыңдау қабілеті; вербалды қабілеті; өзін-өзі бақылау қабілеті туралы болып отыр. Бұл Е.С.Романованың тұжырымы аясында қарастырылған талдаулар. Дегенмен болашақ психологқа осымен қатар өзінің эмоционалды жағдайын негізге алу маңызды екендігін ескеру қажет. [8]

Біз жауапкершілік, әдептілік, коммуникабельділік, креативтілік, төзімділік сияқты кәсіби маңызды қасиеттермен қатар психологқа эмоцияналды ұстамды, яғни жағдаяттық талаптарға сәйкес іс-әрекет бағдарламасын өзгертуге дайын болу; күтпеген өзгерістерге бейімделе білу қабілетін көрсету қажет деп есептейміз.

Қазіргі кезде болашақ психологтарға терең теориялық білім беру барысында олардың эмоционалды интеллектілерін дамытатын жұмыс бағыттарына ерекше назар аудару қажет. Себебі өзінің мамандығын толық меңгерумен қатар ондағы кездесетін қиындықтарға эмоционалды жағынан ұстамды болып келу әрбір маманның өзіндік білімі мен көзқарасына байланысты. Психологиялық қызметте эмпатияның көрінуі әр психологтың өз кәсіби іс-әрекетіндегі алғашқы жетістіктері болуы оның өз қызметіне деген ұстанымымен толықтай мұндағы туындайтын түрлі мәселелерге эмоционалды тұрғыда төзе біліуі болып табылады. Әрине студент ЖОО-да бірнеше модульдерден тұратын оқу бағдарламасынан өтіп қажетті құзыреттіліктерін қалыптастырады, дегенмен кәсіби іс-тәжірибе кезінде оның пайдалы болуы әрбір жеке тұлғаның өзінің темпераменті мен өмірлік ұстанымына, мотивіне байланысты болып келеді. Осы орайда эмоционалды интеллект психолог маманның кәсіби дамуы мен өзін-өзі бағалауында негізгі орынды алады. Осы жерде отандық ғалымдардың ой-пікіріне тоқталғым келеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың жеке тұлғаға байланысты психологиялық концепциялары (Б.Г. Ананьев, А.Г. Ковалев, А. Маслоу, Г. Олпорт, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн және т.б.) психологтың эмоциялық сферасын адам өмірінің тиімділігін анықтайтын және әсер ететін маңызды құрылымдық-мазмұндық элемент ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

С.Л. Рубинштейнмен болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілерін қарастыруда олардың эмоционалды икемділік құрылымын негізге алған, қандай да бір объектіге бағытталмаған субъектінің дифференциалды емес эмоциялық жай-күйі ретінде көрсетілген жеке тұлғаның эмоционалды аясының үш негізгі құрамдас бөлігін атап кеткен: интеллектуалды, моральдық, эстетикалық сезімдер. Адамның өмірге жалпы қатынасын сипаттайтын деңгей (мысалы, әзіл сезімі, қайғылы, күлкілі сезім болуы мүмкін).

Бұл ғылыми-теориялар негізінде келесі түйінге келдік эмоциялық интеллект психологтың кәсіби қызметінде клиентке әсер ететін құрал ретінде қажет, ол сондай-ақ психологтың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Эмоциялар функцияларының бірі-бейімделу.

Өз эмоцияларын басқара білу өзінің айқын эмоциялары мен импульстерін бақылауға көмектеседі, күрделі жағдайда ақыл-ойдың сақталуына ықпал етеді; бұл қабілет белгісіздік ахуалына төзімділік деңгейін арттырады және өз-өзіне деген сенімді арттырады [9].

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты студент-психологтардың эмоционалды интеллектілерінің ерекшелігін анықтау. Зерттеу нысаны-болашақ психологтар. Зерттеу болжамымыз студент-

психологтардың эмоциялық интеллектісі басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және оларды басқару қабілетінің ерешелігі мен көрнісі.

Болашақ психологтардың эмоционалдық интеллект көрсеткіштерін диагностикалаудың нәтижелерін қарастырайық, мұнда 1-4 курс студенттеріне жүргізілген келесі әдістемелер бойынша нәтижелер шығарылды: эмоциялық интеллект тесті (EQ тесті), ERQ сауалнамасы (авторы: Дж.Гросс), сауалнама эмоциялық интеллект "Эмина" Д. В. Люсин бойынша. [10]

Әдістемелер Крускал-Уоллистің Н-өлшемі Крускал-Уоллистің Н-өлшемі бойынша есептеліп өңделді.

Крускал-Уоллистің Н-өлшемі қандай да бір белгі деңгейі бойынша үш және одан да көп таңдау арасындағы бір мезгілде айырмашылықтарды бағалауға арналған. Ол тәуелсіз іріктемелерге арналған үш және одан да көп эмпирикалық бөліністердің ұқсастығын (зерттелетін белгі деңгейіндегі айырмашылықтар анықталғанда) анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуге Семей қаласы Шәкәрім мемлекеттік университетінің 1-4 курс аралығында оқитын «Психология» мамандығының студенттері қатысты:

1 группа – студенты-психологи 1 курс (20 адам);

2 группа – студенты-психологи 2 курс (28 адам);

3 группа – студенты-психологи 3 курс (16 адам);

4 группа – студенты-психологи 4 курс (23 адам).

Келесі гипотезалар ұсынылды:

нөлдік

$H_0$ : - 4-ші топтың арасында эмоционалдық икемділік көрсеткіштері бойынша кездейсоқ айырмашылықтар бар және онымен бәсекелес гипотеза

$H_1$ : -4 топтың арасында зерттелетін белгінің деңгейі бойынша кездейсоқ емес айырмашылықтар бар.

$H_0$  және  $H_1$  гипотезаларын тексеру барысында №1, 2, 3 кестелерде көрсетілген нәтижелер алынды.

1-кесте. Н. Холлдың эмоциялық интеллект сынағы бойынша Крускал-Уоллистің Н-критерийі бойынша статистикалық талдау нәтижелері (Тест EQ)

Параметр	EO	USE	SM	E	UEDL
Н – критерий (хи-квадрат)	3,641	6,932	4,695	5,095	5,916
$\rho$ /асимпт.маңыздылығы.	,303	,074	,196	,165	,116

Ескерту. Шкалалар: EO-эмоциялық хабардарлық, USE - өз эмоцияларын басқару, SM-өзіндік мотивация, E-Эмпатия, UEDL-басқа адамдардың эмоцияларын басқару

Крускал-Уоллис Н-критерийі бойынша деректерді талдау нәтижесінде EQ Н. Холлдың тест көрсеткіштерінің арасында маңызды айырмашылықтар анықталған жоқ. Демек, осы көрсеткіштердің ұқсастығы туралы  $H_0$  гипотезасы қабылданады, ал айырмашылықтардың болуы туралы  $H_1$  гипотезасы ауытқиды, яғни 1-4 курс студент-психологтарының төрт тобында да EQ Н. Холлдың эмоциялық интеллектінің көрсеткіштері бойынша өзара айырмашылық жоқ екендігін көрсетті.

Таблица 2. Дж.Гросстың «ERQ сауалнамасы» мен Д.В.Люсинаның «Эмоционалды интеллект» әдістемелеріне Крускал-Уоллис критерийі бойынша жасалған статистикалық талдау нәтижелері

Параметр	KP	PE	MP	MU	VU	VE	VP	MEI	VEI	EP	UE	OEI
Н – критерий (хи-квадратта)	2,386	1,609	3,375	5,128	8,067	,632	3,839	5,436	2,293	3,083	3,934	3,222
$\rho$ /асимпт. маң.	,496	,657	,337	,163	,045	,889	,279	,143	,514	,379	,269	,359

Дж.Гросстың «ERQ сауалнамасы» шкаласы бойынша: KP- когнитивті қайта бағалау, PE-экспрессияны басу; Д.В. «Эмоционалды интеллект» әдістемесінің шкаласы бойынша: MP-

басқалардың эмоцияларын түсіну, МУ-басқалардың эмоцияларын басқару, VU-өз эмоцияларын басқару, VE-экспрессияны бақылау, VP-өз эмоцияларын түсіну, MEI-тұлғааралық эмоциялық интеллект (Басқалардың эмоцияларын түсіну+басқалардың эмоцияларын басқару), VEI- ішкі эмоционалды интеллект (Өз эмоцияларын басқару + экспрессияны бақылау + өз эмоцияларын түсіну), EP- өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсіну қабілеті (басқа адамдардың эмоцияларын түсіну + өз эмоцияларын түсіну), UE- өзінің және басқалардың эмоцияларын басқару (басқалардың эмоцияларын басқару + өз эмоцияларын басқару +экспрессияны бақылау), OEI – жалпы эмоциялық интеллект Крускал-Уоллистің Н-өлшемі бойынша деректерді талдау нәтижесінде Д.В.Люсиннің эмоциялық интеллектінің әдістемесінің VU-өз эмоцияларын басқару көрсеткішінде елеулі айырмашылық анықталды.

Демек, Дж. Гросса және Д.В. Люсина сауалнамалары бойынша барлық басқа көрсеткіштерінің ұқсастығы туралы  $H_0$  болжамы қабылданады, ал  $H_1$  болжамының айырмашылықтары Д.В.Люсинаның әдістемесіндегі VU-өз эмоцияларын басқару бойынша 1-4 курс студенттері арасында айырмашылық көрніс берді.

Крускала-Уоллис критерийі бойынша орташа дәрежелер кестесінің талдауы бойынша 2 курс студенттері өз эмоцияларын жақсы басқара алатындығын дәлелдейді, ал 3 курста бұл көрсеткіш төмендейді және 4 курста көтерілетіндігі анықталды.

Бұл эксперименттік зерттеу жұмысы арқылы болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілері анықталды, яғни студенттер 4 курсқа келгенде эмоционалды интеллектілері әлдеқайда жоғары көрсеткіш беретіндігі көрніс берді. Бұл олардың алатын білімдері мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан дағдыларына байланысты. Алдағы уақытта бұл жүргізілген зерттеудің факторлық талдауын жүзеге асыру негізге алынып отыр, себебі болашақ психологтардың эмоционалды интеллектілеріне әсер етуші факторлардың жекеше көрсеткіштерін анықтау арқылы зерттеуіміздің болжамын жүзеге асырамыз деген пікірдеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Изард К.Э. Психология эмоций / Перев. с англ. – СПб: Издательство «Питер», 1999 – 464 с.:ил. (Серия «Мастера психологии»).
2. Педагогика профессионального образования : учеб, пособие для студ. высш. учеб, заведений /Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, Г. Паиков; под ред. В. А. Сластенина. - 2-е изд., стер. - М.: Академия, 2006. - 368 с
3. Фрейд, З. Психопатология повседневной жизни /З. Фрейд. - М., 1925.
4. Алексеева Е.Е. Типологические особенности студентов психологических и педагогических специальностей // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - 2009, - №4, - С. 207-212.
5. Леонтьев, А. Н. Психология образа [Текст] / А. Н. Леонтьев // Вести. Моек, ун-та. - Сер. 14: Психология. - 1979. - № 2. - С. 3-13.
6. Леонтьев, А.Н. Проблема деятельности в психологии / А. Н. Леонтьев // Вопросы философии. – 1972. – № 9. – С. 95–108.
7. Карандашев В.Н. Психология. Введение в профессию. М., 2003
8. Романова Е.С. 99 популярных профессий: психологический анализ и профессиограммы. - СПб., 2003.
9. Параскевова К.Г. Особенности личности помогающих специалистов с разным уровнем эмоционального интеллекта / К.Г. Параскевова // Вестник Одесского национального университета. – 2012. - № 8(20). С. 425-432.
10. Кобзарь А. И. Прикладная математическая статистика. – М.: Физматлит, 2006. – 466–468 с.

**МРНТИ 15.01.11**

*Көкшеева З.Т<sup>1</sup>, Орынбасарқызы Ж<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Ш. Есенов ат. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, (Ақтау, Қазақстан)

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ –  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі кезде оқытудың жаңа технологияларының бірі, әсіресе мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыруда және оқу үрдісінде, зерттеушілік қабілетін дамытуда жобалау технологиясын қолданудың тиімділігі жайлы баяндалады.

**Тірек сөздер:** жоба, жобалау технологиясы, мектеп оқушылары, зерттеушілік қабілет, жаңа технология

*Koksheyeva Z.T<sup>1</sup>, Orynbekeyzy G<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Caspian state University of technology and engineering named after sh. Esenov,  
(Aktau, Kazakhstan)*

**DEVELOPMENT OF STUDENTS ' RESEARCH ABILITIES-A PSYCHOLOGICAL AND  
PEDAGOGICAL PROBLEM**

*Abstract*

The article, currently one of the new learning technologies, the development of research abilities of students, especially to work independently, to teach them to formulate their thoughts and changing conditions in the learning process, describes the effectiveness of the use of project technology in research activities in development, about the ability.

**Keywords:** project, design, technology, students, research skills, new technologies

*Кокшеева З.Т<sup>1</sup>, Орынбасарқызы Ж<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова  
(Актау, Казахстан)*

**РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ШКОЛЬНИКОВ –  
ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА**

*Аннотация*

В статье, в настоящее время одной из новых технологий обучения, развитие исследовательских способностей школьников, особенно, работать самостоятельно, научить формулировать свои мысли и изменяющимся условиям в процессе обучения, излагаются эффективность применения проектной технологии в исследовательской деятельности в развитии, о способности.

**Ключевые слова:** проект, проектирование, технология, учащихся, исследовательских умений, новых технологий

Мектептегі білім жүйесінің жаңа құрылымы мен оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шыңдауды талап етеді. Осы орайда, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, тәрбиелеумен қатар олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытудың қазіргі кезде маңызы зор.

Күнделікті бір жаңа нәрсені білу, құпия дүниенің сырын ашу – адамның ой-өрісін байытып, түсінік-пайымын кеңейтетін танымдық бастаулардың бірі. Қай кезде де қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы адамның ой-өрісіне, шығармашылық қабілеті мен біліктілігіне де байланысты болмақ. Сондықтан да әрбір жекелеген тұлғаның өзіндік шығармашылық ізденісі, оның ішінде кіші мектеп жасындағы балалардың өзіне беймәлім тылсым дүниенің сырын ашуға деген ұмтылысы, бірнәрсені білуге деген қызығушылығы, біздің пайымдауымызша зерттеушілік қабілеті болып табылады.

Сонау 1592-1670 жылдарда өмір сүрген чех халқының атақты педагог-әдіскері Я.А.Коменский де кезінде: «Қай баланың қалай болып туылатыны бөгде адамдардың бірде-бірінің ықтиярында емес,



бірақ дұрыс тәрбие арқылы оларды жақсы адам ету біздің билігімізде», – деп, оқушылардың біліктілігін жетілдіру жұмысын арнайы басқарып отырудың қажеттігі туралы айтқан болатын [1].

Бұл қағида кейіннен Ж.Ж.Руссо, А.Ф. Дистервег, Дж.Дьюи[2], И.Г. Песталоцци, К.Д.Ушинский т.б. ғалымдардың идеяларынан да көрініс тапты Баланы жастайынан ғылымға деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үшін зерттеушілікке баулып оқытуды бастауыш мектептен бастау керек. Олай дейтін себебіміз, бастауыш мектеп – білімнің негізі қаланатын алғашқы баспалдағы, яғни баланың ақыл-ойы, санасы дамитын маңызды кезең, бұл кезеңде бала тек білімге сусындап қана қоймай, өзін қоршаған дүниені танып-білуді, айтып, жазып, түсінігін жеткізе білуді, басқалар жөнінде де өзіндік көзқарас қалыптастырып, қажет жағдайға тез бейімделіп, байқау жасап, ой таластыра отырып, салыстырмалы пікірін білдіруді, сөйлеу және ойлау мәдениетіне үйреніп бастайды.

Зерттеушілік бағыттағы оқыту сабақтарында бұрынғы дәстүрлі сабақтан гөрі қазіргі жаңартылған бағдарламаға сәйкес жаңаша оқытудың түрлі стратегиялары пайдаланылып, арнайы тренингтер мен ойындар қарастырылады. Мұндай жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеу біліктерін арттырып, дағдыларын меңгерудің оңтайлы жолы деуге негіз бар. Оқушыларды шығармашылық - зерттеушілік әрекетке баулудың негізгі мақсаты – мектеп оқушысының, жоғары мәдениеттің қай саласында болмасын, өз бетінше шығармашылық ізденісін, жаңаша іс-әрекет қалыптастыруға деген дайындығы мен қабілетін дамыту болмақ деп ойлаймыз.

Педагогикадағы жобалау мәселелері бойынша көптеген ғалымдардың, атай кететін болсақ: И.А. Колесникова, В.И. Загвязинский, А.М. Новиков, П.Г. Щедровицкий т.б. сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар С.Д. Мұқанова, С.М. Бахешева, Қ.Қ. Жампейісова, Ү.Б. Жексенбаева[3], К.С. Құдайбергенова, Л. Қалабаева, Г. Құлжанбекова, А.О. Серікбаева т.б. еңбектерінде негізделген.

Бүгінгі таңда әдебиеттерде 50-ден астам педагогикалық технологиялар пайдаланып жүр, оның ерекшелігін педагогикалық жүйені жобалау тұрғысынан анықтау үшін жобалаудың білім беру аймағында оқыту жүйесі мен оның жекелеген компоненттерін жасаумен шектелмейтінін ескеру абзал.

Олай дейтініміз, кіші мектеп жасындағы бала жаратылысынан зерттеуші емес екені рас, оларды зерттеу тақырыбымен, өзектілігі, мақсат-міндет қоюмен, ғылыми болжаммен «зорықтыруға» болмайды, сондықтан да оған алғашқыда арнайы түрде үйретілуі керек, мысалы: тандап алынған тақырып пен оған қатысты мәселелер бойынша жағдайды қалай анықтауға болады немесе қандай болжам жасауға, жоспарды қалай құру, тәжірибенің қалай жасалатыны т.с.с. рет-ретімен айтып түсіндірілуі тиіс.

Осылайша жобалау зерттеуді тиімді әдістер арқылы бастауышта қолдану - мұғалімнің көмегімен ғана жүзеге асырылады. Себебі, жобалау дегеніміздің өзі – кіші мектеп жасындағы оқушылардың күнделікті сабақ барысы болсын, сыныптан тыс уақыттарда да алдын-ала құрылған жоспарға сәйкес түрліше тапсырмаларды жасап, талмай ізденудің арқасында қол жеткізетін нәтижелі білімі деп топшылауға болады.

Ал жоба дегеніміз – алға, болашаққа талпыныс, ұмтылыс деген сөз, яғни, бірнәрсені қалпына келтіру жоспары, ізденім арқылы іс-қимылдың нәтижесіне жетудегі әрекеттер жүйесін білдіреді. Мұнда бастауыш сынып оқушыларының алатын білім мен тәрбиесінің сапасын жетілдіруде олардың зерттеушілік қабілетін қалыптастырудың педагогика-психологиялық және ғылыми негіздері үлкен роль атқарады.

Жобалар әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі: *зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік ойындық, ақпараттық, қолданбалы т.б.*

*Мағынасына қарай:* бір пәндік, пәнаралық (бірнеше пәндер бойынша) болады. *Жобалар іс-әрекет формасына қарай:* баяндама, альбом, жинақ, каталог, альманах, макет, сызба-тірек (схема), жоспар-карта, бейнефильм, көрме, мейрам, конференция т.б.

Негізгі нәтиже қай түрімен берілсе де, жобаның түсіндірме жазбасы болуы керек. Мысалы: ең басында жобаның тақырыбы, авторы, тобы, оқу орны, жетекшісі т.б.керекті мағлұматтар көрсетіледі. Алдымен, оқытушы оқу материалдарын қарап шығып, жобаға ыңғайлы, қонымды тақырыптарды тандап алуы қажет.

Жоба жасау кезінде оқушыларда келесідей дағдылар қалыптасады: жалпы сабақтық: оқулықпен, сөздікпен, арнаулы әдебиеттермен, каталогтармен жұмыс жасау, баяндама жоспары мен мазмұнын түзу, тақырып бойынша мәлімдеме дайындау, реферат жасау.

*Арнаулы:* мәтінді қысқарту және оны ауызша түрде жеткізе білу, мәселеге байланыс. Жобалардың әдісі – оқу барысында кішкентай топта әлеуметтік қарым – қатынас құруға негізделген білім беру саласындағы технологиялардың бірі болғандықтан оқу барысында оқушылар әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (*ұйымдастырушы, жетекші, атқарушы т.б.*) қабылдайды, орындайды және оларды шынайы қарым – қатынас кезінде өзекті мәселелерді шешуде орындауға үйреніп, дайындалады.

Жоба дегеніміздің өзі – жетекші мұғаліммен бірге жасалатын баланың өзбетінше сол мәселені шешу жолындағы түзілген іс-әрекеттер жүйесі.

### Кесте 1 – Мұғалім мен бастауыш сынып оқушысының арасындағы іс-әрекеттер жүйесі

№	Мұғалім:	Оқушылар:
1	Жеке тұлғаға қарай бағытталған ұсынушы	Оқыту субъектісі
	Бағыт-бағдар беруші, кеңесші	Алға қойған мақсатқа жетуші белсенділер тобы
	Оқушының жетістігін құптаушы	Оқытушы әрі өзін-өзі оқытушы ролінде
	Ынталандырушы, мақсат қоюшы	Өнерлілер және әрекет етуші топ
	Мақсаттарға жетелеуші	Ізденіп табыса жетуші шығармашылық топ

Жобалар әдісі ең алдымен – қандай бір мәселені шешуді көздесе, қорытындысында – нәтижеге қол жеткізуді болжайды, ал жобаның ерекшелігі сол – оны бала алдымен көзімен көріп, өз қолымен жасау арқылы оқушының ынтасын арттырып, қызықтыра отырып ізденіске жетелейді, шығармашылық біліктілігін арттыру арқылы туындаған мәселені өз беттерінше шеше білуге талпындырып, ғылыми ізденіске жетелейді.

Біз жоғарыда айтып өткен жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен ізденіп жұмыстану арқылы зерттеушілік әрекетке баулу, теория жүзінде алған білімдерін тәжіибемен ұштастыру аясын кеңейту, техникалық біліктілігі мен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру арқылы қазіргі қоғамға сай, кез-келген ортада өзіндік ой тұжырымдап, өзін көрсете білуге бейімдеу.

### Кесте 2 - Жобалау технологиясының іс-әрекет кезеңдері мен мазмұны

Іс-әрекеттің кезеңдері:	Іс-әрекет мазмұны:
<b>Дайындық кезеңі:</b> 1. Жобаның тақырыбын таңдау; 2. мақсатын белгілеу	Оқушылар: тақырыпты таңдау, талдау, ақпарат жинақтау. Оқытушы: тақырыптың ойына бағыт беру, ынталандыру, тапсырманың дұрыс басталуына көмектесу.
<b>Жоспарлау кезеңі:</b> 1. Ақпарат көздерін анықтау; 2. ақпаратты табу жолдарын талдау 3. нәтижені көрсету тәсілдерін анықтау. 4. үрдіс пен нәтижені бағалау өлшемдерін белгілеу.	Оқушылар: тапсырмаларды құрастырады және іс-әрекеттерін жоспарлайды. Оқытушы: қажет жерлерге түзетулер енгізеді, ой тастайды, ой бөліседі.
<b>Мәліметтерді жинақтау кезеңі:</b> 1. Бақылау; 2. Жинақталған мәліметтермен жұмыс; 3. әдебиеттермен жұмыс; 4. сауалнама, сұхбат, бақылау және эксперимент жүргізу т.б.)	Оқушылар: ақпараттарды жинақтайды. Оқытушы: бақылайды, іс-әрекеттеріне жанамалап бағыт-бағдар сілтейді.
<b>Жобаны қорғау</b>	Оқушылар: нәтижелерін көрсетеді: баяндайды, пікір алмасады, жобаны безендіреді.

Ғалым Ж.А. Кәрменбаева Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолданудың имімділігін өз жұмысында жан-жақты талқылаған. Ғалымның топшылауынша, «жоба жұмысы – белгілі бір


өтілген материалдың қорытындысы ғана болмай, танымдық әрекетінің әдістемелік жемісі де болуы керек. Яғни, белгілі мақсатқа жетудің нәтижесін көрсеткен жөн. Жобалау әдісінің негізінде оқушының өз бетімен танымдық қабілеті дамиды, хабар кеңістігінде жаңалықты бағдарлай алу, алған жаңалықты сараптау, шығармашылық зерттеуге дағдыланады»[4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жоба әдісін қолдану арқылы балаларды қазіргі заман сұраныстарына сай келетіндей дайындап, шығармашылық белсенділігін арттырамыз. Осыған сәйкес көптеген тиімді әдіс-тәсілдерді қолданамыз, мысалы: әртүрлі шығармашылық жұмыстар, жазба жұмыстары, шығармашылық ойындар т.б.

Сонымен қатар, жобаны жасауда мектеп оқушыларына әр түрлі аудио және бейнефильмдер, көрсетілімдер, компьютерленген арнайы бағдарламалар дайындалып, сол бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұдан басқа да түрлі бағыттағы жұмыстар балалардың ойлау қабілетін қалыптастырып, ұсынылған жоба түрлерімен өздігінше ізденіп жұмыстануларына және олардың ғылымға деген құштарлықтарын арттырып, сабақтан әсте жалықтырмайды[5].

Ақтау қаласындағы №21 орта мектептің 3-сыныбының оқу үрдісінде жобалау технологиясын пайдалана отырып, зерттеушілік қабілетін қалыптастыру мақсатында ана тілінен сабақ жүргізілді. Сабақ барысында оқушылар өте белсенді атсалысып, өз қызығушылықтарын таныта білді.

Зерттеушілік қабілетін қалыптастыруына ықпал ету үшін жүргізілген сабаққа балалардың ынтасы шексіз болды. «Тиін» тақырыбын қызу талқылап, проблемалық сұрақтарға жан-жақты жауаптар іздестіріп, жол табуға тырысты. Бір-біріне жәрдемдесе отырып, ұйымдасқан түрде сабаққа беріле қатысты. Игерген ақпараттарын ортаға салды, берілген түрлі деңгейдегі тапсырмаларды постер қорғау арылы орындап, сабақтың қызықты, жоғары деңгейде өтуіне үлестерін қосып, ересектерше өз пікірлері мен ұсыныстарын жариялады. Топпен ақылдасу, ұйымшылдық, жылдам жауап беру, ізденімпаздық, зерттеушілік секілді үрдістер үздіксіз жүріп отырды. Мысалға: **1-топқа** тапсырма: кластер стратегиясын құру:



**2-топқа:** тиіндер қандай аң? (Күннің суық және жылы мезгілінде) – талдау жасау т.б;

Сыртқы сөйлеу – адамның ойын басқаға жеткізу шеберлігінің айнасы. Оқушының тілінің қандай дәрежеде дамығаны сыртқы сөйлеу арқылы көрінеді. Оның кемшілігі де, жетістігі де анық көрініп тұрады. Мұғалімнің тіл дамытудағы бір міндеті – оқушы тіліндегі кемшіліктерді түзету, жою жұмысын жүргізу.

Сыртқы сөйлеуді ғалымдар ауызша және жазбаша, диалогтық және монологтық деп біледі. Біздің ойымызша монологтық сөйлеудің ішкі сөйлеудің ішкі сөйлеуге де қатысы бар. Бастауыш сынып оқушылары сөйлеудің бұл түрлерінің бәрін қолданады, бірақ олардың қайсысын болсын

алғашқы сатыдағы дәрежеде қолданады. Сөйлеудің ауызша түрінің келесі бір ерекшелігі дауыс ырғағына (интонация) байланысты. Ол ауа толқынның жиілігі мен қозғалысына (күшіне), жылдамдығы мен баяулауына байланысты. Дауыс ырғағының құбылуының да өзіндік мәні бар. Айтылған хабарды қуанышты, ренішті түрде, риза және наразы түрде айту, қабылдау, растау, нақтылау, сенімсіздік білдіру т.б. осы сияқты көзқарасты білдіру мәтінде дауыс ырғағы арқылы қосылады да оның мәнін аша түседі.

Сөйлеудің ауызша түрін білуге сөздердің дыбысталу нормасы, орфоэпиясы да жатады. Бұл да – бастауыш мектеп оқушысының ауызша тілін дамытудың басты мәселесінің бірі. Ауызша тілдің нормасын оқушыға үйрету жеке дыбыстарды, сөзді, сөз тіркесін, мәтінді оқытудан бастап кіші жастағы оқушы тілін дамытуда мұғалімнің үнемі жүргізетін жұмысы болып табылады.

Сөйлеудің жазбаша түрінің өзіндік ерекшелігі бар. Бастауыш сынып оқушы әріптерді жазуды үйренеді, сынып әліппесінен бастайды. Бірақ бастауыш сыныпта жазуды әріптен бастаған бала сөз, сөйлем, мазмұндама, диктант, шағын шығарма жазуға дейін көтеріледі. Әрине, бастауыш сынып оқушыларының шығармасын жоғарғы сынып оқушыларының шығармасымен салыстыруға болмайды. Әрқайсысының өз деңгейі бар, бастауыш сынып оқушылары үйрену деңгейіндегілер.

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін дамыту мәселесін ғылыми тұрғыда зерттелген ғалым – С.Рахметова. С.Рахметованың еңбектерінде мазмұндама мен шығарма жаздыруға үйретудің ғылыми негізін жасаған деп танымыз. Ғылымның бұл салада түбегейлі жұмыс жасағанын есепке алып, біз өз жұмысымызды ауызша тіл дамыту мәселесіне арнадық. Сондықтан бұл арада сөйлеудің жазбаша түріне тоқталмаймыз. Осы саланың маманының еңбегіне сілтеме жасаймыз [2, 5 б.].

Бастауыш сыныпта үйретілетін ауызша сөйлеу, оның диалогтық монологтық түрлеріне, олардың бастауыш мектеп оқушыларының тілінен алатын орны туралы түсінік беру қажет.

Сөйлеудің диалог түрі – екі я онан да көп адамдардың бір – бірімен пікірлесуі, сөйлеуі [9,128 б.].

Мұнда адам сұрақ қояды және оған жауап береді, сын – пікір айтады, қолдау және қарсылық білдіреді. Мектепте сабақ үстінде диалогты мұғалім мек оқушы арасында болады деп саналады, бірақ оның оқушы мен, не басқа адамдардың арасындағы диалогтан айырмасы барын ғалым көрсетіп жүр. Оны С.Рахметова төмендегі түрде көрсетеді: «Әдетте оқушы мен мұғалімнің арасындағы сөйлеуді диалогы дегенімізбен мұнда сөйлемдер толық болады» - деді ол [1, 12 б.].

Мектепте қолданылатын сөйлеудің осы диалог түрі қандай екенін, оның ерекшеліктері мен тіл дамытуға қатысын, мектепте алатын орнын анықтап алу керек.

Алдымен диалогтық сөйлеудің өзіндік ерекшеліктері туралы тоқталайық. Сөйлеудің диалогтың түрінің өзіндік белгілері бар. Олардың төмендегідей:

1. Диалогтық сөйлеу сұрақ – сөйлем, жауап сөйлемнен тұрады. Бұл диалогтың ең кемі екі адамның сөйлеуінен тұруына байланысты. Диалогтық сөйлеуде қатысушылар бір – біріне сұрақ қою, оған жауап беру арқылы сөйлеу процесін жүзеге асырады. Онда сұрақ қоюшы мен жауап берушінің орны ауыса береді.

2. Диалогтық сөйлеуде алғашқы сөйлемнен басқа сөйлемдер толмсыз сөйлемдер болып келеді. Әсіресе, ол жауап – сөйлемге қатысты. Жауап беруші адам сұрақ – сөйлемдегі сөздерді қайталамай бір – екі сөзбен жауап бере береді.

Мысалы:

- Ертең сен киноға барасың ба?
- Жоқ (барамын).

Осындағы өте қысқа жауап – сөйлемнің мәні сөйлеушілерге түсінікті, өйткені ойда сұрақ – сөйлемдегі мазмұн тұрады. Контексті жеке алғанда, мазмұны түсініксіз болып көрінетін жауап – сөйлемнің мәні сұрақ – сөйлем үстінде жағдаятқа қарай түсінікті болып шығады. Бұны диалогтың өзіндік ерекшелігіне қатысты шартты толымсыз деп атауға да болады.

Диалог тек сұрақ – сөйлемнен жауап – сөйлем ретінде, келе бермейді. Әсіресе, үш – төрт адам қатысқан диалогта үшінші адам диалогқа араласып, пікір қосып, өз ойын ғана білдіруі де бар. Онда сұрақ, жауап мәні болмауы да мүмкін.

Сирек кездеседі, қысу т.б. осы сияқты түрлі ауызша сөйлеуге қатысты белгілер мен толығады. Бұлар жазбаша тілді болмайды, ал диалогте өте жиі кездеседі.

3. Диалогте ой жалғастығы күшті болады. Сөйлеудің диалог түрі «Қазақ тілі» оқулығында кездеседі, бірақ ол жиі жеп айтуға келмейді. Мұғалім мұндай мәтіндерді рөлмен оқыту, әңгімелеу арқылы диалогтық сөйлеуге үйретеді. Ғалымдар оны жасанды диалог деп те атайды. Бастауыш мектепте айтыс, дискуссия, талқылау сияқты диалогтың түрі сирек кездеседі.

Диалогты сөйлеудің түрін оқушыға үйретудің пайдалы жағы күшті. Сұрақ бере білу, жауап айта білу жеңіл нәрсе емес. Диалог тапқырлықты керек етеді. Сондықтан диалог тапқырлыққа, ойын дәлелдеуге, дәлелді, нақты жауап беруге дағдыландырады. Диалогты сөйлеуге үйрету – тіл дамытудың тиімді жолдарының бірі. Өкінішке орай, мектепке диалогке үйрету жеткілікті орын ала бермейді.

Сөйлеудің монолог түрі – жеке адамның сөйлеуі [10]. Сөйлеудің монолог түрінің қолданылу орны өте кең, ол негізінен көп адамға арналады. Ал «Қазақ тілі» оқулығында ол кеңінен қолданылады. Соған орай мектепте оқушы да негізінен монологтық сөйлеуді жиі қолданады. Оқушының мәтінді әңгімелеуі үйге берген тапсырманы мұғалімге баяндауы, суретке карап, оның мазмұнын суреттеуі, көрнекі құрал бойынша өз ойын жеткізуі, экскурсия, каникул туралы әңгімелеу, оқыған ертегісі, кітабы туралы баяндау бәрі оқушының монолог түрінде сөйлеуіне жағдай жасайды. Монолог түрінде сөйлеуге дайындалу көп оқу жоспар жасап, ойын жүйелі түрде жеткізуге дағдыландыру сөйлеу үлен қызмет атқарады. Алайда сөйлеудің ауызша түрінің жазба тілден өзіндік ерекшелігі барын да айта кеткен дұрыс. Сөйлеудің ауызша түрінің жазба тіліндей түзету, жөндеу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан мұғалім ауызша сөйлеуге оқушыны дайындау жаттықтыруы оның сөйлеудегі кемшілігі мен қатесімен үнемі жұмыс жүргізуі керек [11, 12 б.].

Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамытқан дұрыс. Бұл әдістің ерекшелігі - сынып оқушыларын жікке бөлмей, барлық баланың бірдей дамуына жағдай жасау. Педагогикалық технология - оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту. Расында да, сын тұрғысынан ойлау - барлық жастағы балаларға кез келген әрекетке, мазмұнға сын тұрғысынан қарау, нақты дұрыс шешім қабылдау, өзі қабылдаған ұйғарымға деген сенімділіктің болуы болып табылады. Бұған сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегиялары көмектеседі. Негізгі үш кезеңнен тұратын бағдарлама әр оқушының қабілетін ашуға, ойын еркін жеткізуге, қызығушылығын оятуға ерекше мән береді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [edu.gov.kz](http://edu.gov.kz)
2. Рахметова С. Кіші жастағы оқушылардың жазу тілін дамыту. – Алматы: Мектеп, 1978. - 112 б.
3. Жиенбаев С. Жаттығу, емле мен тіл дамыту. – Алматы, 1944. – 96 б.
4. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері. (Жинақ). – Алматы: Мектеп, 1982. – 208 б.
5. Ладыженская Т.А. Система работы по развитию связной устной речи учащихся. – М., 1995. – 168 с.
6. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздер. докт. дисс. – Алматы, 1994. - 310 б.
7. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 98 б.
8. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V-IX сыныптар). – докт. дисс. – Алматы, 2004. - 320 б.
9. Катембаева Б. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық нұсқаулар. – Алматы, Рауан, 1991.- 112 б.
10. Сейталиев Қ. Жалпы психология: университеттер мен педагогикалық институттардың педагогика мамандықтарына арналған оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2012. – 360 б.
11. Райымханқызы К. Тіл мәдениетін меңгерту. Ұлағат, - 2015. - №3, – 36 б.
12. Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Перемена. 2001. - №4.5 - С.21-27, 38.
13. Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

**МРНТИ 15.81.25**

*Н.М. Иргебаева<sup>1</sup>, А.Т. Жағыпар<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> «Тұран-Астана» университеті,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан*

**АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ**

*Аңдатпа*

Отбасы-өзара байланысты үдерістердің күрделі жүйесі. Отбасындағы қарым-қатынас-бұл жүйенің күрделі құрылымы бар негізгі компоненттерінің бірі. Отбасы мәселелерінің қарастырудың мақсат ата-ана мен балалар психологиясының қарым-қатынас мәселелерін талдау және оның зерттелуі, қазіргі осы мәселе жағдайының өзектілігін қарастыру. Ата-аналар мен балалар қарым-қатынасының ерекшеліктерін айқындайтын психологиялық әдістер әзірлеп, жүйелеу болмақ. Бүгінгі күнде отбасылық дағдарыстың шиеленісуі әке мен баланың, ана мен қызының тіл табыса алмау мәселелері, ата-ананың бірінші орынға жұмысты қойып қоюы, баланың депрессияға жақын болуы, ата-анасының бере алмағын жылуын сырттан іздеуі, қарым-қатынастың, жылулықтың азаюы бұл қоғамның дамуына кері әсерін тигізеді. Жанұя ортасында баланың өмір сүру міндеті, құндылықтары, қоршаған ортада өзін қалай басқару қажеттігі негізі бойынша мәліметтер алып, бойына сіңіреді. Отбасы тәрбиесінде тәрбие бағыты баланың жасерекшелік шамасына және жыныстық ерекшеліктеріне сай жүргізу басты назарда болуы шарт. Сондай-ақ, балаңыз қалай бар, оның болмысы мен табиғатын жақсы көре біліп, салыстырмауға тырысу қажет. Осы ретте баланы тереңінен танып, оның күшті жақтарын, күшті қабілеттерін айқындауға тырысып сол бағытпен жұмыс жасауға тырысу қажет. Тәрбиені бұйрық пен талапқа сәйкестендірмей балаға тек сеніммен қарап, сенімділікке бағыттау қажет. Ата-ана балаларының бос уақытын қалай өткізетінін бақылап, зерігулеріне жол бермеу керек. Бос уақыттарын тиімді қолдануға ықпал жасап, мектеп өміріне белсене араласуға, үйірме, қоғам жұмыстарын қатысуларына бағыт бағдар беріп отырған жөн. Бала жан-жақты болуы үшін оның ой-пікірін тыңдап, ақылдасып отырған дұрыс.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы институты ретінде отбасының психологиялық ахуалын зерттеу негізінде отбасындағы тәрбиенің барлық жүйесі екі қағидатқа негізделуі тиіс деген қорытынды жасауға болады:

1. Отбасы мүшелерінің психологиялық жағдайын талдау. Ата-аналардың өз стилі мен мінез-құлқы олардың өз балаларын жақсы тәрбиелеуге ұмтылысына жауап беруі тиіс.

2. Ата-аналар пайдалы қызметтің әртүрлі түрлері баланың жеке басын және оның жеке қасиеттерін біртіндеп қалыптастыратын тиісті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Зерттеудің алынған нәтижелері: баланың психологиялық дамуы, яғни тұлғаның қалыптасуы отбасындағы жағдайға, баланың ата-аналармен өзара қарым-қатынасына тікелей байланысты.

**Түйін сөздер:** отбасы, ата-ана қатынасы, тәрбие, ұоғам, адами құндылықтар, бала тәрбиесі, эмоция, мінез, өмірлік принциптер, іс-әрекет

*N.M. Irgebaeva<sup>1</sup>, A.T. Zhagypar<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Turan-Astana University,  
Kazakhstan, Nur-Sultan*

## PSYCHOLOGY OF PARENTS AND CHILDREN

### *Abstract*

The family is a complex system of interrelated processes. Family relationships are one of the main components of the system, which has a complex structure. The purpose of studying family problems is to analyze the problems of interaction between parents and child psychology and its study, consideration of the relevance of the current state of this problem. Development and systematization of psychological methods that determine the features of communication between parents and children. To date, the aggravation of the family crisis, the inability of the father and child, mother and daughter to communicate, the parents 'placing on the first place of work, the child's proximity to depression, the external search for parents' warmth, the decline in relations, heat negatively affect the development of society. In the family environment, the child receives and absorbs information about their responsibilities, values, and how to manage themselves in the environment. The educational orientation in family education should correspond to the age size and gender and age characteristics of the child. And also, as there is a child, you need to see well and not compare its being and nature. At the same time, it is necessary to deeply understand the child, try to determine his strengths, strong abilities, and try to work in this direction. Education should be aimed at confidence, without meeting the requirements and orders. Parents should monitor how they spend their free time, avoid

crowding. It is necessary to promote the effective use of free time, actively participate in school life, participate in the work of clubs and public associations. In order for the child to be versatile, it is better to listen to his opinion and consult.

Based on the study of the psychological climate of the family as an institution of formation and development of the individual, we can conclude that the entire system of education in the family should be based on two principles:

1. analysis of the psychological state of family members. The style and behavior of parents should be responsible for their desire for the best upbringing of their children.
2. parents must provide appropriate conditions that consistently shape the child's personality and personal qualities of various types of useful activities.

The results of the study: the psychological development of a child, i.e. the formation of a personality directly depends on the situation in the family, the child's relationship with parents.

**Keywords:** family, parenting, parenting, society, universal values, parenting, emotions, behavior, life principles, actions

*Н.М.Иргебаева<sup>1</sup>, А.Т.Жағытар<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> «Тұран-Астана» университеті,  
Қазақстан, Нұр-Сұлтан*

## **ПСИХОЛОГИЯ РОДИТЕЛЬСКИХ И ДЕТСКИХ ОТНОШЕНИЙ**

### *Аннотация*

Семья-сложная система взаимосвязанных процессов. Отношения в семье-это один из основных компонентов системы, который имеет сложную структуру. Цель изучения семейных проблем-анализ проблем взаимодействия родителей и детской психологии и ее изучение, рассмотрение актуальности современного состояния данной проблемы. Разработка и систематизация психологических методов, определяющих особенности общения родителей и детей. На сегодняшний день обострение семейного кризиса вопросы неспособности отца и ребенка, матери и дочери к общению, постановка родителями на первое место работы, близость ребенка к депрессии, внешний поиск тепла родителей, снижение отношений, тепла негативно сказываются на развитии общества. В семейном окружении ребенок получает и впитывает в себя информацию о его обязанностях, ценностях, о том, как необходимо управлять собой в окружающей среде. Воспитательная направленность в семейном воспитании должна соответствовать возрастным размерам и половозрастным особенностям ребенка. А также, как есть ребенок, нужно хорошо видеть и не сравнивать его бытие и природу. При этом необходимо глубоко осознать ребенка, попытаться определить его сильные стороны, сильные способности и попытаться работать в этом направлении. Воспитание должно быть направлено на уверенность, без соответствия требованиям и приказа. Родители должны следить за тем, как они проводят свободное время, не допускать скудения. Необходимо способствовать эффективному использованию свободного времени, активно участвовать в школьной жизни, участвовать в работе кружков, общественных объединений. Для того, чтобы ребенок был разносторонним, лучше выслушать его мнение и проконсультироваться.

На основе изучения психологического климата семьи как института становления и развития личности можно сделать вывод, что вся система воспитания в семье должна основываться на двух принципах:

1. анализ психологического состояния членов семьи. Свой стиль и поведение родителей должны отвечать за их стремление к лучшему воспитанию своих детей.
2. родители должны обеспечивать надлежащие условия, которые последовательно формируют личность ребенка и его личные качества различные виды полезной деятельности.

Полученные результаты исследования: психологическое развитие ребенка, т.е. формирование личности напрямую зависит от ситуации в семье, взаимоотношений ребенка с родителями.

**Ключевые слова:** семья, родительские отношения, воспитание, общество, общечеловеческие ценности, воспитание детей, эмоции, поведение, жизненные принципы, действия

Отбасы-адамның барлық өмір ағымында бірге еріп жүретін маңызды феномендердің бірі. Отбасы- қоғамның негізі болып табылады. Өйткені, қоғамды құратын адамзат атаулы отбасында өсіп-өреді, тұлға болып қалыптасады. Ержетіп келе жатқан жеткіншек өмірдің бастапқы сабақтарын отбасынан алады. Оның ең әуелгі ұстаздары мен тәрбие берушілері әкесі мен анасы. Отбасындағы жақсы естеліктер мен реніштер, сәттіліктер мен сәтсіздіктер, мейірімді қарым-қатынасы балалардың адамзатқа деген қамқорлық күйлерін айқындаушы негіз болып табылады.

Адамның дамуы – күрделі процесс. Тұлғаның дұрыс қалыптасуы тікелей отбасына байланысты. Бүгінгі күнде қоғамымызда отбасының құрылымы өзгеріске түсіп, оның мүшелер саны кеміп, бала саны азаю үстінде. Қазіргі таңда аналардың басым көпшілігі жұмыс істейтініне байланысты, бала уақытының көп бөлігін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Қалалық отбасыларда бала тәрбиесі мынадай ерекшеліктермен сипатталады: балалардың көпшілігі қазіргі күнде ахуалды проблемаға айналып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, балаға арналған жеке бөлме т.с.с. өркениеттің алға жылжып өрбуі бала мен оның ата-анасының арасындағы іс-қимыл, қарым-қатынас процесін қиындатады. Бүгінгі күнде отбасылық дағдарыстың шиеленісуі әке мен баланың, ана мен қызының тіл табыса алмау мәселелері, ата-ананың бірінші орынға жұмысты қоюы, баланың депрессияға жақын болуы, ата-анасының бере алмағын жылуын сырттан іздеуі, қарым-қатынастың, жылулықтың азаюы бұл қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Отбасы балалардың ең әуелгі әлеуметтену орталығы. Бұл ортада балалар өмір сүрудің міндеті, құндылықтары, қоршаған ортада өзін басқару қажеттігі бойынша мағұлматтар алады. Сонымен қатар, басқа тұлғалармен іс-әрекет жасауға бейімделеді. Сүйтіп өзінің кім екені немесе қандай екенін, басқаның кім және қандай екені жайлы қарым-қатынасқа түсу барысында аңғаратын болады. Бала отбасында түрлі оқиғалар және төтенше жағдайларда өзін басқарудың тәсілін, мінез-құлық қасиеттерін басқарудың мөлшерін үйренеді. Отбасы психологиясын зерттеу А.Г Харчев, А.Н Антонов, З.И Файнбург т.б.. зерттеушілердің анықтамасында әке мен ананың ақыл-ойы, түсіндіру тактикасы, олардың тәлім-тәрбиесі, отбасындағы атмосферасы арқылы балада өзіндік әдет, мінез-құлық, оң солын бағдарлау қасиеттері, жақсы-жаманды бағалау кезендермен қалыптасады, сонымен қоса қай қылығы арқылы ұрыс естігені, әділдік және адалдық терминдерін игереді деп ой түйіндейді [1,12].

Ата-ана мен балалар психологиясының қарым-қатынас мәселелерін талдау және оның зерттелуі, сонымен қатар, қазіргі осы мәселе жағдайының өзектілігін қарастыруда отбасыдағы қарым-қатынастар мәніне А.Г. Харчевтың ұсынып отырған теориясы – Отбасы-ерлі-зайыптылар қатынасы, ата-анасы мен баласы арасындағы қарым-қатынастың негізі, мұнда отбасы туысқандық, некелік қарым-қатынаспен байланысқан, ортаға бірдей өмір сүру салты және адами құндылықтармен, қоршаған ортаның міндеттеріне сәйкес қоғамдық тауелділікпен баяндалады. Бүгінгі күні отбасы мәселесінде әке-шешесі мен балалар арасында келіспеушіліктер көп болуда. Бір-біріне кешірімді болуы, психологиялық қолдау мәселесі бойынша қиындықтар тууда. Қызмет көрсету жағынан мәселе туындауда. Сол себепті отбасында болып жатқан мәселелерді болдырмауға көмектесу тәсілдерін зерттеп, қарым қатынастағы қиындықтарды жеңу және оны пайдалану бойынша зерттеулер жүргізіп, оның нәтижелерін іс жүзінде пайдалану қажеттігі артып отыр.

Адамның тұлға болып қалыптасып дамуы балалық шағынан бастау алады. Жақсы қасиеттерді тұлға бойына сол балалық шағында сіңіріледі. Бұл көп уақыт өте келе өз жемісін бермек. Қоғамымызда бірдей отбасы болмасы анық. Әр отбасының өзіне тән ерекшеліктері мен әдет-ғұрпы болады. Бала мінез-құлқының қалыптасып тәрбиеленуіне ата-аналардың қарым-қатынасы, өмір сүру стилдері әсер етеді. Мысалға кейбір ата-аналар үшін достық қатынаста болу-тең қарым-қатынасты байытады, сондықтан олар үлкен ретінде өздерінің беделдерін өзінің баласымен тең ұстай алмайды. Ондай ата-аналар өздерін баласы тыңдамай немесе сыйламай қоя ма деп сақтанады. Балаларының бірбеткейлігіне шыдамсыздықпен қарап, балаларының қылығына түсінушілікпен қарамайды, яғни: баланың өзін қалтқысыз тыңдағанын қалап, күн тәртібін ауыстырмай орындағанын талап етеді, баланың тәжірибесіне, баланың өзіне, іс-әрекетіне сенімсіздік танытумен қатар балаларының ой-өрісінің жетілгенін ескермей, өздігінен жұмыс жасауына рұқсат етілмейді. Мұндай отбасындағы үлкендер балаларды өзінің қалауындағы баланың кейпінде болғанын қалайды [8,188]

Ол әлі кішкентай, кішкене өссін, міне, сол кезде талап етуге болады-деген сөздер айтылатын отбасында баланы қорғаштай отырып, ол үшін бәрін істеп береді. Бала бір жағынан қамқорды және әмірі жүретінін сезеді, екінші жағынан еркелікті және тәуелділікті сезеді. Жылдар өте келе, өзінің қызығушылығын және қойған талабын іске асырып келген бала өзге адамдардың қиыншылығын, қобалжуын байқамайды. Қажет кезінде өзгенің ой-талабымен санасып, өзін жеңе білуге талпынбайды.



Ата-ананың баласын шамадан артық қорғауы оның үлкенге бағынышты болуының әсерінен достарымен қарым-қатынас орнатуға кедергісін келтіреді. Үйге келгенде өзіңіздің шаршағаныңызды балаңызға білдіре тұра Балам,маған көмектесіп жіберші-деп өтінудің тәрбиелік мәні ерекше. Бұндай өтініште бала сізге көмектесу,қамқоршы болуы үшін өзінің ойынын ұмытып кетеді және сізге балаңызды жауапкершілікке шақырудың қажеті жоқ.Үлкендер мен кішкентайлардың араларында тығыз қарым-қатынас басталғанда ғана,бала сіздің қобалжуыңызды сезіне алады, және сезінумен қатар,сіздің сенім артар досыңызға айналады.

Ата-ана балаларының бос уақытын қалай өткізетінін бақылап, зерігулеріне жол бермеу керек. Бос уақыттарын тиімді қолдануға ықпал жасап,мектеп өміріне белсене араласуға,үйірме,қоғам жұмыстарына қатысуларына бағыт бағдар беріп отыру қажет.Бала жан-жақты болуы үшін оның ой-пікірін тыңдап, ақылдасу арқылы жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеміз.Ата-аналар баласын өзінің қалауындағы бейне етіп тәрбиелеуге ұмтылады.Бұған керісінше,кейбір бірбеткей балалар өз дегенінен қайтпай отбасы арасында кикілжің тууына себеп болады.Сонымен қатар,балаларға бұйырып,жекіріп, қалай болса солай қарап, зат ретінде қарауға болмайды.Баланың әрбір күн сайын атқаратын іс-әрекеттірне дұрыс бағыт беріп, сырласып, ұнамсыз істеріне,ұнатпайтын пәніне қызықтыратын тәсіл қолдану жолдарын іздестірген өте пайдалы.Өйткені,әр баланың болашақ өмірі оның отбасында,мектепте алған тәрбиесімен байланысты. Балаларға ерекше зейін аудару керек,бала мінезі момын яки дәрменсіз болса да, келешегінен үмітті үзбегені дұрыс[14,152].

Отбасыны төмендегідей бес түрге топастыруға болады:

1. Ата-аналар мен балалар арасында өте жылы, достық қатынас бұл отбасы. Осы ситуация отбасындағы атмосфераны жайлы да жағымды бағытқа өзгертеді, өйткені ата-ана баласымен түсінісіп, оған қолдау көрсетіп, сенімін арттырады. Мұндай отбасының ата-аналары балаларының заманға сай тыңдайтын әндерін, заманауи сәндерін ұтымды қабылдайды. Ал балалар өздерінің жақын туысқандарына өте жақын қарым-қатынаста болады. Бұл отбасындағы өсіп келе жатқан бала өзін позитивті, тәуелсіз, достық қарым-қатынаста ұстайды.

2. Тілеулес отбасы. Отбасында ата - ана баланың дұрыс қалыптасып жатқанын жіті бақылауда ұстайды. Бұл отбасында да түсініспеушіліктер орын алады,алайда мәселені ашық түрде айтып, жылдам шешуін табады.Отбасында балалар ата-анадан сыр сақтамай, оларға сенеді. Балалар мейірімді, ашық жүзді, тіл алғыш, болып өседі. Өздерінің тәуелсіздіктерін кейде айтып та қояды.

3. Бірқатар отбасыларда ата-анасы баланың оқу үлгеріміне, күнде атқарып жатқан іс-әрекетіне зор ықыласпен көңіл бөледі.Алайда, осы жайттарға ғана назар салады.Осындай отбасындағы балаға өміріне қажетті заттары болады: киім-кешек,мектепке қажетті құрал-жабдықтар,өзіне арналған жеке бөлмесі, кымбат жиһаздарымен қамтамасыз етіледі.Отбасы мүшелерінің ұстанымдары: басқадан кем емеспіз. Бұл жерде әке-шешесі мен бала ортасында түсініспеушілік байқалады. Бұндай отбасында баланы материалдық қамту жеткілікті емес, яғни оны қанағаттандырмайды. Балаға қажеті өзіне ата-анасының ерекше көңіл бөлуі болып табылады.

4. Баланың әрбір қадамын тексеріп, баласына қол көтеріп сенім артпайтын отбасылар да кездеседі. Отбасында ер жетіп қалған бала мен әке-шеше ортасында конфликттер туындайды. Кей жағдайда бұл жасырын да болуы мүмкін. Осындай отбасындағы бала әке-шешесіне өшпенділікті, адамға сенушіліктен қалады,сонымен қоса достарына, қоғамға да сенімділікті жоғалтады.

5. Отбасындағы атмосфера өте тығыз. Үй ішінде талап өте көп, қоғам міндеттеріне қарсы, осындай отбасында ата-анасының бірі спиртке әуес келеді.Бұндай отбасыларның жағдайы көбіне баланың қылмыс істеуіне себепкер болады.

Қысқаша айтқанда, жоғарыда аталғандарды қорытындыласақ, көбіне балалардың жүріс-тұрысы отбасындағы атмосферамен тығыз байланысты. Егерде балалар ата-аналардың өзіне деген махаббат жылуын сезініп,балаға деген көңіл бөлуді сезіне білсе, онда балада стресс, жалғыздық сезімі болмас еді.Балалар отбасында жалғыз ешкіімге қажет емес сезімін, көңіл аударудың аздығын сезсе, онда балада, эгоист, дұшпаншылдық, адамдарға деген қаталдықты бойына сіңіріп өседі екен.Бала мен ата-ана арасында қиыншылықтың болулары, балада өзін еркін сезініп,өз дегенімен жүргісі келеді,алайда жұбайлар кішкене кезіндегідей біздің айтқандарымызды екі етпей жасаса деп қалайды.. Мінекей осының әсерінен үлкен конфликт туындайды [2,46].

А.Лоуэннің пікірінше, балаға жастайынан сүйіспеншіліктің жетіспеушілігі, соңынан эмоционалды дамудың тежелуіне әкеледі. Ішкі жан дүниесінде бос сезім орны пайда болып, бойын тәуелділік билейді, маған қамқор болса екен деген күтуде жүреді. Ата-ана махаббатын адам қандай жаста қажет етеді. Ол балада эмоционалды-сезімдік әлемінде жағымды жағдай мен адамгершілік

мінез-құлықты, қорғану сезімін тудырады және өсіп келе жатқан индивидке өмірге қажетті қайнар көз болып табылады. Балаға жас кезінде ата-ана арасындағы қатынас моделі қатты соққы берсе, кейін соны өзі қайталайтынын жоғарыда айтқан едік. Балалар мен ата-аналар арасындағы дау-дамай балалардың тұлғасын қалыптастыруға өзінің маңыздылығы бойынша қарама-қайшы сипатқа ие. Бір жағынан олар мінезді шыңдайды, балалардың субъективті тәжірибесі ретінде әрекет етеді [3,63].

Психоанализдің негізін қалаушы З.Фрейдтің психо-аналитикалық теориясының негізі баланың ата-анасын сынауынан, оларға қызығуынан тұрады. Сол себепті, жастардың көпшілігі әке-шешесіне: қыздардың әкесіне, ұл балалардың анасына ұқсайтындарын аңғарамыз. Э.Фромм отбасылық қарым-қатынаста анамен салыстырғанда әке махаббаты талапшыл, бала оны жеңіп алатын қандай да бір шарттылық барын жазады. А.Адлер көзқарасында тәрбие процессіндегі әкенің орны әлеуметтік компетенттілікті дамытуға бағытталған белсенділікті мадақтаумен сипатталады. Ф.Греймс пікірінше, Ана мейірімділігі қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, әке мейірімділігі қайтаруға негіз болады. Тұлғаның дамуында екеуінің де балаға деген махаббаты өте қажет. Бала – сіздің ғана қуанышыңыз емес, келешек азамат, ол үшін еліміздің алдында жауапкер екеніңізді әрқашанда есіңізде сақтауыңыз керек. Ең алдымен, ата-анасы жақсы азамат болып, балаға азаматтық болмысын отбасына сіңіруі керек [7,54].

И.Л.Белопольская дамуында ауытқуы бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жасау принциптерін, ауру баланың қызығушылығын ескеру қажет екенін; диагнозды хабарлауды қарапайым түрде жүргізіп, жеке кеңес, кейін отбасылық топтық кеңес беру керектігін айтады. М.М. Семаго ауытқуы бар отбасына кеңес беруде, отбасы жеткізуді жөн санаған. Бірінші тип - ата-ананың психикалық жағдай жасауға бағытталған міндеті, ол ұзақ уақытқа созылатын мерзімге психологиялық даярлығы. Екіншілен, ата-ананың өзін кінәлаудан арылту, стрестік жағдайда меңгерту, отбасында бірқалыпты мүмкіндіктер туғызуға шақыру. Отбасы жүйесін қарастыра отырып, отандық психологияда жарық көрген басылымдық зерттеу нәтижелері жүйелі ықпалда жоқтың қасы десек те болады. Жүйелі отбасы ықпалының басты феномені де осы болып отыр. В.Сатир «Психотерапия в семье» еңбегінде отбасы әсерін былай түсіндіреді: «Ата-ана, негізінде ол да бала, олар да өз ата-анасының қасында тұрады, олар әрине бұрынғысынша қалай өмір сүруді үйретеді. Ата-ана деген өз алдына бір құрылысшылар, саналы және бейсаналы тұрғыда бұрынғы өз ата-анасынан менгерген негізгі қаңқаны болашақ отбасына әкеледі. Ал Сатир отбасы әсері туралы: Ата-ана бұл әлемде бізге не бар екенін түсіндіреді, сондай-ақ ненің маңызды және маңызды еместігін, өзін қалай ұстау және өзгелер қалай ұстайды, нені күтеді, қоршаған ортаны қалай көріп қабылдауды меңгертеді. Кішкентайымыздан мінез-құлық ережелеріне иландырады, аландаушылық білдіреді [6,55].

Күн сәулесінің табиғаттағы маңыздылығы қаншалықты жоғары болса, отбасындағы тәрбиенің баланың дұрыс қалыптасуына соншалықты маңызды екені белгілі. Бала тәрбиесі жай ғана қарайтын іс-әрекет емес, ол күрделі жауапты міндет. Бұл айта салып, жасай салатын оңай шаруа емес. Бұл қызықты, әрі күрделі, қиындығы мен қызығы қатар жүретін процесс. Осы процесс барысында яғни, бала тәрбиесінде ата-аналар өзіне білінбейтін біршама қателіктерді жіберіп жатады. Ол қателіктер баланың тұлға болып қалыптасуына, мінез-құлқына, психикалық саулығына қалай әсер етіп жатқанын ата-ана байқамайтын кездері де болады [4,85]. Қазіргі таңда бала тәрбиесінде отбасы қарым-қатынасында, яғни ата-ананың баламен әңгімелесуі жеткіліксіз болуы, ата-ананың жұмыс басты болуына байланысты көбінесе тұрмыстық мәселе де, мектептегі жағдайы, баға алды ма, киімі бар ма, тамақ ішті ма деген секілді әңгімелесулер сол өсіп жатқан баланың алдағы уақытта қандай тұлға болып қалыптасуына ата-анасының бағыт бағдары кемдеу болып тұр. Ата-ана да бала тәрбиелеуде қорқыныш сезімі болады, сондықтан болар баланы қатал тәрбиеде өсіргісі келеді, яғни баланы қатал тәрбиелеймін деп шектен тыс қаталдық жасайды, қателік жіберген баланың қателіктерін үнемі бетіне басып ұрынбас үшін, үнемі ескертіп отырады. Сол себепті баланың қатал, кекшіл, қатыгез болып өсіне себепкер болып жатады. Ата-ананың бала тәрбиесінде кетіп жатқан қателіктерін бала қалай қабылдайды [14,102]. Тәрбиедегі ең қиын нәрсе бала мінез-құлқын тану, түсіне білу. Жалпы бала өзінің қарсылық көзқарастарын, қанағаттанбаушылық сипатын төмендегідей білдіреді: «Ата-анам мені жақсы көрмейді, маған ұрса береді», «Менен гөрі үйдегі басқаларды жақсы көреді, үнемі салыстырады», «Мен басқалар сияқты мықты емеспін, үйдегілер маған солай айтады» «Мен қызықпайтын нәрсені маған жасатқысы келеді», «Ата-анамның мен үшін уақыты жоқ», «Олар мені түсінбейді, ойымменде санаспайды.

Күнделікті қарапайым өмірде бала тәрбиесіндегі ата-ана мынадай қателіктерге жол беріп жатады. Олар: 1) Өзара келісілмеген тәрбие, ата-ананың тәрбиедегі жауапкершілігіне екі жақты

көзқараста болуы, белсенді араласпауы; 2) салыстырушылық көзқарас, яғни баланың болмысын ескермей, қызығушылық қабілеттіне мән бермей, салыстыра отырып баланың өзіндік бағалауына кері әсер ықпал етуі; 3) Шамадан тыс қамқорлық көрсету. Ғылыми терминнің «гиперопека» деп аталатын бұл тәрбие стилінде баланың өзіндік дамуына жол бермей, ата-ананың шамадан тыс қамқорлық пен шешім қабылдаудағы белсенділігінен баланың толық қанды даму кеңістігінің шектелуі байқалып жатады; 4) Қоғамдық даму үдерісіне қарамастан, қым қуыт замандағы ата-ананың жұмыс бастылық әсерінен өз эмоциясын басқара алмау себебінен балаға деген елемеушілік, көңіл бөлмеушілік көзқарастардың іс-әрекеттердің орын алуы. 5) Баланың құқығын қорғау қажеттілігі деген санаға қонып қалған әсерінен баланы тым еркінсітіп кетуі бұл құқықтың астарында баланының өз жауапкершілігі мен міндеттерін түсіне алмаудағы қателіктерге жол беру. Сондай-ақ, ата-ананың өз жоспары мен өз мақсаттарына негізделген бұйрық пен талап қоюға бағытталған қаталдық принциптерін ұстану отбасындағы бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Отбасы тәрбиесінде тәрбие бағыты баланың жасерекшелік шамасына және жыныстық ерекшеліктеріне сай жүргізу басты назарда болуы шарт. Сондай-ақ, балаңыз қалай бар, оның болмысы мен табиғатын жақсы көре біліп, салыстырмауға тырысу қажет. Осы ретте баланы тереңінен танып, оның күшті жақтарын, күшті қабілеттерін айқындауға тырысып сол бағытпен жұмыс жасауға тырысу қажет. Тәрбиені бұйрық пен талапқа сәйкестендірмей балаға тек сеніммен қарап, сенімділікке бағыттау қажет. Отбасында бәрінен бұрын ұйымдастырылып жатқан тәрбие бағытын әке және ана тарапынан келісілген түрде бір бағытта жүргізуді қадағалап отыру керек. Ата-ана өзін тәрбиелемей жатып, баланы тәрбиелеуге тырысады, сондықтан да балалар үшін үлгі екенін естен шығармау қажет ақ [4,79].

Отбасылық тәлім-тәрбие негізінің көптеген классификациялары бар. Солдардың бірегейі Санкт-Петербургтегі Т.М.Трапезникованың кешендік зерттеу институтында дамыған. Ол жанқұялық тәлім-тәрбиенің төмендегідей стратегияларға бөлді:

➤ Қатаң қадағалау, жазалау (жазғыру, талап ету, согіс айту және т.б.). Ата – ананың ойлауынша бала біріншіден тәртіпті болуы қажет, осы мәселеде ата – ана мен баланың қарым – қатынасы бастык – бағынушы стиліне тән;

➤ Немқұрайлы қарау. Көп сәбилі жанұяда, әке-шешесі спиртке салынған болмаса ерлі-зайыптылар жанұясынан бөлек басқа құндылықтарға назар аудартаатын, екі немесе оданда көп некеде болған жанұяда болатын мәселе;

➤ Өзара қамқорлық. «Көңілдің балада болуы». Бала жанұяның құндылығы ғана емес, жанұяны сақтап қалу құралы;

➤ Қарама – қарсы талаптар. Ата – ананың біреуі қатал, талап қойғыш, қадағалау мен жазалауды жақсы көретін; екіншісі – жуас, либералды, «балаға жұмсақ болуы». Ерлі –зайыптылар арасында келіспеушік туындауы ықпал;

➤ Достық стилі. Балаға ата-ана тарапынан көмек қолы созылады, сонымен қоса ерекшелігі мен қабілеттерін ескеріп отырады [2,122].

Қатаң басқару стратегиясының жүйке-жүйсінін әрбір түріне әр қилы әсерін береді, қорытындысы да әртүрлі болмақ. Мықты нерв жүйесіне байланысты қарастырсақ, балаға жиі тыйым салынуы, жазалауы, қатаң қадағалануы, балада шабуылдаушылық қасиеттердің негізделуіне әкеледі. Ал әлсіздеу, нәзіктеу, сезімдік нерв жүйесіне қатысты балада шектен тыс бақылау мен жазалау стратегиялары сенім арта алмайтын, тұйықтық, қоғаммен қарым-қатынасқа түсуден қашқақтау, байланыста болуынан алыстатады, қоғамда өзіне сенімсіз тұлғаның қалыптасуына, өзінің мүмкіншіліктеріне сенім артпайтын адамның тууына әкеледі [9,21].

Әрбір жаста тұлғаның сезімі, мінез ерекшелігі, түсіну талғамдары бір-біріне ұқсамайды. Ата-бабамыз тәрбиесінде кемшілік болған балаға: Әдепсіз бала – сорлы бала, әдепті бала-арлы бала деп адамгершілігі төмен баланың болашағынан күдіктеніп, ал әке-шешесінің тәрбиесіне қанып өскен баланы яғни, айтқандарын екі етпей орындайтынын, зерек, әрбір нәрсені тануға, білуге құмарлық танытатын баланы өзгеге үлгі етіп көрсететкен [14,83].

Ата-аналардың балаларға әсері өте үлкен. Қолайлы отбасылық жағдай – бұл бірінші кезекте ата-аналардың өз міндетін және балаларды тәрбиелеу үшін жауапкершілік сезімін сезінуі, ол ата-аналарды құрметтеуге, оқу, Еңбек және қоғамдық істеріне, отбасының әрбір мүшесінің қадір-қасиетіне, оның мүшелері арасындағы тактаның көрінуіне негізделуі тиіс. Сондай-ақ мұнда отбасының өмірі мен тұрмысын ұйымдастыру кіреді, оның негізі оның барлық мүшелерінің тең құқылығы, балаларды отбасының шаруашылық қызметіне және еңбек қызметіне тарту болып табылады. Демалысты дұрыс ұйымдастыруда – бірлесіп серуендеуде, оқуда, музыканы тыңдауда,

театр мен киноға баруда. Отбасында өміршеңдік, махаббат, құштарлық, тек отбасы мүшелері арасында ғана емес, бөтен адамдармен қарым-қатынаста мейірбандық.

Демек, егер біз әлемді жақсыға өзгерткіміз келсе, онда біз өз отбасын өзгертуіміз керек. Отбасы-элеуметтендірудің ең маңызды институты, өйткені оның өмірінің барлық кезеңдерінде (туудан өлімге дейін) адамның дамуы мен өмір сүру ортасы болып табылады.

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас отбасының психологиялық климаты, ата-аналар мен балалардың тұлғалық қасиеттері мен сапасы сияқты факторлардың әсерінен қалыптасады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ақиқат. Ұлттық қоғамдық-саяси журнал, №12 желтоқсан 2019.
2. Андреева А.Д., Вохмянина Т.В., Воронова А.П., Чуткина Н.И./ Под ред. Дубровиной М.В./ Руководство практического психолога. Психическое здоровье детей и подростков. М., 2005. – 145 с.
3. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. Алматы-1966ж Мәлік Ғабдуллин
4. Бала тәрбиесі, республикалық қоғамдық, педагогика-психологиялық басылым, 2004 жыл, 8(56)
5. Баланың құндылықтарды меңгеруіне ата-ана пәні әдістерінің әсері: Қазіргі көзқарасты қайта қарастыру. Даму психологиясы 1994; 30 (1): с.1-19.
6. Бернс, С Роберт. Кинетикалық отбасылық сурет: ағылшынша кіріспе/ Р. С. Бернс, С.Х. Кауфман. - Москва: 2000. – 146 б.
7. Бизақова Ф., Мамаибаева Ш. Б Отбасылық дағдарыс психологиясы: Астана: Фолиант, 2010.- 232 бет
8. Бейсеєкова Б.О. Қарапайым қолданбалы психология. Оқу –әдістемелік құрал.- Астана, 2013.- 335 бет
9. Ирєбаєва Н.М. Қолданбалы психология. Астана: Издательство университета «Тұран-Астана» -2019.-170 б.
10. Бурєнкова Е.В. Изучение взаимосвязи стиля семейного воспитания личностных особенностей ребенка и стратегии поведения значимости взрослого .: Дис. канд. психол. наук.- Пенза, 2000 - 237с.
11. Жантану мәселелері, республиканский ежеквартальный научно-методический, психологический журнал 4(4)/2004жыл
12. Жолшыбекова Р.О Психология бойынша практикум: Оқу-әдістемелік құрал / Р.О.Жолшыбекова.-Астана «Мастер По» ЖШС, 2017.-308б
13. Индивидуальная изменчивость в профилях родителей и предикторах изменений: последствия вмешательства с обездоленными матерями. Журнал прикладной психологии развития 2006; 27 (4): С. 349-369.
14. Мұқанов М.М. «Жас және педагогикалық психология " Алматы, 1985
15. Материнская поддержка в раннем детстве предсказывает увеличение объема гиппокампа в школьном возрасте. Труды Национальной академии наук 2012; 109 (8)

**МРНТИ:15.31.31**

*Ниембаева Г.Б<sup>1</sup>, Капас А.К<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан*

## НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ МЕДИАЦИИ

### *Аннотация*

В данной статье будет рассмотрено понятие медиации, её применение в правовой сфере и краткое описание её целей, задач и сферы применения. Так же будут рассмотрены примеры использования данной техники примирения в образовательных учреждениях других стран, на основе которых можно говорить о действенности данных методов разрешения конфликтов.

**Ключевые слова:** медиация, высшее учебное заведение.

*Ниембаева Г.Б.<sup>1</sup>, Қанас Ә.Қ<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлтық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан*

## МЕДИАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КЕЙБІР ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада медиация ұғымы, оның құқықтық салада қолданылуы және оның мақсаттары, міндеттері мен қолданылу аясының қысқаша сипаттамасы қарастырылады. Сондай-ақ басқа елдердің білім беру мекемелерінде осы татуласу техникасын пайдалану мысалдары қаралады және олардың негізінде қатығыстарды шешудің осы әдістерінің пәрменділігі туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** медиация, жоғары оқу орны.

*Nietbayeva G.B.<sup>1</sup>., Kapas A.K.<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup> *Kazakh national pedagogical University named after Abai  
Almaty, Kazakhstan*

## SOME PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF MEDIATION ISSUES

### *Abstract*

This article will discuss the concept of mediation, its application in the legal sphere, and a brief description of its goals, objectives, and scope. Examples of the use of this technique of reconciliation in educational institutions of other countries will also be considered, on the basis of which we can talk about the effectiveness of these methods of conflict resolution.

**Keywords:** mediation, higher educational institution.

Conflict situations as a phenomenon inherent in any culture have always occurred in society and continue to occur. Thus K Kovach interprets conflict as people's differences or needs that lead to tension between individuals representing the conflicting parties. (1)

### *Introduction*

In modern States, there are ways to resolve such situations. Initially, any conflicts were within the competence of the judicial system, where the court process took place, where the conflict was resolved only in favor of one of the parties. This system may not always be the most profitable from the side of the judicial system itself due to its workload, and it is not comparable in terms of the global nature of the conflict and the cost of resources during the trial. For example, family or labor relations do not always require legal proceedings due to the low significance of the conflict, so this only adds a burden on the judicial system, and solves the conflict mainly in favor of one of the parties, which can not satisfy both parties and the conflict in this case is not resolved in a positive aspect for all its participants. In this case, mediation is an alternative way to resolve conflicts.

Purpose: to consider the concept of mediation and the theoretical application of its methods for conflict resolution in higher education institutions.

In the Republic of Kazakhstan, mediation as a method of conflict resolution has appeared relatively recently, since the appearance of the law "on mediation". It was adopted on January 28, 2011, and contributes to the regulation of public relations in the field of mediation, its principles and procedure, as well

as the status of the mediator (2). This law describes the framework and process of mediation, indicating its goals, principles, and describing the concepts included in the law.

Mediation in its concept is considered a form of conflict resolution through the involvement of a third, independent party. The goals of mediation are: reaching a compromise or a common solution to the conflict by both parties, which guarantees the satisfaction of the interests of both parties and their peaceful divergence or further coexistence; or reducing the level of conflict between the parties, which leads to less aggression and more constructive relationships in the future between the same parties to the conflict.

The principles that must be observed throughout the mediation process are measures that provide optimal opportunities for resolving a problem or conflict. Only allocated five basic principles:

1. The principle of voluntariness;
2. The principle of the equality of the conflicting sides;
3. The principle of the independence of the mediator;
4. The principle of non-interference in the mediation procedure;
5. The principle of confidentiality (2).

Voluntariness ensures the right of both parties to refuse the mediation procedure or its separate stages. This right is reserved for the parties to the conflict until the end of the mediation process, as well as the parties have the right to withdraw from the conflict (dispute) and terminate the mediation procedure at any of its stages. It also allows each party to completely independently dispose of their procedural and material rights at their own discretion.

The principle of equality ensures that both parties have equal rights during reconciliation (conflict resolution). The parties have the right to choose a mediator, set the framework or process for mediation, as well as independently determine their position in this process, the ways and conditions for defending this position, and also have the right to assess the acceptability of the conditions presented to each other. Both parties also have equal responsibilities during mediation.

Mediator – a person or group of persons elected as a third party who does not have a predisposition to impress one of the conflicting parties in the conflict. This condition ensures that the mediator is not interested in resolving the conflict in favor of one of the parties, which makes the procedure more objective. The mediator does not have the right to suggest or insist on his own options for resolving the conflict, his task is to maintain relative objectivity in the dispute, as well as to set up both sides to conduct a constructive dialogue that leads to a reduction in conflict or reconciliation of the parties, up to finding a compromise. However, the parties must come to the decision themselves, using their resources and the information received, during the consideration of the dispute. The mediator also has the right to choose the methods of mediation, and interference in its activities is not allowed.

Жеке тұлғаның мінез-құлқының қалыптасуына әлеуметтік ықпалдың маңызы зор. Адамның мінез-құлқы өзінің іс-әрекетінен, өзге адамдарға қарым-қатынас мәдениетінен, өзіне берілген істі орындауынан байқалады. Адам дүниеге келген сәтінен бастап белгілі бір ортада, кейін әлеуметтік орталарда өмір сүреді. Белгілі ортада адам көптеген факторлардың әсерімен қалыптасып, дамиды. Олар түрлі болуы мүмкін. Қазіргі көпмәдениетті қоғамда адамның мінез-құлқы мәдениетінің қалыптасуына көптеген психологиялық жағдайлар да әсерін тигізеді. Мақалада осындай әлеуметтік ықпалдардың адам мінез-құлқына, қоғамдағы әрекеттері мен дағдыларына тигізетін әсері мен биологиялық табиғаты қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** мінез-құлқы, әлеуметтік мінез-құлқы, әлеуметтік ой, әлеуметтік ықпал, әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік психология

Е.А. Капина<sup>1</sup>, Seitenova S. <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Senior Lecturer of Arseni State University K.Zhubanova

## SOCIO-PSYCHOLOGICAL IMPACT ON THE FORMATION OF PERSONALITY

### Abstract

Social impact is critical to shaping human behavior. Character is manifested in the way a person communicates with himself, with people around him and how he copes with difficulties. From the moment a person appears, he finds himself in a certain social environment. In a modern multicultural society, the influence of external factors on human development has a great influence on his personality. Everyone who lives in society is always surrounded by people. The article considers the influence of social phenomena on the character of a person, his behavior and relations in society.

**Key words:** character, social behavior, positive deviation, social thinking, social impact, social relations, social Psycholog

Э.А.Капина<sup>1</sup>, С.Сейтенова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова

## СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ХАРАКТЕРА ЛИЧНОСТИ

### Аннотация

Социальное воздействие имеет решающее значение для формирования личности характера. Характер проявляется в том, как человек общается с самим собой, с окружающими его людьми и с тем, как он справляется с трудностями. С момента появления человека он оказывается в определенной социальной среде. В современном мультикультурном обществе влияние внешних факторов на развитие человека оказывает большое влияние на его личность. Каждый, кто живет в обществе, всегда окружен людьми. В статье рассматривается влияние социальных явлений на характер человека, его поведение и отношения в обществе.

**Ключевые слова:** характер, социальное поведение, социальное мышление, социальное воздействие, социальные отношения, социальная психология

Әрбір адам жеке тұлға ретінде әлеуметтік қатынастар мен субъектісі және де әлеуметтік қасиеттер субъектісі болып табылады. Оның мінез-құлқы басты психикалық ерекшелігі болып табылады. Басты ерекшелігі – әр түрлі деңгейдегі көрініс беруі. Адам өзінің мінез-құлқын реттей алады. Оны түзетуге, жағымсыз әрекеттерден өзін ұстану қабілеті бар.

Адамдардың қоғамдағы әрекеттерін әлеуметтік мінез-құлық дағдыларынан байқалады. Адамның әлеуметтік мінез-құлқы түрлі болып келеді: альтруистік (альтруизм - басқаның қамын ойлау), эгоистік, заң бұзушы, ауыр немесе жеңіл мінезді, өжет, биязы немесе дөрекі. Әлеуметтік мінез-құлық түрлі факторлар арқылы анықталады. Олар қоғамдық және жеке тұлғалық факторлар. Осы орайда, әлеуметтік норма деген түсінік бар. Ол адамдардың мінез-құлқы мен топтағы қарам-қатынасын реттейтін тарихи қалыптасқан әдет. Бұл психология ғылымындағы қарым-қатынастың перцептивті жағына сәйкес келеді, яғни қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірін қабылдауы, тануы (түсінуі), соның негізінде өзара түсіністіктің пайда болып қалыптасуы. Қарым-қатынастың заңдылықтарын білу және қарым-қатынас дағдылары мен қабілеттерін дамыту әсіресе педагогтар үшін өте маңызды, себебі олар оқушыларды өздерімен бірлесіп әрекет етуге жемісті түрде тарта алған жағдайда, тәрбиешінің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін өзара әрекеттестік пен өзара түсінушілікті жолға қоя білгенде, яғни толыққанды педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асыра алғанда ғана кәсіби міндетін табысты түрде атқара алады. Сонымен қатар, жеке тұлғааралық қарым-қатынас: императивті, манипулятивті және диалог болып бөлінеді.

Адамдардың түрлі ортада мінез-құлықтарының өзгеруі девиантты мінез-құлық атауына ие. В.Т.Кондрашенковтың тұжырымы бойынша балаларда кездесетін өзін-өзі сыйлауының төмендегі девиантты мінез-құлықтың барлық түрінде көрініс береді, сондай-ақ қылмыстық топқа ену арқылы

құқық бұзушылық әрекетінің болуы,наша қолдану, ішкіштік, агрессия, суицидті мінез-құлық және әртүрлі психикалық бұзылулар орын алады.Осыған байланысты әдебиеттерде девиацияға мынадай себептер негіз болады:

1. Девиантты мінез-құлық көрсетудің негізгі себебі-өзін-өзі сыйлауының төмен болуы,өйткені индивид қоғамдағы өзінің қылықтары арқылы жағымсыз қатынастарды табады;
2. Өз-өзін сыйлауы төмен антинормативті мінез-құлықтың өсуіне байланысты анти әлеуметтік топтың әрекеттеріне қосылып,өзінің статусын құрдастарының арасында көтеруге тырысады;
3. Кейбір жасөспірімде девиантты мінез-құлық өзгелерге сыйлату үшін жасаған шаралар болуы мүмкін.

Мінез-құлықтағы ауытқулар туа пайда болмайды,олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан пайда болады. Аталған ауытқу девиантты мінез-құлықтың шығуына алып келеді. Қандай қоғамда болмасын, тіпті дамудың қандай сатысында болса да өзіне ерекше назар аударуды қажет ететін адамдар кездеседі. Олар дене немесе психологиялық, әлеуметтік жағынан ауытқулары бар адамдар болып табылады.Ондай адамдар қашанда басқа адамдар тобынан ерекшеленіп тұрады.Мұндай адамдардың қасиеттерімен мүмкіндіктерін қалыпты жағдайдағы талаптарға сәйкес келмейді деп айтуға болады.

Көптеген әлеуметтік-психологиялық зерттеулер барысындағы сауалнамалар девиантты мінез-құлықты көрсетуге әсер ететін сыртқы факторларды келесі топтарға бөліп көрсетеді:

1. Индивидтің әлеуметтік бейімделуінде қиындық туғызатын, ассоциалдық мінез-құлықтың алғышартының психобиологиялық деңгейінде ықпал ететін индивидтік фактор;
2. Мектептегі және отбасындағы тәрбиенің олқылығынан пайда болатын психологиялық-педагогикалық фактор;
3. Әлеуметтік ортада, оқу-тәрбие ұжымындағы жақын құрбыларымен болған жағымсыз қырым-қатынастың ерекшелігін анықтайтын әлеуметтік психологиялық фактор;
4. Тұлғаның өзі қалаған қарым-қатынас ортасындағы индивидтерді белсенді таңдау қатысына,қоршаған ортадағы құндылықтар мен нормаларға, сондай-ақ өзінің жеке құндылық бағдары мен мінез-құлық өздігінен реттеушілік қабілетінен туындайтын жеке тұлғалық фактор;
5. Қоғамда өмір сүрудің әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын айқындайтын әлеуметтік фактор;

Ал жеке тұлғалық факторға келетін болсақ, ең маңыздысы және үнемі кездесіп отыратын жағдай - өзіне бақылау жасамауы мен өзін дамытуға деген назардың төмен болғандықтан, өзіне деген құрмет пен өзіне берген бағасының төмендігі. Бұл екі фактор арасындағы өзара байланысты. Американдық психолог К.Кэплан девиантты мінез-құлық теориясы тұрғысынан зерттеген. Сонда жасаған тұжырымы бойынша девиантты мінез-құлықты балалардың дені өздерін құрметтемейді ,өздеріне деген сенім мен баға өте төмен болады екен.Әрбір адам «Мен»концепциясын іштей жоғары қоюға тырысады,өзіне деген бағаның төмендігі адамды қолайсыз күйге түсіреді,ал өзінді мойындаған кезде жаныңды жаралайтын қобалжу мен уайымнан құтылғандай сезінесің.Бұл күй баланың өзін-өзі төмендетуінің субъективті ықтималдығын азайтуға және өзін қабылдауға деген субъективті ықтималдықты арттыруына мүмкіндік береді.

Ұстанымдар мен жеке болмыс мінез-құлыққа әсер етеді. Әлеуметтік мінез-құлықтың биологиялық астарына келетін болсақ, ХХІ ғасырдың әлеуметтік психологиясы бізге мінез-құлықмыздың биологиялық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Біздің әлеуметтік мінез-құлықмыз – терең биологиялық тұрғыдан алғанда да даналықтың көрінісі.

Психология негіздерін меңгерген әрбір адам бізді табиғат пен тәрбие бірлесе отырып қалыптастыратынын біледі. Осыған ұқсас, тік төртбұрыштың ауданы – енін ұзындығына көбейтумен есептелетіні сияқты, адамдар да – биология мен тәжірибенің бірлескен өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Эволюциялық психологтар бізге өмір сүру және ұрпақ қалдыру үшін ата-бабаларымыз өздерін қалай ұстаса, бізге де өзімізді солай ұстау адамдық табиғатымыздың арқасында берілгенін есімізге салады. Біз өмір сүруге және ұрпақ қалдыруға мүмкіндік берген тұқымдарды (гендерді) тасымалдаймыз. Мінез- құлқымыз да ДНҚ-мызды (деоксирибонуклеин қышқылы, әрі қарай – ДНҚ) болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Содан эволюциялық психологтерді табиғи сұрыпталу- танысу мен жұптасу, жек көру мен зиян келтіру, қамқорлық пен бірлікке қатысты әрекетіміз бен қайтаратын жауабымызды алдын ала білетініміз қызықтырады. Табиғат сондай-ақ бізге әртүрлі жағдайларға үйрену және бейімделу қабілеттерін берген.Біз өзіміздің қоғамдық контекстімізге бейімделгішпіз және соған қарай әрекет етеміз.

Егер әрбір психологиялық жайт (ой – пікір, эмоция, мінез-құлық) тап сол уақытта биологиялық жағдай болса, онда біз сонымен қатар нейробиологияның әлеуметтік мінез-құлықты қалай түсіндіретінімен таныса аламыз. Бізді жақсы көру мен жек көру, көмектесу мен агрессия, қабылдау мен сену сияқты сезімдеріміз мидың қай бөлігін белсендіреді? Экстраверттердің миы үнемі белсенді жұмыс істеп тұруы үшін, кейбір зерттеулер көрсеткендей, ынталандыру қажет пе? Жылы шырай таңытқанда, әлеуметтік жағынан қорғалған адам ұялшақ адамға қарағанда ми қыртысындағы марапатқа байланысты аумақты жауап бере ме? Ми ақыл және мінез-құлық үйлестірілген бір жүйе ретінде қалай атқарады? Мидағы оқиғалар хронологиясы туралы ақпараттарды өңдеу нені көрсетеді? Бұл сұрақтар әлеуметтік нейроғылыммен айналысатын ғалымдарды да ойландырады.

Әлеуметтік нейробиологтар көмектесу немесе зиян келтір секілді күрделі әлеуметтік мінез-құлықтарды жай нейрондық немесе молекулалық механизмдер деңгейінде бейнелеуге талпынбайды. Әрбір ғылым іргелі ғылымдардың қағидаларына негізделеді. Бірақ, әрбір пән сонымен бірге іргелі ғылымдарға бұрын белгісіз болған жаңа қағидалар енгізеді. Сондықтан біз әлеуметтік мінез-құлықты түсіну үшін «терінің астында» ғана емес, сонымен қатар «тері қабаттарының арасында» болып жатқан ықпалды ескеруіміз қажет. Ақыл мен дене-үлкен, күрделі жүйе. Стресс гормондары біздің көңіл күйімізге және әрекетімізге ықпал етеді; тестостерон сенімді төмендетеді, ал окситоцин оны көтереді. Қоғамдық окстракизм қан қысымын көтереді. Қоғам қолайлы болса, адамның ауру-сырқауға-әлеуметтік ағзамыз. Біз өзіміздің биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ықпалымыздың өзара әрекеттестігін бейнелейміз. Міне, қазіргі заманғы психологтердің мінез-құлықты әртүрлі деңгейде талдайтыны сондықтан [1].

Қарым-қатынас мәселесінде Скиннер теориялары орын алды. Скиннердің қарсыластары «барлық теориялық құрылымдарды жоққа шығаруға болмайды» деді. Себебі эксперименттің детальдары ерте жоспарланатындықтан, осының өзі – қарапайым теория құрудың бір дәлелі. Сонымен бірге Скиннердің өз жұмысының негізгі ретінде шартты рефлексстер пайда болуының негізгі принциптерін қабылдауы – белгілі бір мөлшерде теория жасау болып есептеледі [3].

Сонымен ойымызды қорыта келе, жеке тұлғаның мінез-құлық психологиясының қалыптасуы күрделі үдеріс, оның ішінде мінез-құлықтың қалыптасуына көптеген әлеуметтік ықпалдың маңызы зор екенін айтуға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Дэвид Г., Майерс, Жан М. Туенж. *Әлеуметтік психология*. 2019 ж., 23-29 бб.
2. *Психология индивидуальных различий / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: АСТ: Астрель, 2008. – 720 с.*
3. Патрисия Уоллейс. *The psychology of the internet*. 2019ж, 116-118 бб.
4. Намазбаева Ж.И., Жигитбекова Б.Д. *Психологическая наука как основа успешности компетентного подхода в образовании // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(61), 2019. – С.7-12*

**МРНТИ 15.81.21**

*Баймаханова Г.Қ<sup>1</sup>, Баймахан С.Н.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Қ.Жұбанов Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті*

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ ШЕШЕНДІК DAҒДЫЛАРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада риторика, педагогикалық риторика, педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру туралы қарастырылған. Болашақ педагогтардың шешендік дағдыларын қалыптастырудың мәні, құрылымы мен маңызы ашылды. Сөйлеу жауапкершілігін жоғарылататын кәсіптің өкілі ретінде мұғалімнің сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу классикалық риторикамен тығыз байланысты. Сондықтан мақалада шешендік өнердің оқытушының кәсіби құзіреттілігімен байланысы көрсетілген, үзіліссіз білім беруде шешендік өнердің қалыптасу шарттары көрсетілген.

**Түйін сөздер:** риторика, педагогикалық риторика, педагог

Baimakhanova G.K.<sup>1</sup>, Baimakhan S.N.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov

## PSYCHO-PEDAGOGICAL FEATURES OF FORMATION OF THE ORATORY SKILLS OF A FUTURE TEACHER

### Abstract

The article discusses the issues of rhetoric, pedagogical rhetoric, the conditions for the formation of a teacher's oratory skills. The essence, structure and significance of the formation of the oratorical skills of future teachers are revealed. The study of the features of the teacher's speech as a representative of the profession that increases speech responsibility is closely related to classical rhetoric. Therefore, the article considers the relationship of public speaking with the professional competence of a teacher, and sets out the conditions for the formation of public speaking in continuing education.

**Keywords:** rhetoric, pedagogical rhetoric, teacher

Баймаханова Г.Қ.<sup>1</sup>, Баймахан С.Н.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> АРУ им. К.Жубанова

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ОРАТОРСКИХ НАВЫКОВ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы риторики, педагогической риторики, условия формирования ораторских навыков учителя. Раскрыты сущность, структура и значение формирования ораторского навыка будущих учителей. Изучение особенностей речи учителя как представителя профессии, повышающей речевую ответственность, тесно связано с классической риторикой. Поэтому в статье рассматривается связь ораторского искусства с профессиональной компетентностью преподавателя, изложены условия формирования ораторского искусства в непрерывном образовании.

**Ключевые слова:** риторика, педагогическая риторика, педагог

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынасына түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр.

Білім ордасы – мектеп, ал мектептің жүрегі – мұғалім екені баршамызға белгілі. Бүгінгі уақытта мектепке керегі педагогика, әдістемеден хабардар, білікті ұстаз екені даусыз. Қазақтың белгілі педагогы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» атты еңбегінде «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы» деп айтқан екен. Осы орайда болашақ педагогтарды қызмет барысында оқушылармен, ата-аналармен, өзін қоршаған қоғам мүшелерімен ортақ тіл табысуға үйрету, студенттердің әдеби тіл нормасын, шығармашылық ойлау операцияларын қолдануда шешендік дағдыларын қалыптастыру маңызды [1].

Ресейдің белгілі педагогы В.А.Сухомлинский «Ұстаз мамандығы – бұл адамтану, адамның қызықты және күрделі, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу» деген екен. Педагогикалық өнер мен педагогикалық шеберлік деген даналықты жүрегіңмен ұға білу» деп ұстаздық өнерді ерекше бағалаған екен. Осы орайда педагог шешеннің сөйлеу мәдениетін нағыз педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі ретінде жатқызуымызға болады [2].

Тақырыпқа сай аудитория алдында сөйлеу білікті маманнан психологиялық тұрғыда дайындық және алдын ала даярлықты жаттығуды талап ететіні даусыз. Кәсіби маман топ алдында сөйлеуге тиісті тақырыбы ойынша даярлықта барлық қам қарекеттері мен керексіз ойлардан арыла білу қажт. Тек сол кезде ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өз көзқарасының дұрыс екендігіне сендіре алады.

Шешендік өнердің бір саласы педагогикалық риторика болғандықтан, ол негізгі болып саналатын риторика теориясына негізделіп жасалады. Сол себептен, шешендіктану ғылымы

терминдерін педагогика саласында жүзеге асыра аламыз. Жас ғылым саласы ретінде педагогикалық риториканы бұл ғылым құрамынан педагог (қандай саланың маманы болсын) сөйленісінің тиімділігін қарастыратын сала ретінде жеке қарастыруымыздың өзі ғылымның теориясы бар екенін және оны игерту, оқыту, меңгерту бар деп айтуымыз қажет. Сондықтан да педагогикалық риториканың бөлек ғылым ретінде дамуына еңбек еткен ғалымдарымыздың түсініктері де алғашқы13 кезде бірдей болған.


Ежелгі грек данышпаны Аристотель риториканың ішкі табиғатын пайымдай келе, мынандай құнды пікір айтады:«Шешендік өнер – дәрігерлік өнерге ұқсас, бірақ бұл өнердің барлық адамды бірдей сауықтыра алмауында деп айта алмаймыз. Ол мүмкіндігінше, сауықтыруға жақы1н3датады және мүлде айықпайтын адамдарды жақсартады».Мәселен, орыс педагогы Т.Л. Владимирова: инженерлік педагогика туралы "Білім мен тәрбиелеудегі жалпы коммуникативтілікті тиімді студент теориясы мен тәжірибесін зерттейтін риториканың жеке түрі» деп тұжырымдаған.

Болашақ педагог мамандардың шешендік дағдыларын қалыптастыру коммуникативті процестің тиімді жүруін қамтамасыз ететін қалыптасқан кәсіби білімдер, коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттер, эмпатияға қабілет, өзін-өзі басқару, өзара әрекеттесудің вербальды және вербальды емес мәдениетінің жиынтығымен сипатталады. Белгілі психолог Е.В. Сидоренко коммуникативтік құзыреттіліктің мәнін түсіндіру үшін келесі схеманы ұсынады: коммуникативтік құзыреттілік-бұл коммуникативтік қабілет+ коммуникативтік білім + коммуникативтік біліктілік.

Коммуникативтік білімге субъектілердің қарым-қатынас, оның түрлері, даму заңдылықтары, коммуникативтік әдіс-тәсілдер, олардың мүмкіндіктері мен шектеулері туралы жалпы түсінігін жатқызамыз.

Коммуникативтік біліктілік – субъектілердің қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеттілігі [9].

Тіл арқылы адамдар қарым-қатынасқа түседі, яғни сөйлеседі. Сөйлесе білу үшін де арнайы қабілеттер қажет. Ондай қабілеттердің жүйесін коммуникативтік қабілеттер жүйесі деп атайды. Коммуникативтік қабілеттер жүйесінің 1-суретте берілген сызбасына назар аударайық.



Сурет 1- Коммуникативтік қабілеттер жүйесі

Бұл кестеден біз білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда коммуникативтік қабілеттердің үш жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты, біртұтас, бір адамның бойынан табылуға тиісті қасиеттерден тұратынын байқаймыз.

Орыс педагогы Л.Н. Горобцев педагогикалық риториканы тиімді педагогикалық коммуникация формасының талаптарын зерттейтін ғылым. Педагогикалық қарым-қатынасты түрлі риторикалық жанрлар арқылы сендіру, дәйектеп түсіндіру әдістеріне икемдеу тәжірибесін қарастыратын ғылым. Сондықтан бұл ғылым адамзаттық мәдениет пен өнер саласына тікелей қатысты» деп тұжырым жасаған.



Сонымен қатар, А.А.Мурашев пен А.К.Михальская педагогикалық риториканы «синкреттік пән» ретінде қарастырады, «бұл пәннің негізгі зерттеу нысаны тәрбиелеу мен оқыту процесіндегі қарым-қатынас аясындағы тілдік коммуникацияның теориясы» болып табылады.

Белгілі ғалым А.Қыдыршаев «Жалпы, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ» – деп айтқандай, кез келген саладағы маманның сөз саптауы тиянақты көркем болуы тиіс. Сол себепті болашақ мамандардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, тіл байлығын молайтуда олардың шешендік дағдыларын қалыптастыру маңызды [3].

Жаңа білім ғасырының туындаған педагогикалық идеяларының негізінде, әрі әдебиеттің оқу тілін зерттеу үрдісінен, арнайы білім туралы тілді зерттеу қажеттілігінен, педагогтың кәсіби шешендік өнерін іске асыру мақсатынан педагогикалық риторикапайда болды.

Педагогикалық риториканың бастыміндеттері төмендегідей :

- педагогтің кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- педагогтің шешендік өнер құзіреттілігі мен біліктілігін дамыту;
- коммуникативтік құзыреттілік, шешендік риторикалық ілімін қалыптастыру;
- болашақ маманға сабақ беру мен үйретудің риторикалық жолдары мен шәкіртінің білімін тексерудің логикалық байланысын көрсету;
- педагогтың тілдік дағдысын қалыптастыру;

XXI ғасыр – білім ғасырының идеал болатын нағыз педагог бейнесін қалыптастыру. Көрсетілген міндеттердің ішіндегі педагогикалық сөйлеу мәдениеті, шешен сөйлеу көрсеткіші, риторикалық амал терминдері педагогикалық терминдерді құраушы бөліктері деуге болады.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, педагогтің сөйлеу мәдениеті мен дербес шеберлігін төмендегіше байқауға болады:

- педагогтің сыртқы келбеті;
- педагогтің сөздік қоры, тіл байлығы;
- педагогпен шәкірттермен тіл табыса білу қабілеті;
- педагогтің сөйлеу этикасы, эстетикасы
- педагогтің сөйлеу техникасы.
- педагогтің өзін-өзі басқара білу шеберлігі;
- педагогтің мимикасы (жест)
- педагогтің сөйлеу шеберлігі;
- педагогтің дауыс ырғағы, екпіні; [4].

Педагогтың бойында ең маңызды қасиеттердің бірі балаларға деген сүйіспеншілігі болуы қажет. Л.Н.Толстой былай деген: «Мұғалім өз пәніне деген сүйіспеншілікті балаларға деген сүйіспеншілікпен ұштастырса ғана нағыз шын мәніндегі ұстаз болмақ» деп, нұрлы балаларға нұрлы ұстаз керек екендігін айтады. Чех педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалімдерге ең тамаша міндет жүктелген одан жоғары тұрған еш нәрсе жоқ», – деп мұғалім мәртебесінің жоғары екендігін түсіндіреді. Олай болса педагог балаларға мейірімді болып, жылы лебіз танытып, дауыс көтермей, жылы сөйлеп, педагогикалық әдепті сақтаса шәкірттерінің жетістіктеріне жетері сөзсіз.

Педагогтің бірсарынды сөйлеуі оқушылардың сабаққа деген зейінін жоғалтады, қызығушылығын төмендетеді, сабақ тыңдауға ынтасы болмайды. Сондықтан да кәсіби педагог сөйлеу құзыреттілігін қалыптастырып, өзін - өзі үнемі үздіксіз жетілдіріп, дамытып отыруы керек.

Қорыта келе, жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, болашақ педагог мамандардың шешендік дағдыларын қалыптастыру алған теориялық тілдік білімін тәжірибеде пайдалана білу белсенділігі, болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты қарым-қатынас әдістері, технологиялары мен құралдарын меңгеруде өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларын шеше алатын тұлғаның қасиеттер жиынтығы болып табылады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қыдыршаев А.С. Шешендіктану: теориясы және практикасы. – Орал, 2012. – 23 б.
- 2 Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың әдістері. // Білім берудегі менеджмент. – № 2, 2002. – 6б.
- 3 Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. - Алматы.: Экономика, 2011. 103-159 Б.
- 4 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. – Қарағанды, 2005. – 167 б.

МРНТИ 14.35.07

<sup>1</sup>Бақтыбаева А.Ж., <sup>2</sup>Жазықова М.Қ.

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-ң «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 2-курс магистранты,

<sup>2</sup> Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ доценті, п.ғ.к.

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КРЕАТИВТІК КҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАЛАСТЫҚТЫҢ РОЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада автор «креативтік» терминіне берілген түсініктерге талдау жасай отырып, педагог қызметінде креативтік құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы туралы айтады. Сондай-ақ болашақ маманның креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қалыптастырудың жолдарын бірнеше компоненттерден тұратын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасалған.

**Түйін сөздер:** креативтік, креативтік құзыреттілік, болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігі, модель, ғылыми шығармаластық.

<sup>1</sup>Baktybaeva A.Zh., <sup>2</sup> Zhazykova M.K.

<sup>1</sup>2-year undergraduate student in the specialty  
"Pedagogy and methods of elementary education" A.Zhubanov ARSU

<sup>2</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of  
Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov

## THE ROLE OF SCIENTIFIC COMPARISON IN THE FORMATION OF CREATIVE COMPETENCE OF THE FUTURE TEACHER

*Abstract*

The article analyzes the term "creativity" and notes the importance of the formation of creative competence in the activities of a future teacher. Also presented is a model for the formation of creative competence of a future teacher in scientific co-creation, consisting of several components.

**Keywords:** creativity, creative competence, creative competence of the future teacher, model, scientific co-creation.

<sup>1</sup> Бактыбаева А.Ж., <sup>2</sup> Жазықова М.Қ.

<sup>1</sup>Магистрантка 2-курса по специальности «Педагогика и методика начального обучения»  
АРГУ имени К.Жубанова,

<sup>2</sup>доцент АРГУ имени К.Жубанова, к.п.н.

## РОЛЬ НАУЧНОГО СОТВОРЧЕСТВА В ФОРМИРОВАНИИ КРЕАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

*Аннотация*

В статье анализируется термин «креативность» и отмечается значение формирования креативной компетентности в деятельности будущего педагога. Также представлена модель формирования креативной компетентности будущего педагога в научном сотворчестве, состоящая из нескольких компонентов.

**Ключевые слова:** креативность, креативная компетентность, креативная компетентность будущего педагога, модель, научное сотворчество.

Адамзаттың жаңа өркениетті қабылдауына орай, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің шығармашыл, жаңаны тез жасауға, қабылдауға икемді, біртума, алдарына қойылған міндеттерді шығармашылықпен жүзеге асыруға талпынатын тұлғаларға деген қажеттіліктерінің артуына байланысты оларды қазіргі заманғы әртүрлі әдіс-тәсілдер негізінде (құзыреттілік, жүйелі-шығармашыл, зерттеушілік, т.б.) дайындау қажеттілігі туып отыр. Бұл қазіргі кездегі маман дайындау сипатының, әсіресе, педагогика ғылымында маман дайындау сипатының жан-жақтылығын көрсетеді, себебі педагог мамандығының басты ерекшелігінің өзі аталмыш қасиеттерді оқушы бойында қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Бұл талаптар болашақ педагогтарда ерекше құзыреттілік – креативтіліктің қалыптасуының өзектілігін көрсетеді. Креативтілік - бұл жаңа педагогикалық өнімді қабылдау мен дамытуға, идеяларды, шешімдерді жасауға және қабылдауға бағытталған, тәрбиеленушілердің креативтік құзыреттілігін әрі қарай қалыптастыруға көмектесетін коммуникативтік, креативтік, командалық құзыреттіліктер мен тұлға сапаларының (табысқа жетуге ынталандыру, білмекке құмарлық, қауіпке бас тіге білу, белсенділік) бірлігі [1]. Соңғы жылдары И.Е.Брякованың, А.М.Давтянның, Н.В.Зеленконың, Ф.В.Шарипованың және т.б. креативтік құзыреттілікті зерттеуге арналған еңбектері пайда болды.

Сонымен бірге қазіргі заманғы білім беру саласындағы жағдаят гуманистік және гуманитарлық стратегия идеяларына ерекше назар аударады: педагог пен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты «адамилыққа» бағыттау; педагогикалық қызметті дара-тұлғалық қиындықтарды бірге жеңуге бағытталған бірлескен қызмет ретінде қарастыру және т.б. Т.А.Жданко, О.Ф.Чупровалардың пікірлерінше: «Тұлғаның дамуы мен педагогикалық өзара әрекеттесу тек пән арқылы ғана емес, сонымен бірге өмірлік маңызды жағдаяттардан тұратын өзара әсерлесудің белгілі бір кеңістігін жасау арқылы да жүзеге асырылады» [2]. Бұл негіздеме ерекше педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың қажеттілігін өзектендіреді. Бұл бірлескен ғылыми шығармашылық ізденіс болып табылады, басқа сөзбен айтқанда, білім алушылардың зерттеушілік потенциалын пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді белсенді түрде қаржыландыру, жас зерттеушілерге мақсатты гранттар бөлу арқылы, сондай-ақ ҚР аймақтарында ғылыми, ғылыми-зерттеу, инновациялық-технологиялық технопарктер, технологиялар, инкубаторлар, т.б. ашу арқылы оқытудағы зерттеушілік компонентті арттыруға болады. Мұндай тәжірибе өз кезегінде шығармашылық ұжымдар мен командаларда жұмыс істеуге дайын, креативті ойлайтын мамандар даярлау қажеттілігінің өзектілігін көрсетеді. Бірлескен ғылыми шығармаластық (сотворчество) деп біз жүзеге асырылуы өтпелі (мониторинг және диалог) және жүйелі («кездесу», «түсіну», «ойлау», «шығармашылық») фазалардан тұруды жорамалдайтын, әдіснамалық тұрғыдан алғанда герменевтикалық ықпал ережесіне негізделген ғылыми-зерттеу қызметіндегі педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісін түсінеміз [3].

Болашақ маманның креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қалыптастыру проблемасын анықтаудың алғышарттары А.Н.Ворониннің, И.П.Ивановтың, А.В.Морозовтың, А.В.Растяниковтың, С.Р.Яголковскийдің және т.б.-лардың жұмыстарында қарастырылған, сондай-ақ ҚР-сында білім беру мазмұнын жаңғыртуға бағытталған ..... құжаттарда бұл мәселеге ерекше назар аударылады. Өз жұмысымызда біз болашақ педагогтардың креативтік құзыреттілігін бірлескен ғылыми шығармаластықта қарау жолдарын модель түрінде көрсетуге талпыныс жасаймыз.

Педагогикалық сөздікте «модель» деп түпнұсқаның кейбір ерекше қасиеттерін елестететін, оны зерттеу бұл объект туралы жаңа ақпарат беріп, оны алмастыруға қабілетті объектілер мен белгілер жүйесі ретінде түсіндіріледі» [4]. Сөйтіп, бірлескен ғылыми шығармаластықта креативтік құзыреттілік қалыптастыру моделі келесі компоненттердің жиынтығынан тұрады: мақсаттылық, әдіснамалық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және модульдік. Болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің мақсаты – бірнеше критерийлерден (креативтіліктің өзі, коммуникативтік, командалық құзыреттіліктер), тұлғалық сапалардан (табысқа жету мотивациясы, білуге талпыныс, белсенділік, қауіпке бара білу) және көрсеткіштерден (әр құзыреттіліктің білімі, білігі, тәжірибесі және тұлға сапасының көрсеткіштері) тұратын болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін төменгі, орта және жоғары деңгейлер арқылы анықтау. Модельдің әдіснамалық компоненті құзыреттілік, жүйелі шығармашылық және герменевтикалық көзқарастар түрінде берілген. Құзыреттілік көзқарас аясында креативті құзыреттілік тек жеке білім, білік және дағдыларды меңгеру ретінде ғана емес, оларды әртүрлі жағдайларда өзін өзі дамытуға, өзін өзі жүзеге асыруға және өзін өзі өзектендіруге бағытталған тұлға дамуының жоғары деңгейі мен тәжірибесіне жету үшін тиімді және өнімді әрекет ету үшін қолдана білу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Жүйелі-

әрекеттік көзқарасқа қатысты таным үдерісі білім алушыларға ақпараттарды жеткізу арқылы ғана емес, сонымен бірге олардың өзіндік белсенділік үдерісінде де жүзеге асады. Мұндай белсенділік тұлғаның өз даму траекториясы мен жеке ғылыми мансабын құруда, оны дараландыру мен жекешелендіруде қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін көрсету арқылы жүзеге асырылады. Герменевтикалық көзқарас педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара түсінісуі мәселесінің шешілуіне, нақты айтқанда, ғылыми шығармашылық ақпаратты тек жеткізуге ғана емес, субъектілердің қызметін мазмұндық іздеуге, түсіндіруге, түсінуге негізделеді. Бұл жерде эмоционалдық-адамгершілік әсер адамның педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы әрекетінің маңызын түсінуіне мүмкіндік береді, сондықтан оны бірлескен ғылыми шығармаластық түсінігінің мәні ретінде қарастырамыз.

Әдіснамалық компонентке болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру ұстанымдары жатады, атап айтқанда, ашықтық, үздіксіздік, иілгіштік, түсіністік, диалог, рефлексивтік, доминанттылық, метафоралық. Ю.В.Сенько мен М.Н.Фроловскаялардың зерттеулерінде бұл ұстанымдар келесі белгілерге негізделіп таңдалып алынады: «мәлімделген көзқарастардың орны мен педагогикалық ойлау стилін зерттеудің нәтижелері (түсіну, диалог, басқа доминанттылық, рефлексивтік және метафоралық)» [5]. Аталған ұстанымдарды жүзеге асыру аясында креативтік құзыреттілікті дамытудың дара маршруттарының вариативтілігі, ғылыми және білім беру траекториялары, педагогикалық үдерістің субъектілері арасында субъект-субъектілік өзара қатынасты құрастыру және «өмір бойы білім беру» ұстанымдары, т.б. жүзеге асырылады.

Өзара ғылыми шығармаластықта болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнды компоненті оқу үдерісінде және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Бірінші жағдайда білім алушылар оқу жоспарында берілген педагогикалық пәндерді меңгереді; оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларында зерттеу кезеңдерін өз бетімен өткізу біліктіліктері мен дағдыларын дамытады. Екінші жағдайда жас зерттеушілердің ғылыми қоғам жұмыстарына, үйірмелер мен семинарларға, конкурстарға, гранттарға, әртүрлі деңгейлердегі конференциялар мен олимпиадаларға, т.б. қатысуы ескеріледі. Ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ маманның креативтік құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттесу әдісінің көмегімен жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде ғылыми-зерттеудің қорытындысы ретінде белгілі бір өнім шығарылып және тұлғалық өзгеріске қол жеткізу арқылы өтпелі (мониторинг және диалог) және бірізді («кездесу», түсіну, ойлау, әрекет) фазалар жүзеге асырылады. Сонымен, қойылған мақсатқа жетудің жолы креативтік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін болжау, бағалау және диагностикалаудан тұратын «мониторинг» өтпелі фазасынан басталады. Бұл фаза болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігінің мәнін негіздейтін диагностикалық әдістеменің (бақылау, сұхбат, шығармашылық, тапсырмалар, шығармашылық нәтижелерін талдау, өзара әрекеттесуді талдау, тесттер, сауалнамалар, социометрия және т.б.) көмегімен жүзеге асырылады.

Бірінші бірізді фаза «кездесу» болып табылады. Бұл фаза герменевтикалық тәсілдің ережелеріне негізделіп, субъектінің басқа әлемге «енуін» «оқытушы – студент», «студент – студент(тер)», «студенттер – оқытушы» форматтарының көмегімен болжайды. Бұл фазада ерекше акцент креативтілікті, коммуникативтілікті, эмпатияны, өзара әрекеттесуді дамытатын тренингтер мен жаттығуларды қолдануға бағытталады. Түсінудің келесі негізгі фазасы «бірсарынды» өтеді, себебі «кездесу» және түсіну фазалары арасындағы шекара адам қатынасының күрделі конструкциясы нәтижесінде шартты болып табылады. Түсіну фазасы «кездесу» фазасын дара, аксиологиялық мағыналармен байытып, жалғастырады. Түсіну эмпатияға негізделеді, яғни субъектілер өздерін басқаның орнына қоюға және өздерінің ішкі түйсіктері арқылы мотивтерді, ұмтылыстарды, мағыналарды түсінуге, сезінуге тырысады. Бұл фазада команда мүшелері идеялармен, ойша пайымдаулармен, түсініктермен, мәтіндермен жұмыс жасайды, мұнда мәтін болашақ әрекеттің мәнін құрастырып, «егер ... не болар еді», т.б. жағдаяттарды талдап, «автордың рухани жолдауы» ретінде көрінеді. Түсіну ойлаудың бастапқы кезеңі болып табылады және өзінің алдына басқаны түсіну міндетін қояды. Мұнан әрі тұлғаның өзіндік сана-сезімінің ерекше объектісі және құрамды бөлігі ретінде ойлау фазасы басталады. Ойлау құрылымына мыналар кіреді: «өзін ойлау субъектісі ретінде тану; «өзінің» және «басқалардың» ойларын жіктеу; шешілмеген проблеманы өз проблемасы ретінде қабылдау; проблеманы өз ойы тұрғысынан қабылдау» [6]. Бұл фазаны жүзеге асыруда сыртқы табысты әрекеттер, «ойдағы» коммуникация мен әрекет ескеріледі, бұл өз кезегінде өнім жасау мақсатына жетуден тұратын субъектілер әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Ойлау фазасынан

кейін мақсаттан, құралдардан, нәтижеден және шығармашылық үдерісінен тұратын әрекет фазасы туады. Бұл фазадағы субъектілер тұлғалық, құндылық және басқа компоненттермен белсенді байытылған «кездесу» және түсіну фазаларының өтуі нәтижесінде басқа әлемге енеді, басқа «менді» түсінеді, әртүрлі деңгейлерде «қабылданған» мінездемелерге ие болады. Осындай «байыған» шығармашылық нәтижесінде әртүрлі формаларда ұсынылған педагогикалық өнім пайда болады: идея (ой), ғылыми мәтін, модель, жобалық құжат, құрал және т.б. Мұнда ғылыми зерттеу қызметінде мазмұнды бейнеленген субъектілердің ғылыми шығармаластығы жүзеге асырылады. Бұл қызметтің нәтижесінде оның нәтижесі ретінде өнім пайда болады.

Ғылыми шығармаластықтың диалог деп аталатын өтпелі фазасы оның негізі болып табылады және «кездесу», түсіну фазаларында жүзеге асады, шығармашылық субъектілер арасында диалог толық құрастырылады. Диалогта ғылыми шығармаластықтың субъектілері басқаның көзқарасын қабылдап және ұстап тұра, өздерінің жеке пікірлерін, жеке «менін» қалыптастырады, басқа тұлғаны, мәдениетті, тануға талпынады. Сөйтіп, ғылыми шығармаластықтың ұсынылған мәні мен логикасы әдіснамалық тұрғыдан герменевтикалық көзқарасқа негізделген өзара байланысты фазалар циклі болып табылады және бұл фазалар барысында мониторинг жүргізіледі.

Ғылыми шығармаластық белгілі бір әдістер, формалар мен құралдар көмегімен ұйымдастырылады. Оқыту әдістерін студенттердің танымдық және шығармашылық әрекетінің дербестік мен белсенділік деңгейін ескеріп жіктеген И.Е.Брякованың топтамасын ескере отырып, құрамына репродуктивтік (дәрістер (эвристикалық, қателермен), кітаппен жұмыс (ғылыми мәтінмен), эвристикалық (іскерлік ойындар, диалог, «миға шабуыл» әдісі, эвристикалық сұрақтар әдісі, ситуациялық жағдаяттар әдісі, эмпатия әдісі, синектика әдісі, себеп-салдарлы диаграмма әдісі, «төтенше жағдай», «әрекет тәсілдері», «ассоциациялар», жаттығулары, т.б.), зерттеу (жобалау әдісі, кейс әдісі, интерпретация, түсіну, моделдеу, эксперимент, т.б.), рефлексивтік (өзара әрекеттесуді талдау әдісі, шығармашылық нәтижесін талдау әдісі, т.б.) әдістер, формалар мен ғылыми шығармаластық құралдары енетін кешен құрастырылады. Формалары: даралық, топтық, фронталды; «оқытушы – студент», «студент – студент (тер), «студенттер – оқытушы» форматтарында, мұнда білім алушылар өздері белсенді қайраткерлер, ал педагог тек бағыттаушы, кеңесші, түсіндіруші болып табылады. Болашақ педагогтың ғылыми шығармаластықта креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі авторлық құралы «Креативтік күнделігі» [7], сондай-ақ портфолио болып табылады.

Болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделінің келесі компоненті модульдік бағдарламада көрініс табатын модульділік болып табылады. Модульдер мақсаттан, құзыреттілік жиынтығы мен тұлғалық сапалардан, материалдар мазмұнынан, ұйымдастыру формалары мен «жеңіл» бақылаудан (өзіндік бақылау, өзара бақылау) тұратын, таңдауда иілгіш және еркін кешендерден тұрады. Модульдік бағдарлама төрт модульден тұрады: пәндік, тренингтік, дәрісханадан тыс, курстық (курс модульдері). Пәндік модуль өтілетін пәндер шеңберіндегі тақырыптар бойынша сабақтар кешенінен тұрады және мұндағы сабақ тақырыптары бұл курстардың мазмұнымен тікелей байланысты. Мысалы, «Педагогикалық зерттеулердің теориялық (эмперикалық) әдістері», «Педагогикадағы жобалау жұмыстары», «Зерттеу өнімдерінің презентациясы», «Педагогикалық жағдаяттарды шешу» және т.б. тақырыптар арқылы пәндер мазмұны және әдістемелік жағынан байи түседі. Тренингтік модуль болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігінің әр компонентін дамыту мақсатында дайындалады, бұл компоненттер: креативтік, коммуникативтік, командалық тренингтер. Дәрісханадан тыс модуль болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін басқарады. Бұл кезең білім алушылардың ғылыми қоғам жұмыстарына, конкурстарға, гранттарға, педагогикалық олимпиадаларға, әртүрлі деңгейдегі конференцияларға және басылымдарға дайындық жұмыстарына қатысуларын көздейді. Курстық модуль «Ғылыми мансаптың бастауы: зерттеу жұмысын қалай жазу және таныстыру керек» атты қосымша білім беру курсынан өтуді көздейді. Аталған модульдерді өзара бірлікте немесе жеке меңгеруге болады, меңгеру барысында басқа пәндерден алынған білімдерді де пайдалануға болады. Оларды таңдау мен жинау мониторинг қорытындысына, субъектілердің дара ерекшеліктеріне, мотивациясына, мақсатына, жеке білім беру траекториясына, т.б. байланысты.

Сөйтіп, болашақ ғылыми шығармаластықта педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу қызметінде мазмұнды орын алатын арнайы ұйымдастырылған үдеріс болып табылады және белгілі бір модульдерді меңгеру нәтижесінде мақсатқа қол жеткізетін, атап айтқанда, болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігіне қол жеткізуге болатын педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әсерлесу әдісі ретінде қарастырылады.

*Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:*

1 Брякова И.Е. Методическая система формирования креативной компетентности студентов-филологов педагогического вуза: пед. гыл. докт. диссерт. – Санкт-Петербург, 2010. – 463 б.

2 Жданко Т.А. Образовательно-профессиональное пространство вуза как педагогическое условие формирования конкурентоспособности личности студента: монография / Т.А. Жданко, О.Ф.Чупрова. – Иркутск: ИГЛУ, 2012. – б. 40

3 Волков А.Е. Российское образование – 2020: модель образования для инновационной экономики [Электронный ресурс] / А.Е.Волков, Я.И.Кузьминов, И.М.Реморенко, Б.Л.Рудник, И.Д.Фруммин, Л.И.Якобсон – URL: <http://www.hse.ru/data/2011/02/21/1208561970/model2020.pdf> ( 12.05.08).

4 Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике / Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров. – М.: ИКЦ «МарТ», 2005. – С. 55.

5 Сенько Ю.В. Педагогика понимания: оқу құралы / Ю.В.Сенько, М.Н.Фроловская. – М.: Дрофа, 2007. – б. 32.

6 Современный словарь по педагогике / құраст. Е.С.Рапацевич. – Минск: Современное слово, 2001. – б. 457.

7 Шумовская А.Г. Дневник студента как средство формирования креативной компетентности личности (из опыта работы) [Электронный ресурс] // Научно-педагогический журнал Восточной Сибири «Magistr dixit». – Иркутск: ИГЛУ, 2012. – №1.

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**